	<p>әрекеттерінің нәтижелерін бағалауға және құрметпен қарауға, кішілерге көмек көрсетуге, қажет болған жағдайда оларға жүгінуге баулу. Айналадағы заттар, ойыншықтар адамның еңбегімен жасалғанын түсіну және оларға ұқыпты қарау.</p> <p><b>Табиғатпен таныстыру</b> Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр); өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу.</p> <p><b>Жануарлар әлемі.</b> Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау, жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау. Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері туралы; үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету.</p> <p><b>Адамгершілік және патриоттық тәрбие.</b> Мемлекеттік мерекелердің (Жаңа жыл, Халықаралық әйелдер күні, Наурыз мейрамы, Қазақстан халқының бірлігі мерекесі, Отан қорғаушы күні, Жеңіс күні, Астана күні, Қазақстан</p>	
Құрастыру	<p>- балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру. Қағаздан құрастыру. Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін (тақия, сәукеле, кимешек) және ыдыстарын құрастыру, оларды жіппен, ою-өрнектермен безендіру. Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру. Өзінің құрастырған құрылысын талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдерді табу, оларды құрастыруда қолдану. Дербестікті, шығармашылықты, бастаманы қолдау.</p>	1. «Чунга – чанга аралынан почта келді»

Сурет салу	<p>- өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;</p> <p>- балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау; балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.</p> <p>Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру, негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдау.</p>	1. «Ұшатын кілем»
Мүсіндеу	<p>- балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту.</p> <p>Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көгөністерді, жемістерді, ойыншықтарды, ыдыстарды мүсіндеу, оларға тән ерекшеліктерді беру, қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру, қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндеу.</p>	1. «Күзгі саябақ» 2. «Қыс ғажабы»
Жапсыру	<p>- қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру.</p> <p>Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию.</p> <p>Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру.</p>	1. «Параход»
Музыка	<p>- музыкаға, өнердің түрлеріне, өнер туындыларына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу;</p> <p>- қарапайым музыкалық жанрларды ажыратуды үйрету. (күй, ән, би, марш); Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру. Классикалық, халықтық және заманауи музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру.</p>	1. «Ән салған кім?» 2. «Кұлан» 3. «Музыкалық сағат» 4. «Ертегілер әлемі» 5. «Ертегі желісін жалғастыр» 6. «Желдің әнімен тербелейік»

	<p><b>Музыка тыңдау.</b>  Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру.</p> <p><b>Ән айту.</b>  Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Өртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</b>  Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.</p> <p><b>Билер.</b>  Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.</p> <p><b>Би шығармашылығы.</b>  Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.</p> <p><b>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау.</b>  Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.</p>	<p>7. «Желтоқсан»  8. «Отаным»</p>
--	---	--



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы : «Кәусар Әли »бөбекжай

балабақшасыТоп: МАД

Балалардың жасы: 5 жасар.

Жоспардың құрылу кезеңі: Желтоқсан айы, 2023-2024 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің тақырыбы
Желтоқсан	Дене шынықтыру	<p>- балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту;</p> <p>- спортқа деген қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салты дағдыларын дамыту;</p> <p>- дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту;</p> <p>- дене шынықтырудың әртүрлі нысандарында шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін дамыту;</p> <p>- балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімді қалыптасуына, жалпақ табандылықтың алдын алуға медициналық- педагогикалық бақылау жүргізу және ұлттық қимылды ойындар өткізуге жағдайлар жасау.</p> <p><b>Негізгі қимылдар.</b></p> <p><b>Еңбектеу, өрмелеу:</b> жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу; допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 метр); гимнастикалық скамейка бойымен</p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Бір ,екі ...секіреміз»</li> <li>2. «Бір ,екі ...секіреміз»пысықтау</li> <li>3. «Арқаннан екпінмен қарғу»</li> <li>4. «Арқаннан тез қарғу»</li> <li>5. «Орнынан қос аяқап қарғып секіру»</li> <li>6. «Бағытты өзгертіп жүру»</li> <li>7. « Биікке секіріп шығу»</li> <li>8. «Биікке секіріп шығуды пысықтау»</li> <li>9. «5 м қашықтықтан допты жерге соғу»</li> <li>10. « Кезек- кезек допты жерге соғу»</li> <li>11. « Допты жерге соғу ойындары»</li> <li>12. «Екі тобық арасына доп</li> </ol>

		<p>қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу; бірнеше заттардан еңбектеп өту, әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту, гимнастикалық қабырғамен өрмелеу және бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеу.</p> <p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b></p> <p>Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар. 3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды).</p> <p><b>Спорттық жаттығулар.</b></p> <p>Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу.</p> <p><b>Шанамен сырғанау.</b> Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау.</p> <p><b>Спорттық ойындар.</b></p> <p><b>Хоккей элементтері.</b> Берілген бағытта қақпаға хоккей таяқпен шайбаны сырғанату, оны қақпаға кіргізу.</p> <p><b>Қимылды ойындар.</b></p> <p>Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.</p>	<p>қысып алып жүру»</p>
	<p>Сөйлеуді дамыту</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру;</li> <li>- коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;</li> <li>- балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын</li> </ul>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Қысқы ертегі»</li> <li>2. «Қысқы ертегі пысықтау»</li> <li>3. «Қазақстан жалауы»</li> <li>4. «Қазақстан жалауы пысықтау»</li> </ol>

		<p>ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау;</p> <p>- әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b></p> <p>Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау.</p> <p><b>Сөздік қор.</b></p> <p>Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу.</p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>5. «Жаңа жыл менің сүйікті мерекем»</li> <li>6. «Жаңа жыл менің сүйікті мерекем пысықтау »</li> <li>7. « Шырша »</li> <li>8. « Шырша пысықтау»</li> </ol>
	<p>Көркем әдебиет</p>	<p>- коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;</p> <p>- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту;</p> <p>- балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау;</p> <p>Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну.</p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Тәуелсіз – елім менің Қазақстан »</li> <li>2. «Тәуелсіз – елім менің Қазақстан пысықтау»</li> <li>3. Қ.Толыбаев «Кімнің тоны жылы»</li> <li>4. Қ.Толыбаев «Кімнің тоны жылы пысықтау »</li> <li>5. «Кел жаттайық А.Асылбеков Жаңа жыл »</li> <li>6. «Кел жаттайық А.Асылбеков Жаңа жыл пысықтау»</li> <li>7. «Екі аяз ертегісін мазмұндау»</li> <li>8. «Екі аяз ертегісін мазмұндау пысықтау»</li> </ol>

	Сауат ашу негіздері	<p>- сауат ашудың алғышарттарын қалыптастыру арқылы қолды жазуға дайындау;</p> <p>- коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;</p> <p>- балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау;</p> <p>Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру.</p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. «(к) дыбысы және Ққ әріпін қайталау»</li> <li>2. «(е) дыбысы және Ее әріпі »</li> <li>3. «(е) дыбысы және Ее әріпі »</li> <li>4. « (к) дыбысы және Ққ әріпін қайталау, әріп таңбасын жазу»</li> <li>5. «(е) дыбысы және е әріпі ,әріп таңбасын жазу »</li> <li>6. « (е) дыбысы және Ее әріпін қайталау , әріп таңбасын жазу»</li> <li>7. «(і) дыбысы және Іі әріпін қайталау»</li> <li>8. «(к) дыбысы және Кк әріпі »</li> <li>9. «(к) дыбысы және Кк әріпін қайталау»</li> <li>10. «(ү) дыбысы және Үү әріпі»</li> <li>11. «(и) дыбысы Ии әріпі »</li> <li>12. «(и) дыбысы Ии әріпін қайталау»</li> </ol>
	Қазақ тілі	<p>- коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;</p> <p>- балалардың заттар мен жағдайды нақты сипаттауда қарапайым тұжырымдар мен өз ойларын басқаларға түсінікті жеткізуге баулу;</p> <p>- әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту.</p> <p><b>Тілдік дамытушы орта.</b></p> <p>Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы</p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Қазақстанның қазба байлықтары»</li> <li>2. П-Б дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу ) мен әрпі ( атау, жазу негіздері)</li> <li>3. Киім түрлері. Жаңа жылға дайындық.</li> </ol>

		<p>суреттер, фотолар, альбомдармен жабдыкталған орта құру. Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, к, ү, ұ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).</p> <p><b>Сөздік қор.</b> Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулу.</p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>4. Ф-Б(артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу ) мен әрпі ( атау, жазу негіздері)</li> <li>5. «Алдар көсенің сыйқырлы шапаны» ертегісінің желісі.</li> <li>6. «Сыйқырлы дыбыстармен әріптер әлеміне саяхат.»</li> <li>7. «Қыс қызықтары.Біз қармен қалай ойнадық» сурет бойша әңгімелеу.</li> <li>8. Жұп құрауға қабілетсіз дауыссыз дыбыстар .Х дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу ) мен әрпі ( атау, жазу негіздері).</li> </ol>
	<p>Математика негіздері</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- танымдық қызығушылықтарын, білуге құмарлықты, оқу әрекетіне қызығушылықты дамыту, мектепте оқуға ынтасын арттыру;</li> <li>- зейінді, есте сақтауды, бақылауды, зерттеуді, талдау жасай білуді, себеп - салдарлық байланыстарды орнату, қорытынды жасауды дамыту;</li> <li>- балаларды зерттеу барысында жаңа ақпараттарды алуға, объектілерге зерттеу жүргізу үшін өз әрекетінің алгоритмін жасауға баулу;</li> </ul>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Туған жеріміз- Қазақстан!</li> <li>2. «Туған жеріміз- Қазақстан !» қайталау</li> <li>3. Жаңа жыл- кімнің мерекесі?</li> <li>4. Жаңа жыл қарсаңында.</li> <li>5. «Жаңа жыл қарсаңында» пысықтау</li> <li>6. Сыйлықтарды қалай үйлестіреді?</li> </ol>

		<p>- математикалық және интеллектуалды-шығармашылық қабілеттіліктің алғышарттары көрінуіне ықпал ету.</p> <p><b>Шама.</b> Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру. Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдану.</p> <p>Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету. Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру. Беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу.</p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>7. Сыйлықтар әзірлейік</li> <li>8. «Сыйлықтар әзірлейік» пысықтау</li> <li>9. Саны он екі айлар тізбегі.</li> <li>10. Жыл мезгілдері.</li> <li>11. Жыл мезгілдері пысықтау.</li> <li>12. Судың көлемін өлшеу амалдары.</li> </ol>
	<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу; дербестікке тәрбиелеу;</p> <p>- Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту; - еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру;</p> <p>- табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты, табиғаттың тірі объектілеріне жанашырлық сезімін дамыту, қоршаған ортаға қатысты кейбір әрекеттерінің қарапайым салдарын көре білу;</p> <p>- экологиялық мәдениеттің негіздерін қалыптастыру және табиғатта өзін қауіпсіз ұстау.</p> <p><b>Табиғатпен таныстыру</b> Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік,</p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қазақстанды мекендейтін жануарлардың жіктелуі.</li> <li>2. Көліктердің қыстағы пайдасы.</li> <li>3. Қазақстанның негізгі байлықтары.</li> <li>4. Менің Отаным- Қазақстан.Еліміздің рәміздері.</li> <li>5. Шырша неге жасыл?</li> <li>6. Көрікті шырша.</li> <li>7. Ақшақарды бақылау.</li> <li>8. Ғажайып сыйлықтар.</li> </ol>

	<p>адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну.</p> <p><b>Жануарлар әлемі</b></p> <p>Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау, жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау.</p> <p>Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері туралы; үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту.</p> <p>Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету.</p> <p><b>Адамгершілік және патриоттық тәрбие.</b></p> <p>Қазақстан Республикасының бас қаласы – Астана, республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын байыту.</p> <p>Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту.</p> <p>Қазақстан Республикасының Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіну.</p> <p>Ұлттық мереке (Тәуелсіздік күні) маңыздылығын түсіну, оларға белсенді қатысу.</p> <p><b>Өсімдіктер әлемі.</b></p> <p>Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: өсімдік жапырақтары, сабақтарының қозғалуы, гүлдердің күн шыққанда жапырақтарының ашылуы және кешке жабылуы, тамырдың суды сорып, сабағы арқылы су өткізіп, басқа бөліктерін қоректендіруі, өсімдіктердің өсуі үшін ылғалдың, жарықтың, жылу мен</p>	
--	--	--

		тыңайтқыштың қажеттігі олардың жылуды, суықты, күнді немесе бұлтты ауа-райын сезуі, олардың өсуі және көбеюі.	
Құрастыру		- балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру. Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу. Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту.	1. «Қоянға көмектесеміз»
Сурет салу		- өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу; - балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау; балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау. Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу), қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу, бейнелеу, түсті қанық беру үшін қағаздың фонын таңдау және бояуларды үйлестіру, өз жұмысының нәтижелерін бағалау.	1. Аяздың қырау оюлары.
Мүсіндеу		- балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту. Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану.	1. Аяз атадан келетін сыйлықтың қорапшасы.
Жапсыру		- қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру. Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы	1. Үшбұрыштан шыршаны жапсырамыз



		<p>симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру.</p> <p>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен (кілем, алаша, сырмақ, ши, көрпе, жастық), киіз үйдің жабдықтарымен (кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық, басқұр) таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру.</p>	
	Музыка	<p>- музыкаға, өнердің түрлеріне, өнер туындыларына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу;</p> <p>- әннің сөзін анық айтады, музыка сипатын қабылдайды және жеткізеді.</p> <p>Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру.</p> <p>Классикалық, халықтық және заманауи музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру.</p> <p><b>Музыка тыңдау.</b></p> <p>Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету. Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру.</p> <p><b>Ән айту.</b></p> <p>Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Өртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.</p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Көк тудың желбірегені»</li> <li>2. «Келді, міне, Жаңа жыл! »</li> <li>3. «Жаңа жыл келді.»</li> <li>4. Аяз ата.</li> <li>5. «Щелкунчик » балеті</li> <li>6. «Аппақ әлем»</li> <li>7. «Қыс әлемі»</li> <li>8. Зырлайды шанамыз.</li> </ol>

	<p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</b> Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.</p> <p><b>Билер.</b> Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.</p> <p><b>Би шығармашылығы.</b> Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.</p> <p><b>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау.</b> Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.</p>	

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде  
2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы : «Кәусар Әли » бөбекжай  
 балабақшасыТоп: МАД  
 Балалардың жасы: 5 жасар.  
 Жоспардың құрылу кезеңі: Қаңтар айы, 2023-2024 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің тақырыптары
Қаңтар	Дене шынықтыру	- балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту; - спортқа деген қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салты дағдыларын дамыту; - дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту; - дене шынықтырудың әртүрлі нысандарында шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін дамыту; - балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімді қалыптасуына, жалпақ табандылықтың алдын алуға медициналық- педагогикалық бақылау жүргізу және ұлттық қимылды ойындар өткізуге жағдайлар жасау. <b>Негізгі қимылдар.</b> <i>Секіру:</i> бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру, екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру;	1. «Екі тобық арасына доп қысып алып жүруді пысықтау» 2. «3м қашықтықтан тура бағытта доп домалату» 3. «Доппен жаттығулар» 4. «Доппен эстафеталар» 5. «Бөрене үстімен төрттағандап еңбектеу» 6. «Еңбектеу жаттығулары» 7. «Еңбектеу жаттығуларын пысықтау» 8. «Кедергі заттар арасымен хоп – фитболмен жүгіру» 9. «Кедергілерді асу жаттығулары»

		<p>қос аяқпен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр), оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен (арақашықтығы 3 метр), бір орында тұрып биіктікке секіру (6-8 метр); бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру (арақашықтықтығы 40 сантиметр), алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіру, оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіру, тұрған орнында айналып секіру; биіктіктен секіру, 20 сантиметр дейінгі биіктіктікке секіру.</p> <p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b></p> <p><b>Иттің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: екі бала жұптасып жасайды:</b> бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет); гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет).</p> <p><b>Спорттық жаттығулар.</b></p> <p>Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу.</p> <p><b>Сырғанау.</b> Өз бетінше мұзды жолмен сырғанау, жүгіріп келіп сырғанау.</p> <p><b>Спорттық ойындар.</b></p> <p><b>Хоккей элементтері.</b> Берілген бағытта қақпаға хоккей таяқпен шайбаны сырғанату, оны қақпаға кіргізу.</p> <p><b>Қимылды ойындар.</b></p> <p>Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.</p>	
--	--	---	--

		<p><b>Дербес қимыл белсенділігі.</b></p> <p>Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау.</p> <p>Балалардың дербес қимыл белсенділігін ұйымдастыруда, меңгерген қимыл дағдыларын жетілдіру үшін серуен өткізілетін орынды жабдықтау, ойын алаңында балалардың жүруіне арналған кедергі жолдар жасау.</p> <p>Қыс мезгілінде мұзды жолдармен сырғанауға, шаңғымен жүруге, хоккей ойындарына, шанамен сырғанауға, ал көктем, жаз мезгілдерінде велосипед тебуге, футбол, бадминтон, баскетбол ойындарына жағдай жасау.</p> <p><b>Салауатты өмір салтын қалыптастыру.</b></p> <p>Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту.</p> <p>Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру. Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту.</p> <p>Науқасқа күтім жасау дағдыларын қалыптастыру: оған қамқорлық жасау, шуламау, оның өтініштері мен тапсырмаларын орындау. Науқастарға жанашырлық танытуға тәрбиелеу.</p> <p>Өзінің көңіл-күйін сипаттай білуге үйрету. Балаларды дені сау адамның мүмкіндіктерімен таныстыру, олардың салауатты өмір</p>	
--	--	---	--

		<p>салтына деген қажеттілігін қалыптастыру.</p> <p><b>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.</b></p> <p>Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуді.</p> <p>Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.</p> <p>Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.</p> <p>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.</b></p> <p>Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру, балалардың денсаулығын, шынықтыру құралдарының әсерлеріне бейімделу деңгейін ескеріп, қарама-қарсы температурадағы сумен шайыну, таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту.</p>	
			<ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Қысқы көрініс»</li> <li>2. «Қысқы көріністі пысықау»</li> <li>3. Сөйлем түрлері. «Қысқы ойндар» суреті бойынша</li> </ol>
Сөйлеуді дамыту		<ul style="list-style-type: none"> <li>- ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру;</li> <li>- коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні</li> </ul>	

		<p>тындауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;</p> <p>- балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау;</p> <p>- әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b></p> <p>Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау.</p> <p><b>Сөздік қор.</b></p> <p>Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу.</p>	<p>әңгіме құрастыру.</p> <p>4. Сөйлем түрлері. «Қысқы ойндар» суреті бойынша әңгіме құрастыру қайталау.</p> <p>5. «Ақ тиін мен қасқыр» ертегісін сахналау.</p> <p>6. «Ақ тиін мен қасқыр» ертегісін сахналау пысықтау.</p>
Сауат ашу негіздері		<p>- сауат ашудың алғышарттарын қалыптастыру арқылы қолды жазуға дайындау;</p> <p>- коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тындауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;</p> <p>- балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау;</p> <p>Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету.</p>	<p>1. «( й ) дыбысы және Йй әрпі»</p> <p>2. «( й ) дыбысы және Йй әрпі» қайталау.</p> <p>3. «(ғ) дыбысы Ғғ әрпі»</p> <p>4. «(ғ) дыбысы Ғғ әрпі» қайталау.</p> <p>5. «( г ) дыбысы және Гг әрпі»</p> <p>6. «( г ) дыбысы және Гг әрпі» қайталау.</p> <p>7. «(ң) дыбысы және ң әрпі»</p> <p>8. «(ң) дыбысы және ң әрпі» қайталау.</p> <p>9. «( ө ) дыбысы және Өө әрпі»</p>

	<p>Көркем әдебиет</p>	<p>- коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;</p> <p>- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту;</p> <p>- балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау;</p> <p>Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау.</p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Н. Жанаев «Ақ қоян» өлеңін оқу.</li> <li>2. Н. Жанаев «Ақ қоян» өлеңін оқу қайталау.</li> <li>3. «Қолғап» украин халық ертегісі .</li> <li>4. «Қолғап» украин халық ертегісі пысықтау .</li> <li>5. Т.Тойбазарұлы «Құстар» «Қайтпай қалған қарлығаш»</li> <li>6. Т.Тойбазарұлы «Құстар» «Қайтпай қалған қарлығаш»қайталау.</li> </ol>
	<p>Қазақ тілі</p>	<p>- коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;</p> <p>- балалардың заттар мен жағдайды нақты сипаттауда қарапайым тұжырымдар мен өз ойларын басқаларға түсінікті жеткізуге баулу;</p> <p>- әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту.</p> <p><b>Тілдік дамытушы орта.</b></p> <p>Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b></p> <p>Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға</p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Қар .Туынды сөздер»</li> <li>2. «Һ дыбысы (артикуляциясы , тіл ұстарту , сөздердегі дыбыстардың орнын табу ) мен әрпі ( атау)»</li> <li>3. «Түлкі мен сұр қасқыр ертегісі»</li> <li>4. «Щ әрпі (артикуляциясы , тіл ұстарту , сөздердегі дыбыстардың орнын табу ) мен әрпі ( атау)»</li> <li>5. Қыстайтын құстар.</li> <li>6. Ч дыбысы (артикуляциясы , тіл ұстарту , сөздердегі дыбыстардың орнын табу )</li> </ol>



	<p>дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).</p> <p><b>Сөздік қор.</b> Аңшылық кәсіпті (аң, аңшы, орманшы, қорықшы).</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу.</p>	мен әрпі ( атау)
Математика негіздері	<p>- танымдық қызығушылықтарын, білуге құмарлықты, оқу әрекетіне қызығушылықты дамыту, мектепте оқуға ынтыласын арттыру;</p> <p>- зейінді, есте сақтауды, бақылауды, зерттеуді, талдау жасай білуді, себеп - салдарлық байланыстарды орнату, қорытынды жасауды дамыту;</p> <p>- балаларды зерттеу барысында жаңа ақпараттарды алуға, объектілерге зерттеу жүргізу үшін өз әрекетінің алгоритмін жасауға баулу;</p> <p>- математикалық және интеллектуалды-шығармашылық қабілеттіліктің алғышарттары көрінуіне ықпал ету.</p> <p><b>Геометриялық фигуралар.</b> Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру. Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру.</p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Сикырлы су»</li> <li>2. «Сикырлы су » пысықтау</li> <li>3. Жануарлардың жұпты мен үштік топтар.</li> <li>4. «Қысқы ормандағы тіршілік жайлы не білесің?»</li> <li>5. «Қысқы ормандағы тіршілік жайлы не білесің?» пысықтау.</li> <li>6. «Құстардың топтамасын тең бөліктерге бөлу»</li> <li>7. Жем шашардағы құстар .</li> <li>8. Жем шашардағы құстар пысықтау.</li> <li>9. Аквариум балықтарының сандарын салыстыру.</li> </ol>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу; дербестікке</p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Қонаққа келген аққала»</li> <li>2. «Ақ ұлпа қар »</li> <li>3. Қардың қасиеттері</li> </ol>

	<p>тәрбиелеу;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту; - еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру;</li> <li>- табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты, табиғаттың тірі объектілеріне жанашырлық сезімін дамыту, қоршаған ортаға қатысты кейбір әрекеттерінің қарапайым салдарын көре білу;</li> <li>- экологиялық мәдениеттің негіздерін қалыптастыру және табиғатта өзін қауіпсіз ұстау.</li> </ul> <p><b>Табиғатпен таныстыру</b></p> <p>Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну.</p> <p><b>Жануарлар әлемі</b></p> <p>Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау, жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау.</p> <p>Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Ережелер барлығына жақсы болуы (қарапайым, жайлы, қауіпсіз) үшін жасалатынын балалардың түсінуі маңызды. Егер белгілі бір ережелер сақталмаған жағдайда не болатынын балалармен талқылау.</p> <p><b>Өсімдіктер әлемі</b></p> <p>Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту.</p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>4. «Құстардың қыстағы қоректену ерешеліктері»</li> <li>5. «Қандай аңдар қыста ұйықтайды»</li> <li>6. Жабайы аңдарды санайық.</li> </ol>
--	---	--

Құрастыру	<p>- балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру.</p> <p>Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану.</p>	1. «Жабайы аңдардың қысқы тіршілігі»
Сурет салу	<p>- өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;</p> <p>- балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау; балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.</p> <p>Бейнелеу әдістерін (штрихтар, бояуларды араластырып, кляксография, жіппен) қолдану.</p> <p>Жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығару (гуашпен сурет салу кезінде).</p>	1. «Жылы жақта мекендейтін жануарлар»
Мүсіндеу	<p>- балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;</p> <p>Адамның бейнесін, жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу. Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу.</p>	
Жапсыру	<p>- қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру.</p> <p>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен (кілем, алаша, сырмақ, ши, көрпе, жастық), киіз үйдің жабдықтарымен</p>	1.. Аққала

		<p>(кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық, басқұр) таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру.</p> <p>Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару.</p>	
Музыка		<p>- музыкаға, өнердің түрлеріне, өнер туындыларына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу;</p> <p>- шығарманың жеке фрагменттерін (кіріспе, қайырмасы, соңы) ажырата алу.</p> <p>Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру.</p> <p>Классикалық, халықтық және заманауи музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру.</p> <p><b>Музыка тыңдау.</b></p> <p>Музыкалық шығармалардың жанларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету. Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру.</p> <p><b>Ән айту.</b></p> <p>Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Өртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</b></p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Қысқы ойындар»</li> <li>2. «Ақ тиін»</li> <li>3. «Жануарлар туралы әндер»</li> <li>4. «Сауысқан»</li> <li>5. «Құстармен бірге жырлайық»</li> <li>6. «Ақ лақ»</li> </ol>

Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.

Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру.

**Билер.**

Қазақ халқының би өнерімен таныстыру, қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру, балаларға "Қаражорға" биін билету.

**Би шығармашылығы.**

Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.

**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау.**

Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде  
2023- 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы : «Кәусар Әли » бөбекжй

балабақшасы

Топ: МАД.

Балалардың жасы: 5 жасар.

Жоспардың құрылу кезеңі: Ақпан айы, 2023-2024 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің тақырыптары
Ақпан	Дене шынықтыру	<p>- балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту;</p> <p>- спортқа деген қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салты дағдыларын дамыту;</p> <p>- дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту;</p> <p>- дене шынықтырудың әртүрлі нысандарында шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін дамыту;</p> <p>- балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімді қалыптасуына, жалпақ табандылықтың алдын алуға медициналық- педагогикалық бақылау жүргізу және ұлттық қимылды ойындар өткізуге жағдайлар жасау.</p> <p><b>Негізгі қимылдар.</b></p> <p><i>Лақтыру, қағып алу, домалату:</i> допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу; допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату, допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен</p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Кедергілерден өту эстафеталары»</li> <li>2. «Кедергі заттар арасымен допта домалату.»</li> <li>3. «Кедергі заттар арасымен допта ды домалату.» пысықтау</li> <li>4. «Түрлі биіктегі заттардан қос аяқпен секіру. »</li> <li>5. «Кірпіштерден жерге қос аяқпен жерге секіру жаттығулары»</li> <li>6. «Заттар үсіне және олардан жерге секіру эстафеталары »</li> <li>7. «Гимнастикалық сатыда әр түрлі тәсілмен өрмелеу.»</li> <li>8. «Қалай өрмелей аласындар ?»</li> </ol>

		<p>қағып алу; 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыру, допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 метр) басынан асыра лақтыру, допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізу, допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы 4–5 метр).</p> <p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b></p> <p><b>Иштің бұлиық еттеріне арналған жаттығулар:</b> екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет); гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет).</p> <p><b>Спорттық жаттығулар.</b></p> <p>Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу.</p> <p><b>Шаңғымен жүру.</b> Бірінің артынан бірі ауыспалы кадаммен алға жылжу, оң және сол аяқтарымен сырғанау. Бір орнында тұрып оңға, солға бұрылу, айналу.</p> <p><b>Спорттық ойындар.</b></p> <p><b>Хоккей элементтері.</b> Берілген бағытта қақпаға хоккей таяқпен шайбаны сырғанату, оны қақпаға кіргізу.</p> <p><b>Қимылды ойындар.</b></p> <p>Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.</p> <p><b>Дербес қимыл белсенділігі.</b></p> <p>Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен</p>	<p>9. «Қалай өрмелей аласындар?» пысықтау</p> <p>10. «Кедергілердің арасынан фитболды домалату»</p> <p>11. «Фитболмен ойнайық»</p> <p>12. «Бұлттар секілді халықтаймыз»</p> <p>13. «Шелек ұстап жүгіру»</p> <p>14. «Кегелдер арасымен төрттағандап еңбектеу»</p> <p>15. «Кегелдер арасымен төрттағандап еңбектеу» пысықтау.</p>
--	--	---	---

		<p>спорттық жабдықтары бар ортаны құру. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау. Балалардың дербес қимыл белсенділігін ұйымдастыруда, меңгерген қимыл дағдыларын жетілдіру үшін серуен өткізілетін орынды жабдықтау, ойын алаңында балалардың жүруіне арналған кедергі жолдар жасау.</p> <p>Қыс мезгілінде мұзды жолдармен сырғанауға, шаңғымен жүруге, хоккей ойындарына, шанамен сырғанауға, ал көктем, жаз мезгілдерінде велосипед тебуге, футбол, бадминтон, баскетбол ойындарына жағдай жасау.</p> <p><b>Салауатты өмір салтын қалыптастыру.</b></p> <p>Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту.</p> <p>Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру. Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту. Науқасқа күтім жасау дағдыларын қалыптастыру: оған қамқорлық жасау, шуламау, оның өтініштері мен тапсырмаларын орындау. Науқастарға жанашырлық танытуға тәрбиелеу.</p> <p>Өзінің көңіл-күйін сипаттай білуге үйрету. Балаларды дені сау адамның мүмкіндіктерімен таныстыру, олардың салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру.</p> <p><b>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.</b></p> <p>Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.</p>	
--	--	--	--



		<p>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.</p> <p>Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.</p> <p>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.</b></p> <p>Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру, балалардың денсаулығын, шынықтыру құралдарының әсерлеріне бейімделу деңгейін ескеріп, қарама-қарсы температурадағы сумен шайыну, таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту.</p>	
Сөйлеуді дамыту		<ul style="list-style-type: none"> <li>- ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру;</li> <li>- коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;</li> <li>- балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау;</li> <li>- әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту.</li> </ul>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Үй құстары»</li> <li>2. «Үй құстарын пысықтау»</li> <li>3. «Құмырсқа қанағаты » ертегісі</li> <li>4. «Құмырсқа қанағаты » ертегісі қайталау</li> <li>5. «Компьютер пайдалы ма , әлде зиян ба ?»</li> <li>6. «Компьютер пайдалы ма , әлде зиян ба ?»пысықтау.</li> </ol>

	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау.</p> <p><b>Сөздік қор.</b> Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру. Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту.</p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>7. «Дәрмендердің керемет күші»</li> <li>8. «Дәрмендердің керемет күші» пысықтау</li> <li>9. «Менің анам»</li> <li>10. «Менің анам» пысықтау</li> </ol>
		<p>- зейінді, есте сақтауды, бақылауды, зерттеуді, талдау жасай білуді, себеп - салдарлық байланыстарды орнату, қорытынды жасауды дамыту;</p> <p>- балаларды зерттеу барысында жаңа ақпараттарды алуға, объектілерге зерттеу жүргізу үшін өз әрекетінің алгоритмін жасауға баулу;</p> <p>- математикалық және интеллектуалды-шығармашылық қабілеттіліктің алғышарттары көрінуіне ықпал ету.</p> <p><b>Кеңістікті бағдарлау.</b></p> <p>Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа.</p> <p>Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту.</p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>2. «Өрістегі төлдерді санадыңба? »</li> <li>3. «Өрістегі төлдерді санадыңба? » пысықтау</li> <li>4. «Баубақшаның ағаштарына суды қалай жеткіземіз?»</li> <li>5. «Ағаштар жайлы сен не мінесің?»</li> <li>6. «Ағаштар жайлы сен не мінесің?» пысықтау.</li> <li>7. « Достық үйінің құрылысы»</li> <li>8. «Достармен бөлісе біл »</li> <li>9. «Достармен бөлісе біл » пысықтау.</li> <li>10. «Жалауларды ретімен қоямыз»</li> <li>11. «Мереке қарсаңында »</li> <li>12. «Мереке қарсаңында » пысықтау.</li> </ol>
	<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу; дербестікке тәрбиелеу;</p> <p>- Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту; - еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру;</p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. « Төрт – түлік мал»</li> <li>2. «Жер- ортақ үйіміз!</li> <li>3. « Ағаштың қасиеттері»</li> <li>4. «Жас бағбандар»</li> <li>5. «Қазақстандағы ұлттармәдениеті»</li> <li>6. «Тірі және өлі табиғат»</li> </ol>

		<p>- табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты, табиғаттың тірі объектілеріне жанашырлық сезімін дамыту, қоршаған ортаға қатысты кейбір әрекеттерінің қарапайым салдарын көре білу;</p> <p>- экологиялық мәдениеттің негіздерін қалыптастыру және табиғатта өзін қауіпсіз ұстау.</p> <p><b>Жануарлар әлемі.</b></p> <p>Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң); қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу ); табиғи-климаттық аймақтар (ақ аю, итбалық, пингвин, жираф, піл, маймыл) бойынша топтастыру.</p> <p>Мобильді құрылғыларды қолдану кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін білу (күніне ата-аналардың рұқсатымен 30 минуттан артық емес мобильді құрылғыларды қолдану).</p> <p><b>Адамгершілік және патриоттық тәрбие.</b></p> <p>Мемлекеттік мерекелердің Қазақстан халқының бірлігі мерекесі маңыздылығын түсіну, оларға белсенді қатысу.</p> <p>Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлері Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаевті білу, оларды құрметтеу.</p>	<p>7. « Ағаштар , табиғат және адам»</p> <p>8. «Жәндіктер әлемі»</p>
	Құрастыру	<p>- балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру.</p> <p>Табиғи (ағаш, мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық заттардан құрастыруға баулу.</p>	1. «Құрылыс ғаламшары»
	Сурет салу	<p>- өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;</p> <p>- балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау; балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.</p>	1. «Інжугүлдер»

	<p>Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салу, бірнеше заттардың өлшеміндегі айырмашылықтарды беру, геометриялық пішіндегі заттарды салу.</p> <p>Бояумен сурет салу кезінде қылқаламды бояуға батыру, қағазға жуан сызықтарды сызарда қылқаламды көлденең, ал жіңішке сызықтар мен нүктелерді сызу үшін тігінен ұстап, суреттерді бояғанда бір бағытта солдан оңға қарай, жоғарыдан төмен қарай, қиғашынан жүргізу.</p>	
Мүсіндеу	<p>- балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;</p> <p>Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру, сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білу, кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеу, композицияларды қосымша заттар мен элементтердің көмегімен көркемдеп жеткізу. Ертегілер мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композицияларды құру дағдыларын жетілдіру.</p>	1. «Жалау»
Жапсыру	<p>- қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;</p> <p>Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру.</p> <p>Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.</p>	1. «Зымырайды зымыран »
Музыка	<p>- музыкаға, өнердің түрлеріне, өнер туындыларына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.</p>	<p>1. «Ғарышкерлер жыры»</p> <p>2. «Атамекен»</p>

	<p>Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру.  Классикалық, халықтық және заманауи музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру.</p> <p><b>Музыка тыңдау.</b></p> <p>Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету. Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру.</p> <p><b>Ән айту.</b></p> <p>Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</b></p> <p>Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.</p> <p>Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру.</p> <p><b>Билер.</b></p> <p>Қазақ халқының би өнерімен таныстыру, қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру,</p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>3. « Атамекен , ақ мекен»</li> <li>4. «Көгілдір көктем»</li> <li>5. «Көңілді көктем келді»</li> <li>6. «Біз бақытты баламыз»</li> <li>7. «Бақытты балалық шақ»</li> <li>8. «Жеңіс күні»</li> </ol>
--	---	---

		<p>балаларға "Қаражорға" биін билету.</p> <p><b>Би шығармашылығы.</b></p> <p>Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.</p> <p><b>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау.</b></p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.</p>	
--	--	---	--



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде  
2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы : «Кәусар Әли » бөбекжай  
 балабақшасы Топ: МАД .  
 Балалардың жасы: 5 жасар.  
 Жоспардың құрылу кезеңі: Мамыр айы, 2023-2024 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің тақырыптары.
Мамыр	Дене шынықтыру	<p>- балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту;</p> <p>- спортқа деген қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салты дағдыларын дамыту;</p> <p>- дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту;</p> <p>- дене шынықтырудың әртүрлі нысандарында шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін дамыту;</p> <p>- балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімді қалыптасуына, жалпақ табандылықтың алдын алуға медициналық-педагогикалық бақылау жүргізу және ұлттық қимылды ойындар өткізуге жағдайлар жасау.</p> <p><b>Негізгі қимылдар.</b></p> <p><i>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру:</i> сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру.</p> <p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b></p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Арқаннан бір қырымен секіру»</li> <li>2. «Арқан арқылы жанымен секіруді пысықтау»</li> <li>3. « Құрсауды тура бағытта домалатуда пысықтау»</li> <li>4. «Құрсаумен жаттығулар »</li> <li>5. «Құрсаумен жаттығулар пысықтау</li> <li>6. «Құрсаумен эстафеталар »</li> <li>7. «Құрсаумен эстафеталар » пысықтау.</li> <li>8. « Доға астынан өту кезінде топтасу»</li> <li>9. « Доға астынан өту кезінде топтасуды»пысықтау</li> <li>10. «Өткен тақырыптарды</li> </ol>

	<p>Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет); қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту.</p> <p><b>Спорттық жаттығулар.</b></p> <p>Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу.</p> <p><b>Велосипед, самокат тебу.</b> Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу.</p> <p><b>Жүзу.</b> Судың таяз жерінде отырып және жатып аяқпен қимылдар жасау (жоғары және төмен). Судың ішінде қолымен алға, артқа жүру (аяғы денесінің деңгейінде созылған). Иек, көз деңгейіне дейін судың ішінде отыру, суға бетін малу, суға үрлеу; суда жүзу.</p> <p><b>Судағы аэробика.</b> Бұрылыстар жасай отырып, суда қимылдар жасау.</p> <p><b>Спорттық ойындар.</b></p> <p><b>Футбол элементтері.</b> Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу. Допты заттарды айналдыра жүргізу. Допты қақпаға тебу. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу.</p> <p><b>Қимылды ойындар.</b></p> <p>Бнта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.</p> <p><b>Дербес қимыл белсенділігі.</b></p> <p>Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар органы құру. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау.</p> <p>Балалардың дербес қимыл белсенділігін ұйымдастыруда, меңгерген қимыл</p>	<p>пысықтау»</p>
--	---	------------------

		<p>дағдыларын жетілдіру үшін серуен өткізілетін орынды жабдықтау, ойын алаңында балалардың жүруіне арналған кедергі жолдар жасау.</p> <p>Қыс мезгілінде мұзды жолдармен сырғанауға, шаңғымен жүруге, хоккей ойындарына, шанамен сырғанауға, ал көктем, жаз мезгілдерінде велосипед тебуге, футбол, бадминтон, баскетбол ойындарына жағдай жасау.</p> <p><b>Салауатты өмір салтын қалыптастыру.</b></p> <p>Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту.</p> <p>Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру. Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту. Науқасқа күтім жасау дағдыларын қалыптастыру: оған қамқорлық жасау, шуламау, оның өтініштері мен тапсырмаларын орындау. Науқастарға жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Өзінің көңіл-күйін сипаттай білуге үйрету. Балаларды дені сау адамның мүмкіндіктерімен таныстыру, олардың салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру.</p> <p><b>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.</b></p> <p>Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.</p> <p>Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін</p>	
--	--	---	--

		<p>орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.</p> <p>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.</b></p> <p>Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру, балалардың денсаулығын, шынықтыру құралдарының әсерлеріне бейімделу деңгейін ескеріп, қарама-қарсы температурадағы сумен шайыну, таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту.</p>	
	Сөйлеуді дамыту	<p>- ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру;</p> <p>- коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;</p> <p>- балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау;</p> <p>- әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b></p> <p>Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу.</p> <p><b>Сөздік қор</b></p> <p>Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту.</p> <p>Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу.</p> <p><b>Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті.</b></p> <p>Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді,</p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Таңғажайып гүлдер»</li> <li>2. «Таңғажайып гүлдер» пысықтау</li> <li>3. « А.Бактыгерееваны» «Гүл ектік »өлеңін жаттау.</li> <li>4. Әңгімелеп үйренеміз Л.Толстой «Екі жолдас»</li> <li>5. «Көңілді жаз»</li> <li>6. Өткен тақырыптарды пысықтау.</li> <li>7. Өткен тақырыптарды қайталау.</li> </ol>

	эпитеттерді, салыстыруларды қолдану.	
Көркем әдебиет	<p>- коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;</p> <p>- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту;</p> <p>- балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау;</p> <p>Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру.</p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. С.Оспанов «Тілегіміз – бейбіт күн» жаттау</li> <li>2. С.Оспанов «Тілегіміз – бейбіт күн» жаттау. Пысықтау.</li> <li>3. «Жақсы мен жаман» өлеңімен танысу</li> <li>4. «Жақсы мен жаман» өлеңімен танысу қайталау.</li> <li>5. «Қоян мен кірпі» ертегі пантомима.</li> <li>6. «Қоян мен кірпі» ертегі пантомима қайталау.</li> <li>7. Кел жаттайық Т. Молдағалиев. «Жаз келіпті»</li> <li>8. Кел жаттайық Т. Молдағалиев. «Жаз келіпті» қайталау.</li> </ol>
Сауат ашу негіздері	<p>- сауат ашудың алғышарттарын қалыптастыру арқылы қолды жазуға дайындау;</p> <p>- коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;</p> <p>- балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау;</p> <p>Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс,</p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. « Дыбыстармен әріптерді пысықтау»</li> <li>2. « Дыбыстармен әріптерді қайталау»</li> <li>3. «Дауысты, дауыссыз дыбыстар » қайталау</li> <li>4. « Сөздер мен сөйлемдер »</li> <li>5. « Сөздер мен сөйлемдер »</li> </ol>

	<p>еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.</p>	<p>пысықтау</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>6. « Сөздер мен сөйлемдер » қайталау.</li> <li>7. «Пысықтауға арналған дидактикалық ойындар»</li> <li>8. «Пысықтауға арналған дидактикалық ойындар» қайталау.</li> <li>9. «Пысықтауға арналған дидактикалық ойындар» қайталау</li> </ol>
Қазақ тілі	<p>- коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;</p> <p>- балалардың заттар мен жағдайды нақты сипаттауда қарапайым тұжырымдар мен өз ойларын басқаларға түсінікті жеткізуге баулу;</p> <p>- әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту.</p> <p><b>Тілдік дамытушы орта.</b></p> <p>Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру.</p> <p>Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.</p> <p>Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b></p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Г.Х.Андерсеннің «Түйме қыз» ертегісі» Гүлдерді аялайық.</li> <li>2. « (у) дыбысы ( артикуляциясы ,тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу ) мен әрпі (атау , жазу негіздері»</li> <li>3. Көктемгі егістік «Құмырсқа» ертегісін мәнерлеп оқу.</li> <li>4. «Қызықты әріптер»</li> <li>5. «Жаз мезгілі» Орман ертегісі.</li> <li>6. «Сикырлы дыбыстармен әріптер»</li> </ol>

		<p>Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, н, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру.</p> <p>Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).</p> <p><b>Сөздік қор.</b></p> <p>Егіншілік кәсіпке байланысты (дән, тұқым, суару, отау, ору, диірмен, орақ, кетпен, шалғы, айыр, күрек, тырма, соқа) сөздермен толықтыру.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b></p> <p>Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b></p> <p>Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.</p> <p>Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға, берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу.</p>	
	<p>Математика негіздері</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- танымдық қызығушылықтарын, білуге құмарлықты, оқу әрекетіне қызығушылықты дамыту, мектепте оқуға ынтасын арттыру;</li> <li>- зейінді, есте сақтауды, бақылауды, зерттеуді, талдау жасай білуді, себеп - салдарлық байланыстарды орнату, қорытынды жасауды дамыту;</li> <li>- балаларды зерттеу барысында жаңа ақпараттарды алуға, объектілерге зерттеу жүргізу үшін өз әрекетінің алгоритмін жасауға баулу;</li> <li>- математикалық және интеллектуалды-шығармашылық қабілеттіліктің алғышарттары көрінуіне ықпал ету.</li> </ul>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Табиғат заңдылықтарын ұстанайық»</li> <li>2. «Әдемі гүлдер »</li> <li>3. «Әдемі гүлдер пысықтау»</li> <li>4. « Бақшадағы жұмыстар»</li> <li>5. «Жиыны қанша?»</li> <li>6. «Жиыны қанша?» пысықтау.</li> </ol>

	<p><b>Уақытты бағдарлау.</b>  Эртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау, циферблат бойынша уақытты анықтау. Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтау. Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу.  Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.</p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>7. «Жазғы қызықтар»</li> <li>8. «Жазғы қызықтар» қайталау.</li> <li>9. «Жазғы қызықтар» пысықтау</li> </ol>
<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу; дербестікке тәрбиелеу;</li> <li>- Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту; - еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру;</li> <li>- табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты, табиғаттың тірі объектілеріне жанашырлық сезімін дамыту, қоршаған ортаға қатысты кейбір әрекеттерінің қарапайым салдарын көре білу;</li> <li>- экологиялық мәдениеттің негіздерін қалыптастыру және табиғатта өзін қауіпсіз ұстау.</li> </ul> <p>Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу; өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу).</p> <p><b>Жануарлар әлемі.</b>  Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар,</p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Әсемдік әлемі»</li> <li>2. «Адал еңбек- бәрін жеңбек»</li> <li>3. «Қош келдің жаз»</li> <li>4. «Қош келдің жаз» қайталау.</li> <li>5. Өткен сабақтарды пысықтау</li> <li>6. Таныстырудан ойын жаттығу. Өткен тақырыптарды пысықтау.</li> </ol>



		<p>андар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң); қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу); табиғи-климаттық аймақтар (ақ аю, итбалық, пингвин, жираф, піл, маймыл) бойынша топтастыру.</p> <p>Мобильді құрылғыларды қолдану кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін білу (күніне ата-аналардың рұқсатымен 30 минуттан артық емес мобильді құрылғыларды қолдану).</p> <p><b>Адамгершілік және патриоттық тәрбие.</b></p> <p>Өз Отанын жақсы көру, оны қорғаудың, Қазақстан әскерінің маңыздылығын түсіну. Ұлы Отан соғысы жылдарында Отанын қорғаған қазақстандық жауынгерлердің - Кеңес Одағының батырлары Бауыржан Момышұлының, Әлия Молдағұлованың, Мәншүк Мәметованың, Халық қаһарманы Рахымжан Қошқарбаевтың ерліктері туралы білу, оларды құрметтеу.</p> <p>Мемлекеттік мерекелердің Жеңіс күні, Отан қорғаушы күні маңыздылығын түсіну, оларға белсенді қатысу.</p> <p><b>Жол қозғалысы ережелері.</b></p> <p>Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, электросамокат, гироскутер, сигвейге арналған жол) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау.</p> <p>«Балалар», «Трамвай аялдамасы», «Автобус аялдамасы», «Метро аялдамасы», «Тройллебус аялдамасы», «Жаяу жүргіншілер жолы», «Велосипедке арналған жол (электросамокат, гироскутер, сигвей)» жол белгілерімен таныстыруды жалғастыру.</p>	
Құрастыру		<p>- балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру.</p> <p>Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты</p>	1. «Танк – әскери көлік»

		бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру.	
Сурет салу		<p>- өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;</p> <p>- балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау; балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.</p> <p>Балалардың суретте қарапайым сюжеттерді: әлеуметтік оқиғаларды, қоршаған өмірдегі оқиғаларды, мерекелерді, адамдардың еңбегін, ертегілердің, өлеңдердің, әндердің желісін жеткізе білуін жетілдіру. Қазақ халқының өмірін, еңбегін, тұрмысын көрсете отырып, қазақ ертегілерінің желісі бойынша сурет салу. Ұжымдық жұмыстарға, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру.</p>	1. «Менің атам суретші»
Мүсіндеу		<p>- балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;</p> <p>Ойдан өз бетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. Мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнау.</p> <p>Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p>	1. «Сұлу көбелек»
Жапсыру		<p>- қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;</p> <p>Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек</p>	1. «Әуе шары қалықтайды»

		қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.	
	Музыка	<p>- заттармен қимылдар жасауды, сюжетті ойындарды сахналауды үйрету;</p> <p>- музыканың сипатына сәйкес қимылдарды орындауды үйрету;</p> <p>- балаларға арналған музыкалық аспаптарды ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгерту.</p> <p>- музыкаға, өнердің түрлеріне, өнер туындыларына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.</p> <p>Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру. Классикалық, халықтық және заманауи музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру.</p> <p><b>Музыка тыңдау.</b></p> <p>Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету. Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру.</p> <p><b>Ән айту.</b></p> <p>Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Өртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</b></p> <p>Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.</p> <p>Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта</p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Біз отанның сарбазы»</li> <li>2. Гүл көбелек</li> <li>3. Ақ жаңбыр</li> <li>4. «Жау, жау, жаңбыр»</li> <li>5. «Біз мектепке барамыз»</li> <li>6. «Қош бол балабақша»</li> <li>7. Өткен тақырыптарды пысықтау</li> </ol>

	<p>жүгіруді және секіруді меңгеру.</p> <p><b>Билер.</b></p> <p>Қазақ халқының би өнерімен таныстыру, қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру, балаларға "Қаражорға" биін билету.</p> <p><b>Би шығармашылығы.</b></p> <p>Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.</p> <p><b>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау.</b></p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.</p>	
--	--	--



**ҚР БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**  
**Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Шубарсу ауылы**  
**«Кәусар-Әли» бөбекжай-балабақшасы ЖШС**



**Текітемін:**  
**Балабақша меңгерушісі**  
**Көреева М.Т**

**2023-2024 оқу жылы**  
**Циклограммалық тақырыптық жоспары**  
**«Қарлығаш» МАД тобы**

## ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) ЖШС «Кәусар-Әли» бөбекжай балабақшасы

Топ: мектепалды «Бәйтерек»

Балалардың жасы: 5 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 01.09.2023ж.

Педагогтың аты-жөні :Ескендинова Нуржамал Балхожаевна

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
					<b>01.09</b>
Күн тәртібі					
<b>Балаларды қабылдау 08.00-08.15</b>	<p>Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка)</b></p> <p>1 қыркүйек - білім мерекесіне сай балабақшаны және топтарды әсемдеу, мерекелік атмосфера құру.</p> <p>BilimKids мультфильмімен қарсыалу</p> <p>“Сәлем, сәлем”</p>				
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 08.15-08.30</b>	<p>Әңгімелесу: "Балабақшаның ережелері", "Баланың тазалығы".</p>				

<p><b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер</b> <b>08.30-08.55</b></p>	<p><b>Еңбек: алаңды қоқыстан тазарту.</b> Мақсат-міндеттері. Алаңда тәртіп пен тазалық сақтауға, еңбекке жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. <b>(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Еңбек: алаңды қоқыстан тазарту.</b> Мақсат-міндеттері. Алаңда тәртіп пен тазалық сақтау. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. <b>(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>30 - тамыз.</b> <b>Конституция күні</b></p>	<p><b>"Асхана бойынша кезекшілік".</b> Мақсат-міндеттері. Балаларды кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауды үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдықтау кезінде тәртіпсіздікті көре білу. Ортақ игілік үшін шын ниетпен еңбектенуге тәрбиелеу. <b>(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп".</b> (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттері. Балаларды жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауды үйрету: шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлықты, тәртіпті көре білуді. Ұжымда тату-тәтті еңбек етуді үйрету. <b>(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>
---	--	--	---	--	--



**"Жел мен бұлт" қимыл-қозғалыс ойыны.**  
Мақсат-міндеттері. Кеңістікті бағдарлау жаттығулары.  
**Еркін ойын. "Мысық пен тышқан".**  
Мақсат-міндеттері. Ойынның шарты бойынша әділ ойнап, шапшаңдықты, жылдамдықты, тапқырлықты танытуға баулу. Барысы. Ойнаушылар дөңгеленіп тұра қалады. Мысық пен тышқанды тағайындап алады. Қалған балалар бір-бірінің қолынан ұстап, шеңбер бойымен жүріп сөздерді айтады. Мысық аппақ қарасақ, Құйрығы сұр тамаша-ақ, Жебедей-ақ ұшады, Көзін жаймен қысады. Тырнақтарын үндемей, Ашқан кезде инедей, Тышқандардың тықырын, Мысық естіп қалғанда Аңдып жүріп аулайды, Мысық біздің жарады. «Аңдып жүріп аулайды» деген сөздерден кейін балалар тоқтайды, шеңбердің уәделескен жерінде екі бала қолын түсіріп, есіктен өтетін жер қалдырады. Тышқан мысықтан қашып, есікке қарай жүгіреді де, шеңбер жасап тұрғандардың қолының астынан өтуі мүмкін. Мысық тышқанды ұстап алатын кезде, бұл рөлге басқа балалар тағайындалады, сөйтіп ойын осылай қайталана береді.  
**"Ұшты, ұшты" ойыны.**  
Мақсат-міндеттері. Балаларға ұшатын және ұшпайтын заттарды ажыратуды үйрету. Тәрбиеші балаларға ұшатын құс, әуе көлік атауларын немесе кез келген атауларды атайды. Ұшатын заттар аталса, балалар қанат қаққан қимыл көрсетеді.

**"Заттарды пазл ішіне орналастыру" үстел үсті ойыны.**  
Мақсат-міндеттері. Балалардың танымдық қабілеттерін, зейіндерін дамыту.  
**"Қармақ" қимыл-қозғалыс ойыны.**  
Мақсат-міндеттері. Кеңістікте бағдарлауды жүзеге асыру.  
**Еркін ойын. "Тақия тастамақ" ұлттық ойыны.**  
Мақсат-міндеттері. Бұл ойын балаларды жылдамдыққа, сезгіштікке, сақтқққа, тапқырлыққа үйретеді. Барысы. Балалар дөңгелене шеңбер құрып отырады. Балалардың арасынан бір бала таңдалады да қалғандары көздерін жұмып отырады. Таңдалған бала дөңгеленіп отырған балалардың сырт жағымен ақырын жүріп, бір баланың артына тақияны білдірмей тастап кетеді. Тәрбиешінің белгісінен кейін балалар көздерін ашады. Жан жағына жылдам қарап, тақияның өзінде екенін білсе, жылдам орнынан тұруы керек. Егер орнынан дер кезінде тұра алмаса, онда өз өнерін көрсетеді. Такпақ, өлең, би және тағы басқа. Орнынан тез тұрып үлгірген балаға ұлттық ою өрнек бейнесі беріледі. Көп ою жинаған бала жеңімпаз болады. Ойын ережесі. Ойын кезінде ойын ережелерін бұзбау. Тақия тасталғанда көзді жұмып отыру керек, жан-жағына қарауға болмайды. Бір-бірін итеруге болмайды.  
**(дене шынықтыру, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)**

**Үстел үсті ойыны.**  
"Лото. Қыздар мен ұлдардың киімдері".  
Мақсат-міндеттері. Балалардың зейінін дамыту. Заттарды топтастыруды үйрету. Байқампаздыққа баулу.  
Кімге, не керек? Қыздар мен ұлдардың киім түрлерін іріктейді. **(қазақ тілі, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**

**Құрастыру ойыны. "Текшелер".**  
Балалар текшелерден балабақшаны құрастырады.  
**Дамытушы жаттығу.**  
"Көзді жұмып тұрып, тепе-теңдікті сақтау".  
Мақсат-міндеттері. Балаларға көзді жұмып, тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру; вестибулярлық аппаратты, түйсік қабілетін дамыту.  
Шарты. Тік тұрып, екі қолды екі жаққа созып жаю; екі аяқтың бірінде кезегімен, тепе-теңдікті сақтау.  
Алғашқы жаттығудың үлгісін педагог өзі көрсетеді. Тепе-теңдікті ұзақ сақтап тұруды үйрету. **(дене шынықтыру, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)**

**Танертеңгі жаттығу**

**08.55-09.00**

Педагог балалардың назарын өзіне аударып:

- Балалар, енді тақтадағы суретке қарап, жаттығуларды бірге орындайық!

- «Би». Бастапқы қалып: дене тік, екі аяқты қатар қояды, орамал ұстаған қол төменде.

1 - қолдарын жоғары көтеріп, орамалдарын желпу.

2 - бастапқы қалыпқа келу.

3 - орамалмен айналып билеу.

4 - бастапқы қалыпқа келу.

- «Биші қыз». Бастапқы қалып: дене тік, екі аяқты қатар қою.

1 - қолды жоғары көтеру, бір аяқтың ұшымен тұру.

2 - бастапқы қалыпқа келу.

- «Паровоз». Бастапқы қалып: дене тік, екі аяқ қатар қойылады, жұппен тұру.

1 - сызық бойымен бір-біріне қарсы жүру.

2 - сызық ортасына келгенде тарап кету.

3 - бастапқы қалыпқа келу.

- «Қарлығаш». Бастапқы қалып: дене тік, екі аяқты қатар қояды, қол төменде.

1 - екі қолды екі қапталға жаю.

2 - бір аяқты артқа созу, қарлығашты бейнелеу.

3 - бастапқы қалыпқа келу.

- «Іздер». Бастапқы қалып: қол белде, аяқтың арасы сәл алшақ болады.

1 - аяқтарын біріктіріп, орындарында оң жаққа бір ізбен жүру.

2 - аяқтарын біріктіріп, орындарында сол жаққа бір ізбен жүру.

3 - бастапқы қалыпқа келу.

- «Аққұтан». Бастапқы қалып: дене тік, екі аяқ қатар қойылады, қол төменде.

1 - бір аяқпен тұру, қолмен тізеге дейін бүгілген сол аяқты ұстау.

2 - бастапқы қалыпқа келу.

3 - бір аяқпен тұру, қолмен тізеге дейін бүгілген оң аяқты ұстау.

4 - бастапқы қалыпқа келу

- «Достар». Бастапқы қалып: дене тік, екі аяқты қатар қояды, жұппен тұрады.

1 - жұптар қол ұстасады.

2 - жұптасып айналу.

3 - бастапқы қалыпқа келу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)**

<p><b>Таңғы ас</b> <b>09.00-09.20</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b> Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Ас - адамның арқауы. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>				
<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b> <b>09.20-09.30</b></p>	<p>Жаңылтпаштарды қайталау және жаттау.</p>	<p>"Жәндіктер" тақырыбына иллюстрацияларды қарастыру.</p>		<p>Жаңылтпаштарды қайталау және жаттау.</p>	<p>«Балабақша» тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>
<p><b>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b> <b>09.30-10.35</b></p>	<p><b>Жазғы ойын-сауықтар</b></p>	<p><b>Жазғы ойын-сауықтар</b></p>		<p><b>Жазғы ойын-сауықтар</b></p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> <b>"Дыбыс және әріп"</b> Міндеттер: Балаларға сөздің құрылымын, әріптер мен дыбыстардың ерекшелігін ажыратуды үйрету. Сөздік қорын, ауызекі сөйлеу тілін дамыту. Адамгершілік қасиеттерін дамыту, еңбекке баулу.  <b>Сурет салу</b> "Гүл бағымызда өскен ақкекірелер". Мақсат-міндеттері. Балаларды серуен кезіндегі бақылаудан кейін және елестету нәтижесінде қылқалам мен гуашь (акварель) бояулары арқылы ақкекірелердің қарапайым сұлбаларын салуды үйрету.  <b>Дене шынықтыру</b> "Тақтайшаның үстімен адымдап жүру". Мақсат-міндеттері. Балаларға тақтайшаның үстінен аяқтың ұшымен және өкшемен адымдап жүруді үйрету.  <b>Көркем әдебиет</b> "Ш. Шаяхметов «Білімнің - бұлағың» (өлеңімен танысу)" Мақсат-міндеттері. Балабақшаға, мектепке барған балалардың қуанышты сәттерін әңгімелеу. «Білімнің – бұлағың» өлеңін оқу, балаларға үйрету, сөздердің мағыналарын түсіндіру.</p>
<p><b>2- таңғы ас</b></p>	<p>Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b></p>				
<p><b>Серуенге дайындық 10.35-10.50</b></p>	<p>Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>				

<p><b>Серуен</b> <b>10.50-12.30</b></p>	<p><b>Күнді бақылау.</b> Мақсат-міндеттері. Күнді, оның өсімдіктер мен ағаштар, жәндіктер және барлық тіршілік иелері үшін маңыздылығын бақылауды жалғастыру. Экологиялық міндет: күн сәулесінің адам мен өсімдіктердің тіршілігі үшін құндылығын көрсету. <b>Көркемсөз</b> Алақай, алақай! Күн шықты, күн шықты, Жер үстіне нұр шықты! <b>Еңбек: жәшіктерге құм толтыру.</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың бойында еңбекке құштарлықты ояту. <b>"Қарақұс пен балапандар" қимыл-қозғалыс ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Тәрбиешінің нұсқау-бұйрықтарын тыңдай білуге дағдыландыру, зейінді дамыту; шапшаңдыққа, алғырлыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу. Ойыншылар "қарақұс" пен "тауықты" санамақ арқылы тандайды. Қалғандары "балапандар" болып ойынға қатысады. Олар "тауықтың" артына тізіліп (6-8 бала болып) тұрады. Ойын алаңының бір шетінен қарақұстың "ұясы" сызылады. Педагог: "Қарақұс!" деп, белгі бергенде "қарақұс" "тауықтың" артында бір-бірінің белінен ұстап тізіліп тұрған балапандардың ең соңғысын ұстап алуға ұмтылады. "Тауық" болса - екі "қанатын" (екі қолын) екі жаққа соза, балапандарын қорғаштайды. Балапандар қарақұсқа алдырмауға тырысады. Олар тізбекті бұзбауға тиіс. Ұсталған балапандарды</p>	<p><b>Құмырсқаны бақылау</b> Мақсат-міндеттері. Құмырсқалардың пайда болуының ерекшеліктері, олардың тіршілік етуінің көріністері туралы білімдерін кеңейту; сыртқы дүниеге қызығушылықты ояту. Жұмбақ жасыру. Қатар-қатар қара нар, Аспанменен пара-пар, Алды биік, арты жар. (Құмырсқа.) <b>Көркемсөз</b> Қадыр Мырза Әли "Құмырсқа". Қаламайды құмырсқа Қаңғыруды, билеуді. Тыным алмай, ырысқа Толтырады илеуді. Тапқан заты ауыр боп, Түссе бірі әлекке, Қауымдасқан бауыр кеп, Келеді тез көмекке. Ауыртпалық көрмедім Олар алып жықпайтын. Қиындық аз дер едім Түбі жеңіп шықпайтын. Неге? Айтсақ дұрысын: Демей ұсақ, ірісің, Бірі істейді бәрі үшін, Бәрі істейді бірі үшін! <b>Еңбек:</b> алаңдағы жерді копсыту. Мақсат-міндеттері. Келесі жылы егін егу үшін жерді дайындауды үйрету. <b>Қимылды ойын. «Қақпан», «Аттар».</b> Мақсат-міндеттері. Жылдамдық пен төзімділікті дамыту. <b>Жеке жұмыс:</b> баяу қарқынмен үздіксіз жүгіру. Мақсат-міндеттері. Төзімділікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу. (<b>қазақ тілі, көркемсөз, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-</b></p>		<p><b>Күнді бақылауды жалғастыру. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттері. Серуендеуге, күнге қызығушылықты ынталандыру. Күннің кешке төмендеу түсетінін көрсету, күннің салқындау болғанын сезінуге шақыру. <b>"Күн мен жанбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу. Шарты: балалар "күн" сөзін айтқанда барлығы қыдыруға шығады. Ал «жаңбыр» сөзі айтылғанда ашылып тұрған қолшатырдың айналасына жиналады. <b>"Кеглиді қағып ал" жаттығуы. (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттері. Допты тура бағытта домалатып, алшақта тұрған кеглиді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу. <b>Еңбек тапсырмасы:</b> ойын аяқталғаннан кейін барлық заттарды жинастыру. (<b>еңбек іс-әрекеті</b>) Мақсат-міндеттері. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың еркін ойындары.</p>	<p><b>Аспанды бақылау. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттері. Балаларға аспанның әсемдігін көруге бейімдеу; қадағалау барысында бұлтты ажырата білу, аспан бұлтты, бұлтсыз болғанын байқату; бұлттың қозғалысы және өзгерісі жөнінде бақылағанда қадағалауды дамыту; табиғаттың әсемдігін тамашалауға тәрбиелеу. Ашық аспанда бұлтты байқау оңайырақ, оның баяу қозғалатынын, бірте-бірте үлкейіп, өзінің түрін өзгертетінін, мақтаға ұқсайтын массаға айналатынын немесе азайып еритінін атап өтуге болады. Жұмбақ. Көзі жасты – жылауық, Келе жатыр бір алып. Жабырқаса, жыллайды, Жадыраса, құлайды. (Бұлт.) Тақпақ. - Ақсың, сұрсың, қарасың, Қайда қалқып барасың? - Жерге нөсер төгемін, Өссін гүлдер, көп егін! - Гүл-гүл жайнап өсер көк, Нөсерлетсең, нөсерлет. <b>"Не жөнінде айтылады?" ойыны. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттері. Сын-силапы бойынша табиғат құбылысын шеше білуге машықтандару (жарқырайды, аспан, бұлыңғыр найзағай ойнайды). <b>"Доппен лапта ойнау" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттері. Екі топқа бөлінуді үйрету, ойыншыларға допты лақтыру, ойын тәртібін (сызықты баспай) сақтай отырып; қозғалыс тепе-теңдігін дамыту. <b>Еңбек әрекеті:</b> қурап қалған шөптерді жинау (тәрбиешінің көмегімен). (<b>еңбек іс-әрекеті</b>) Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек дағдыларына баулу. Құралдары: қолғаптар, қаптар. Педагог балалардың шөптерге аллергиясын ескеру керек. <b>Балалардың еркін ойыны.</b></p>
---	---	---	--	---	--

<b>Серуеннен оралу 12.30-.12.50</b>	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>
<b>Түскі ас 12.50-13.10</b>	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b>
<b>Күндізгі ұйқы 13.10-15.30</b>	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.
<b>Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 15.30-.15.40</b>	Ауа ванналары. Алғашқы мәдени-гигиеналық әрекеттерді жасауға қызықтыру. Қолдарымыз қайда? Шығарайық алға. Жеңімізді түрейік, Жуынып көрейік. Су астына салайық, Уқалайық, сипалайық. Қандай тамаша! Қолдарымыз тап-таза. <b>(дене шынықтыру)</b>
<b>Бесін ас 15.40-16.00</b>	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b>

<p><b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 16.00-16.15</p>	<p><b>"Не естігеніңді айт?" дидактикалық ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Жауаптарда толық сөйлемдерді қолдануды үйрету; сөздік қорын молайту, еске сақтау қабілеттерін дамыту. Ойын барысы. Педагог балаларға көздерін жауып, дыбыстарды мұқият тыңдауларын (құстардың дауысы, мәшиненің сигналы, әңгімелескен адамдардың дауыстары және тағы басқа) және нені естігендерін анықтауларын өтінеді. Балалар толық сөйлеммен жауап берулерін талап ету керек. Ең көп сөзді айтқан бала, ойын жеңімпазы болып саналады. <b>"Сүйікті кітаптардың кейіпкерлерімен бірге саяхат" сюжетті-рөлдік ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Балалар жазушыларына қызығушылықтарын ояту. Ертегі кейіпкерінің рөлін қабылдау қабілетін дамыту.</p>	<p><b>"Табиғат және адам" дидактикалық ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың адамның не істейтіні, табиғат адамға не беретіні туралы білімдерін бекіту және жүйелеу. Ойын барысы. Педагог балалармен әңгімелесу барысында айналамыздағы заттардың адам қолынан шыққаны немесе табиғатта сол күйінде кездесетіні, оларды адамдардың пайдалануы туралы балалардың білімдерін анықтайды. Мәселен, орман, көмір, мұнай, газ табиғатта сол күйінде болады. Ал үйлерді, зауыттарды, көлік құралдарын адам жасайды. Тәрбиеші балаларға: «Адам қандай заттарды жасаған?» сұрағын қояды. Ойынға қатысушылардың біріне бір затты береді (допты лақтырады). Балалардың бірнеше жауабынан кейін ол жаңа сұрақ қояды: «Табиғат нені жаратқан?» Ойын барысында тәрбиеші балаларға жақсы өмір сүру адамзаттың табиғатты пайдаланатыны, орманды өрттен қорғап, су тоғандарын, өзендер мен көлдерді тазартып, құстар мен жануарларды күзетіп, табиғатты аялайтыны туралы қысқа әңгіме өткізеді. <b>"Жер, су, ауа" қимыл-қозғалыс ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Балаларға берілген тапсырманың жауабын жылдам табуды үйрету. Қоршаған ортаға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Тапқыр, шапшаң болуды үйрету.</p>	<p><b>Дидактикалық ойын.</b> "Ғажайып дорба". Мақсат-міндеттері. Балалардың заттар туралы ұғымдарын тиянақтау; байланыстыра сөйлеу, ойлау, зейін, түйсік қабілеттерін дамыту. Құралдар. Дорба, әртүрлі ойыншықтар мен заттар. Шарты. Балалардың алдына шыққан ойыншы қолын дорбаға салып, затты ұстап, сипап тануға тырысуы; көрген заттың қандай материалдан жасалғаны, адамға қажеті туралы баяндау. <b>(танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қазақ тілі)</b>  <b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b> "Ойыншықтарды жөндеу шеберханасы". Мақсат-міндеттері. Балалардың ойыншықтар жайындағы білімдерін нығайту, шығармашылықпен ойлану, нәтижелі қарым-қатынастар жасай білу қабілеттерін дамыту, заттардың қасиеттеріне қызығушылықтарын арттыру. Құралдар: құрастырылатын ойыншықтар (көліктер, дене мүшелері алынбалы пластик қуыршақтар, лево ойыншықтар, жұмыртқаға салынатын тосынсый ойыншықтар). Шарты. Балалар өз қалаулары бойынша немесе топтастардың көрсетуімен шеберлердің рөлін ойнайтын балаларды тағайындайды. Олар үшін педагог белгілі бір бұрышты ұйымдастырып, әдемі безендіріп қояды. Ойыншы балалар сынық</p>	<p><b>Дидактикалық ойын. "Не жасырынғанын айт".</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың ойлау, елестету, байланыстыра сөйлеу қабілеттерін дамыту; заттардың қасиеттерін зерттеуге қызығушылықтарын арттыру. Шарты. Жүргізушінің рөлін педагог, кейін балалардың бірі ойнайды. Жүргізуші балаларға жасырынған затты (ойыншықты, құбылысты, жануарды, құсты, өсімдікті) сөзбен сипаттайды, бірақ оны атамайды. Ойыншы балалар жауабын табуға тырысады. Алғашында педагог балалар үшін заттың сипаттамасын қарапайым және нақтылы беріп жатады, содан кейін тапсырмалар күрделене бастайды. Мысалы. "Бұл өсімдік қылқан жапырақты ағаштарға жатады, пішіні үшбұрышқа келеді"; "Бұл жиһаз, ол пластиктен де, ағаштан да жасалады, адамның жайлы тынығуы үшін қызмет етеді". <b>(танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қазақ тілі)</b>  <b>Сюжетті-рөлдік ойын "Балабақша".</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың балабақша және онда жұмыс істейтін мамандардың негізгі қызметі жайындағы жалпы ұғымдарын тиянақтау, пысықтау; жеке тұлғасының қабілеттерін, нәтижелі қарым-қатынастарды құру қабілеттерін дамыту. Құралдар. Балабақшада жұмыс істейтін мейірбике, тәрбиеші, тәрбиешінің көмекшісі, аспаз, аула тазалаушысына қажетті құралдар. Шарты. Балалар өз еріктері бойынша балабақша қызметкерлерін тағайындайды. Мамандардың рөлінде ойнайтын балалар өздеріне қажет құралдарды таңдап, белгілі бұрышқа жинайды. Балабақшадағы балалар мен мамандарды ойнайтындар кім, олар қайда барып, не істейтінін өзара ақылдасып, жоспарлап алады.</p>
---	---	---	--	---

<p><b>Серуен</b> <b>10.50-12.30</b></p>	<p>Балаларды серуенге ынталандыруу; серуенге ойын жабдыктарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәткенесін ретпен киюін кадағалау.</p> <p><b>Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b></p> <p>Бақылау: табиғаттағы күзгі өзгерістерді бақылау жұмысын жалғастыру. Бұлттар сұр түсті болатынына назар аударту. Тірі және өлі табиғат арасындағы өзгерістерді байқату: күннің суытуы, құстардың ұшып кетуі. Табиғат туралы түсініктерін әрі қарай дамыту.</p> <p><b>Қимылды ойын. «Ұшақтар». (дене шынықтыру)</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Дабыл бойынша қимыл жасау, алаң ішінде іс-қимылдарды орындауды бекіту. Көңілді ойнауға шақыру.</p> <p><b>Еңбек:</b> құрғақ жапырақтарды жинау, гүлзардағы гүлдердің тұқымын жинастыру. <b>(еңбек дағдылары)</b></p> <p>Үлкен адамдардың тапсырмаларын орындауды үйрету. Оларға көмектесу. Бастаған істі аяқтауға талпындыру.</p> <p><b>Өз бетімен ойындар. «Ұшақтар».</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Ұсынылған тақырып бойынша ойынға өз еркімен қатысуға тәрбиелеу. Балалардың іс-әрекетті ұйымдастыруына көмек беру. <b>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</b></p>	<p><b>Жаңбырды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы балалардың білімін толықтыру. Бақылау барысы.</p> <p>Күзгі жаңбыр жазғы жаңбырға мүлдем ұқсамайды. Күзгі жауын-шашын суық болады. Кішкентай тамшылар жерге түсе бастаса, екі, үш күн тоқтамай жауып тұруы мүмкін. Күзгі жаңбыр жиі және тоқтаусыз жауады. Аяқтың асты балшық, аспан тұнжыраған, дала сұрланып, суық жаңбыр жауады. Күздегі жаңбырдан соң қыс келіп, ақ қар жауады. Адамдар жаңбырда күртеше, пәлте мен етік киіп жүреді. Құстар да жауын-шашыннан жасырынып, қауырсындарын сулағысы келмейді.</p> <p>Жаңбыр ұзаққа созыла ма? Ол қандай көңіл күйді тудырады? Табиғат жаңбырға қалай әсер етеді? Бұлттар мен аспан қандай көрінеді?</p> <p><b>Еңбек қызметі</b></p> <p>Ойыншықтарды жинау. Балаларда ойыншықтарды жинау және тәртіп орнату туралы түсінік қалыптастыру. <b>(еңбек дағдылары)</b></p> <p><b>Ұжымдық ойындар</b></p> <p>"Бұғының үлкен үйі бар". Қимылдарды мәтінмен байланыстыру қабілетін бекіту. <b>"Мысық" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Балалардың жүгіру дағдыларын дамыту. <b>Өз бетімен ойындар.</b></p> <p><b>"Батыл балалар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Жылдам жүгіру дағдысын жаттықтыру.</p>	<p><b>"Қылқан жапырақты ағаштарды бақылау (шырша, қарағай). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b></p> <p>Жұмбақ.</p> <p>Қысы-жазы бір түсте. (Шырша.)</p> <p>Бақылау: балабақша алаңында өсетін қылқанжапырақты ағаштарды танып білу (2 түрі, қылқан жапырақты қарағай және шырша). Сыртқы бейнелеріне қарап: қарағай – ұзын инелер, шыршаларға қарағанда ашық түсті; шырша – инелері қысқа және онша ашық түсті емес. Табиғатқа сүйіспеншілігін арттыру.</p> <p><b>Қимылды ойын. «Бос орын». (дене шынықтыру)</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Жүгіру, жүру, секіру сияқты жаттығуларды бекіту, түрлі қимыл-қозғалыстарын үйлесімді орындау.</p> <p><b>Еңбек:</b> құстарды тамақтандыру <b>(еңбек дағдылары)</b></p> <p>Табиғат бұрышының мекендеушілерін тамақтандыру. <b>Өз бетімен ойындар.</b></p> <p>Өз бетінше ойнай білуге тәрбиелеу. <b>(қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p>Балаларды серуенге ынталандыру, киімдерін ретімен киюді, түймелерін дұрыс түймелеуді қадағалау, бір-біріне көмектесуді үйрету.</p> <p><b>Аула сыпырушының жұмысын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b></p> <p>Мақал-мәтел.</p> <p>Еңбексіз өмір – сөнген көмір.</p> <p>Бақылау: аула сыпырушының еңбек ету барысын бақылау.</p> <p>Еңбек нәтижесін атап көрсету (таза жолдар, бау-бақшаларды түскен жапырақтардан тазалау) және оның маңыздылығын түсіндіру; еңбек құралдарын атап беру (сыпырғыш, қалақ, күрек, қоқыс жәшігі). Аула сыпырушы еңбегін құрметтеуді үйрету, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.</p> <p><b>Қимылды ойын. «Құнан шабысы» (қырғыз халқының ұлттық ойыны). (дене шынықтыру)</b></p> <p>Ойын ережесін сақтауды (белгіден соң жүру, бірін-бірі итермеу) үйрету. Жылдамдық пен күш-жігерді дамыту.</p> <p><b>Еңбек:</b> аула сыпырушыға көмектесу. <b>(еңбек дағдылары)</b></p> <p>Балаларды ересектерге көмектесуге үйрету.</p> <p>Еңбектенуге деген құштарлықтарын дамытып, тәрбиелеу.</p> <p><b>Өз бетімен ойналатын ойындар:</b> доппен ойын. Әр балаға доппен ойнау мүмкіндігін беру. Ойын барысында еркіндік пен қуаныш сезіміне бөленуге тәрбиелеу. <b>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)</b></p>	<p>Балаларды серуенге ынталандыру, киімдерін ретімен киюді, түймелерін дұрыс түймелеуді қадағалау, бір-біріне көмектесуді үйрету.</p> <p><b>Шалшық суды бақылау (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b></p> <p>Көркемсөз.</p> <p>Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға бетінді жу. Тазалықтың досы, Су дегенім осы.</p> <p>Бақылау: жаңбырдан соң жиналатын шалшық суларға балалардың көңілін аудару. Жаздың ыстық күнінде шалшық сулардың жерге тез сіңіп, ал күзде салқын түскенде жерге сіңбей, батпақ болып жататынына мән бергізу.</p> <p>Тәжірибе. Суға тастар мен жаңғақтарды лақтыру.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Кейбір заттардың суға батып кететінін, ал кейбірулерінің су бетінде қалқып жүретінін бақылау.</p> <p><b>Қимылды ойын. «Бір аяқпен жолдан секіру». (дене шынықтыру)</b></p> <p>Ойын алаңындағы ережені сақтай отырып, бір аяқпен алға жылжып секіруді үйрету.</p> <p><b>Еңбек.</b></p> <p>«Балалармен бірге балабақша алаңын жылы сумен жууды бақылау». Еңбектің маңыздылығын сезінуді және үлкендерге көмектесуді үйрету. <b>(еңбек дағдылары)</b></p> <p><b>Өз бетімен ойналатын ойындар:</b></p> <p>Гимнастикалық құралдарға өрмелеу (баспадақ және тағы басқа).</p> <p>Балалардың қосалқы ойындарға қызығушылықтарын дамытып, бір-бірімен тату ойнауларын қадағалау. <b>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</b></p>
---	---	--	---	---	---

<b>Серуеннен оралу 12.30-.12.50</b>	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>
<b>Түскі ас 12.50-13.10</b>	<b>Гигиеналық дағдылар</b> Мақсат-міндеттері. Үстел басында өзін дұрыс ұстай білу қабілетін бекіту; жуу ережелерін бекіту. <b>Көркемсөз</b> Сырттан келіп үнемі, Қолды сабындап жуамыз, Мұнтаздай тап-таза боламыз, Асқа қолды созамыз. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекеті)</b>
<b>Күндізгі ұйқы 13.10-15.30</b>	«Ақымақ қасқыр» ертегісін оқу, балаларды ұйықтату. <b>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b>
<b>Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 15.30-.15.40</b>	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жолдың бойымен жүру. «Қайық». Төсекте ішпен жату, қолды иекке қою, жартылай тұру, оңға-солға тербелу. «Кемпірқосақ». Төсекте арқамен жату, ауада шеңберді аяқпен сызып жасау. «Тышқандар». Массажды кілемшеде аяқтың ұшы және өкшесімен айналдыру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекеті)</b>
<b>Бесін ас 15.40-16.00</b>	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекеті)</b>

<p><b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 16.00-16.15</p>	<p><b>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу.</b> "Көгөністер мен жемістер дауы әңгімесін мәнерлеп оқу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: [о], [ө] дыбыстары". Мақсат-міндеттері. Балалардың "күз сыйлары", көгөністер мен жемістер, жөніндегі ұғымдарын жетілдіру, [О], [Ө] дауысты дыбыстар жөнінде ұғымдар қалыптастыру; дауысты дыбыстардың сөздердің құрамында жіңішке және жуан болуына мысалдар келтіру Артикуляциялық жаттығулар. [О], [Ө] дауысты дыбыстары.</p> <p><b>"Өз үйінді тап" қимылды ойын.</b> Ойыншылар 3-4 кішкентай, ұзыншақ келген аласа орындықтарда отырады. Барлық балаларда әдемі үлкен ойыншықтар: бірінші тұрған ұзыншақ орындықта қуыршақ, екіншісінде - ит, үшіншісінде - мысық, төртіншісінде - аю, қоян. Тәрбиешінің «Серуенге шығамыз» деген нұсқауымен барлық балалар орындарынан тұрып тәрбиешінің соңынан жүреді. Серуен барысында балалар түрлі қозғалыс қимылын орындайды (секіреді, жүгіреді, жүреді). Тәрбиешінің «Жаңбыр жауа бастады» деген нұсқауымен балалар өз үйлеріне қарай жүгіреді. Ойынды қайталау барысында тәрбиеші балаларға білдірмей ойыншықтардың орнын ауыстырып қояды. Балалар өз үйлерін жылдам табуы керек. <b>(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</b></p>	<p><b>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу</b> "Алма". Мақсат-міндеттері. Балаларды "Алма" ертегісінің мазмұнымен таныстыру, ертегіні мұқият тыңдауды үйрету. <b>Дидактикалық ойын.</b> <b>"Алманың бөліктерін құрастыр".</b> Мақсат-міндеттері. Түстері әртүрлі алмалардың барлық бөліктерін тауып, алманың тұтас суретін құрастыруды үйрету. Еске сақтау, ойлау, сөйлеу тілін дамыту.</p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b> <b>«Отбасы».</b> Мақсат-міндеттері. Отбасы мүшелерін білу, олардың отбасында атқаратын қызметін үйрету. Үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу. Бауырмалдыққа, мейірбандыққа тәрбиелеу. Өздеріне берген рөлдерді дұрыс орындап, тату ойнауға тәрбиелеу. <b>(көркем әдебиет, құрастыру, сөйлеуді дамыту, сурет салу)</b></p>	<p><b>Математика негіздерінен ойын-жаттығу</b> "Кірпілерге жемістер". Мақсат-міндеттері. Балаларды өздерінің қарсы алдындағы кеңістіктің "оң жақ", "сол жақ", "алды", арты" бағыттары жөніндегі ұғымдарын қалыптастыру. "Қайда барсаң – соны табасың" дамытушы ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаға өзінің қарсы алдындағы кеңістіктің жақтарын тануды үйрету. <b>Қимылды ойын "Ақ қоян".</b> Мақсат-міндеттері. Балаларды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу. Ойын мазмұны: балалар шеңбер жасап тұрады да, бір бала ортада қоян болып отырады. Шеңбердегі балалар қол ұстасып қоянды айнала жүріп тақпақ айтады. "Ақ қоян-ау, ақ қоян! Орныңнан тұрсаңшы, Шашыңды тарасаңшы, Бетіңді жусаңшы, Әдемі көйлек киеңші. Шеңбердің шетін үзсеңші." Осы кезде қоян болған бала тақпақтағы айтылған қимылды түгел істеп өлең бітісімен жүгіріп барып шеңберді бұзуға тырысады. Бала шеңберді үзсе өзі шеңберге қосылып тұрады, ал үзілген жердегі оң жақтағы бала қоян болады. <b>(математика негіздері, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</b></p>	<p><b>Сурет салудан ойын-жаттығу</b> "Жемістер". Мақсат-міндеттері. Балаларға қылқалам арқылы алма мен алмұртты бейнелеуді үйрету, дөңгелек және сопақша пішіндерді қылқаламның ұшымен салып, ішін баланың өзі қалаған қызыл, жасыл немесе сары бояулармен, сұлбасының шетіне шықпай салу тәсілдерін игерту. <b>Түсті қабылдауды дамыту</b> <b>"Түсті таны және ата".</b> Мақсат-міндеттері. Түстерді атауды және бір-бірінен ажыратуды үйрету.</p> <p><b>Вариативті компонент.</b> <b>Математика негіздері</b> "Көңілді саяхат" Мақсат-міндеттері. Балаларды 4 саны және цифрымен таныстыру; заттардың екі жиынтығын салыстыру негізінде 4 санының құрылуымен таныстыру; 1-3 дейінгі сандар мен цифрлар туралы білімдерін бекіту. <b>(сурет салу, сөйлеуді дамыту, математика негіздері)</b></p>	<p><b>Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу</b> "Жапырақтар әлемі". Мақсат-міндеттері. Балаларға күз туралы ұғым беру; күзгі әлем кереметтерімен таныстыра отырып, танымдық қызығушылықтарын арттыру. <b>"Жапырақтарды пішініне қарай топта" дидактикалық ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Ағаштардың жапырақтарын бір-бірінен айыра білуді үйрету.</p> <p><b>Қимылды ойын "Ұшты-ұшты".</b> Мақсат-міндеттері. Ненің ұшатынын, ненің ұшпайтынын түсіндіру, аңғарымпаздыққа тәрбиелеу. Ойынның мазмұны: ойынды үй ішінде де, сыртта да ойнауға болады. Ойынға қатысушыларға бастаушының сөзін қалт жібермей бағып отыру шарт. Ұшатын құс немесе зат айтылса, қолдарын жоғары көтереді де, ұшпайтын зат айтылса тырп етпей отырады. Қателескен бала айыбына тақпақ айтады немесе ән салады. Екі рет жаңылса айып шарты, ұлғая түседі. Бастаушы: Ойынды былай жүргізеді. Ұшты-ұшты, сұңқар ұшты! (қол көтереді) Ұшты-ұшты, қарға ұшты! (қол көтереді) Ұшты-ұшты, арба ұшты! (қол көтермейді) Ұшты-ұшты, дауыл ұшты! (қол көтермейді) Ұшты-ұшты, ұшақ ұшты! (қол көтереді) Ұшты-ұшты, торғай ұшты! (қол көтереді) Ұшты-ұшты, жылан ұшты! (қол көтермейді) Ойында жаңылмаған ойыншы жеңіске жетеді. <b>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b></p>
---	--	--	--	---	--

<p><b>Балалармен жеке жұмыс</b> <b>16.15-16.30</b></p>	<p>«Сиқырлы суреттер». Ойынның мақсат-міндеттері: балалардың логикалық ойлау қабілетін, еске сақтау, зейін, қабылдау үрдістерін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: әртүрлі суреттердің қиылған бөліктері. Ойынның мазмұны: балалар алдарындағы үлгі бойынша суреттердің қиылған бөліктерінен сурет құрайды. Сурет бойынша әңгіме құрауды ұсыну.</p>	<p>Дидактикалық ойын. «Жеміс-жидектерді ажырат». Мақсат-міндеттері. Жемістер мен көгөністерді бір-бірінен ажырата білу, ойлау қабілеттерін дамыту. Барысы: педагог әр баланың алдына көгөністер мен жеміс-жидектердің суреттерін таратады. Бала жеміс-жидектерді ғана жинап алуы керек.</p>	<p>Сюжетті суреттерді табиғи түстерді пайдалана отырып бояу.</p>	<p>«Таныс пішіндер доминосы». Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту; көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру. Ойынның құрал-жабдықтары: пішіндер бейнеленген суреттер. Ойынның мазмұны: балаларға суреттерді таратып беру. Жүргізуші бірінші суретті үстелдің ортасына қояды, қалған балалар суретке сәйкес өзінің суретін қояды, суретте бейнеленген пішінді атайды. Ойын осылай жалғаса береді</p>	<p>Кел, жазайық. Мақсат-міндеттері. Тиянақтылықты, көркем жазуды, қаламды дұрыс ұстауды үйрету. Үзік сызықтарды салу білігін бекіту. Балаларға үлгілер таратылады. Суреттер мен жазулар үзік сызықтар арқылы беріледі.</p>
<p><b>Серуенге дайындық</b> <b>16.30-16.50</b></p>	<p>Мақсаттары: - киімді дұрыс бүктеуді, ілуді, аяқ-киімді түзу қоюды әдетке айналдыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс киінуге (шешіне) дағдыландыру; - шкапка ілінген, қойылған бас киім, сырт киім, аяқ-киім сияқты заттардың орындарын білуге, тәртіп сақтауға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуді, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. <b>(дербес әрекет)</b></p>				
<p><b>Серуен</b> <b>16.50-18.00</b></p>	<p>Серуенге қызығушылықтарын ояту. "Күз сыйы" тақырыбында жеке әңгімелесулер. <b>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет)</b></p>				
<p><b>Серуеннен оралу</b></p>	<p>Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, колдарын жуу. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>				
<p><b>Кешкі ас</b></p>	<p>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуді үйрету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>				
<p><b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. <b>(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)</b> Музыкалық аспаптармен ойындар. "Күз" тақырыбында әндер жаттау, тыңдау. Аспаптармен танысу, ойындар. Қазақтың ұлттық күйлерін тыңдату. Ертеңгілікке дайындық. <b>(музыка)</b> Өнер бұрышында "күз" тақырыбында мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. <b>(шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)</b> Еркін ойындар. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>				

<b>Балалардың үйге қайтуы</b> (ата-аналарға кеңес) 18.00-18.30	«Баланың денсаулығы үшін дәрумендердің маңызы» тақырыбында кеңес беру.	Отбасында балалардың музыкалық тәрбиесі.	Психолог кеңесі. Мысалы, «Ересектердің балаларға үлгі көрсетуі, саламатты өмір салтын ұстану».	"Баланың агрессивті мінез-құлқы" атты тақырыпта ата-аналарға кеңес беру.	Ата-аналармен балаға ертегі оқудың маңыздылығы туралы әңгімелесу.
---	--	--	--	--	---

## ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) \_\_\_\_\_

Топ: мектепалды

Балалардың жасы: 5 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 16.10 - 20.10.2023ж.

Педагогтың аты-жөні \_\_\_\_\_

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
	16.10	17.10	18.10	19.10	20.10
<b>Балаларды қабылдау</b> <b>08.00-08.15</b>	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>				
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b> <b>08.15-08.30</b>	Баланың денсаулығы туралы ата-аналармен әңгімелесу. Тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайы туралы ақпарат беру.				

<p><b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер 08.30-08.55</b></p>	<p><b>"Өсімдіктерді құнарландыру".</b>          Мақсат-міндеттері. Балаларға өсімдіктердің қоректік заттарды топырақтан алатынын, біртіндеп топырақтың құнары таусылатынын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйеніп, өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттілігі туралы айту, нақты іс-әрекетпен көрсету.  <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Біз топ бөлмесі мен жатын бөлмедегі терезе алды тақтайын дымқыл шүберекпен сүртеміз".</b>          Мақсат-міндеттері. Балаларды сумен жұмыс істегенде келесі ережелерді сақтауды үйрету: жеңді тұру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, кірлегенде сумен шаю. <b>(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Біз орындықтарды орнына қоямыз".</b>          Мақсат-міндеттері. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы жылдам және мұқият орындау.  <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Кітап бұрышындағы еңбек".</b>          (кітаптарды қалпына келтіру).          Мақсат-міндеттері. Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдап, оларды мұқият желімдеуді үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды қолдану). Кітаптарға ұқыпты қарауға, жұмыс істеуге, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу.  <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз"</b>          Мақсат-міндеттері. Балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға, еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту.  <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p>
--	---	---	---	--	---



	<p><b>ҚР. Гимнін орындайды.</b> Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. <b>(музыка)</b></p> <p><b>"Жел мен бұлт" қимыл-қозғалыс ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Кеңістікті бағдарлау жаттығулары. <b>Еркін ойын. "Мысық пен тышқан".</b> Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартын бұзбай, шапшаң ойнауға баулу; жүгірудің түр-түріне машықтандыру. Ойын барысы. Ойнаушылар дөңгелене тұрады. Мысық пен тышқанды таңдап алады. Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер жасай жүріп сөздерді айтады. Мысық аппақ карасақ, Құйрығы сұр, тамаша-ақ! Жебедей-ақ ұшады, Көзін жаймен қысады. Тырнақтарын үндемей, Ашқан кезде инедей, Тышқандардың тықырын, Мысық естісе ақырын, Аңдып аулап алады, Мысық біздің жарады. «Аңдып аулап алады» деген сөздерден кейін балалар тоқтайды, шеңбердің уәделескен жерінде екі бала қолын түсіріп, есіктен өтетін жер қалдырады, Тышқан мысықтан қашып, есікке қарай жүгіреді де, шеңбер жасап тұрғандардың қолының астынан өтуі мүмкін. Мысық тышқанды ұстап алатын кезде бұл рөлге басқа балалар тағайындалады, ойын осылай қайталана береді. <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру)</b></p>	<p><b>Саусақ жаттығуы «Достық».</b> Біздің топта ұлдар мен қыздар дос (қолдың саусақтары өзара бірігеді). Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз (екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу). Бір, екі, үш, төрт, бес (шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу) Қайтадан санауды бастаймыз. Бір, екі, үш, төрт, бес. Енді санауды аяқтадық (қолды төмен түсіреміз, демалтамыз). Санайық жаңаша Бір, екі, үш! Желбіре жалауша, Достықта біздің күш. Оң қолымда бес саусақ, Сол қолымда бес саусақ. Оларды атап шақырар, Әрқайсының аты бар. Бас бармақ, Балаң үйрек, Ортаң терек, Шылдыр шүмек, Кішкене бөбек. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Тәулік бөліктері" дидактикалық ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту; тәулік бөліктерін атауға, ажыратуға жаттықтыру. <b>Дамытушы ойын "Камера".</b> Мақсат-міндеттері. Зейін, есте сақтау, сөйлеуді дамыту. Ойын материалдары мен көрнекі құралдар: лото карталары немесе басқа кез келген суреттер. Сипаттамасы. Балаға 5 секунд ішінде карточканы көрсету. Содан кейін оны алып тастау және онда не бейнеленгенін еске түсіруді ұсыну. Егер балаға жауап беру қиын болса, оған сұрақтар қойылады (қанша, қандай түсті және тағы басқа). <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Үстел үсті ойыны.</b> "Нан қайдан пайда болады?" Мақсат-міндеттері. Балаға логикалық ойлауға үйрету, байланыстыра сөйлеуді дамыту, сөздік қорын кеңейту. Нан, күнбағыс майы және сиыр сүті дүкендерінде қайдан және қалай пайда болатыны туралы білімдерін толықтыру. <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Дамытушы ойын "Ғажайып нүктелер".</b> «Ғажайып нүктелер» арқылы қарлығаштың суретін салады. Нүктелерді қосу, қарлығаштың суретін шығару. <b>(шығармашылық іс-әрекет)</b></p>
--	--	--	--	---	--

<p><b>Таңертеңгі жаттығу</b> <b>08.55-09.00</b></p>	<p>Сапқа тізілу, оңға бұрылу, алға жүру; алға екі аяқпен секіру, жүру; жүгіру (30-40сек); жүру, тыныс алуды қалпына келтіру; бірнеше бағанға қайта құрылу. Жалпы дамыту жаттығуларының кешені.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол төменде.       <ol style="list-style-type: none"> <li>1.1. Балалар қолдарын алдарына созады, алақандарын ашып-жұмады.</li> </ol> </li> <li>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады).</li> <li>2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол көкірек тұсында.       <ol style="list-style-type: none"> <li>2.1. Оң аяқтарын артқа қояды, екі қолдарын артқа созады.</li> <li>2.2. Бастапқы қалып (жаттығу сол жаққа 4 рет қайталанады).</li> </ol> </li> <li>3. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде.       <ol style="list-style-type: none"> <li>3.1. Орындарында тұру, бастарын оңға бұрады.</li> <li>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу сол жаққа 5 рет қайталанады).</li> </ol> </li> <li>4. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене бос, қол көкірек тұсында.       <ol style="list-style-type: none"> <li>4.1. Қолдарын жандарына созады.</li> </ol> </li> </ol> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)</b></p>
<p><b>Таңғы ас</b> <b>09.00-09.20</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b> Максат-міндеттері. Дағдыларды жетілдіру: шанышқыны бас бармақ және ортаңғы саусақпен ұстау, үстіңгі жағынан сұқ саусақпен ұстау. Шеберлікті шыңдау: майды нанға пышақпен жағу.</p> <p><b>Көркемсөз</b> Дос бол сабын, сумен сен, Жиі-жиі жуын сен. Таңертең де, кешке де, Жуын күндіз де, түсте де. Су - тіршілік негізі, Онсыз өмір сүрмейсің. Гигиена егізі, Су деп және білгейсің. Су - табиғат байлығы, Өзен-көлге барғайсың. Кемі екі рет әр күні, Суға түсіп алғайсың.</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>

<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық <b>09.20-09.30</b></p>	<p><b>"Ас атасы — нан"</b> <b>тақырыбында әңгімелесу.</b> Максат-міндеттері. Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық алдында нанның суретіне қарап сөйлемдер құрастыру. Тыйым сөздер, мақал-мәтелдерді сөйлемге қосып айту. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Құймақты жай"</b> <b>дидактикалық ойыны.</b> Максат-міндеттері. Пішінді, көлемді қабылдауды дамыту, балаларды өлшемді өсу (кему) ретімен көзбен анықтай білуге машықтандыру; көзді, визуалды қабылдауды дамыту. Барысы. Балалар картада көрсетілген құймақтарды ретімен нөмірлейді (1-ден 10-ға дейін), ең кішісінен үлкеніне дейін және кері ретпен. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)</b></p>	<p><b>Нан туралы тыйым сөздер, нақыл сөздер айту.</b> 1. Нанды шашуға, жерге тастауға, аяқпен басуға, рәсуа етуге, онымен ойнауға болмайды. Нан - негізгі ас, онсыз өмір жоқ. Ең алдымен, дастарқанға нан қойылады. 2. Жерде жатқан нанды жоғары көтеріп, адам баспайтын жерге қою керек. 3. Нанды төңкеріп қоюға болмайды. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Нан туралы мақал-мәтелдер жаттау.</b> 1. Ас атасы — нан. 2. Нан— тамақтың атасы, Ынтымақ — көптің батасы. 3. Нан бар жерде ән бар. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Астық өсірушіге жұмыс істеу үшін не қажет?" дидактикалық ойыны.</b> Максат-міндеттері. Балалардың ауылшаруашылық технологиясы, астық өсірушінің құралдары туралы білімдерін бекіту, визуалды қабылдауын, зейінін, еске сақтауын дамыту. Барысы. Балалар ауылшаруашылық техникалары мен астық өсірушінің құралдары бейнеленген суреттерді таңдайды. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)</b></p>
--	--	--	---	--	---

<p><b>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b> <b>09.30-10.35</b></p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> "[o] дыбысы және О о әрпі". Мақсат-міндеттері. [o] дыбысымен таныстыру, айтылу ерекшелігіне қарай [o] дыбысының дауысты дыбыс екенін, жуан естілетінін өздеріне анықтатқызу.</p> <p><b>Қазақ тілі</b> "Біз дән егеміз". Ұн өнімдері. Ыдыс. Мақсат-міндеттері. Нан, ұн өнімдері туралы толық түсінік беру; нан туралы өлеңмен таныстыру; нанға құрметпен қарау керектігін мысалдармен түсіндіру; нан туралы идеялар мен мақал-мәтелдерді нақтылау; балаларға суреттер бойынша сөз тіркестерін құрастыру негізінде өлеңнің мазмұнын еске сақтауға дағдыландыру; қонақтарға сыпайы түрде қоңырау шалу үлгілерін айту, «Нанға құрмет» тақырыбы бойынша үйлесімді сөйлеуді, түбірлі сөздердің байланысын түсіну, жаңа мағыналарды есту арқылы ажырату, оларды түсіну қабілеттерін дамыту; сыпайылыққа, нанды құрметтеуге, адам еңбегін бағалауға тәрбиелеу.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> "Пәрменмен секірейік". Мақсат-міндеттері. Балаларды түрлі қарқында жүру; педагогтің белгісімен тоқтау, қозғалыс бағытын өзгертіп жүру; допты қабырғаға ұрып, қос қолмен қағып алуды үйрету.</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b> "Нан - адамның күш-қуаты" Мақсат-міндеттері. Балаларға "нан - адамның күш-қуаты" ұғымын түсіндіру; нанның</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> "[o] дыбысы және О о әрпін қайталау". Мақсат-міндеттері. Балаларды О әрпімен таныстыру. Құрамында [O] дыбысы бар сөздерді талдау.</p> <p><b>Математика негіздері</b> "Нан тағамдарының сөресі" Мақсат-міндеттері. Балалардың жылдам санай білу қабілетін арттыру; цифрларды тануды және ажыратуды жетілдіру; нан және оның дайындалу жолы жайлы түсініктерін кеңейту.</p> <p><b>Музыка</b> "Күй тыңдайық, балақай!" Мақсат-міндеттері. Балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру.</p> <p><b>Сөйлеуді дамыту</b> "Нан қайдан келеді?" Мақсат-міндеттері. Нан адамның күш қуаты деген мағынаны түсіндіре отырып, "Нан қайдан келеді?" ертегісін оқып беріп, нанның қайдан шығатынын балаларға айту; шапшаңдық пен тапқырлықты дамыту.</p>	<p><b>Математика негіздері</b> "Нан тағамдарының сөресін пысықтау." Мақсат-міндеттері. Балалардың жылдам санай білу қабілетін арттыру; цифрларды тануды және ажыратуды жетілдіру; нанның дайындалу жолы жайлы түсініктерін пысықтау.</p> <p><b>Қазақ тілі</b> "Ы, І дыбыстары (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орны табу) мен әріптері (атау, жазу негіздері)." Мақсат-міндеттері. Балаларға [-ы], [-і] дыбыстары мен Ы ы, І і әріптерін таныстыру. Ы ы, І і әріптерін ауада жазып көрсету; [-ы], [-і] дыбыстарының нақты артикуляциялық қалпын қалыптастыру, есту арқылы ажыратуды үйрету; буындарда, сөздерде дұрыс айтуды дағдыландыру; [-ы], [-і] дыбыстарының сөздің кез келген жерінде (сөздің басында, ортасында, аяғында) табуды жаттықтыру; [-ы], [-і] дыбыстарын сөздерде есту, мысал келтіру, сол сөздерді қатыстырып қарапайым сөйлем құрастыру арқылы сөздік қорларын толықтыру, ойын тиянақты жеткізе білуге баулу, байланыстыра сөйлеуге тәрбиелеу. Төзімділікке, ұқыпты, әдемі, таза жазуға дағдыландыру.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> "Үйлесімділікті сақтаймыз" Мақсат-міндеттері. Балаларға гимнастикалық орындық астынан еңбектеуді; воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып қағып лақтыруды үйрету.</p>	<p><b>Математика негіздері</b> "Үйірімге қосылған құстар санын санайық" Мақсат-міндеттері. Балалардың "бес" саны туралы ұғымдарын қалыптастыру, оны тану, атай білу іскерлігін жетілдіру; "бес" жиын санын құрайтын екі ең кіші элемент түрлері жайлы түсінігін дамыту.</p> <p><b>Сөйлеуді дамыту</b> "Нан қайдан келеді?" Мақсат-міндеттері. Нан - адамның күш-қуаты деген ұғымды түсіндіру, "Нан қайдан келеді?" ертегісін оқып беру, нанның қайдан келетінін түсіндіру; балалардың ойлау және шапшаң болу қабілеттерін дамыту.</p> <p><b>Музыка</b> "Көкек". Мақсат-міндеттері. Балалардың көкек туралы әуенді қабылдауға қабілетін арттыру; күйді тыңдауда дыбысты есту қабілетін жетілдіру.</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b> "Бидай астығы" Мақсат-міндеттер: балаларда дәнді дақылдарды өсіру туралы түсініктерді тиянақтау; нан және оны дайындау туралы білімді байыту; білім құмарлығын, зерттеу қызметіне ұмтылысын дамыту.</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> "[т] дыбысы және Т т әрпі" Мақсат-міндеттері: [т] дыбысымен және Т т әрпімен таныстыру. Артикуляция бойынша дыбыстарды дұрыс айтуды үйрету.</p> <p><b>Жапсыру</b> "Нан - дастарқан байлығы". Мақсат-міндеттері. Балаларға шаршыны шеңбер етіп кию, тіктөртбұрыштардан жолақ кию арқылы нанның суретін тәрелкеге жапсыруды үйрету.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> "Басына қапшық қойып, бір жақ жанымен жүру" Мақсат-міндеттері. Балаларға басына қапшық қойып, арқан үстімен бір жақ жанымен жүруді үйрету және допты тура домалату дағдысын жетілдіру.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b> А. Сәрсәтін «Бір қап бидай». Мақсат-міндеттері. Өңімені оқу, мазмұндауды үйрету. Балалардың өңгіме желісі арқылы еске сақтау қабілеті мен сөздік қорын, зейінін дамытуды (пысықтау).</p>
--	--	---	--	---	---

2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркемсөзді қайталау)
Серуенге дайындық 10.35-10.50	<p>Мақсат-міндеттері:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- киімді дұрыс бүктеп жинауды, орнына ілуді, аяқкиімді түзу қоюды әдетке айналдыру;</li> <li>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуге дағдыландыру;</li> <li>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, сырт киім, аяқкиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу;</li> <li>- ауа райына сай киінуді, киімді, аяқкиімді таза ұстауға баулу;</li> <li>- басқаларға көмек көрсетуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.</li> </ul> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>

<p>Серуен 10.50-12.30</p>	<p><b>Күнді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттері. Күннің оның өсімдіктер, ағаштар, жәндіктер және барлық тіршілік иелері үшін маңыздылығын бақылауды жалғастыру Экологиялық міндет: күн сәулесінің адам мен өсімдіктердің тіршілігі үшін құндылығын көрсету. <b>Көркемсөз</b> Алақай, алақай! Күн шықты, күн шықты, Жер үстіне нұр шықты! <b>Еңбек: құм жәшіктерін құммен толтыру.</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың бойына еңбекке құштарлығын ояту. <b>"Қарақұс пен балапандар" қимыл-қозғалыс ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Тәрбиешінің нұсқау-бұйрықтарын тыңдауға дағдыландыру, зейінді дамыту; шапшаңдыққа, алғырлыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу. Ойыншылар "қарақұс" пен "тауықты" санамақ арқылы таңдайды. Қалғандары "балапандар" болып ойынға қатысады. Олар "тауықтың" артына тізіліп (6-8 баладан) тұрады. Ойын алаңының бір шетінен қарақұстың "ұясы" сызылады. Педагог: "Қарақұс!" деп белгі бергенде "қарақұс" "тауықтың" артында бір-бірінің белінен ұстап, тізіліп тұрған балапандардың ең соңғысын ұстап алуға ұмтылады. "Тауық" болса - екі "қанатын" (екі қолын) екі жаққа соза, балапандарын қорғаштайды. Балапандар да қарақұсқа алдырмауға тырысады. Олар тізбекті бұзбауы тиіс.</p>	<p><b>Күннің биіктігін бақылау (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттері. Күн энергиясының өсімдіктер, жануарлар мен адамдардың тіршілігіне әсері туралы білімдерін бекіту. Педагог балаларға жұмбақ жасырады. Таңмен көзін ашады, Әлемге нұрын шашады. (Күн.) <b>Көркемсөз</b> Кең аспан ғой ай, күнің, Қашаннан-ақ тұрағы. Кейде кіріп бөлмеге, Ол ойнады айнада. Шомылады көлге де, Шуақ шашып қайда да. Күн неғұрлым жоғары болса, күн соғұрлым жылы әрі ұзақ болады. Ақкүннің ыстығынан қар ериді, жер қызады және еріген дақтар пайда болады. Шөп өсе бастайды. Табиғатта тағы не болып жатыр? (Экологиялық байланыстар туралы сенімді бекіту.) Күн қайдан шығады, күн қайда батады? <b>Зерттеу қызметі</b> Мақсат-міндеттері. Металл заттарға тиіп, күннің қай жерде көбірек жылынаатынын анықтау. Қандай түсті заттар тез қызады: қара ма, ақ па? Күнге ұзақ уақыт қарау үшін нені қолдану керек? (Қара көзілдірік.) <b>Еңбек: аула тазалаушыға алаңды тазартуға көмектесу.</b> Мақсат-міндеттері. Үлкендерге көмектесуге ұмтылысты дамыту. <b>"Үшінші артық" қимыл-қозғалыс ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Балаларды ойынның шарты бойынша</p>	<p><b>Ауаны бақылау (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттері. Балаларға ауаның қажеттілігі түсіндіру. <b>Көркемсөз</b> Жер шары дәу әсем. Қоршаулы ауамен. Ауасыз кім шыдар. Ауасыз тұншығар. <b>Жұмбақ</b> Оңынан оқы, тіршілік нәрі. Сольнан оқы, тіршілік нәрі. Онсыз адам, аң, құс та семер бір мезетте. (ауа) <b>Әңгімелесу.</b> Ауаның қандай қасиеттері бар? (түссіз, мөлдір, иіссіз). Педагог: - Қалай ойлайсындар, балалар, қай жердің ауасы жақсы? Қай жердің ауасы таза? Орманда ма, қалада ма? (Орман ауасы таза ғана емес, оның емдік қасиеті бар. Қаланың ауасы мүлдем басқаша: бензин мен автомобильден шыққан газдардың иісі шығады, шаң мен күйе бөлшектерімен ластанған. Мұндай ауа адамға да, өсімдіктерге де зиянды). Ойлап көріңдерші, балалар, қаланың ауасы қай кезде таза бола бастайды? (Жаңбырдан кейін, жаңбыр тамшылары мен қар ауаны жуады, шаң мен күйені кетіреді). Адамдар қала ауасын тазарту үшін не істеп жатыр? (Адамдар қалада ағаш отырғызады. Терек ағашы ауаны жақсы тазартады.) <b>Еңбек: балалар алаңында жолдарды тегістеу.</b> Мақсат-міндеттері. Балаларға және олардың тәрбиешілеріне көмек көрсету. <b>"Көрші ойыны" қимыл-қозғалыс ойыны.</b></p>	<p><b>Аула сыпырушының еңбегін бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттері. Үлкендердің еңбегімен таныстыруды жалғастыру, аула сыпырушы еңбегін бағалауға тәрбиелеу. Бақылау барысы <b>Көркемсөз</b> А. Меңдібай "Аула тазалықшысы". Балабақша ауласында, Көмектесем мен де оған, Таң атқаннан кешке дейін, Жинап қоқыс, қағаздарды. Тынбай еңбек ететін Құметтеймін, қадірлеймін, Бар тазалық сақшысы. Еңбексүйгіш адал жанды. Ауланы да тазалайды, Ағашты да бұтайды. Су себебі гүлдерге де, Шаршамайды, тынбайды. Балаларға сұрақтар: - Балалар, біздің балабақшамызда кімдер еңбек етеді? - Ал, біздің ауламыздың әсем де, таза болуына кім қарайды? - Аула сыпырушы қандай жұмыстар атқарады? - Біз ол кісіге қандай көмек көрсете аламыз? Аула сыпырушының балабақшада өзіндік орны бар. Ол балабақша ауласының тазалығына, гүлдер мен ағаштардың жақсы өсуіне, аулады сендерге зиян немесе кедергі келтіретін бөгде заттардың болмауына қарайды. Ол кісінің еңбегін дұрыс бағалап, көмектесіп отыруымыз керек. Қажетсіз заттарды кез келген жерге лақтыруға, ауланы бұлдіруге болмайды. <b>Еңбек: аула сыпырушыға көмек жасау: кесілген</b></p>	<p><b>Құстарды бақылау (жалғасы) (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттері. Құстарға сүйіспеншілік пен мейірімділікті, оларға көмектесуге ұмтылуды тәрбиелеу; құстардың қоныс аудару себебін түсіндіру (қоныс аударатын, қыстайтын, көшпелі); құстарды басқа жануарлардан ажыратуды үйрету; балаларды қауырсын құрылымымен және олардың құстардың тіршілігіндегі маңызымен таныстыру. Құстарды бақылау ережесі. Педагог: - Құстар өте үркек (<i>кез келген нәрседен шошынғыш, үріккіш</i>), сондықтан, біз өзімізді тыныш ұстауымыз керек және шуламай жүреміз. - Құстарға қарай жүгіруге болмайды, олардың демалуына немесе тамақтануына кедергі жасайсындар. - Құстарға тас атуға, таяқ лақтыруға болмайды, олар тірі, олардың денесі ауырады. Серуен аяқталғаннан кейін балаларды өздерінің бақылаулары туралы әңгімелесуге шақыру. Ерекше және қызықты нәрсені байқаған балаларға алғыс айту. <b>Еңбек: қоқысты алаңнан жинау.</b> Мақсат-міндеттері. Еңбексүйгіштікке, ұжымда жұмыс істеуге ұмтылуға тәрбиелеу. <b>"Құстың қауырсыны кімге барады?" қимыл-қозғалыс ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу. <b>Көркемсөз</b> Қарлығашпын мен, Адамның тұрағымын. Мекен етіп тұрамын, Тазалаймын үй ішін. Ел аузында мақтаулы, Тазалықшымын төселген. <b>Жұмбақтар</b> Бұдыр-бұдыр балшықты, Жинады да талшықты. Ұқсаып қамытқа, Үй салды жабыққа. (Қарлығаш.) Ұзақ тектес құс, Шіркей жеп.</p>
-------------------------------	--	---	---	--	---

<p><b>Серуеннен оралу 12.30-.12.50</b></p>	<p>Серуеннен оралу кезіндегі ескертулер:          - учаскеден шығар алдында аяккім мен үсті-басын қағу;          - балабақшаға кірер алдында аяккімнің табанын тазалау;          - ғимаратқа тыныш кіру, есікті тарсылдатпау;          - серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою;          Балалардың киімдерін ретпен шешу, шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыру дағдыларын жетілдіру.          Жеңді тұру, қолды сабындау, суды шашыратпау, тазарғанша жуу дағдысын дамыту.          Айнаға қарану, үсті-басын ретке келтіру, шашын тарау, ас ішуге дайындалуға тәрбиелеу.  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>				
<p><b>Түскі ас 12.50-13.10</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b>          Мақсат-міндеттері. Үстелде отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетін пысықтау.          Үстелдегі тағамға назар аудару; этикет ережелерін қаталау.  <b>Көркемсөз</b>          Нан анасы бидаймын,          Елге астық сыйлаймын.          Дәнім толып піскенде,          Қауызыма сыймаймын.          Ақ, қарамын, сарымын,          Мен өнімді тарымын.          Халқым еңбек сіңірсе,          Қайтарамын қарымын.  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b>          Мақсат-міндеттері. Ас ішу құралдарын дұрыс қолдану, дұрыс тамақтану мәдениетіне баулу.          Тамақтану кезінде асты асықпай шайнау, үстел басында өздерін әдепті ұстау, нан қиқымын түсірмей жеу, үлкендерге алғыс айту әдептерін қайталау.  <b>Көркемсөз</b>          Нанда өмірдің иісі мен дәмі бар          Нанда адамның еңбегі мен ары бар.          Нан өмірдің ана сүті арқауы          Нансыз жерде қай өмірдің сәні бар.  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b>          Мақсат-міндеттері. Майлықты қолдануға әдеттендіру.          Нанды үгітпеу, орындықты итеру, тамақ үшін алғыс айту, ауызды шаю, тамақтануды жақсы көңілмен қабылдауға тәрбиелеу.  <b>Көркемсөз</b>          Тағы міне, таң атты,          Дайын дәмді тағамдар.          Үлпілдеген тиінге,          Жарып берем жаңғақты.          Қою сүтті беремін,          Мысық пен күшікке.          Түлкіге қою айран,          Тышқанға дән саламын.          Ақ қоянға тәтті нан,          Тосап беремін араға.          Таңғы ботқа береміз,          Бақшадағы балаға.  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b>          Мақсат-міндеттері. Балалардың назарын гигиеналық процедураларға аудару, қол жуу ережелерін бекіту.  <b>Көркемсөз</b>          Қуанады анашым,          Таза оның баласы.          Маңдайымнан сипайды,          Саусағының саласы.  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b>          Мақсат-міндеттері. Тамақтану әдептерін қалыптастыру: ас құралдарын дұрыс пайдалану, майлық қолдану; үстел басында тыныш болу әдетін дамыту.  <b>Көркемсөз</b>          Ей, балалар, балалар,          Бар қасиет нанда бар!          Тоқаш, бөлке көп болар,          Тәттіге жұрт тоқ болар,  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>
<p><b>Күндізгі ұйқы 13.10-15.30</b></p>	<p>Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдайлар жасау.</p>				
<p><b>Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 15.30-.15.40</b></p>	<p>Велосипед жаттығуы. Аяқты кезек-кезек сермеу, аяқ пен қолды жоғары көтеру.          Майтабанды болдырмау үшін денсаулық жолымен жүру.          Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды жүзеге асыру.  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)</b></p>				

<p><b>Бесін ас</b> <b>15.40-16.00</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b> Мақсат-міндеттері. Төсек жинау дағдысын жетілдіру. Жайманы түзету, төсек жапқышты жабу. <b>Көркемсөз</b> Кешкі ас келді, Балалар үстелге жайғасты. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың киіну, аяккіімді дұрыс кие білу, өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын дамыту. <b>Көркемсөз</b> Нан қиқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар. Теріп алып кастерлеп, Торғайларға тастаңдар. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b> Мақсат-міндеттері. Қолды жуу ережелерін бекіту. Тәрбиешінің тазалық туралы әңгімесі. <b>Көркемсөз</b> Үсті-басым ұқыпты, Таза жүрем әрдайым. Жолатпаймын кірді мен, Тазалықты таңдаймын! <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b> Мақсат-міндеттері. Әдептілік ережелерін бекіту. Түскі асқа дайындық, дастарқан жаю; қызметшілермен әңгіме; балаларды ас мәзірімен таныстыру, оны жариялау; балалардың назарын үстелдердің эстетикалық әдемілігіне аудару. <b>Көркемсөз</b> Нан – ардақты адал ас Көрі-жас одан аттамас. Ақ дастарқан үстінде, Қол жумай оны ұстамас. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b> Мақсат-міндеттері. Балаларда денсаулығына пайдалы және зиянды нәрсе туралы ойды, дәстүрлі тағамдар туралы түсінікті қалыптастыру. <b>Көркемсөз</b> Ерте тұрып таңнан, Пісірді апам ақ нан. Кетер емес әлі, Таңдайымнан дәмі. Жесем тоймай қаламын, Әжемді еске аламын. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>
---	---	---	---	---	---



<p><b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 16.00-16.15</p>	<p><b>Дидактикалық ойын.</b> "Тергеушілер". Мақсат-міндеттері. Балалардың ойлау, елестету қабілеттерін дамыту. Шарты. Педагог балаларға әртүрлі заттарды көрсетіп жатады. Балалар заттың кімге және не үшін қажет екенін түсіндіреді. Ойынның тағы бір нұсқасында бала өз қалауымен әртүрлі заттар жатқан қораптан бір затты алып, оған сипаттама береді. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b> "Отбасы". Мақсат-міндеттері. Балалардың отбасы мүшелері жөнінде ұғымдарды нығайту; отбасы мүшелерінің әрқайсының рөлі туралы ойларын пысықтау; үлкенге құрмет, жақынына сүйіспеншілік сезімдеріне тәрбиелеу. Құралдар. Отбасы мүшелеріне қажет заттар: көзілдірік, ыдыс-аяқ, алжапқыш, ойыншық саймандар, кітап, газета, сыпырғыш, шелек пен сүлгі, ойыншықтар, ойыншық тұрмыстық техника тағы басқа заттар мен киім үлгілері. Шарты. Балалар отбасы мүшелерінің рөлдерін бөліседі, өздеріне қажет киім және құралдарды алып орындарына барады. Педагог балалармен бірге күн тәртібіндегі қандай оқиғаны ойнау қажет екенін анықтап алады. Педагог диалогтарда әдептілік</p>	<p><b>"Сақина" аз қимылды ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Балаларды зеректікке, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. Құралдар. Баланың алақанына жасуруға ыңғайлы сақина. Шарты. Ойыншылар жарты шеңбер құрып отырады, жүргізуші сақинаны алып, әрбір баланың алақанына сақинаны салғандай қимылдар жасайды. Алақанында сақинасы бар бала, жүргізуші оны шақырған кезде, орнынан жылдам қозғалып, шеңбердің тысына шығып кетуі керек. Ойыншылар сақинасы бар баланы байқаса, оны орнынан жібермей, ұстап алуға тырысады. <b>(дене шынықтыру)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b> "Ыдыс-аяқ" дүкені. Мақсат-міндеттері. "Ыдыс-аяқ" дүкені, ыдыс-аяқты сатушы маманның қызметінің ерекшелігі жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; достық қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу. Құралдар. Сөрелер, ойыншық ыдыс-аяқтар, ыдыстарды орауға қажетті қағаздар, қораптар, себеттер, сөмкелер, ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, қаражат қағаздары. Шарты. Алдымен, педагог ыдыс-аяқты сататын дүкендегі сатушылардың міндеттері жайында балалармен әңгімелеседі.</p>	<p><b>Дамытушы жаттығу.</b> "Қанша және қандай айырмашылықтары бар?" Мақсат-міндеттері. Балалардың қабылдау, зейін, ойлау қабілеттерін дамыту; зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу. Құралдар. Жұпты суреттер (екінші суретте бірінші суретке қарағанда, көзге көрінбейтін бірнеше өзгерістер болады). Шарты. Педагог балаларға бірінші суретті көрсетіп, содан соң оған ұқсас екінші суретті көруді ұсынады. Балалар екінші суретте біріншіге қарағанда ненің өзгергенін айтады, айырмашылықтарын табады. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b> "Аспазхана". Мақсат-міндеттері. Балалардың аспазханада жұмыс істейтін мамандар: аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері туралы білімдерін тиянақтау; қоғамдық орындардағы әдептілік, тамақтану әдеби ережелерін меңгерту, оларды ұстануға ынталандыру; сыпайылық негізінде қарым-қатынастарды құруға, еңбекті қадірлеуге тәрбиелеу. Құралдар. Аспазхана жиһаздары (үстелдер мен орындықтар), аспазхана қызметкерлерінің (аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері) киім үлгілері мен құралдары. Шарты. Алдымен, педагог аспазхананың адамдар (тұтынушылар) үшін әртүрлі тағамдарды дайындау</p>	<p><b>Дидактикалық ойын.</b> "Аталған дыбыстың сөз құрамындағы орнын тап". Мақсат-міндеттері. Балалардың фонематикалық есту қабілеттерін, зейін, ойлау, елестету қабілеттерін арттыру; кез келген сөздің дыбыстық құрамы кестесіне қарап, аталған дыбыстың орнын табуға жаттықтыру; сөздік қорды байыту. Құралдар. Заттардың көрнекілік суреттері және олардың сөздеріне құрылған дыбыстық құрамының кестелері. Ойынның екінші күрделенген нұсқасы. Белгісіз сөздердің дыбыстық құрамдарының кестелері ұсынылады. Балалар кез келген кестеге қарап, сөздерді құрамына салып, педагог атаған дыбыстың орнын табады. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекет)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b> "Жанармай бекеті". Мақсат-міндеттері. Балалардың жанармай бекеті жайындағы ұғымдарын нақтылылау; жанармай құюшы, есепші, дүкенде құрал-жабдық сатушы жөнінде білімдерін кеңейту, тиянақтау; сыпайылыққа, жауапкершілікке, төзімділікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Жанармай бекеті жазуы; жанармай құятын орын, автомобиль бағанасы мен шланг; рульдер, машиналардың жанармай бақтарының жасанды модельдері; автомобильдерге арналған дөңгелектер.</p>	<p><b>Дидактикалық ойын.</b> "Суреттің тізбектегі орнын тап". Мақсат-міндеттері. Балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; зияткерлікке, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Ө. Тұрманжановтың "Қайдан келдің бауырсақ?" өлеңінің сюжетін сахналау.</b> Мақсат-міндеттері. Нан өнімі туралы балалардың білімдерін нақтылау, пысықтау; мәнерлеп сөйлеу, жеке тұлғасының қабілеттерін дамыту; шығармашылыққа, достыққа, нанды құрметтеу сезіміне тәрбиелеу. Педагог екі баламен бірігіп Өтебай Тұрманжановтың "Қайдан келдің бауырсақ?" өлеңінің мазмұнын сахналауға дайындалады, балалардың назарына ұсынады. «Қайдан келдің, бауырсақ?» Дастарқанда шашылып, Жатты аппақ бауырсақ. Бауырсаққа қызығып, Қарап тұрды көзін сап: Қайдан келдің, бауырсақ? - деп сұрады қуыршақ. Дүкеннен келдім нан сатқан,- деді оған бауырсақ Дүкенге келдің қай жақтан? Наубайдан келдім нан жапқан. Наубайға келдің қай жақтан? Диірменнен келдім ұн тартқан. Диірменге келдің қай жақтан? Даладан келдім кең жатқан. Жер-анам менің көсілген, Дикандар мені өсірген. Сахналаудың соңында педагог балалардан нанның қайдан келетінін тағы да сұрай алады. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-</b></p>
---	--	---	--	--	---

<p><b>Балалармен жеке жұмыс</b> <b>16.15-16.30</b></p>	<p>Күз мезгілінде табиғат құбылысында болатын ерекшеліктері туралы әңгімелесу. Бала тілін жаттықтыру. Өртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу.</p> <p>Төленді Нұрмұхамедов "Жауын".</p> <p>Қызыл отты қамшысы Көкке жарқыл шашады, Еркебұлан тамшысы Домаланып қашады.</p> <p>Жаңбыр жауып өтеді: Қуанады сарғалдақ. Дала жайнап кетеді, Бір шомылып алғанда-ақ! <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p>Тәулік бөліктері туралы әңгімелесу. Сұрақтар қою.</p> <p>Балалардың сұрақтарға толық жауап берулерін талап ету. Бала тілін жаттықтыру. Өртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу.</p> <p>Қастек Баянбаев "Таңертең".</p> <p>Ерте тұрғым келмейді, Бірақ тағы тұрамын. Көзім түк те көрмейді, Естімейді құлағым. Суды ағызып ақырын, Жуған болам бетімді. Кешегі көп ақылым Кеміп қалған секілді. Бала баққа бүгін де Барғым келе қоймайды. Жақсы көрем үйімде Кейде жеке болғанды. Бірақ үйден шығамын Қол ұстасып көкеммен. Ашылып көз-құлағым, Бала баққа жетем мен. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)</b></p>	<p><b>"Ұннан не жасалады?" дидактикалық ойыны.</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Танымдық қызығушылықты, ойлауды, көрнекі зейінді дамыту.</p> <p>Барысы. Балалар ұннан жасалатын тағамдарды ғана атайды.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Мамандықты ата" дидактикалық ойыны.</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Бидайды өсіру және одан нан өндірумен айналысатын мамандық түрлері туралы түсініктерін кеңейту, сөздік қорын кеңейту.</p> <p>Барысы. Педагог сөйлемді бастайды, балалар аяқтайды (мысалы: комбайнмен жұмыс істейді, ... комбайнер және тағы басқа.)</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Нан өнімдерін кім көбірек атайды?" дидактикалық ойыны.</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Танымдық қызығушылықты, еске сақтау қабілетін дамыту, сөздік қорын байыту.</p> <p>Барысы. Шеңберде тұрған балалар әртүрлі нан өнімдерін атайды; осындай заттардың көпшілігін атаған жеңімпаз болады.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>
<p><b>Серуенге дайындық</b> <b>16.30-16.50</b></p>	<p>Мақсат-міндеттері:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- киімді дұрыс бүктеп жинауды, орнына ілуді, аяккіімді түзу қоюды әдетке айналдыру;</li> <li>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуге дағдыландыру;</li> <li>- шкапка ілінген, қойылған бас киім, сырт киім, аяккіім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу;</li> <li>- ауа райына сай киінуді, киімді, аяккіімді таза ұстауға баулу;</li> <li>- басқаларға көмек көрсетуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.</li> </ul> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>				
<p><b>Серуен</b> <b>16.50-18.00</b></p>	<p>Түскі серуенде табиғатты бақылауды жалғастыру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>				
<p><b>Серуеннен оралу</b></p>	<p>Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, колдарын жуу. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>				
<p><b>Кешкі ас</b></p>	<p>Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b></p>				

<p><b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)</b></p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық. <b>(музыка)</b></p> <p>Өнер бұрышында нан тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. <b>(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)</b></p> <p>Логикалық, танымдық ойындар, басқатырғыш ойындар. <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p>Еркін ойындар.</p> <p><b>Аз қимылды ойын: "Бауырсақ".</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды әртүрлі тапсырмаларды орындау кезінде қимылдарды үйлестіру және кеңістікті бағдарлауға жаттықтыру, ойын арқылы есту зейінін дамыту.</p> <p>Бұл ойынға арналған доп кез келген мөлшерде болуы мүмкін. Ойыншылар өз орындарынан кете алмайды. Қатысушылар шеңбер бойымен бір-бірінен алыстау тұрады. Шеңбердің ортасында жүргізуші тұр. Ойыншылар допты аяқтарымен бір-біріне итереді, жүргізуші оны ұстап алуға тырысады. Олар допты айналдыра алады, ұрады, алдамшы қимылдар жасай алады. Допты жай алып кете алмайды. Жүргізуші қалағанының бәрін істей алады; допты аяқпен, қолмен ұстау, шеңберден шығару.</p> <p>Жүргізуші допты ұстап үлгерсе, доп тиген ойыншының орнын алады. <b>(дене шынықтыру)</b></p> <p><b>"Бауырсақ" театрландырылған ойын (саусақ театры).</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Ұжымда эмоционалды жағымды ахуал қалыптастыру, өзіңіздің және басқа балалардың іс-әрекеттерін қадағалай білу қабілетін дамыту.</p> <p>Атрибуттар: ертегі кейіпкерлері (қоян, қасқыр, аю, түлкі, атасы, әжесі, тоқаш) және үй мен орманның әшекейлері.</p> <p>Алдын ала жүргізілетін жұмыс: ертегілерді бейнежазбадан қарау, иллюстрацияларды қарау, ертегі кейіпкерлерінің сөздерін оқыту.</p> <p>Ойын ережесі: 7 бала ойнайды, педагог ойынға жетекшілік етеді. Тәрбиеші рөлдерді бөлуге көмектеседі және кейіпкерлердің орындау ретін анықтайды</p> <p>Ойын әрекеттері: ойын үйден басталады. Әже тоқаш пісірді. Ол орманға қарай домалап кетті. Онда ол қоянды, қасқырды, аюды кездестіріп, бәрінен аулақ кетті. Бір түлкі айласын асырып, бауырсақты жеп қойды.</p> <p>Нәтижесі. Тәрбиешінің көмегімен ертегіні сахналау.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)</b></p>				
<p><b>Балалардың үйге қайтуы</b> (ата-аналарға кеңес)18.00-18.30</p>	<p>Кеңес. "Баланың бос уақытын тиімді пайдалану".</p>	<p>Ата-аналарға тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайы туралы ақпарат беру.</p>	<p>"Отбасымен серуенге шығу" тақырыбында көрме ұйымдастыру.</p>	<p>Ата-аналарға арналған жеке әңгімелер. Көзге арналған түзету гимнастикасы.</p>	<p>Ата-аналарға арналған ұсыныс. "Балаңыз сырқаттанып қалса ..."</p>

## ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) \_\_\_\_\_

Топ: мектепалды

Балалардың жасы: 5 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 23.10 - 27.10.2023ж.

Педагогтың аты-жөні \_\_\_\_\_

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
	23.10	24.10	25.10	26.10	27.10
<b>Балаларды қабылдау 08.00-08.15</b>	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>				
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 08.15-08.30</b>	Баланы ауа райына байланысты киіндіру керектігін ата-аналарға ескерту.				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер 08.30-08.55</b>	Еңбек: алаңды тазалау ұжымдық жұмысы. Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеуді, ұжымдық еңбектің құндылығын көрсетуді үйрету. "Көп еңбегі көңілді" екенін түсіндіру. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b>	Еңбек: жолды, ауланы сыпыру. Мақсат-міндеттері. Тапсырмаларды орындауға ұмтылысты тәрбиелеу, оң нәтижеге қол жеткізуге бейімдеу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b>	<b>25 қазан - Республика күні</b>	Еңбек: ағаштарды суару. Мақсат-міндеттері. Ағаштардың өсуіне қажетті жағдайлар туралы білімдерін бекіту, ағаштың айналасындағы саңылаудың себебін түсінуге, еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b>	Еңбек: құрғақ шөпті, бұталардың жанындағы коқыстарды тазалау. Мақсат-міндеттері. Шөп, арамшөптер мен сәндік гүлдерді ажыратуды, еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b>

	<p><b>ҚР. Гимнін орындайды.</b> Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. <b>(музыка)</b></p> <p><b>"Құстардың ұшуы" қимыл-қозғалыс ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту. <b>(дене шынықтыру)</b></p> <p><b>Үстел үсті ойыны."Лото".</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың зейін, логикалық ойлау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Құралдары: балалардың қалаулары бойынша заттарды, ұғымдарды, құбылыстарды, жан-жануарларды, адамның әрекетін топтастыруға арналған түрлі тақырыптағы лотолар. <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Еркін ойын. "Аққу-қаздар".</b> Мақсат-міндеттері. Ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту. Ойын шарты. Ойынға қатысушы балалардың біреуі - қасқыр, екіншісі - құс бағушы болады. Қалған балалардың бәрі «Аққу-қаздың» рөлін ойнайды. Балалар үлкен алаңға шығады. Алаңның оң жағында құс бағушы бала мен аққу-қаздар болып ойыншылар тұратын жер сызықпен белгіленеді. Сол жақта қасқыр жасырынады. Ойын басталғанда құс бағушы аққу-қаздарды далаға шығарып жібереді. Аққу-қаздар сызықтан асып, алаңның ортасында шашылып жүреді. Қасқыр қимылсыз отырады. Біраз уақыттан кейін құс бағушы</p>	<p><b>"Қараторғай ұялары" қимыл-қозғалыс ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Балаларды епті, мұқият болуға тәрбиелеу. Алаңда дөңгелек шеңберлер сызылады: ойнаушылардың санынан кем болады. Бұл торғайлардың ұялары. Барлық балалар қараторғай болады. Олар алаңда емін-еркін жүгіріп, ұшып жүреді. «Үйге қайтыңдар» белгісі бойынша барлығы ұяларға жүгіреді. Балалардың біреуі ұясыз қалады. Ойын бірнеше рет қайталанады. Тәрбиеші ойынның аяқ кезінде (балалар әлі жүгіріп жүрген кезде) тағы бір дөңгелек сызып қояды. Балалар қайтып оралғанда бәрінің де ұясы бар болып шығады. <b>Көркемсөз</b> Тоқылдақтар тоқылдап Ешбір тыным көрмейді Ағашты қанша тессе де, Жұмысы бір өнбейді. <b>(дене шынықтыру)</b></p> <p><b>Еркін ойын. "Қателеспе".</b> Мақсат-міндеттері. Жылдамдықты дамыту; ойнау дағдыларын бекіту. Ойынның барысы. Тәрбиеші күннің немесе тәуліктің әртүрлі әрекеттерін атайды. Балалар бір сөзбен жауап беруі керек: «Таңғы ас ішеміз», "Жуынамыз" және тағы басқа. <b>(дене шынықтыру)</b></p>		<p><b>"Бір, екі, үш! Ағашқа жүгір" қимыл-қозғалыс ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Ағаштарды діңінен, жапырақтарынан тану. <b>(дене шынықтыру)</b></p> <p><b>Еркін ойын. "Керісінше айт!"</b> Ойын барысы. Балалар шеңберге құрады. Тәрбиеші ортада тұрып, допты лақтырады. "Көлшік – кішкентай, ал өзен- ... (ұзын). Үй-аласа, құбыр (кран) – ұзын, шыбық-жіңішке, ағаш-жуан, үстел-үлкен, ал орындық - кішкентай". <b>Көркемсөз</b> Қызыл, жасыл гүл ектік, Баптап күтіп түрленттік. Қалмасын деп қуарып, Апта сайын сұғардық. Гүлдендіріп бөлмені, Бөлмеде гүл қаулады. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p> <p><b>"Соқыр теке" қазақ ұлттық қимыл-қозғалыс ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын ережелерін сақтап, әділ ойнауға баулу; кеңістікті бағдарлау, қимылдарды, тепе-тендікті сақтауды, үйлестіре білуді, бір-біріне кедергі жасамауға дағдыландыру; түйсік, зейін қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойыншылар шеңбер құрып тұрады. "Соқыр текені" санамақ арқылы тағайындайды. Содан кейін "текені" ортаға шығарып, көзін байлап, бір орында айналуы сұрайды. Балалар осы кезде: "Бір, екі, үші! Соқыр теке, бізді ұста!" - деп "соқыр текені" қолымен түртіп қойып, одан айнала қашып жүреді.</p>	<p><b>"Ұя басқан тауық пен балапандар" қимыл-қозғалыс ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Балаларды епті, мұқият болуға тәрбиелеу. Балалар балапандарды, ал тәрбиеші ұя басқан тауықтың рөлін ойнайды. Бөлменің немесе алаңның бір жағында қоршалған орын үй болады (жалаушалар тізбектеле жіп 40-50 см биіктіктегі ағаштардың немесе бағандарының арасымен тартылады). Үйде балапандарымен ұя басқан тауық отырады жем іздеп кетеді. Біраз уақыттан кейін ол: «Ко-ко-ко-ко» деп балапандарын шақырады. Бұл сигналда естіген балапандар жіптің астынан өтіп, тауыққа келеді. <b>(дене шынықтыру)</b></p> <p><b>Еркін ойын. "Қай бағытқа жүрсең, сонда іздегеніңді табасың".</b> Мақсат-міндеттері. Кеңістікті бағдарлауға машықтандыру. Педагог балалар білетін ойыншықтарды әр жерге тығып тастайды. Тәрбиеші айтады: Егер... Оңға бұрылсаң – қуыршақты табасың; солға бұрылсаң – қоян ойыншығын табасың; алға жүрсең – тышқан ойыншығын табасың. Қай бағытқа бұрылғың келеді? Қайда барасың? Бала өз қалауынша бағытын тандайды және нені іздейтінін айтады. Ойыншықты тапқан соң, қай бағытқа барғанын және қай жерден тапқанын әңгімелейді. <b>Көркемсөз</b> Келіп көктем құстары, Бау-бақшада ән салды. Оларды жас достары, Ұя жасап қарсы алды. <b>(танымдық іс-әрекет)</b></p>
--	--	---	--	---	---

<p><b>Таңертеңгі жаттығу</b> <b>08.55-09.00</b></p>	<p>1. "Қанат қағып қарлығаштай" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады. 1 - "Қолымызды созайық". Қолды алдыға созып айқастыру. 2 - "Қанатымызбен серпін алайық". Қолды артына созып айқастыру. 3 - "Биікке қанат қағайық" деп жоғары көтеріп айқастыру. 4 - "Ақырын жерге қонайық" деп алдыға еңкейіп, қолдың білезігін сілкілеу (3 рет).</p> <p>2. "Сағат тіліндей қозғалайық". Бастапқы қалып: аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады. "Қозғалып сағат тіліндей". Төмен қарай еңкею. "Қанат қағайық оң жаққа" сөзімен денені оң жаққа, "Қанат қағайық сол жаққа" сөздерімен сол жаққа, содан кейін "Қанат қағайық тоқтамай" деп денені кезек-кезек үздіксіз қозғау. Әр жаққа 2 реттен қозғап, жаттығуды орындау.</p> <p>3. "Билетейік аяқты" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады. "Билетейік аяқты" сөзімен екі аяқты кезек алға қою. Әр жаққа жаттығуды 2 рет орындау. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)</b></p>				
<p><b>Таңғы ас</b> <b>09.00-09.20</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b> Мақсат-міндеттері. Тамақтану кезінде әдепті мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру. Ас құралдарын дұрыс пайдалану (ас қасық, шай қасық, шанышқы); майлықты ұқыпты пайдалану мүмкіндігі; нанды үгітпеу, тамақты асықпай ай шайнау, тамақтану кезінде сөйлеспеу; сыпайы болуды үйрету (ас үшін алғыс айту, тазалық сақтау, ұқыпты болу) <b>Көркемсөз</b> Дәмді ас тұр табақта, Қане, жей ғой, асықпа! Осы жолдардан кейін балалар таңғы асқа кіріседі. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарға дұрыс отыруын бақылайды. Бала үстел басында дұрыс отырмаса, педагог оған дұрыс отыру керектігін ескертеді. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b></p>				
<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b> <b>09.20-09.30</b></p>	<p>Жыл құстары тақырыбында әңгімелесу. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)</b></p>	<p>Құстар туралы қызықты мәлімет беру. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)</b></p>		<p>Құстар туралы тақпақтар жаттау. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p>Құстар туралы мақал-мәтелдер жаттау. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>

<p><b>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b> <b>09.30-10.35</b></p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> "[т] дыбысы және Т т әрпін қайталау". Максат-міндеттері. Тыңдау барысында тілдік бірліктерді (сөйлеу, сөз, сөйлем, мәтін) ажырату, тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну.</p> <p><b>Қазақ тілі</b> "Жыл құстары. Ханс Кристиан Андерсеннің «Ұсқынсыз үйрек» ертегісінің желісі бойынша әңгімелеу. Үй құстары." Максат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы жыл құстары және үй құсы туралы білімдерін кеңейту; «жабайы» және «үй құстары» жайлы түсініктерін дамыту. Г. Х. Андерсеннің «Ұсқынсыз үйрек» ертегісінің мазмұнымен таныстыру; құстардың жылы жаққа кетуі, құстардың дыбыс шығаруының ерекшеліктері туралы білімдерін бекіту; құстардың дыбыстарының ерекшеліктерін көрсететін сөздерді айту, етістіктерді алмастыру дағдыларын, сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту; мұқият болуға, мейірімділік пен жанашырлыққа, батылдыққа, отанына сүйіспеншілікке тәрбиелеу.</p> <p><b>Дене шынықтыру .</b> "Добым, добым, домалақ" Максат-міндеттері. Балаларға шашырап жүруді; кедергілерден өтіп жүгіруді; доғаның астымен еңбектеуді (биіктігі 50 см) үйрету.</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b> "Жыл құстарының ұшу бағыттары". Максат-міндеттері. Балалардың ұшатын және қыстайтын құстар</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> "[т] дыбысы және Т т әрпін қайталау". Максат-міндеттері. Тыңдау барысында тілдік бірліктерді (сөйлеу, сөз, сөйлем, мәтін) ажырату, тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну.</p> <p><b>Математика негіздері</b> "Құстар жылы жаққа ұшуға дайындалуда" пысықтау Максат-міндеттері. Балалардың "бес" саны мен цифр туралы түсініктерін кеңейту, беске дейін жылдам санау дағысын қалыптастыруды пысықтау.</p> <p><b>Музыка</b> "Күзгі вальс". Максат-міндеттері. Балалардың халық әнін тыңдауға ықыласын арттыру; әннің сыр-сипатын түсініп, эмоцияларымен көрсете білуге дағдыландыру; әуеннің ауыспалы сипатын беруге және табиғат құбылысын музыкамен байланыстыруды үйрету.</p> <p><b>Сөйлеуді дамыту</b> «Сауысқан мен көкек» ертегісі. Максат-міндеттері. Жыл құстары туралы білімдерін кеңейтіп, жылы жаққа ұшып кететін құстардың түрлері, олардың ерекшеліктері туралы мәлімет беру, "Сауысқан және көкек" ертегісін оқу және талқылау.</p>		<p><b>Математика негіздері</b> "Қысқа қашаннан бастап дайындалу керек?" Максат-міндеттері. Балаларға бес күн аралығындағы уақытты бағдарлауды үйрету, "бүрсігүні", "алдыңғы күні" ұғымдарын қалыптастыру; уақыттың үнемі бір жылдамдықпен жүретіні, адамның оны көп не аз істерімен толтыра алатыны туралы түсіндіру.</p> <p><b>Сөйлеуді дамыту</b> «Сауысқан мен көкек» ертегісі" (пысықтау). Максат-міндеттері. Жыл құстары туралы білімдерін кеңейту, жылы жаққа ұшып кететін құстардың түрлері, олардың ерекшеліктері туралы мәлімет беру, "Сауысқан мен көкек" ертегісін оқу және талқылау (пысықтау).</p> <p><b>Музыка</b> "Күзгі вальс". Максат-міндеттері. Балалардың халық әнін тыңдауға ықыласын арттыру; әннің сыр-сипатын түсініп, эмоцияларымен көрсете білуге дағдыландыру; әуеннің ауыспалы сипатын беруге және табиғат құбылысын музыкамен байланыстыруды үйрету.</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b> "Жыл құстары". Максат-міндеттері. Балаларға құстар туралы білім беру, құстардың адам өміріндегі пайдасы туралы түсініктерін кеңейту.</p> <p><b>Сауат ашу негіздері</b> "[у] дыбысы және У у әрпі". Максат-міндеттері: [у] дыбысы және У әрпімен таныстыру,</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> "[у] дыбысы және У у әрпін қайталау". Максат-міндеттер: [у] дыбысына берілген сөздерді оқуға дағдыландыру. [у] дыбысының бірде дауысты, бірде дауыссыз болатынын түсіндіру.</p> <p><b>Сурет салу</b> "Қаздар жылы жаққа ұшып барады". Максат-міндеттері. Балаларды тірек сызық бойына толық бейнені салу техникасымен таныстыру; қағаздың толық бетіне жылы жаққа ұшып бара жатқан қаздар үйірімін салуды үйрету.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> "Бір қатарға қойылған таяқтардың арасымен жүгіру". Максат-міндеттері. Балаларға 50 см биіктікке бір қатарға қойылған таяқтардың арасымен жүгіруді үйрету.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b> «Орман дәрігері» ертегісі. Максат-міндеттері. Ертегіні оқып беру, ертегі кейіпкерлерінің жағымды не жағымсыз қасиеттерін түсінуді үйрету.</p> <p><b>Музыка</b> "Көкектің әні". Максат-міндеттері. Балалардың көкек туралы әуенді қабылдау қабілетін арттыру; күй тыңдағанда дыбысты есту қабілетін жетілдіру.</p>
--	--	--	--	---	---

2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркемсөзді қайталау)
Серуенге дайындық 10.35-10.50	<p>Мақсат-міндеттері:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқкиімді түзу қоюға машыктандыру;</li> <li>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;</li> <li>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқкиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;</li> <li>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқкиімді таза ұстауға баулу;</li> <li>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.</li> </ul> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>



<p><b>Серуен</b> <b>10.50-12.30</b></p>	<p><b>Құстарды бақылау (жалғасы) (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттері. Біздің ауданда кездесетін құстар туралы түсініктерін кеңейту; құстарды сыртқы түрінен тану қабілетін, құстарды бақылауға қызығушылықтырын дамыту. Өңгімелесу: жазда құстар көп болатынына назар аударыңыз, олар әртүрлі дауыста ән айтады, балапандар туралы алаңдайды. Жаздың басында құстардың сайрағанын естисіз, бірақ оларды көру қиын: олар ұяларында отырады немесе жасыл жапырақтарда қалықтайды. Олардың кішкентай балапандары бар, оларды тамақтандыру және жылыту қажет. Құстардың қандай пайда әкелетінін айту, жұлдызқұрттардың не істеп жатқанын қадағалау, балалардың назарын қарлығаштар мен шымшықтың қаншалықты жылдам ұшатынына, жәндіктерді қалай аулайтынына назар аудару маңызды. Қарлығаштардың ұясын көрсету, балапандарына қорек әкеліп беретінін бақылау.</p> <p><b>Көркемсөз</b> Жыл құстары келді деп, Балдырғандар мәз болды. Қос қанатты желпілдеп, Көлге үйрек-қаз қонды.</p> <p><b>Дидактикалық ойын (А) және жаттығу (Б)</b> <b>А.</b> «Сипаттама бойынша тап» - тәрбиеші құстарды сипаттайды, балалар болжайды. Мақсат-міндеттері. Сипаттамалық әңгіме, зейін, үйлесімді сөйлем құрастыру, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын таба білу</p>	<p><b>Құстарды бақылау (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b> <b>Зерттеу. "Күз мезгілінде қалалық жердегі құстар не жейді?"</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың құстардың сыртқы түр-түсі, тіршілік етуі, мінез-құлық ерекшеліктері және оларды қоршаған ортаға бейімделуі туралы білімдерін кеңейту; құстарға сүйіспеншілікке тәрбиелеу.</p> <p><b>Зерттеу барысы.</b> - Құстар не жегенді ұнатады? - Қоректі қайдан табады? - Құстар туралы не білетімізді еске түсірейік? Тапсырма: құстарды бақылау. Білу керек: күзде құстар не жейді, қаладан қоректі қайдан табады. - Балалар, тапсырма түсінікті ме? - Құстарды бақылау ережесін еске түсірейік. Құстарды бақылау ережесі. Құстар өте үркек. Құстардың қасында тыныштық сақтап, шуламай жүру керек. Құстарға қарай жүгіруге болмайды, олардың демалуына немесе қоректенуіне кедергі жасайсыңдар. Құстарға тас атуға немесе таяқ лақтыруға болмайды. Құстар тірі, олардың да денесі ауырады. Қорытынды: қалада тіршілік ететін құстар әртүрлі қорек жейді; құстар жәндіктерді аулайды. <b>Еңбек:</b> алаңнан малтатастарды жинату. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттері. Еңбектенуге ұмтылысты тәрбиелеу. <b>"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</b></p>		<p><b>Құстарды бақылау. "Орман құстары". (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы құстардың тіршілік ету ортасына бейімделуі туралы, құстардың күзгі тіршілігі туралы білімдерін кеңейту. Құстарға сүйіспеншілік пен қамқорлыққа тәрбиелеу. Өңгімелесу. - Айналага мұқият қараңдар, балалар, қандай құстарды көресіңдер? (балалардың жауаптары) - Ал, құстар қай жерде көбірек өмір сүреді? Қалада ма, орманда ма? - Орман құстарының қандай түрін білесіңдер? - Жаз мезгілінде құстарды мазалайтын мәселе неде? - Барлық құстар жазда маңызды істермен айналысады. Олар балапандарын қоректендіреді. Таңертеңнен кешке дейін ересек құстар мен жәндіктерді аулайды, балапандарын қоректендіреді. Әр жұп құстың бір балапаны емес, бірнеше балапаны бар, оларды қоректендіру керек. Балапандар көп қорек жейді және жылдам өседі. Тіпті бір ай өткен жоқ, бірақ балапандар өсіп кетті. Енді құстар балапандарды ұшуға, өздеріне қорек табуды, жауларынан жасырынуды үйретеді. Егер балапандар мұны білмесе, онда олар қыстан шыға алмайды. - Құстардың қандай пайдасы бар? - Орман дәрігерін кім біледі? - Орманға барғанда өзімізді қалай ұстаймыз? - Орманда шуламаңдар!</p>	<p><b>Саябақтағы құстарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттері. Құстарды адамның достары ретінде қабылдай білу дағдыларына машықтану. Аулаларында немесе жақын маңдағы саябақта құстарды бақылауды ұсыну. Құстар адамдарды көргенде жасырынып қалатыны немесе ұшып кететінін бақылау. Құстардың адамның мекеніне жақын жерге қоныстанатынына көңіл аудару. Құстардың жылдың әр мезгілінде тіршілік етуінің ерекшеліктерін салыстыру және зерттеу. Құстардың қауырсындарын қарастыру. Өңгімелесу: - Өздеріңе жақын жерде тұратын құстар туралы не білесіңдер? Олар немен және қалай қоректенеді? Қайда ұшады, қайда ұя салғанды ұнатады? <b>Еңбек:</b> алаңға, жолдарға су шашу. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттері. Шланг пен суқұйғышты мұқият пайдалануды үйрету. <b>"Бұғы аулаушылар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттері. Балаларды ойынның шарты бойынша әртүрлі бағытта жалтарып, қимылдарды үйлестіріп, бір-біріне соқтықпай жүгіруге дағдыландыру; дене бұлшық еттерін нығайту, ептілікті, жылдамдықты дамыту. Балалар "бұғыларды" сомдайды, "бұғы аулаушылар" рөліне санамақ арқылы бір-екі бала тағайындалады. Белгі бойынша "бұғылар" алаңның бір жағынан екінші жаққа жүгіреді, ортанғы екі шетте тұрған "бұғы аулаушылар" қолмен тұртіп, ұстап жатады. Ойынның соңында балалар "бұғы аулаушылар" ұстаған "бұғыларды" санайды, жеңімпазды анықтайды. Ойын бірнеше рет қайталануы мүмкін. <b>Аз қимылды ойын. "Суық-ыстық". (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттері. Есту қасиеттерін, физикалық қасиеттерін дамыту. Жүргізуші затты жасыратын кезде оған қарауға болмайды. Жүргізуші залдан кетеді, балалар затты</p>
---	---	---	--	---	---

<p><b>Серуеннен оралу 12.30-.12.50</b></p>	<p>Серуеннен оралу кезіндегі ескертулер:  - учаскеден шығар алдында аяқкіім мен үсті-басын қағу;  - балабақшаға кірер алдында аяқкіімнің табанын тазалау;  - ғимаратқа тыныш кіру, есікті тарсылдатпау;  - серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою;  Балалардың киімдерін ретпен шешу, шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыру дағдыларын жетілдіру.  Жеңді тұру, қолды сабындау, суды шашыратпау, тазарғанша жуу дағдысын дамыту.  Айнаға қарану, үсті-басын ретке келтіру, шашын тарау, ас ішуге дайындалуға тәрбиелеу.  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>
<p><b>Түскі ас 12.50-13.10</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b>  Балаларды өз бетінше киінуге, аяқкіімді киюді үйрету, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын дамыту; шкафтан киім алу және оны шешкеннен кейін орнына қою, бәрін ұқыпты бүктеу қабілеттерін қалыптастыру.  <b>Көркемсөз</b>  Дос бол сабын, сумен сен,  Жиі-жиі жуын сен.  Таңертең де, кешке де,  Жуын күндіз де, түсте де.  Су - тіршілік негізі,  Онсыз өмір сүрмейсің.  Гигиена егізі,  Су деп және білгейсің.  Су - табиғат байлығы,  Өзен-көлге барғайсың.  Кемі екі рет әр күні,  Суға түсіп алғайсың.  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)</b></p>
<p><b>Күндізгі ұйқы 13.10-15.30</b></p>	<p>Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.</p>
<p><b>Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 15.30-.15.40</b></p>	<p>"Мысықтың ызалануы" жаттығуы (тіземен тұру, белді бүкірейту, басты төмен түсіру).  Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.  Алған білімдерін бекіту, мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау.  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>
<p><b>Бесін ас 15.40-16.00</b></p>	<p>Тамақты бастар алдында  Қолыңды, бала, жуып жүр!  Ас ішуді алғыспен  Аяқтау туралы біліп жүр.  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>

<p><b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 16.00-16.15</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> "Добым, добым, домалақ" (пысықтау). Мақсат-міндеттері. Балалардың шашырап жүру; кедергілерден өтіп жүгіру; доғаның астымен еңбектеу дағдыларын (биіктігі 50 см) үйретуді пысықтау.</p> <p><b>Вариативті компонент - Жас зерттеуші</b> "Желдің күші" Мақсат-міндеттер: балалардың жел туралы түсініктерін қалыптастыру; желмен тәжірибелік жұмыс жасауға үйрету.</p> <p><b>Дамытушы ойын.</b> <b>"Құстардың көлеңкесі".</b> Мақсат-міндеттері. Балаларға әр құстың көлеңкесін тауып, орнына орналастыруды үйрету. Тілдерін дамыту. Құстардың атауын атауды, сөзбен сипаттауды үйрету. <b>(танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Бояу беттеріндегі суреттерді бояу.</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың қуанышты эмоцияларын ояту. <b>(шығармашылық іс-әрекеті)</b></p> <p><b>"Құстар мен мысық" қимыл-қозғалыс ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Ойынның барысы. Балалар құстар болып ұшып жүреді. Бір бала мысық болады. Мысық ұйықтап жатады. Құстар мысықтың қасына келеді. Мысық ұйқысынан оянады, құстарды қуады.</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b> «Орман дәрігері» ертегісі. Мақсат-міндеттері. Ертегіні оқып беру, ертегі кейіпкерлерінің жағымды-жағымсыз қасиеттерін көре білуге баулу. Ертегіні тыңдауды үйрету.</p> <p><b>Қазақ тілі</b> "Дауыссыз дыбыстар. Қатаң және ұяң дауыссыз дыбыстар. Жұп құруға қабілетті дауыссыз дыбыстар." Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы сөз туралы түсініктерін қалыптастыру; сөздердің "ұзынды-қысқалығын" қолмен өлшеп айыра білуді үйрету; дауыссыз дыбыстардың түрлерімен танысу, сөзге дыбыстық талдау жасауды үйрету. Жұп құруға қабілетті дауыссыз дыбыстармен таныстыру. Фонематикалық естуді дамыту, паракша мен дәптерде жұмыс істеу барысында ұқыптылыққа үйрету. Балаларды мейірімділікке тәрбиелеу.</p> <p><b>Дидактикалық ойын.</b> «Ғажайып нүктелер». Мақсат-міндеттері. «Ғажайып нүктелер» арқылы қарлығаштың суретін салады. Нүктелерді қосып, қарлығаштың суретін шығарады. <b>(шығармашылық іс-әрекет)</b></p> <p><b>"Бұл қандай құс?" дидактикалық ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Балаларға құстарға тән белгілерді сөзбен сипаттауды және оларды сипаттамасынан тануды үйрету. Балаларға ақылды болуды үйрету. Зейін, есте сақтау, сөйлеу және логикалық ойлауды</p>		<p><b>"Ұшты-ұшты" дидактикалық ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Есту зейінін дамыту. Балаларды ұшатын және ұшпайтын заттарды тануды үйрету. Зейін, еске сақтау, сөйлеу және логикалық ойлауды дамыту. Құстарды құрметтеуге тәрбиелеу. Ойын барысы. Ойынды үй ішінде де, сыртта да ойнауға болады. Ойынға қатысушыларға бастаушының сөзін қалт жібермей бағып отыру шарт. Ұшатын құс немесе зат айтылса, қолдарын жоғары көтереді, ұшпайтын зат айтылғанда тырп етпей отырады. Қателескен бала айып өтеу үшін тақпақ айтады немесе ән салады. Екі рет жаңылса, айып шарты ұлғая түседі. Бастаушы ойынды былай жүргізеді. Ұшты-ұшты, сұңқар ұшты! (қол көтереді) Ұшты-ұшты, қарға ұшты! (қол көтереді) Ұшты-ұшты, арба ұшты! (қол көтермейді) <b>(дене шынықтыру)</b></p> <p><b>Еркін ойын. "Торғайлар мен мысық"</b> Мақсат-міндеттері. Балаларға ойынның шартын бұзбай ойнауды, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейін, байқағыштық, жүгіру дағдыларын дамыту. Ойын барысы. Жерді шеңбермен белгілеу керек /диаметрі 5-6 м/. Ортада тәрбиешімен тағайындалған бала жүреді. Ол мысық болады. Қалған балалар шеңбердің сыртында торғайлар болып жүреді. Мысық ұйықтап қалады. Торғайлар шеңбердің ішіне дән</p>	<p><b>"Сөйлемді аяқта" дидактикалық ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Құбылыстар арасындағы себеп-салдар байланысын түсінуді үйрету; сөздерді дұрыс таңдауға арналған жаттығу жасау. Мақсат-міндеттері. Балаларға сөйлем құрауды үйрету. Зейін, еске сақтау, байланыстыра сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту. Дидактикалық ойынға қызығушылықты тәрбиелеу. Ойын барысы. Тәрбиеші сөйлемді бастайды: «Мен жылы тон кидім, өйткені...», «Балалар бастарына қалпақ киді, өйткені...», «Далада жаңбыр жауып тұр, өйткені...». <b>"Құстардың ұшып келуі" қимыл-қозғалыс ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың денсаулыққа, ойынға құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл күйлерін көтеру. Балаларды саламатты өмір салтына тәрбиелеу. Ойынның барысы. Балалар (құстар) қанаттарын жайып, алаңның барлық жеріне ұшады. "Боран" деген белгі бойынша құстар ағаштарға тығылады. Тәрбиеші "Боран тынышталды" деген кезде ағаштардан жерге түседі, ұша бастайды. <b>(танымдық іс-әрекет, дене шынықтыру, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>
---	---	--	--	--	---

<p><b>Балалармен жеке жұмыс</b> <b>16.15-16.30</b></p>	<p><b>Жаңылтпаштар айтқызу.</b> Атам бақ аралады, Ағам тал аралады. Асан көл жағалады, Асыл ат тағалады.</p> <p>Шырағым шұбат іш, Шұбатты сұрап іш. Шұбатты ішпесең, Бітпейді бұла күш. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Бала тілін дамыту.</b> "Сауысқан" (ел аузынан). Ала қанат сауысқан, Жауыр атқа жабысқан. Ойда жауыр көрінсе, Ойбайлатқан сауысқан. Қырда жауыр көрінсе, Қикаңдатқан сауысқан. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>		<p><b>"Гүл дүкені" дидактикалық ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Түстерді ажырата білу, атауын жылдам атау, басқалардың арасынан қажетті гүлді табу қабілеттерін бекіту; балаларға өсімдіктерді түсі бойынша топтастыруды, әдемі гүл шоқтарын жасауды үйрету. Барысы. Үстелде әртүрлі пішіндегі түрлі түсті жапырақшалар тұрады. Балалар өздеріне ұнаған жапырақшаларын таңдап, олардың түсін атайды және таңдалған жапырақшаларға түсі, пішініне сәйкес келетін гүлді табады. <b>(танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Не, қайда өседі?" дидактикалық ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Балаларға табиғатта болып жатқан құбылыстарды түсінуді үйрету; жер бетіндегі барлық тіршілік иелерінің өсімдік жамылғысының күйіне тәуелділігін көрсету. Барысы. Педагог әртүрлі өсімдіктер мен бұталардың атауларын атайды, балалар сол жерде өсетіндерін ғана таңдайды. Егер олар өссе, балалар қол шапалақтайды немесе бір жерге секіреді (кез келген қимылды таңдауға болады), егер олай болмаса, балалар үндемейді. Өсімдіктер: шие, алма, пальма, итмұрын, қарақат, өрік, таңқурай, апельсин, лимон, алмұрт, ананас және тағы басқа. <b>(танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>
<p><b>Серуенге дайындық</b> <b>16.30-16.50</b></p>	<p>Мақсат-міндеттері: - киімді дұрыс бүктеп жинауды, орнына ілуді, аяқкиімді түзу қоюды әдетке айналдыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуге дағдыландыру; - шкапка ілінген, қойылған бас киім, сырт киім, аяқкиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінуді, киімді, аяқкиімді таза ұстауға баулу; - басқаларға көмек көрсетуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>				
<p><b>Серуен</b> <b>16.50-18.00</b></p>	<p>Түскі серуенде табиғатты бақылауды жалғастыру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>				
<p><b>Серуеннен оралу</b></p>	<p>Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, колдарын жуу. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>				
<p><b>Кешкі ас</b></p>	<p>Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b></p>				

<p><b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)</b></p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық. <b>(музыка)</b></p> <p>Өнер бұрышында нан тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. <b>(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)</b></p> <p>Логикалық, танымдық ойындар, басқатырғыш ойындар. <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p>Еркін ойындар.</p> <p><b>"Кім алғыр?" дидактикалық ойыны.</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Бөлшектерден бүтін құрау қабілетін дамыту.</p> <p><b>Шығармашылық уақыты. "Қағаздан балапанды бүктеу арқылы құрастыру".</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Балалардың түрлі материалдардан (қағаздан) құрылыс салуға құштарлығын дамыту.</p> <p>Мүсіндеу.</p> <p><b>"Құстарға ұя жасаймыз".</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды жыл құстары туралы білімдерін кеңейту, қыстап қалатын құстарға ұя не үшін керектігі туралы мәлімет беру.</p>				
<p><b>Балалардың үйге қайтуы</b> <b>(ата-аналарға кеңес) 18.00-18.30</b></p>	<p>Ата-аналармен жұмыс. Балаларды үйде және балабақшада сауықтыру, шынықтыру әдістеріне бірыңғай көзқарасты қалыптастыру.</p>	<p>«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».</p>		<p>"Ата-аналар мен балалардың бірлескен демалысының түрлері" әңгімелесу.</p>	<p>Әңгіме жүргізу. «Баланың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру».</p>

## ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) \_\_\_\_\_

Топ: мектепалды

Балалардың жасы: 5 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 30.10 - 03.11.2023ж.

Педагогтың аты-жөні \_\_\_\_\_

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
	30.10	31.10	01.11	02.11	03.11
<b>Балаларды қабылдау 08.00-08.15</b>	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>				
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 08.15-08.30</b>	Күз мезгілінде болатын мерекелер туралы ақпарат беру; ата-аналарды мазалап жүрген сұрақтарға жауап беру.				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер 08.30-08.55</b>	"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау". Мақсат-міндеттері. Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау; өсімдіктердің сыртқы түріне, құрылымына назар аудару, өсімдіктен шаңды кетіру әдісін таңдауды үйрету. <b>(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>	"Бөлме өсімдіктеріне бүріккіш пистолеттен су бүрку". Мақсат-міндеттері. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; балалардың ұғымында жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Оларды суару қажеттілігін өз бетінше анықтауды үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. <b>(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>	"Асхана бойынша кезекшілік". Мақсат-міндеттері. Балаларға кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауды үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою, тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдығының ретсіздігін көру. Ортақ игілік үшін ниеттеніп еңбектенуге тәрбиелеу. <b>(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>	"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп". (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттері. Балаларға жеке киім шкафтарында тәртіп сақтауды үйрету: шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеп жинау. Еңбекке баулу, тәртіпті байқауды, ұжымда бірге еңбек етуді үйрету. <b>(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>	"Кір сүлгілерді ауыстыру". Мақсат-міндеттері. Еңбекке тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрену. Еңбектенуге, ересектерге көмектесуге тәрбиелеу. <b>(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>

	<p><b>ҚР. Гимнін орындайды.</b> Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. <b>(музыка)</b></p> <p><b>Үстел үсті ойыны «Бауда, әлде бақшада?»</b> Мақсат-міндеттері. Балаларға көгөністер мен жемістердің қайда өсетінін атап айтқызу, ажыратуды үйрету. <b>(қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>"Домино" дидактикалық ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту және пысықтау; сәйкес заттың бейнесін дұрыс табуы және атауды, оның атқаратын қызметі жайында сөйлемдер құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру. Ойын шарты. Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады. Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар. <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Саусақ жаттығуы.</b> М. Әлімбаев "Он саусақ". Жалғыз саусақ тіпті де, Ұстай алмас жіпті де. Екі саусақ бірікті Ине қолға ілікті. Үш саусағым орамды Жүгіртеді қаламды ... Өнерлі екен он саусақ! Қала салсақ, жол салсақ ... <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>«Суреттер құрастыру».</b> Мақсат-міндеттері. Балаларға ұсақ суреттерден бір мазмұнды сурет құрастыруды, әңгіме құрастыруды үйрету, тіл байлығын, ой-өрісін дамыту, әртүрлі мазмұнды суреттер құрастыруға балалардың қызығушылығын арттыру. <b>(танымдық іс-әрекеті, қарым-қатынас әрекеті)</b></p>	<p><b>Үстел үсті ойыны.</b> «Төртінші не артық?» Балаларға 4 сурет беріледі, бала олардың ішіндегі артық суреттің атауын атайды. Мысалы: етік, күртеше, малақай, гитара. <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қазақ тілі)</b></p>	<p><b>Еркін ойындар</b> Мақсат-міндеттері. Балаларды ересек адамның көмегімен ойын үшін ыңғайлы орынды таңдау, ойын ортасын ұйымдастыру қабілетін қалыптастыру. <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қазақ тілі)</b></p>
--	---	--	--	--	---

<p><b>Таңертеңгі жаттығу</b> <b>08.55-09.00</b></p>	<p>1. "Қанат қағып қарлығаштай" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады. 1 - "Қолымызды созайық". Қолды алдыға созып айқастыру. 2 - "Қанатымызбен серпін алайық". Қолды артына созып айқастыру. 3 - "Биікке қанат қағайық" деп жоғары көтеріп айқастыру. 4 - "Ақырын жерге қонайық" деп алдыға еңкейіп, қолдың білезігін сілкілеу (3 рет).</p> <p>2. "Сағат тіліндей қозғалайық". Бастапқы қалып: аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады. "Қозғалып сағат тіліндей". Төмен қарай еңкею. "Қанат қағайық оң жаққа" сөзімен денені оң жаққа, "Қанат қағайық сол жаққа" сөздерімен сол жаққа, содан кейін "Қанат қағайық тоқтамай" деп денені кезек-кезек үздіксіз қозғау. Әр жаққа 2 реттен қозғап, жаттығуды орындау.</p> <p>3. "Билетейік аяқты" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады. "Билетейік аяқты" сөзімен екі аяқты кезек алға қою. Әр жаққа жаттығуды 2 рет орындау. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)</b></p>
<p><b>Таңғы ас</b> <b>09.00-09.20</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке жұмыс; этикет ережесі. <b>Көркемсөз</b> Тағы міне, таң атты, Дайын дәмді тағамдар. Үлпілдеген тиінге, Жарып берем жаңғақты. Қою сүтті беремін, Мысық пен күшікке. Түлкіге қою айран, Тышқанға дән саламын. Ақ қоянға тәтті нан, Тосап беремін араға. Таңғы ботқа береміз, Бақшадағы балаға. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)</b></p>



<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b> <b>09.20-09.30</b></p>	<p>Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Қабак түйген не керек, Көңілді боп жүрейік! Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік! <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Бұл қандай құс?" дидактикалық ойыны.</b> Максат-міндеттері. Балаларды құстарға тән белгілер бойынша сипаттауды және оларды сипаттама арқылы тануды үйрету. Барысы. Жүргізуші құстардың әдеттерін бейнелейді және олардың белгілерін сипаттайды, балалар жүргізушінің жасырып отырған құсын табады. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Мысық пен тышқан".</b> Тышқан қашты мысықтан, (еденде саусақтарымен қашуды көрсетеді) Қатты, қатты жүгірді. (жылдам жүгіреді) Орын тапты қуыстан, (екі қолының саусақтарын айқастырады) Зәресін мысық ұшырды. Қарады мысық тесіктен, (жан-жаққа қарайды) Тышқанға "Бері шық," - деді. (қабағын түйеді) Еденді ұрды «Тук-тук» деп, (еденді жұдырығымен тоқылдатады) Тырналады, кетпеді. (еденді тырналайды) Былай-былай тартады. (жұдырықты ашады) Бұза алмады қамалды. Амалы құрып мысықтың, Үйіне қарай қайтады. Қуанып тышқан есікті, (жұдырығына қарап үрлейді) Жәй ғана кеп үрледі. «Алақай, есік ашылды!», - деп, (қушақтарын айқара ашады) Ініне қашып үлгерді. (қайта жүгіреді) <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру)</b></p>	<p><b>«Жұбын тап».</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың ақыл-ойын, тілін дамыту, зейінді болуға тәрбиелеу. Ойын атрибуттары. Жемістер мен көгөністерге байланысты текшелер. Ойынның барысы. Ойынға 3-4 бала қатысуға болады. Балалар суреті бар текшелерді (доминоны) бөліп алады да, ойынды бастайды. Аты аталған бала бірінші болып текшені қояды, қалған балалар қойылған суретке байланысты өздерінде бар текшелерді ретімен қояды. Кімнің қолындағы текше бұрын бітсе, сол жеңеді. <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Үстел ойыны.</b> «Сурет бойынша жинастыр». Максат-міндеттері. Танымдық қабілеттерін дамыту. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>
---	---	---	---	--	---

<p><b>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b> <b>09.30-10.35</b></p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> "[ш] дыбысы және Ш ш әрпі". Мақсат-міндеттері: [ш] дыбысы және Ш ш әрпімен таныстыру.</p> <p><b>Қазақ тілі</b> Үй жануарлары және төлдері. "Жеті лақ" ертегісін әңгімелеу. Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы үй жануарлары туралы білімдерін кеңейту, «Қасқыр мен жеті лақ» ертегісінің мазмұнымен таныстыру; үй жануарларының төлдерінің атауларын бекіту; үй жануарларының дыбыс шығару және қозғалу ерекшеліктерін еске түсіру; үй жануарларының пайдасы туралы түсініктерін дамыту; көрнекі сызбаларды қолданбай ертегінің мазмұны бойынша диалог құрауды, мұқият болуды, қарапайым сөйлемдер құруды үйрету; ертегілердегі жануарлардың мінез-құлқын адамдардың қарапайым қорытынды жасауға дағдыландыру; балаларды үй жануарларына қамқор болуға, ертегілерге сүйіспеншілікке тәрбиелеу.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> "Бірнеше қатарға тізілу". Мақсат-міндеттері. Балаларды көлбеу басқышпен өрмелеуді, гимнастикалық қабырғаға өтуді, сатыдан ұстап қайта түсуді үйрету.</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b> "Сиқырлы магнит елінде" Мақсат-міндеттер. Балалардың қыс мезгілі туралы түсінігін кеңейту, қыс мезгіліне тән белгілерді білу және таба алуға үйрету; қыс мезгілінің сұлулығын тамашалай білуге,</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> "[ш] дыбысы және Ш ш әрпін қайталау". Мақсат-міндеттері: [ш] дыбысы мен әрпін таныту, сөз ішіндегі [ш] дыбысының ерекшелігін меңгерту, [ш] дыбысы арқылы берілген сөздерді оқыту, жаздыру.</p> <p><b>Математика негіздері</b> "Суретші нені бейнеледі?" Мақсат-міндеттері. Балаларда"бүрсігүні", "ертең", "бүгін", "кеше", "алдыңғы күні" сияқты уақыт бөлігі жайлы ұғымдарын қалыптастыру.</p> <p><b>Музыка</b> "Ән салайық". Мақсат-міндеттері. Балалардың халық әнін тыңдауға ықыласын арттыру; әннің сыр-сипатын түсіну және эмоциямен көрсетуге дағдыландыру; әуеннің ауыспалы сипатын беруге және табиғат құбылысын музыкамен байланыстыруды үйрету.</p> <p><b>Сөйлеуді дамыту</b> "Күз көрінісі". Мақсат-міндеттері. Өлеңді оқып беру, өлең мазмұны бойынша сұрақтар қою; зейінін дамыту, арқылы ажыратуды үйрету, сөздік қорларын кеңейту, сөйлеу мәдениетін дамыту.</p>	<p><b>Математика негіздері</b> "Суретші нені бейнеледі?" (пысықтау) Мақсат-міндеттері. Балалардың халық әнін тыңдауға ықыласын арттыру; әннің сыр-сипатын түсінуді, эмоцияларымен көрсете білуге дағдыландыру; әуеннің ауыспалы сипатын беруге және табиғат құбылысын музыкамен байланыстыруды үйретуді пысықтау.</p> <p><b>Қазақ тілі</b> К-Г дыбыстары (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әріптері (атау, жазу негіздері). Мақсат-міндеттері. Балаларға [-к], [-г] дыбыстары және К к, Г г әріптерімен таныстыру; [-к], [-г] әрпін ауада жазып көрсету; [-к], [-г] дыбыстарының нақты артикуляциялық қалпын қалыптастыру, дыбысты есту арқылы ажыратуды үйрету, буындарда, сөздерде дұрыс айтуға дағдыландыру; [-к], [-г] дыбыстарын сөздің кез келген жерінен (сөздің басында, ортасында, аяғында) тауып көрсетуді үйрету; [-к], [-г] дыбыстары кездесетін сөзге мысал келтіріп, сол сөздерді қатыстырып, сөйлем құрастыру арқылы, сөздік қорларын толықтыру. Ойын тиянақты жеткізе білуге баулу, байланыстыра сөйлеуге тәрбиелеу. Төзімділікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу; әдемі, таза жазуға дағдыландыру.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> "Бірнеше қатарда эстафета ойындары". Мақсат-міндеттері. Балаларға заттардың арасымен жүру; биіктіктен секіруді үйрету.</p>	<p><b>Математика негіздері</b> "Көліктер қай жақтарға бағыттайды?" Мақсат-міндеттері. Балалардың "алты" саны туралы ұғымдарын қалыптастыру, оны тану, атай білу іскерлігін жетілдіру; "алты" жиын санын құрайтын екі ең кіші элемент түрлері жайлы түсінігін дамыту; саны алтыға тең заттарды салыстырғанда беттестіру және тұстастыру амалдарын қолдануды жаттықтыру.</p> <p><b>Сөйлеуді дамыту</b> "Күз көрінісі" (пысықтау) Мақсат-міндеттері. Өлеңді оқып беру, өлең мазмұны бойынша сұрақтар қою; зейінін дамыту, сөздік қорларын кеңейту, сөйлеу мәдениетін дамытуды пысықтау.</p> <p><b>Музыка</b> "Ұшағым". Мақсат-міндеттері. Балалардың көңілді әнге ықыласын ояту; әннің сөздік мазмұнын түсіне білуге және музыка әуенімен бірге би қимылдарын үйлесімді орындауды үйрету.</p> <p><b>Қоршаған ортамен танысу</b> "Адамның қысқа дайындығы". Мақсат-міндеттері. Балалардың күз мезгілінде еңбектің жемісін көретіні туралы түсініктерді тиянақтау; "суармалау" ұғымын қалыптастыру; бақшада және егінде өсірілген өнімдердің астығы базарға шығарылып, көпшіліктің қажет өтейтін ойындар арқылы көрсету.</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> "[с] дыбысы және С с әрпі". Мақсат-міндеттері. Өткен дыбыстарды қайтау, еске сақтау қабілетін арттыру. Жаңа [С] дыбысымен таныстыру, сөз, сөйлем құруды үйрету.</p> <p><b>Мүсіндеу</b> "Күзгі саябақ". Мақсат-міндеттері. Балалардың күз туралы білімдерін аша отырып, күзгі бақтың әсемдігін, көріктілігін түсіндіру.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> "Ішпен еңбектеу". Мақсат-міндеттері. Балаларды 50 см биікке қатарлата орналастырылған таяқтардың астынан ішпен еңбектеп өтуді үйрету.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b> «Үш дос» қазақ халық ертегісінің қойылымын (пысықтау). Мақсат-міндеттері. Қазақтың халқының ауыз әдебиетіндегі тұрмыстық ертегілермен таныстыруды жалғастыру. Өзінің қимылын серіктестің қимылымен байланыстыруды үйретуді пысықтау.</p>
--	---	--	--	---	---

2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркемсөзді қайталау)				
Серуенге дайындық 10.35-10.50	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес іс-әрекет)				
Серуен 10.50-12.30	<p><b>Торғайдың күз мезгіліндегі тіршілігін бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, енбек іс-әрекеті)</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Торғай туралы білімдерін бекітуді жалғастыру; күздің келуімен құстардың мінез-құлқындағы өзгерістерді көруді үйрету; зейін мен жадын белсендіру.</p> <p><b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым енбек тапсырмалары:</b></p> <p>ағаштарды емдеу үшін жұмыс күшін ұйымдастыру.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Ағаштар мен бұталарға дұрыс көмек көрсетуді үйрету; адал енбектенуге тәрбиелеу.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)</b></p> <p>"Құстар".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Белгі бойынша әрекеттерді орындауды үйрету.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар. "Жалауша". (дене шынықтыру)</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Заттарды құлатпай жылан сияқты жүруді үйрету.</p>	<p><b>Көгершіндерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, енбек іс-әрекеті)</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Құстар әлемі туралы білімдерін бекітуді жалғастыру; құстардың немен қоректенетінін және олардың қай жерде тұратынын, адамның оларға қалай қамқор болатынын, жабайы көгершіндердің «Қызыл кітапқа» не үшін енгізілгенін нақтылау.</p> <p><b>Зерттеу.</b> Көгершін мен тоқылдақты салыстыру.</p> <p><b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым енбек тапсырмалары:</b></p> <p>балабақша аумағында жемшашарларды ілу.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Еңбек әрекеттерін орындауды үйрету.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)</b></p> <p>"Ұшу, секіру, жүзу".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды жүгіруге жаттықтыру; балықтар, құстар, жануарлардың аттарын бекіту.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: "Кеглиді құлат" (дене шынықтыру)</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Допты нысанаға лақтыруды үйрету; дәлдікті, зейінді дамыту.</p>	<p><b>Теректі бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, енбек іс-әрекеті)</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Күзгі терек туралы түсінік қалыптастыру.</p> <p><b>Зерттеу.</b> Жана түскен жапырақты лупамен қарау.</p> <p><b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым енбек тапсырмалары:</b></p> <p>жапырақтарды үйінділерге жинау және ауланы тазарту.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Топпен жұмыс істеуге ұмтылуға тәрбиелеу.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)</b></p> <p>"Бағбандар", "От жағушылар".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Педагогтің белгісі бойынша жүгіру іскерліктерін жетілдіру.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: бір аяқпен секіру. (дене шынықтыру)</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Күшпен итеріліп секіріп, жерге аяқпен нық түсуді жетілдіру.</p>	<p><b>Маусымдық өзгерістерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, енбек іс-әрекеті)</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Табиғат құбылыстары туралы түсініктер қалыптастыру; күн туралы білімдерін бекіту.</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым енбек тапсырмалары: ауланы қоқыстардан тазарту.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Орындалған жұмысқа сүйсінуді, қуануды үйрету.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)</b></p> <p>"Үйсіз қоян".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Бір-біріне соқтығыспай жүгіру жаттығулары, ептілікке және төзімділікке тәрбиелеу.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: тепе-теңдікті дамытуға арналған жаттығулар. (дене шынықтыру)</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Дене қимылдарын жетілдіру.</p>	<p><b>Жаяу жүргіншілерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, енбек іс-әрекеті)</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Жолдың жаяу жүргіншілерге арналған бөлігі, жол ережелері туралы білімдерін бекіту.</p> <p><b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым енбек тапсырмалары:</b></p> <p>гербарий жасау үшін әдемі жапырақтарды жинау; ағаштардың түбіне түскен жапырақтарды тырнауышпен тырналау.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Табиғатты құрметтеу сезімін тәрбиелеу.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)</b></p> <p>"Бағдаршам".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Ептілікті дамыту; бағдаршамның мағынасы туралы білімдерін бекіту.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: қозғалыстарды дамыту. (дене шынықтыру)</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Заттарды қашықтыққа лақтыру дағдыларын бекіту.</p>

<p><b>Серуеннен оралу 12.30-.12.50</b></p>	<p>Серуеннен оралу кезіндегі ескертулер:  - учаскеден шығар алдында аяқкіім мен үсті-басын қағу;  - балабақшаға кірер алдында аяқкіімнің табанын тазалау;  - ғимаратқа тыныш кіру, есікті тарсылдатпау;  - серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою;  Балалардың киімдерін ретпен шешу, шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыру дағдыларын жетілдіру.  Жеңді түру, қолды сабындау, суды шашыратпау, тазарғанша жуу дағдысын дамыту.  Айнаға қарану, үсті-басын ретке келтіру, шашын тарау, ас ішуге дайындалуға тәрбиелеу.  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>
<p><b>Түскі ас 12.50-13.10</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b>  Мақсат-міндеттері. Балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке жұмыс; этикет ережесі.  <b>Көркемсөз</b>  Тағы міне, таң атты,  Дайын дәмді тағамдар.  Үлпілдеген тиінге,  Жарып берем жанғақты.  Қою сүтті беремін,  Мысық пен күшікке.  Түлкіге қою айран,  Тышқанға дән саламын.  Ақ қоянға тәтті нан,  Тосап беремін араға.  Таңғы ботқа береміз,  Бақшадағы балаға.  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)</b></p>
<p><b>Күндізгі ұйқы 13.10-15.30</b></p>	<p>Балалардың ұйқысына қолайлы жағдай жасау.</p>
<p><b>Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 15.30-.15.40</b></p>	<p>"Мейірімді мысық" (белді бүгіу, басты жоғары көтеру).  Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.  Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)</b></p>

<p><b>Бесін ас</b> <b>15.40-16.00</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке жұмыс; этикет ережесі.</p> <p><b>Көркемсөз</b> Тағы міне, таң атты, Дайын дәмді тағамдар. Үлпілдеген тиінге, Жарып берем жаңғақты. Қою сүтті беремін, Мысық пен күшікке. Түлкіге қою айран, Тышқанға дән саламын. Ақ қоянға тәтті нан, Тосап беремін араға. Таңғы ботқа береміз, Бақшадағы балаға.</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)</b></p>
---	---

<p><b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 16.00-16.15</p>	<p><b>Дидактикалық ойын.</b> "Не артық?" Мақсат-міндеттері. Балалардың жемістер мен көгөністер туралы білімдерін пысықтау; жемістер мен көгөністерді сақтау ережелерін игерту; ойлау, елестету, зейін қабілеттерін дамыту; достық қарым-қатынас құруға ынталандыру. Шарты. Жүргізуші бір топтамаға қатысты және оған жатпайтын заттарды атайды (көрсетеді), ойыншылар артық затты атау керек. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b> "Жемістер мен көгөністер" дүкені. Мақсат-міндеттері. Балалардың "Жемістер мен көгөністер" дүкені жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; достық қарым-қатынасқа, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу. Құралдар. Сөрелер, жемістер мен көгөністердің нақпіншіндері, түрлі пішінді себеттер, ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, қаражат қағаздары. Шарты. Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен дүкенге саяхатты ұйымдастыруы мүмкін. Балалар дүкеннің суретін, бейнежазбаны көрсетіп, "тауар" сөзінің мағынасын, жемістер мен көгөністерді сақтау үшін түрлі ережелерді ұстану керектігі жайлы түсіндіреді. Сатушы өз қалауы (немесе санамақ) бойынша тағайындалады, сатып</p>	<p><b>Дидактикалық ойын.</b> "Сабағы мен тамыры". Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымында көгөністердің өсуі, пісуі, өнуі туралы білімдерін нақтылау; достық қарым-қатынас құру іскерлігін, зейін мен еске сақтау қабілетін дамыту; зияткерлікті дамыту, достыққа тәрбиелеу. Құралдар. Көгөністердің үлестірмелі сурет-карточкалары. Шарты. Балалар қолдарына түскен көгөністердің суреттеріне қарап, олардың топырақ үстінде, әлде топырақ астында өсіп-өнетіні туралы айтулары керек. Балалар өз жауаптарын құрастырып, көгөністерді екі топтамаға жинайды: сабағында және тамыр арқылы пісетін көгөністер. Балалар екі топтаманы жинауы мүмкін. Топырақ астында пісетін көгөністерді атайды: сәбіз, шалқан, қызылша, картоп, пияз. Топырақ үстінде пісетін көгөністерді атайды: қияр, қызанақ, баялды, бұрыш, қырыққабат. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b> "Дәріхана". Мақсат-міндеттері. Балалардың дәріхана қызметкерлері (фармацевт, провизор) мамандықтары жайында ұғымдарын тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу. Құралдар. Дәрі-дәрмектердің модельдері. "Дәріхана" сөмкелері; ақ</p>	<p><b>Дамытушы жаттығу.</b> "Қанша және қандай айырмашылықтары бар?" Мақсат-міндеттері. Балалардың қабылдау, зейін, ойлау қабілеттерін дамыту; зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу. Құралдар. Суреттер жұптары (екінші суретте бірінші суретке қарағанда, бірден байқалмайтын бірнеше өзгерістер болады). Шарты. Педагог балаларға бірінші суретті көрсетіп, содан кейін оған ұқсас екінші суретте көруді ұсынады. Балалар екінші суретте біріншіге қарағанда не өзгергенін айтады, айырмашылықтарын табады. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b> "Жанармай бекеті". Мақсат-міндеттері. Балалардың жанармай бекеті жайындағы ұғымдарын нақтылау; жанармай құюшы, есепші, дүкенде құрал-жабдық сатушы жөнінде білімдерін кеңейту, тиянақтау; сыпайылыққа, жауапкершілікке, төзімділікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Жанармай бекеті жазуы; жанармай құятын орын, автомобиль бағанасы мен шланг жасанды пішіндері; рульдер, мәшинелердің жанармай бактарының жасанды модельдері; автомобильдерге арналған доңгелектер. Машиненің автобағи орнына шырынның бос тетрапакетін жіпке байлап, иыққа іліп алуға болады. Шарты.</p>	<p><b>Дидактикалық ойын.</b> "Сөздер тізбегі". Мақсат-міндеттері. Балалардың сөздік қорын байыту, ой шапшаңдығын, зейінін дамыту; өзара жағымды қатынастарды нығайту. Шарты. Педагог балаларға қандай сала туралы сөздерді құрастыратындарын айтады. Осы жағдайда "Отбасы" тақырыбы. Педагог "Отбасы" ұғымына байланысты сөздің бірін айтып, кезекті келесі отырған балаға береді. Сөзді дәл уақытында таба алмаған бала, өнерін көрсетеді. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b> "Киімдер" дүкені. Мақсат-міндеттері. "Киімдер" дүкені, киім сатушы жұмысының ерекшелігі жөніндегі балалардың ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу. Құралдар. Сөрелер, қораптар, ілмектер, киім үлгілері (көрнекілік қуыршаққа арнайы тігілген); ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, қаражат қағаздары; қуыршақтар. Шарты. Педагог дайындық жұмысын ретінде балалармен дүкенге саяхатты ұйымдастыруы мүмкін. Балалар дүкен жайында суретті, бейнежазбаны көрсетіп, "тауар" ұғымына киімдер де жататынын, киімдердің түрлері (сырт киім, үстіге киілетін киім,</p>	<p><b>Логикалық ойын.</b> "Бұл бұрын не болған?" Мақсат-міндеттері. Балалардың қоршаған заттар мен құбылыстар жайында, адамның тұрмыс-тіршілігі, жануарлардың тіршілігі жайындағы білімдерін тиянақтау; логикалық ойлау, еске сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; тапқырлыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Заттық суреттер немесе мнемокарточкалар болуы мүмкін. Педагог тапсырмаларды сөз арқылы ғана беруі мүмкін. Шарты. Балалар педагог суретте көрсетілген оқиғаны сипаттап, оқиғаның алдында қандай логикалық құбылыстардың болғанын болжап айту керек. Педагог ойын шартын балаларға былай түсіндіруі мүмкін: "Мен атаған (көрсеткен) жанды немесе жансыз объект, құбылыс осыдан бұрын не (кім) болған? Атайықшы." Педагог ұсынатын сөздер мен сөз тіркестері: жаз, сары жапырақ; қысқы дала, мұз айдыны; ересек адам, нан; қыс, қар жауыны; қаз, жылқы; күндізгі мезгіл, қасқыр; үй ғимараты, үлкен емен ағашы; терезе бетіндегі оюлар, дән масағы; балапан, көктемде жылғалардан аққан су; сары жапырақтар, таңертеңгі мезгіл; түлкі, орындық; адамдардың арасындағы достық; ірімшік және тағы басқа. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Театрландырылған қойылым.</b> "Түлкі мен қасқыр" ертегісі. Мақсат-міндеттері. Балалардың естерінде әйгілі ертегінің мазмұнын жаңғырту, есте сақтау, ой-қиял, эмоциялық, пантомимикалық, қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Құралдар. "Түлкі мен қасқыр" ертегісіне қатысатын кейіпкерлердің киімдері, маскалары, балықтардың жасанды кескіндері, қап. Шарты. Педагог балаларға дайындық жұмысы ретінде "Түлкі мен қасқыр" ертегісінің мазмұнын қайталады.</p>
---	--	--	--	--	--

<p><b>Балалармен жеке жұмыс</b> <b>16.15-16.30</b></p>	<p>Жыл мезгілі туралы әңгімелесу. "Жомарт Күз" (суретті қарастыру). Мақсат-міндеттері. Қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, қазақ тілі)</b></p>	<p>"Ғажайып қашық" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Баланың сөздік қорын ойыншықтардың атауларын білдіретін сөздермен байыту. <b>(қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p>"Сикырлы "н" әрпі" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың "н" әрпін дұрыс айтуларын қадағалау. Балалар "ң" әрпі бар сөздерді анық айтулары қажет. Мысалы: аң, таң және тағы басқа. <b>(қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Әңгіме құрастыру.</b> "Табиғат". Мақсат-міндеттері. Баланың сөздік қорын табиғатқа байланысты сөздермен байыту. <b>(қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Дидактикалық ойын.</b> "Фотоаппарат". Мақсат-міндеттері. Ассоциативті ойлауды, ерікті зейінді, еске сақтауды, сөйлеуді дамыту. Ойын материалдары мен көрнекі құралдар: лото карталары немесе басқа кез келген суреттер. Сипаттамасы. 5 секунд ішінде балаға карточканы көрсету. Содан кейін оны алып тастау және онда не бейнеленгенін еске түсіруді ұсыну. Егер балаға жауап беру қиын болса, оған сұрақ қою керек: "қанша, қандай түс" және тағы басқа. <b>(қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>
<p><b>Серуенге дайындық</b> <b>16.30-16.50</b></p>	<p>Серуендеудің мақсаттары мен міндеттеріне байланысты педагог гигиеналық талаптарға сай қажетті сыртқы материалды, санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес келетін балалар қызметінің әртүрлі нұсқаулықтарын дайындайды. Педагог балалардың өзіндік іс-әрекеттерін қадағалап отыруы керек: олардың толық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, нұсқаулықтарды мақсатына сай қолдануды үйрету, серуендеу барысында балалардың іс-әрекетін үнемі бақылауда ұстау. Серуендеуге дайындық топта да жүреді: терезеден қарағанда балаларды тосын сый күтіп тұрғанын немесе біреу күтіп тұрғанын айтуға болады (бұл алдын ала дайындалған ойыншық болуы мүмкін). Балаларға ескерту: киіну бөлмесіндегі тәртіп ережелерін, киіну ретін, қажет болған жағдайда оларға көмектесу. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес іс-әрекет)</b></p>				

**Серуен  
16.50-18.00**

<p>Торғайдың күз мезгіліндегі тіршілігін бақылауды жалғастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Торғай туралы білімдерін бекітуді жалғастыру; күздің келуімен құстардың мінез-құлқындағы өзгерістерді көруді үйрету; зейін мен жадын белсендіру.</p> <p><b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b> ағаштарды емдеу үшін жұмысты ұйымдастыру.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Ағаштар мен бұталарға дұрыс көмек көрсетуді үйрету; адал еңбектенуге тәрбиелеу.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)</b> "Құстар".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Белгі бойынша әрекеттерді орындауды үйрету.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар. "Жалауша". (дене шынықтыру)</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Заттарды құлатпай жылан сияқты жүруді үйрету.</p>	<p><b>Көгершіндерді бақылауды жалғастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Құстар әлемі туралы білімдерін бекітуді жалғастыру; құстардың немен қоректенетінін және олардың қай жерде тұратынын, адамның оларға қалай қамқор болатынын, жабайы көгершіндердің «Қызыл кітапқа» не үшін енгізілгенін нақтылау.</p> <p><b>Зерттеу.</b> Көгершін мен тоқылдақты салыстыру.</p> <p><b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b> балабақша аумағына жемшашарларды ілу.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Еңбек әрекеттерін орындауды үйрету.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)</b> "Ұшу, секіру, жүзу".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды жүгіруге жаттықтыру; балықтар, құстар, жануарлардың аттарын бекіту.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: "Кегліді құлат" (дене шынықтыру)</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Допты нысанаға лақтыруды үйрету; дәлдікті, зейінді дамыту.</p>	<p><b>Теректі бақылауды жалғастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Күзгі терек туралы түсінік қалыптастыру.</p> <p><b>Зерттеу.</b> Жана түскен жапырақты лупамен қарау.</p> <p><b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b> жапырақтарды үйінділерге жинау және ауланы тазарту.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Топпен жұмыс істеуге ұмтылуға тәрбиелеу.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)</b> "Бағбандар", "От жағушылар".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Педагогтің белгісі бойынша жүгіру іскерліктерін жетілдіру.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар:</b> бір аяқпен секіру. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Күшпен итеріліп секіру, жерге аяқпен нық түсуді жетілдіру.</p>	<p><b>Маусымдық өзгерістерді бақылауды жалғастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Табиғат құбылыстары туралы түсініктер қалыптастыру; күн туралы білімдерін бекіту.</p> <p><b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b> ауланы қоқыстардан тазарту.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Орындалған жұмысқа сүйсінуді, қуануды үйрету.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)</b> "Үйсіз қоян".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Бір-біріне соқтығыспай жүгіру жаттығулары, ептілікке және төзімділікке тәрбиелеу.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар:</b> тепе-теңдікті дамытуға арналған жаттығулар. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Дене қимылдарын жетілдіру.</p>	<p><b>Жаяу жүргіншілерді бақылауды жалғастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Жолдың жаяу жүргіншілерге арналған бөлігі, жол ережелері туралы білімдерін бекіту.</p> <p><b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b> гербарий жасау үшін әдемі жапырақтарды жинау; ағаштардың тамырына түскен жапырақтарды тырнауышпен тырналау.</p> <p>Мақсат-міндеттер. Табиғатты құрметтеу сезімін тәрбиелеу.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)</b> "Бағдаршам".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Ептілікті дамыту; бағдаршамның мағынасы туралы білімдерін бекіту.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар:</b> қозғалыстарды дамыту. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Заттарды қашықтыққа лақтыру дағдыларын бекіту.</p>
---	---	--	--	--



<p><b>Серуеннен оралу</b></p>	<p>Балалардың киімдерін ретпен шешу, шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыру дағдыларын жетілдіру.  Жеңді түру, қолды сабындау, суды шашыратпау, тазарғанша жуу дағдысын дамыту.  Айнаға қарану, үсті-басын ретке келтіру, шашын тарау, ас ішуге дайындалуға тәрбиелеу.  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>				
<p><b>Кешкі ас</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b>  Мақсат-міндеттері. Балалардың назарын тағамға аудару; тамактану мәдениеті бойынша баламен жеке жұмыс; этикет ережесі.  <b>Көркемсөз</b>  Тағы міне, таң атты,  Дайын дәмді тағамдар.  Үлпілдеген тиінге,  Жарып берем жаңғақты.  Қою сүтті беремін,  Мысық пен күшікке.  Түлкіге қою айран,  Тышқанға дән саламын.  Ақ қоянға тәтті нан,  Тосап беремін араға.  Таңғы ботқа береміз,  Бакшадағы балаға.  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)</b></p>				
<p><b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)</b>  Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық. <b>(музыка)</b>  Өнер бұрышында нан тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. <b>(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)</b>  Логикалық, танымдық ойындар, басқатырғыш ойындар. <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b>  <b>Сурет салудан ойын-жаттығу</b>  "Тауыс".  Мақсат-міндеттері. Балаларды қағаздың ортасына, оның толық бетін пайдаланып, тауыс бейнесін салу амалдарын игерту.  <b>Жапсырудан ойын-жаттығу</b>  "Жомарт күз".  Мақсат-міндеттері. Балаларды қағазды бүктеу әдісі бойынша саңырауқұлақтың қалпақшасын, қағаздан кішкентай шеңберлер кию арқылы, тіктөртбұрыштан саңырауқұлақтың түбіртегін қағаз бетіне жапсыруды үйрету.  Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет)</b>  Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. <b>(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>				
<p><b>Балалардың үйге қайтуы</b>  <b>(ата-аналарға кеңес)</b> 18.00-18.30</p>	<p>Ата-аналарға кеңес.  «Балаларға жол жүру ережесін түсіндірудің маңыздылығы».</p>	<p>«Ашық есік күндері».  Балабақшада ұйымдастырылған іс-әрекет және жұмыстармен таныстыру.</p>	<p>«Менің баламның армандары».</p>	<p>"Баланың сұрағына ашуланбай жауап бере аласыз ба?" тақырыбында әңгімелесу, сауалнама жүргізу, кеңес беру.</p>	<p>Баланың дамуына қимылды ойындардың пайдасы. (топ жиналысы).</p>

## ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) \_\_\_\_\_

Топ: мектепалды

Балалардың жасы: 5 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 06.11 - 10.11.2023ж.

Педагогтың аты-жөні \_\_\_\_\_

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
	06.11	07.11	08.11	09.11	10.11
<b>Балаларды қабылдау 08.00-08.15</b>	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>				
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 08.15-08.30</b>	"Баланың өзін-өзі бағалауы" тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу.				

<p><b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер</b> <b>08.30-08.55</b></p>	<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетіне арналған жабдықтар мен материалдарды дайындаймыз.</b> Мақсат-міндеттері. Тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін дамыту, балаларға білім беру қызметіне арналған материалдар мен жабдықтарды ұқыпты жинауды үйрету. <b>(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Бөлме өсімдіктерін суғару".</b> Мақсат-міндеттері. Өсімдіктердің жарық пен ылғалды қаншалықты қажет ететіні туралы білімдерін толықтыру, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтарынан қалай тануға болатынын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Табиғатқа ұқыпты қарауға, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу. <b>(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Орындықтарды жуу".</b> Мақсат-міндеттері. Балаларға тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, топтық бөлмедегі орындықтарды таза ұстауды үйрету: оларды дымқыл шүберекпен сүртуді; орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс кезінде мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау қабілетін қалыптастыру. Ересектерге шынайы ынталанып көмектесуге, олардың жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу. <b>(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Ойыннан кейін топта тәртіп орнату".</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың тәртіпке сақтауға саналы ұмтылысын, ойыннан кейін ойыншықтарды жинастыру әдетін қалыптастыру. Жұмыс жоспарын құру, алдағы қызмет үшін қажетті материалдарды таңдау қабілетін жетілдіру. <b>(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Ойыншықтарды тәртіпке келтіреміз".</b> Мақсат-міндеттері. Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. <b>(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>
---	--	--	---	--	--

	<p><b>ҚР. Гимнін орындайды.</b> Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. <b>(музыка)</b></p> <p><b>Үстел үсті ойыны.</b> "Лото". Мақсат-міндеттері. Балалардың зейінін дамыту. Заттарды топтастыруды үйрету. Байқампаздыққа баулу. Көлік. Балалар көліктердің адамдардың жүріп-тұруына қандай пайдасын тигізетініне қарай жіктей алады. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>"Өз жұбыңды тап" қимыл-қозғалыс ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың ойынға құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Балаларды саламатты өмір салтына тәрбиелеу. Ойынның шарты: ойыншылар екі баладан жұп құрайды, қолдарына доп ұстап 6-8 метр жерден бір-біріне қарама-қарсы тұрады. Тәрбиеші ойнауға белгі берісімен, әр жұп доптарын бір-біріне қарай домалатып тигізуге тырысады. Доптары бір-біріне тиген ойыншылар ұпай жинайды. Ойынның соңында қай жұптың ұпайы көп болса, сол жұп жеңіске жетеді. <b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p><b>Дамытушы ойын.</b> «Вагондарға дөңгелек таңдау». Мақсат-міндеттері. Геометриялық пішіндерді ажыратуды, қасиеттерін білуге үйрету, ойлау қабілетін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: қағазға салынған вагондар, әртүрлі геометриялық пішіндер. Ойынның мазмұны. Балалар әртүрлі пішіндердің ішінен вагондарға сәйкес келетін дөңгелектерді табады. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>"Суық-ыстық" аз қимылды ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Есту қасиеттерін, физикалық қасиеттерін дамыту. Жүргізуші затты жасырған кезде қарауға тыйым салынады. Жүргізуші залдан кетеді, балалар затты жасырады. Жүргізуші қайта кіреді, затты іздейді. Балалар оның соңынан еріп: суық ... жылы ... ыстық ... жасырылған затты табуға көмектеседі. <b>(дене шынықтыру)</b></p> <p><b>Шағын кітапхана</b> Мақсат-міндеттер: Таныс емес кітаптармен таныстыра отырып, кітаптарға қызығушылықтары артады. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>«Дәл осындай пішінді тап».</b> Мақсат-міндеттері. Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауды, ажыратуды және салыстыруға дағдыларын жаттықтыру. Құрал-жабдықтар: бала санына қарай құлыптардың суреттері, геометриялық пішіндер. Ойынның мазмұны. Алдарындағы сикырлы құлыпты ашуды ұсыну. Құлыптың кілттері де сикырлы геометриялық пішіндерден құралғанын айту. Әр бала құлыпқа сай келетін кілтпен оны ашады. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>"Айна" қимылды ойын-жаттығуы.</b> Мақсат-міндеттері. Зейін мен қиялды дамыту; қимылдардың реттілігін еске сақтауға жаттықтыру. Ойын барысы. Ойыншылар алаңда еркін орналасады және келесі тапсырмаларды орындайды: жүргізушінің артынан бір қимылды қайталау; жүргізушінің артынан бірқатар қозғалыстарды белгілі бір ретпен қайталау; құстың, жәндіктің қимылын қайталау. Үздік ойыншы жалпы дауыс беру арқылы анықталады және оған сыйлық немесе ұпай беріледі. <b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p><b>Саусақ жаттығуы.</b> Е. Ашықбаев "Қуыр, қуыр, қуырмаш". Қуыр, қуыр, қуырмаш, Қуыр, қуыр, қуырмаш, Мен айтайын қолыңды аш. Мынау тұрған - бас бармақ, Жұмыс содан басталмақ. Алақанның тұңғышы, Болсын осы жылқышы. Балаң үйрек жанында, Бейім сиыр бағуға. Мына жерде күн болар, Мына жерде түн болар, Мына жерден ай шығар, Мына жерден май шығар. Бәрін айтып болдық па? Келіп қалдық қолтыққа. Қытық, қытық, қызық-ай, Міне, өрік, міне, май. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Лего "Робот"</b> Мақсат-міндеттер. Лего құралдарынан робот жасау арқылы баланың танымын, зейінін дамыту. <b>(құрастыру)</b></p> <p>BilimKids платформасындағы "Робот" бейнематериалын көрсету. <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Дидактикалық ойын.</b> «Домино». Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы көліктер туралы білімдерін дамыту және пысықтау. Сәйкес көлікті тауып, атауын дұрыс айтқызу, оның атқаратын қызметімен таныстыру. Ойын шарты. Суреттері сәйкес келетін доминоларды тізу. Тапсырманы бірінші аяқтаған бала жеңімпаз атанады. Қажетті құралдар. Бірдей қос суреттер, әртүрлі көліктер бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)</b></p> <p><b>"Қарама-қарсы сөз" дидактикалық ойыны (жұптар айтысы).</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың қарама-қарсы мағынадағы сөздер жұптарын құра білу дағдыларын жетілдіру; сөздік қорды молайту; ой шапшаңдығын дамыту. Құралдар: қамшы немесе жұптар арасында жүретін зат (жалау). - Балалар, қарама-қарсы мағынадағы сөздердің жұптарын айту үшін "айтыс" жариялайық. Қамшының сабын екі баладан тұратын қай жұпқа көрсетсем, сол балалардың бірі айтысты бастайды, қасында тұрған бала қарама-қарсы мағынадағы сөзді қайтару керек. Білмеген балаларға білетін балалар көмек беріп, айтысты әрі қарай жалғастырады. <b>(қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру)</b></p>
--	---	--	--	---	--

<p><b>Таңертеңгі жаттығу</b> <b>08.55-09.00</b></p>	<p><b>Жалпы дамыту жаттығулары (гимнастикалық таяқшалармен)</b>  Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау.  1-таяқшаны алға созу.  2-оң қолды төмен түсіру, сол қолдағы таяқшаны тігінен ұстау, жоғары көтеру.  3-таяқшаны алдыға созып ұстау.  4-сол қолды төмен түсіру, таяқшаны оң қолға ауыстыру, таяқшаны жоғары көтеру.  5-таяқшаны алдыға созып ұстау.  6-бастапқы қалыпқа келу.  Бастапқы қалып: аяқтың арасын ашып тұру, екі қолды шынтақтан бүгу, таяқшаны кеуде тұсына ұстау.  1-2-алға иілу, еденге қолды тигізу.  3-4- бастапқы қалыпқа оралу.  Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқша еденде жатады.  1-оң аяқпен таяқшаны аттап, алға бір адым жасау.  2-сол аяқты оның қасына алып келу.  3-оң аяқпен таяқшаны аттап, артқа бір адым жасау.  4-сол аяқпен артқа бір адым жасау.  Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстау, жауырыңға қойып тұру.  1- таяқшаны жоғары көтеру.  2-оңға иілу.  3-түзу тұру, таяқшаны жоғары көтеру.  4-бастапқы қалып. Осы жаттығуды сол аяқпен бастап жасау.  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)</b></p>
<p><b>Таңғы ас</b> <b>09.00-.09.20</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b>  Мақсат-міндеттері. Ас ішу құралдарын дұрыс қолдануды бекіту; дұрыс тамақтану мәдениетіне баулу, тамақтану кезінде асты асықпай шайнау, үстел басында өздерін әдепті ұстауды, нан қықымын түсірмей жеуді, үлкендерге алғыс айтуды үйрету.  <b>Көркемсөз</b>  Ө.Тұрманжанов "Нан – ардақты адал ас".  Нан – ардақты адал ас,  Кәрі-жас одан аттамас.  Ақ дастарқан үстінде,  Қол жумай оны ұстамас.  Нан қоқымын шашпаңдар,  Жерде жатса баспаңдар,  Теріп алып, қастерлеп,  Торғайларға тастаңдар.  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)</b></p>

<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық <b>09.20-09.30</b></p>	<p><b>"Ұшады, жүзеді, жүреді" дидактикалық ойыны.</b> Максат-міндеттері. Тілдің лексикалық жағын дамыту (етістік сөздігін кеңейту). Барысы. Педагог балаларға суреттерді таратады, оларды қарастыруды және атауларын атауды сұрайды, содан кейін "Ол не істеп жатыр?" деген сұрақ қояды. Мысалы: автобус жүреді, жолаушыларды тасымалдайды, тоқтайды. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Дидактикалық ойын.</b> <b>"Қуыршақтарға моншақтар алыңыз».</b> Максат-міндеттері. Үлгі бойынша түсін таңдау. Материал. Негізгі түстердегі қуыршақтардың фигуралары, әртүрлі мөлшердегі негізгі түстердің шеңберлері. <b>(танымдық іс-әрекет)</b></p>	<p><b>"Жол белгілерін қою" дидактикалық ойыны.</b> Максат-міндеттері. Балалардың жол жүру ережелері туралы алған білімдерін тиянақтау, жол белгілерін айыруды үйрету. Балаларды мейірімділікке, байқағыштыққа тәрбиелеу. <b>(танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Көңілді қыстырғыштар" дидактикалық ойыны.</b> Максат-міндеттері. Қыстырғыштар арқылы саусақ моторикасын дамыту, шығармашылық қабілетін дамыту. Ұсынылған бірнеше фигуралардың ішінен дұрыс таңдау. Мектеп жасына дейінгі баланың сөздігін кеңейтуге және белсендіруге, сондай-ақ еске сақтау мен ойлауды дамытуға ықпал ету. <b>(шығармашылық іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)</b></p>	<p><b>Үстел үсті ойындары.</b> <b>"Көліктерді топтастыр".</b> Максат-міндеттері. Көліктерді ажыратуды, атауды үйрету. Керекті құралдар: көліктер. <b>(танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекет)</b></p>
--	---	--	--	--	--

<p><b>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b> <b>09.30-10.35</b></p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> "[с] дыбысы және С с әрпін қайталау". Мақсат-міндеттер: [С] дыбысын буында қайталауды, сөзде анық айтуды үйрету. [С] дыбысын буын, сөз ішінде дұрыс ажыратуды үйрету.</p> <p><b>Қазақ тілі</b> Көлік түрлері. Қоғамдық көлікте тәртіп ережесі. Мақсат-міндеттері. Балалардың көлік түрлері, олардың қозғалыс тәсілдері туралы білімдерін кеңейту; қоғамдық көліктегі ережелермен таныстыру; қала мен ауылдың көріністері, олардың айырмашылығын ажыратуды үйрету; «аз» және «көп» ұғымдары туралы түсініктерін дамыту; сыпайы мінез-құлық, ар-намыс туралы мақалдармен таныстыру, «құрмет» сөзінің мағынасын түсіндіру; көлік түрін үшке (жер, әуе, су) жіктеуді үйрету; ұқыптылыққа, сыпайылыққа, қарттарға қамқор болуға, қоғамдық көлікте орын беруге тәрбиелеу.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> "Мен епті баламын". Мақсат-міндеттері. Балаларды сап түзеп жүргенде қолды жан-жаққа созып тік тұру; 2-2,5 м арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты дәлдеп лақтыруды үйрету.</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b> "Ұшақ туралы әңгімелер". Мақсат-міндеттері. Балалардың көлік түрлерінің қызметі туралы білімдерін тиянақтау; алғашқы ұшақ қалай пайда болғаны жайлы тарихтан білім беру арқылы балалардың өнертапқыштық қасиеттеріне жол ашу; ойын ойнату арқылы көліктің түрлерін тануды бекіту.</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> "[с] дыбысы және С с әрпін қайталау". С дыбысы және әрпімен таныстыру, с дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйрету. Буын, дыбыс, әріп туралы түсініктері мен білімдерін кеңейту. Ертегі желісі бойынша С дыбысы және с дыбысының таңбасымен таныстыру. Коммуникативтілік тілдік және айтылым, тыңдалым дағдысын қалыптастыруды пысықтау.</p> <p><b>Математика негіздері</b> Көліктер тұрағында. Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымында "алты" саны мен цифр туралы ұғымдарын қалыптастыру, оны тану, атай білуге машықтандыру; мөлшері алтыға тең заттарды салыстыру, беттестіру және тұстастыру амалдарын қолдануды жаттықтыру.</p> <p><b>Музыка</b> "Өн салған кім?" Мақсат-міндеттері. Балалардың көңілді әнге ықыласын ояту; әннің сөздік мазмұнын түсіне білуге және музыка әуенімен бірге би қимылдарын үйлесімді орындауды үйрету.</p> <p><b>Сөйлеуді дамыту</b> "Көлік түрлері". Мақсат-міндеттері. Балаларға көлік түрлерін ажыратуды, олардың ерекшеліктерін тануды үйрету.</p>	<p><b>Математика негіздері</b> "Көліктер тұрағында" (пысықтау). Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымында "алты" саны мен цифр туралы ұғымдарын қалыптастыру, оны тану, атай білуге машықтандыру; мөлшері алтыға тең заттарды салыстыру, беттестіру және тұстастыру амалдарын қолдануды жаттықтыру (пысықтау).</p> <p><b>Қазақ тілі</b> Қ-Ғ дыбыстары (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әріптері (атау, жазу негіздері). Мақсат-міндеттері. Балаларды [-қ], [-ғ] дыбыстары және Қ қ, Ғ ғ әріптерімен таныстыру. Қ қ, Ғ ғ әріптерін ауада жазып көрсету; [-қ], [-ғ] дыбыстарының айтылуы мен артикуляциясын салыстыру және нақтылау, буындарда, сөздерде, сөйлемдерде сұрақтарға жауап беру арқылы анық, дұрыс айтуды, ажыратуды үйрету; [-қ], [-ғ] дыбыстарын сөздің кез келген жерінен (сөздің басында, ортасында, аяғында) тауып көрсетуді үйрету; [-қ], [-ғ] дыбыстары кездесетін сөзге мысал келтіріп, сол сөздерді қатыстырып, сөйлем құрастыру арқылы, сөздердегі дыбыстарды анық айтуды үйретіп, еске сақтау, ойлау қабілетін дамыту. Төзімділікке, ұқыпты, әдемі, таза жазуға дағдыландыру.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> "Мен епті баламын" пысықтау. Мақсат-міндеттері. Балаларды сап түзеп жүргенде қолды жан-жаққа созып тік тұру; 2-2,5 м арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты дәлдеп лақтыруды үйретуді пысықтау.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b> «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісі. Мақсат-міндеттері. Халық ертегілеріне қызығушылығын арттыру. Ертегіні түсініп тыңдауды үйрету.</p>	<p><b>Математика негіздері</b> "Жабайы аңдарды санау амалдары". Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы "жеті" саны туралы түсініктерін қалыптастыру, оны тану, атай білу іскерлігін жетілдіру; "жеті" жиын санын құрайтын екі ең кіші элемент түрлері жайлы түсінігін дамыту.</p> <p><b>Сөйлеуді дамыту</b> "Көлік түрлері" (пысықтау). Мақсат-міндеттері. Балаларға көлік түрлерін ажыратуды, олардың ерекшеліктерін тани білуді пысықтау.</p> <p><b>Музыка</b> "Құлан". Мақсат-міндеттері. Балалардың бақа туралы әнге қызығушылығын арттыру; әннің сөздік мағынасын эмоционалды қабылдауды үйрету.</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b> "Қазақстан табиғатын қорғайық". Мақсат-міндеттері. Балалардың Қазақстандағы жануарлар әлемі жөнінде білімдерін тиянақтау; еліміздегі және өзге жерлерде мекен еткен жануарлардың тіршілік ерекшеліктері жыл мезгілдерінде құбылыстарға байланысты екенін түсіндіру; Қазақстанның Қызыл кітабына енген жануарлар туралы түсініктерді қалыптастыру.</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> "[д] дыбысы және Д д әрпі". Мақсат-міндеттері: [д] дыбысымен және Д д әріптермен таныстыру. Артикуляция бойынша дыбыстарды дұрыс айтуды үйрету.</p> <p><b>Жапсыру</b> "Пароход". Мақсат-міндеттері. Балаларды пароход трафаретін қатты қағаз бетіне қарындаштың көмегімен бастырып, түрлі түсті қағаздарды ұсақтап жырты арқылы пароходты жапсыруды үйрету.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> "5 метр қашықтықтан тік нысанаға таяқты лақтыру" Мақсат-міндеттері. Балаларға 5 метр қашықтықтан тік нысанаға таяқ лақтыруды үйрету.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b> «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісін пысықтау. Мақсат-міндеттері. Халық ертегілеріне қызығушылығын арттыру. Ертегіні түсініп тыңдауды үйретуді пысықтау.</p>
--	---	--	--	--	---

<b>2- таңғы ас</b>	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркемсөз</b> )
<b>Серуенге дайындық 10.35-10.50</b>	<p>Педагог серуендеудің мақсаттары мен міндеттеріне қарай санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес келетін сыртқы материалды, балалар қызметінің әртүрлі нұсқаулықтарын дайындайды.</p> <p>Педагог балалардың өздік іс-әрекеттерін қадағалап отыруы керек: олардың толық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, нұсқаулықтарды мақсатына сай қолдануды үйрету, серуендеу барысында балалардың іс-әрекетін үнемі бақылау.</p> <p>Серуендеуге дайындық топта да жүреді: терезеден қарап, бізді тосын сый күтіп тұрғанын немесе біреу күтіп тұрғанын айтуға болады (бұл алдын ала дайындалған ойыншық болуы мүмкін).</p> <p>Балаларға ескерту: киіну бөлмесіндегі тәртіп ережелерін, киіну ретін сақтау. (<b>қарым-қатынас іс-әрекеті</b>)</p>



<p><b>Серуен</b> <b>10.50-12.30</b></p>	<p><b>Итті бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекет)</b> Мақсат-міндеттері. Жануарлардың сыртқы түр-түсі, мінез-құлық ерекшеліктері туралы білімдерін дамыту; жануарлардың тіршілігіне қызығушылықты, оларға сүйіспеншілікті, қиын жағдайларда көмек көрсетуге ықыласты тәрбиелеу. <b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b> ауланы қоқыстан тазалау. Мақсат-міндеттері. Бір-біріне көмектесуге тәрбиелеу; тазалыққа тәрбиелеу. <b>Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)</b> <b>"Біз көңілді балалармыз".</b> Мақсат-міндеттері. Ойында мәтінді анық айтуға үйрету, ойын ережелерін сақтау. <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар:</b> қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Мақсат-міндеттері. Заттарды нысанаға дәлдеп лақтыру тәсілдерін жетілдіру; көзбен мөлшерлеуді үйрету, қимылдарды үйлестіруді, ептілікті дамыту; физикалық жаттығуларға оң көзқарас қалыптастыру.</p>	<p><b>Жапырақты және қылқан жапырақты ағаштарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)</b> Мақсат-міндеттері. Ағаштар туралы білімді қалыптастыру (оларға не ортақ және қандай айырмашылықтар бар). <b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b> спорт алаңын жинау. Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеуді үйрету. <b>Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)</b> <b>"Қуып жет".</b> Мақсат-міндеттері. Кедргілерден жүгіру дағдыларын жетілдіру. <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар:</b> ұзындыққа секіру. Мақсат-міндеттері. Секіріп жаттығу, екі аяқпен итеру; қимылдарды үйлестіруді жақсарту.</p>	<p><b>Тікұшақты бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекет)</b> Мақсат-міндеттері. Өуе көлігі туралы білімдерін бекіту; ұшқыштын кәсібіне қызығушылық тудыру. <b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b> ауланы тазарту. Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеу қабілетін бекіту. <b>Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)</b> <b>"Ұшақтар".</b> <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар:</b> "Өзенді жүзіп өт". Мақсат-міндеттері. Бөренемен тіке және жанынан жүру жаттығулары.</p>	<p><b>Аула сыпырушының жұмысын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекет)</b> Мақсат-міндеттері. Аула сыпырушының жұмысын бақылауды жалғастыру; сөздік қорын байыту арқылы сөйлеу тілін дамытуға үлес қосу; сыпырушының жұмысына қызығушылық пен құрметке тәрбиелеу; табиғатқа сүйіспеншілікпен қарауға, қоршаған ортадағы заттарды ұқыпты пайдалануға тәрбиелеу. <b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары</b> (белгіленген жерге коқыс жинау.) Мақсат-міндеттері. Қоқысты белгілі бір жерде жинау дағдыларын дамыту; ересектерге көмектесуге ұмтылыстарын тәрбиелеу; сыпырушының құралдарын жеке қарастыру. <b>Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)</b> <b>"Құстар мен жаңбыр".</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың бірге ойнауларына қолдау көрсету; ойындағы серіктестерімен өзара әрекеттесу қабілетін дамыту; аула сыпырушының жұмысымен танысу кезінде алған білімдерін ойын әрекетінде көрсетуге ынталандыру. <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.</b> Мақсат-міндеттері. Кеңістікте бағдарлау, уақытты мөлшерлеу, тепе-теңдікті және ырақты сезінуді жақсарту.</p>	<p><b>Сауысқанды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекет)</b> Мақсат-міндеттері. Сауысқан туралы білімдерін толықтыру, қыстайтын құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. <b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары</b> (күзгі жапырақтарды жинау). Мақсат-міндеттері. Жұмыс тапсырмаларын ықыласпен орындауды үйрету. <b>Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)</b> <b>"Қарға мен ит", "Допты ұста".</b> Мақсат-міндеттері. Құстардың қимылдары мен дыбыстарына еліктеуді үйрету; допты екі қолмен ұстау іскерліктерін жетілдіру. <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.</b> Мақсат-міндеттері. Тепе-теңдікті сақтауды, бір аяқпен тұрып, қолды белге қойып тік тұруды үйрету.</p>
<p><b>Серуеннен оралу 12.30-12.50</b></p>	<p>Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру. Жеңді түру, қолды сабындау, суды шашыратпау, тазарғанша жуу дағдысын дамыту. Айнаға қарану, үсті-басын ретке келтіру, шашын тарау, ас ішуге дайындалуға тәрбиелеу. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>				

<p><b>Түскі ас</b> <b>12.50-13.10</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b> Мақсат-міндеттері. Ас ішу құралдарын дұрыс қолдануды дағдыға айналдыру; дұрыс тамақтану мәдениетін, асты асықпай шайнауды, үстел басында өздерін әдепті ұстауды, нан қиқымын түсірмей жеуді, үлкендерге алғыс айтуды үйрету.</p> <p><b>Көркемсөз</b> Ө.Тұрманжанов "Нан – ардақты адал ас" Нан – ардақты адал ас, Кәрі-жас одан аттамас. Ақ дастарқан үстінде, Қол жумай оны ұстамас. Нан қоқымын шашпандар, Жерде жатса баспандар, Теріп алып, кастерлеп, Торғайларға тастандар.</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)</b></p>				
<p><b>Күндізгі ұйқы 13.10-15.30</b></p>	<p>Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. "Алтын сақа" ертегісін оқып беру. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Аудио тыңдайды. Ж.Байырбекованың «Әлди, әлди» әні <b>(музыка)</b></p>	<p>Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. <b>(музыка)</b></p>	<p>Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Өзіне-өзі қызмет ету дағдылары. «Қайдан келдің бауырсақ?» ертегісін оқып беру. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p>«Ерекше тауық» ертегісін тыңдайды. BilimKids платформасындағы ертегісін тыңдату. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>
<p><b>Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 15.30-.15.40</b></p>	<p><b>Біртіндеп ұйқыдан ояту.</b> Жалпақтабандықтың алдын алу үшін түзету жаттығулары. «Ұшак» жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Омыртканың бұлшық ет корсетін, жамбас белдеуінің бұлшық еттерін күшейту.</p> <p><b>Көркемсөз</b> Ұйықтап жатқан кім екен? Уақыт болды тұратын. Жаттығуды жасайық, Ұйқымызды ашайық! Бізді күтіп тұрмайды, Жылдам алға басайық!</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)</b></p>				

**Бесін ас**  
**15.40-16.00**

**Гигиеналық дағдылар**

Мақсат-міндеттері. Ас ішу құралдарын дұрыс қолдануды дағдыға айналдыру; дұрыс тамақтану мәдениетін, асты асықпай шайнауды, үстел басында өздерін әдепті ұстауды, нан қиқымын түсірмей жеуді, үлкендерге алғыс айтуды үйрету.

**Көркемсөз**

Ө.Тұрманжанов "Нан – ардақты адал ас".

Нан – ардақты адал ас,

Кәрі-жас одан аттамас.

Ақ дастарқан үстінде,

Қол жумай оны ұстамас.

Нан қоқымын шашпандар,

Жерде жатса баспандар,

Теріп алып, кастерлеп,

Торғайларға тастандар.

**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)**

<p><b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 16.00-16.15</p>	<p><b>Дидактикалық ойын. "Ортақ қасиеті бойынша топқа біріктіріл".</b> Мақсат-міндеттері. Балаларды заттардың (құбылыстар, жан-жануарлар, адамдар, ұғымдар) ортақ қасиеттерін байқап, оларды біріктіріп, түсіндіре білу қабілеттерін арттыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу; дүниетанымын кеңейту. Құралдар. Заттар немесе суреттер жиындары (жыл мезгілдері, түрлі өсімдіктер, жабайы аңдар, құстар, түрлі материалдардан жасалған заттар). Педагог өзінің қалауынша көптеген себептерге сүйеніп, тапсырмалар санын реттейді. Педагог осы жаттығуды ауызша да жүргізе алады. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Жол жүру ережесі".</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың жол жүру ережелері, көшедегі қозғалыстар, жол қозғалысына қатысушы тараптар: жүргізуші, полицей, жүргінші жөніндегі ұғымдарын нығайту; олардың жол жүру ережесін сақтаудағы атқаратын рөлі неде екенін анықтау; тәртіптілікке, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Бағдаршам, жол жүрудің негізгі белгілері, жүргіншілер жолы және үйлердің кескіндері; рульдер, ысқырық; қуыршаққа арбалар. Шарты. Педагог балалармен бірге дайындық жұмыстары ретінде жол қозғалысы жайында суреттерді қарап, түрлі жағдаяттармен бейнебаяндарды тамашалайды. Балалар жолдағы қозғалысқа қатысатын жүргізушілер, полицей, жүргіншілер сияқты адамдардың міндеттерін анықтайды. Балалар көше қозғалысына қатысатын мамандарды өздері тандайды немесе санамалды қолданады (жүргізушілер, полицей, жүргіншілер). Жол қозғалысына қатысушылар өз рөлдеріне сай қажет киім үлгілерін және құралдарды</p>	<p><b>Дидактикалық ойын. "Дұрыс па? Бұрыс па?" (етістік арқылы сипаттау)</b> Мақсат-міндеттері. Балаларға белгілі жан-жануардың (адамның, құбылыстың) қимыл-қозғалыс ерекшелігін сөздермен сипаттауды тыңдатып, сипаттама дұрыс немесе дұрыс еместігін анықтату, дұрыс нұсқаны айтуға ынталандыру; қоршаған әлем заңдылықтары жайындағы білімдерін нығайту; сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту; дүниетанымын кеңейту. Балалардың жауаптары мынадай болуы мүмкін: "Қасқыр шаңкылдамайды, ұлиды", "жел тамшыламайды, соғайды, еседі", "құс жорғаламайды, ұшайды", "балық ұшпайды, жүзеді" және тағы басқа. Педагог тапсырмаларды тек жануарларға немесе тек құбылыстарға байланысты бере алады. Бұл ойынның нұсқалары көп. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Ұшақпен сапар".</b> Мақсат-міндеттері. Балаларға ұшақпен сапарға шығу қандай әрекеттерден тұратынын, әуежайдың қандай орын екенін түсіндіру; ұшқыш-пилот, стюардесса, есепші, бақылаушы полиция сияқты мамандар туралы ұғымдар қалыптастыру; ұшақтарда жолаушылардың қандай тәртіп бойынша саяхаттай алатыны жайлы және білімдерді пысықтау; ойындағы рөлдік әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне, сыпайылыққа тәрбиелеу. Құралдар: "ұшақтың борты" - орындықтарды екі қатарға тізу; ұшқыш, стюардесса, полицей, есепшінің киім үлгілері (бас киімдері); ұшқыш-пилоттың алдында тұратын ұшақты жүргізуге арналған батырмалары бар панель; сусындар мен шырындардың бос ыдыстары; тағамдар макеттері; терминалда тұратын бақылау өткелінің макеті; сөмкелер мен</p>	<p><b>Вариативті компонент - Жас зерттеуші</b> "Саңырауқұлақтар құпиясы" Мақсат-міндеттер: саңырауқұлақтардың табиғаттағы және адам өміріндегі маңызы туралы түсінік беру, улы саңырауқұлақтардың адам өміріне қауіпті екендігі туралы түсінік беру.</p> <p><b>Дамытушы ойын. "Жылы сөздер қобдишасы".</b> Мақсат-міндеттері. Балаларды адам, күн райы, құбылыс, мезгіл, зат, жан-жануар жайында жылы, сыпайы сөздерді айтуға ынталандыру; жағымды эмоциялар сферасын дамыту; сөздік қорды байыту; сыпайылыққа, өршіл көзқарас (оптимизм) сезімін тәрбиелеу. Құралдар. Адам, күн райы, тәулік, жыл мезгіліне тән құбылыс, зат, жан-жануар салынған суреттер. Балалардың жауаптары мынадай болуы мүмкін: "Әкеміз айбарлы, адал, еңбеккер адам", "Күн жанбырлы болса да, біздің қолымызда шатыр бар", "Күніміз қандай жарқын, аспанымыз ашық, бүкіл жер күннің жылы нұрына толды". <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Автобус".</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың автобуста қызмет ететін мамандар: жүргізуші және кейбір көліктерде қызмет ететін бақылаушы туралы білімдерін тиянақтау; қоғамдық көлікте әдептілік және қауіпсіздің ережелерін меңгерту, ұстануға ынталандыру; сыпайылық негізінде қарым-қатынастар құруға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Автобус салонының білдіретін үлгі, орындықтардың белгілі қатарда тізіліп тұруы; билеттер жинақтамасы, ойыншық смартфондар (төлемдер жасау үшін); бақылаушыға, жүргізушіге киім үлгілері.</p>	<p><b>Дамытушы жаттығу. "Не жоқ?"</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың қабылдау, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту; зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу. Құралдар: түрлі заттар мен ойыншықтар. Шарты. Педагог балалардың алдына таныс ойыншықтарды немесе заттарды, жазықтықта әрқалай орналастырып, бір топ күйінде ұсынады. Саны алғашында 6-дан басталады, содан соң 10-12-ге де жеткізуге болады. Балалар көзін жұмып тұрады, педагог ойыншықтардың бірін алып тастайды. Балалар көздерін ашып, қандай ойыншықтың жоқ екенін атайды. Ойын бірнеше рет қайталанады. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Кемемен саяхат".</b> Мақсат-міндеттері. Балаларға кемемен саяхаттау қалай өтетіні туралы, теңіз порты қандай орын екенін түсіндіру; кеме капитаны, даяшы, күтушілер, есепші, бақылаушы полиция сияқты мамандықтар туралы ұғымдар қалыптастыру; кемедегі жолаушылар саяхат кезінде қандай тәртіпті ұстанатыны туралы және білімдерін пысықтау; ойындағы рөлдік әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне, сыпайылыққа тәрбиелеу. Құралдар. Жасанды кеме бортын құрастыру үшін, орындықтарды екі бөлек қатарға тізу; капитан, күтуші, полицей, есепшінің киім үлгілері (бас киімдері); капитанның алдында кеме жүргізуге қажет батырмалары бар панель; сусындар мен шырындардың бос ыдыстары; тағамдар макеттері; терминалда тұратын бақылау өткелінің макеті; сөмкелер мен қораптар, ойыншық немодандар, ойыншық смартфондар; билеттер және жеке куәлікті</p>	<p><b>Дамытушы ойын. "Қандай және саны қанша геометриялық пішіндерден құрылғанын айт".</b> Мақсат-міндеттері. Балаларда геометриялық пішіндерді ажырату, санау, ой шашпаңдығын, зейінін дамыту; ұғымталдыққа, зияткерлікке тәрбиелеу. Құралдар. Түрлі геометриялық пішіндерден құрылған бейнелердің сызбалы суреттері. Шарты. Балалар түрлі геометриялық пішіндерден құрылған суреттерге кезегімен қарап, қандай және саны қанша геометриялық пішіндерден құрылғанын айту керек. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Көлік жөндеу шеберханасы".</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың түсінігіндегі көлікті жөндеу шеберханасы жайындағы ұғымдарын кеңейту; көлікті жөндеу шеберханасында еңбек ететін мамандар (механик, слесарь, программист (бағдарламашы) жөнінде білімдерін кеңейту, тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, төзімділікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Көлік жөндеу шеберханасында қолданылатын ойыншық құрал-жабдықтар: бұрағыш, балға, тістеуік, қысқыштар; ойыншық көліктер, дөңгелектер, майлықтар; шеберханада еңбек ететін мамандарға киім үлгілері; ойыншық ноутбук. Шарты. Педагог балалармен көлікті жөндеу жұмыстарына қатысатын мамандар жөнінде бұдан бұрындық аңғімелеседі. Балалар механик, слесарь, программист (бағдарламашы), жүргізуші сияқты мамандардың міндеттерін анықтайды. Балалар көліктерді жөндеу жұмыстарына қатысатын мамандардың рөліне бөліне бастайды, өздеріне қажет киім және құралдарды алып, өз орындарына барады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды; диалогтарға өзі де қатысуы мүмкін. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: көліктерді жөндеу үшін, оларды дөрігер сияқты тексеру керек; жөндеу жұмыстарын жасаған кезде қауіпсіздік ережелерін сақтау керек. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p>
---	--	--	--	---	--

<p><b>Балалармен жеке жұмыс</b> <b>16.15-16.30</b></p>	<p>Дидактикалық ойын. "Қазынасы бар сандық". Мақсат-міндеттері. Балалардың танымдық қабілеттерін дамыту. Көрнекі құралдар. Қорап (сөмке); қорапқа (сөмкеге) салынған кез келген жеуге болатын (жеуге болмайтын) заттар. <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекет)</b></p>	<p>Дидактикалық ойын. «Шектес сандарды ата». Мақсат-міндеттері. Балалардың ойынға қызығушылықтарын арттыру, ойлау қабілеттерін дамыту. Ойын ережесі. Бұл ойын үшін бірнеше бөліктен жасалған карточка болу керек. Торкөзге жазылған сандар, ал бір торкөзге сан жазылмайды. Балалар сол жоқ санды тауып алып атау керек. Ойын бірнеше рет қайталанады. <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)</b></p>	<p>Балалармен "Көлік" тақырыбында әңгімелесу. Сюжетті-суреттер қарастыру. Сұрақтар қою. Балалардың сұрақтарға толық жауап беруін талап ету. <b>(қарым-қатынас іс-әрекет)</b></p>	<p>"Көлік түрлері" тақырыбында әңгімелесу. Мақсат-міндеттері. Бала тілін дамыту. Оразакын Асқар "Машина". Машина істе-серігің, Жолға шықсаң-көлігің. Айта қойшы, сен, інім, Шығаратын оны кім?  Тас қорытып домнада Металл құйса құрышшы, Машинаны заводта Жасар іскер жұмысшы. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Қауіпсіздік ережелері жайлы әңгімелесу.</b> Мақсат-міндеттері. Бала тілін дамыту. Зайда Елғондинова "Светофор". Көшеде ол тұрады, Көрмей қалма сен оны. Жанса қызыл шырағы: "Тоқта, жолдас!"- дегені.  Көшеде ол тұрады, Көрмей қалма сен оны. Жанса сары шырағы: "Ал, дайындал!"- дегені.  Көшеде ол тұрады, Көрмей қалма сен оны. Жанса жасыл шырағы: "Ал, өте бер!"- дегені. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>
<p><b>Серуенге дайындық</b> <b>16.30-16.50</b></p>	<p>Алдымен, топтағы аяқкиімдерін далаға киетін киімін ауыстырады, орнына қояды, киімдерді ретімен киюді үйрету. Ауыстырған киімдерін бүктеп орнына қойғандарын қадағалау, ойын арқылы жылдамдыққа үйрету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b></p>				

<p><b>Серуен</b> <b>16.50-18.00</b></p>	<p><b>Итти бақылауды жалғастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекет)</b> Мақсат-міндеттері. Жануарлардың сыртқы тұрқы, мінез-құлық ерекшеліктері туралы білімдерін дамыту; жануарлардың тіршілігіне қызығушылықты, оларға сүйіспеншілікті, қиын жағдайларда көмек көрсетуге ықыласты тәрбиелеу.</p> <p><b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b> ауланы қоқыстан тазалау.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Бір-біріне көмектесуге тәрбиелеу; тазалыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)</b> "Біз көңілді балалармыз". Мақсат-міндеттері. Ойында мәтінді анық айтуды үйрету, ойын ережелерін сақтау.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар:</b> қарым-қатынас дағдыларын дамыту.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Заттарды нысанаға дәлдеп лақтыру тәсілдерін жетілдіру; көзбен мөлшерлеуді үйрету, қимылдарды үйлестіруді, ептілікті дамыту; дене жаттығуларына оң көзқарас қалыптастыру.</p>	<p><b>Жапырақты және қылқан жапырақты ағаштарды бақылауды жалғастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекет)</b> Мақсат-міндеттері. Ағаштар туралы білімді қалыптастыру (оларда не ортақ және қандай айырмашылықтар бар).</p> <p><b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b> спорт алаңын жинау.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеуді үйрету.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)</b> "Қуып жет". Мақсат-міндеттері. Кедергілерден жүгіру дағдыларын жетілдіру.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар:</b> ұзындыққа секіру.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Секіріп жаттығу, екі аяқпен итеру; қимылдарды үйлестіруді жақсарту.</p>	<p><b>Тікұшақты бақылауды жалғастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекет)</b> Мақсат-міндеттері. Өуе көлігі туралы білімдерін бекіту; ұшқыштың кәсібіне қызығушылық тудыру.</p> <p><b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b> ауланы тазарту.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеу қабілетін бекіту.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)</b> "Ұшақтар". <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар:</b> "Өзенді жүзіп өт". Мақсат-міндеттері. Бөренемен тіке және жанынан жүру жаттығулары.</p>	<p><b>Аула сыпырушының жұмысын бақылауды жалғастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекет)</b> Мақсат-міндеттері. Аула сыпырушының жұмысын бақылауды жалғастыру; сөздік қорын байыту арқылы сөйлеу тілін дамытуға үлес қосу; сыпырушының жұмысына қызығушылық пен құрметке тәрбиелеу; табиғатқа сүйіспеншілікпен қарауға, қоршаған ортадағы заттарды ұқыпты пайдалануға тәрбиелеу.</p> <p><b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары</b> (белгілі жерге қоқыс жинау.) Мақсат-міндеттері. Қоқысты белгілі бір жерде жинау дағдыларын дамыту; ересектерге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; сыпырушының құралдарын жеке қарастыру.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)</b> "Құстар мен жанбыр". Мақсат-міндеттері. Балалардың бірге ойнауларына қолдау көрсету; ойындағы серіктестерімен өзара әрекеттесу қабілетін дамыту; аула сыпырушының жұмысымен танысу кезінде алған білімдерін ойын әрекетінде көрсетуге ұмтылуға ынталандыру.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.</b> Мақсат-міндеттері. Кеңістікті бағдарлау, уақытты мөлшерлеу, тепе-теңдікті және ырғақты сезінуді жақсарту.</p>	<p><b>Сауысқанды бақылауды жалғастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекет)</b> Мақсат-міндеттері. Сауысқан туралы білімдерін толықтыру, қыстайтын құстарға қамқорлық танытуға тәрбиелеу.</p> <p><b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары</b> (күзгі жапырақтарды жинау). Мақсат-міндеттері. Жұмыс тапсырмаларын ықыласпен орындауды үйрету.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)</b> "Қарға мен ит", "Допты ұста". Мақсат-міндеттері. Құстардың қимылдары мен дыбыстарына еліктеуді үйрету; допты екі қолмен ұстау іскерліктерін жетілдіру.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.</b> Мақсат-міндеттері. Тепе-теңдікті сақтауды, бір аяқпен тұрып, қолды белге қойып тік тұруды үйрету.</p>
<p><b>Серуеннен оралу</b></p>	<p>Балалардың киімдерін ретпен шешу, шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыру дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Женді түру, қолды сабындау, суды шашыратпау, тазарғанша жуу дағдысын дамыту.</p> <p>Айнаға қарану, үсті-басын ретке келтіру, шашын тарау, ас ішуге дайындалуға тәрбиелеу.</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>				

<p><b>Кешкі ас</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b>          Мақсат-міндеттері. Ас ішу құралдарын дұрыс қолдануды бекіту; дұрыс тамақтану мәдениетіне баулу, тамақтану кезінде асты асықпай шайнау, үстел басында өздерін әдепті ұстауды, нан қиқымын түсірмей жеуді, үлкендерге алғыс айтуды үйрету.</p> <p><b>Көркемсөз</b>          Ө.Тұрманжанов "Нан – ардақты адал ас".          Нан – ардақты адал ас,          Кәрі-жас одан аттамас.          Ақ дастарқан үстінде,          Қол жумай оны ұстамас.          Нан қоқымын шашпандар,          Жерде жатса баспаңдар,          Теріп алып, қастерлеп,          Торғайларға тастандар.</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)</b></p>				
<p><b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)</b></p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық. <b>(музыка)</b></p> <p>Өнер бұрышында нан тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. <b>(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)</b></p> <p>Логикалық, танымдық ойындар, басқатырғыш ойындар. <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сурет салудан ойын-жаттығу</b>          "Автобус".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды қағаздың толық бетіне автобусты салуды үйрету; автобустың құрылымындағы барлық бөлшектерді орнымен орналастыруды үйрету.</p> <p>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет)</b></p> <p>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. <b>(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>				
<p><b>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) 18.00-18.30</b></p>	<p>Әңгіме жүргізу: "Бала танымын дамытудың маңыздылығы".</p>	<p>«Балабақша және отбасы» спорт ойынына ата-аналар тізімін дайындау.</p>	<p>«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».</p>	<p>Балалар отбасында өздігінен не істей алатыны туралы әңгімелесу.</p>	<p>"Үйде демалысты қалай өткізу керек?" әңгімелесу.</p>

## ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) \_\_\_\_\_

Топ: мектепалды

Балалардың жасы: 5 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 13.11 - 17.11.2023ж.

Педагогтың аты-жөні \_\_\_\_\_

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
	13.11	14.11	15.11	16.11	17.11
<b>Балаларды қабылдау 08.00-08.15</b>	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>				
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кенес беру 08.15-08.30</b>	"Баланы ғаламтордың зиянды әсерінен қалай қорғауға болады?" тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу.				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер 08.30-08.55</b>	"Өсімдіктерді құнарландыру". Мақсат-міндеттері. Балаларға өсімдіктердің қоректік заттарды топырақтан алатынын, топырақтың құнары біртіндеп таусылатынын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйеніп, өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттілігі туралы айту, нақты іс-әрекетпен көрсету. <b>(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>	"Біз топ бөлмесі мен жатын бөлмедегі терезе алды тақтайын дымқыл шүберекпен сүртеміз". Мақсат-міндеттері. Балаларды сумен жұмыс істегенде келесі ережелерді сақтауды үйрету: жеңді тұру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, кірлегенде сумен шаю. <b>(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>	"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз". Мақсат-міндеттері. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы жылдам, мұқият орындау. <b>(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>	"Кітап бұрышындағы еңбек". (кітаптарды қалпына келтіру). Мақсат-міндеттері. Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауды, оларды мұқият желімдеуді үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарауға, жұмыс істеуге, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу. <b>(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>	"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз" Мақсат-міндеттері. Балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға, еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b>



	<p><b>ҚР. Гимнін орындайды.</b> Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. <b>(музыка)</b></p> <p><b>Үстел үсті ойыны.</b> <b>"Лото".</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың зейінін дамыту. Заттарды топтастыруды үйрету. Байқампаздыққа баулу. <b>(танымдық іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Қимылды ойын. «Жолаушылар»</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың көңілдерін көтеріп саяхатқа шығару. Көлік түрлерімен танысады. Жолға шыққанда балаларға жол жүру ережесін түсіндіріледі. <b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p><b>Дамытушы ойын.</b> <b>"Әріптерді жинау".</b> Мақсат-міндеттері. Осы әріптерден сөздерді құрастыру, дыбыстық, әріптік талдау жасау қабілеттерін дамыту. Ойын материалдары мен көрнекі құралдар: бала санына қарай бойынша бөлінген алфавит. Сипаттама. Педагог әріптерді атайды, балалар оларды алфавиттен теріп алады, сөздер құрайды. Дұрыс жазылған сөз үшін бала бір ұпай алады. Ойынның соңында көп ұпай жинаған бала жеңіске жетеді. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Шағын кітапхана</b> Мақсат-міндеттер: Балалардың қалауымен кітаптарды қарайды. Жаңа кітаптармен танысады. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Өз төсегімзді жинауды үйренеміз"</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға, еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p> <p><b>"Ыстық картон" қимыл-қозғалыс ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Доптың шеңбер бойымен берілуін қамтамасыз ету. Ойыншылар шеңберге тұрады, ойыншылардың бірі допты қолына ұстайды. Музыка әуенімен немесе дабыл дауысы берілгенде балалар допты бір-біріне шеңбер бойымен береді. Музыка тоқтаған бойда, қолында доп бар ойыншы ойыннан шығады. Ойын жеңіске жеткен 2 ойыншы қалғанға дейін жалғасады. Допты беру кезінде лақтырмау; допты қолынан түсіріп алғандар ойыннан шығарылады. <b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p><b>Дамытушы лото.</b> <b>"Геометриялық фигуралар".</b> Мақсат-міндеттер. Геометриялық фигуралар мен түстер туралы білімді нығайтады, зейін, қабылдау, логикалық ойлауды дамытады. <b>(танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Лего ойындары «Аңдар әлемі»</b> Мақсат-міндеттер. Лего ойындарын пайдалана отырып, аңдардың бейнесін құрастырады. <b>(танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет)</b></p> <p><b>"Этикет ережелері".</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың мінез-құлқы мен қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру, этикет ережелерімен танысу, әртүрлі өмірлік жағдайларда балалардың мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, балалардың айналасындағы адамдармен қарым-қатынас дағдыларын дамыту, балаларға қоғамда қажетті адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу, сөйлеуді дамытуға ықпал ету: дұрыс, дәл және әдемі сөйлеу, сөздік қорын байыту, зейін мен есте сақтауды дамыту. <b>(танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Үстел үсті ойыны.</b> <b>"Дойбы".</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың ойлау қабілетін, зейінін дамытады. Зеректікке баулиды. Ойынның мақсат-міндеттері. Қарсыласының тастарын түгел жою немесе жүріс жолдарын бөгеу тастау. <b>(танымдық іс-әрекеті)</b></p> <p><b>М. Монтессори технологиясымен жұмыс.</b> Мақсат-міндеттер. Геометриялық пішіндермен әр түрлі құрастыру жұмыстарын жүргізу. <b>(танымдық іс-әрекет)</b></p> <p><b>Логикалық ойын: Дьенеш ойын жиынтығы</b> Мақсат-міндеттер: Балалардың логикасы дамиды. Ойынға деген қызығушығы артады. <b>(танымдық іс-әрекет)</b></p>
--	---	---	---	--	---

<p><b>Таңертеңгі жаттығу</b> <b>08.55-09.00</b></p>	<p><b>Жалпы дамыту жаттығулары (гимнастикалық таяқшалармен)</b>  Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау.  1-таяқшаны алға созу;  2-оң қолды төмен түсіріп, сол қолдағы таяқшаны тігінен ұстап, жоғары көтеру;  3-таяқшаны алдыға созып ұстау;  4-сол қолды төмен түсіріп, таяқшаны оң қолға ауыстырып, таяқшаны жоғары көтеру;  5-таяқшаны алдыға созып ұстау;  6-бастапқы қалыпқа келу.  Бастапқы қалып: аяқтың арасын ашып тұру, екі қолды шынтақтан бүгіп, таяқшаны кеуде тұста ұстау.  1-2-алға иілу, еденге қолды тигізу;  3-4- бастапқы қалыпқа оралу.  Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқша еденде жатады.  1-оң аяқпен таяқшаны аттап, алға бір адым жасау;  2-сол аяқты оның қасына алып келу;  3-оң аяқпен таяқшаны аттап, артқа бір адым жасау;  4-сол аяқпен артқа бір адым жасау.  Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстап, жауырыңға қойып тұру.  1- таяқшаны жоғары көтеру;  2-оңға иілу;  3-түзу тұрып, таяқшаны жоғары көтеру;  4-бастапқы қалып. Дәл солай сол жақпен орындалады.  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)</b></p>
<p><b>Таңғы ас</b> <b>09.00-.09.20</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b>  Мақсат-міндеттер: балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке жұмыс; этикет ережесі.  Көркемсөз  Дос бол сабын, сумен сен,  Жиі-жиі жуын сен,  Таңертен де, кешке де,  Жуын күндіз де, кешке де,  Жуын күндіз де, түсте де,  Жуын тамақ алдында,  Жуын тамақ соңында,  Жуын ұйықтар кезінде,  Жуын тұрған мезгілде.  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b></p>

<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b> <b>09.20-09.30</b></p>	<p><b>Санамақтар айтқызу.</b> Қасқыр қақты қақпаны. - Ашындар, тез! - айтқаны. Сол-ақ екен лақтар, Титтей-титтей шұнақтар Жан-жағына жүгірді, Жасырынып үлгерді. Бірі - төсек астына, Бірі - пештің қасына, Бірі - сәкі астына, Бір - астына керует, Бірі - тапқыр керемет, Отыр бөшке түбінде, Қанша лақ бар бұл үйде? <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Қажетті киімді ал".</b> Мақсат-міндеттері. Балаларға қысқы және жазғы киімдерді ажыратуды үйрету. Зейін, еске сақтау және логикалық ойлауды тәрбиелеу. Ойын ережелері: қуыршаққа дұрыс киімді таңдау. Ойын әрекеті: қуыршаққа қажетті киімді табу. Дидактикалық материал. Бала санына қарай қуыршақтар мен олардың киімдерінің пішіндері. Қысқы көріністің суреттері. Ойын барысы. Балалардың алдындағы үстелде қуыршақтар, олардың қысқы және жазғы киімдері бейнеленген. Педагог жазғы және қысқы көріністерді білдіретін суреттерді көрсетеді. Балалар қуыршақтарға жыл мезгіліне сәйкес киімді кигізу керек. <b>(таным іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p>Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Атамнан басталар, Әжеммен қосталар. Отбасым мыналар; Ең жақын адамдар Әкем мен анам бар, Бір туған ағам бар, Бір туған апам бар ... Бәрін жақсы көремін Еркелеймін, еремін! <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>«Суреттерді орналастыр» ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: торкөз салынған қағаз беттері, әртүрлі суреттер. Ойынның мазмұны. Балалар берілген суреттерді әр бағанмен жолға олардың бірі ғана келетіндей етіп, шаршы торкөздерге орналастырады. <b>(танымдық іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>«Көзінді жұм, қолыңмен анықта».</b> Мақсат-міндеттері. Ұзын - қысқа, жуан - жіңішке, үлкен - кішкентай ұғымдарын бекіту. Ойынның құрал-жабдықтары: қарындаштар, таяқшалар. Ойынның мазмұны. Балалар сипап сезу арқылы заттың ұзын-қысқалығын анықтайды. Ұзындығы әртүрлі қарындаштар алынады. Жүргізуші бір баланы шақырып, оған «көзінді жұм да, қарындаштың ұзын-қысқалығын анықта» деген тапсырма береді. <b>(танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>
---	---	---	--	--	--

<p><b>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b> <b>09.30-10.35</b></p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> "Д" дыбысы және Д д әрпін қайталау" Мақсат-міндеттері: [д] дыбысы және Д д әріптермен таныстыру. Артикуляция бойынша дыбыстарды дұрыс айтуды қайталау.</p> <p><b>Қазақ тілі</b> "Орман жануарлары." Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы жабайы жануарлар, олардың тіршілік ету ортасы және тамақтануы туралы білімдерін кеңейту; аналық жануарлардың атауларымен таныстыру; төлдерінің аттарын бекіту; «Қасқырды қанша асырасаң да, орманға қарап ұлиды» мақалының негізінде жабайы табиғат туралы түсінігін дамыту; интеллектуалды карталарды модельдеу және қарапайым сөйлемдерді құру негізінде жабайы жануарлардың өмірі туралы қазақ тілінде әңгімелеуді үйрету; есту қабілеті мен зейінін, жадын, эмоцияларын дамыту; достыққа, жануарлар әлеміне қамқорлық танытуға тәрбиелеу.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> "Мергендікті шындайық". Мақсат-міндеттері. Балаларға оң және сол аяқтарымен кезектесіп заттардың арасымен (арақашықтығы 3 м) жүгіруді үйрету.</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b> "Аңдар неге ұйқыға кетеді?" Мақсат-міндеттері. Балаларға жабайы жануарлардың қысқы уақытқа дайындығы, қыста қалың ұйқыға батуы, тіршілігі туралы білімдерін ойын жағдайлары арқылы бекіту; жануарлар өміріндегі өзгерістердің өлі табиғаттағы өзгерістерге тәуелділігін анықтауды үйрету.</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> "[ы] дыбысы және Ы ы әрпі". Мақсат-міндеттері:[ы] дыбысын таныстыру.</p> <p><b>Математика негіздері</b> "Хайуанаттар бағындағы аңдарды көрдің бе?" Мақсат-міндеттері. Балалардың "жеті" саны мен цифры туралы түсініктерін қалыптастыру, оны тану, атай білу іскерлігін жетілдіру.</p> <p><b>Музыка</b> "Музыкалық сағат". Мақсат-міндеттері. Балалардың бақа туралы әнге қызығушылығын арттыру; әннің сөздік мағынасын эмоционалды қабылдауды үйрету.</p> <p><b>Сөйлеуді дамыту</b> "Кел, жаттайық. Ә. Асылбеков. «Әдептілік әліппесі". Мақсат-міндеттері. Өлеңде кездесетін сөздердің мағынасын түсіндіру.</p>	<p><b>Математика негіздері</b> "Хайуанаттар бағындағы аңдарды көрдің бе?" (пысықтау) Мақсат-міндеттері: балалардың "жеті" саны мен цифры туралы түсініктерін қалыптастыру, оны тану, атай білу іскерлігін жетілдіру.</p> <p><b>Қазақ тілі</b> Т-Д дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әріптері (атау, жазу негіздері). Мақсат-міндеттері. Балаларға [-т], [-д] дыбыстарын, Т т, Д д әріптерін таныстыру; Т т, Д д әріптерін ауада жазып көрсету; [-т], [-д] дыбыстарының нақты артикуляциялық қалпын қалыптастыру, естіп, ажыратуды үйрету, буындарда, сөздерде дұрыс айтуды дағдыландыру; [-т], [-д] дыбыстарын сөздің кез келген жерінен (сөздің басында, ортасында, аяғында) тауып көрсетуді үйрету; [-т], [-д] дыбыстары кездесетін сөзге мысал келтіріп, сол сөздерді қатыстырып, сөйлем құрастыру арқылы сөздік қорларын толықтыру, ойын тиянақты жеткізе білуге баулу, байланыстыра сөйлеуге тәрбиелеу. Төзімділікке, ұқыпты, әдемі, таза жазуға дағдыландыру. Жабайы жануарлардың мекені, қоректенуі туралы түсініктерін кеңейту.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> "Түрлі нысандарды көздеп түсіру". Мақсат-міндеттері. Балаларға адымдап алға қарай жүру; доғаның астымен қолына допты ұстап еңбектеу (биіктігі 50 см); тепе-теңдікті сақтай отырып, орындықтың үстімен текшелерден аттап жүруді үйрету.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b> «Қоянның үйшігі» орыс халық ертегісі қойылымын қарау. Мақсат-міндеттері. Балаларға үлкендер және құрдастарымен диалог құруды; ойнау, сөйлесу арқылы қарым-қатынас жасауды; көркемсөзді қолдануды, қысқаша сипаттама беруді үйрету.</p>	<p><b>Математика негіздері</b> "Жеті күн қасиеті". Мақсат-міндеттері. Балаларға апта күндерінің белгілі тізбекте тұратыны туралы ұғымдары қалыптастыру, атауларын жаттату; жеті саны қатысатын ертегілер мен ұғымдарды пысықтау; «жеті қазына» және адамның өміріндегі жеті санымен байланысты ұғымдарды топтастыруды үйрету.</p> <p><b>Сөйлеуді дамыту</b> "Кел, жаттайық. Ә. Асылбеков. «Әдептілік әліппесі" пысықтау. Мақсат-міндеттері. Өлеңде кездесетін сөздердің мағынасын түсіндіруді пысықтау.</p> <p><b>Музыка</b> "Ертегілер әлемі". Мақсат-міндеттері. Балалардың көңілді музыкаға қызығушылығын арттыру; ән айту кезінде әнді эмоционалды қабылдауды үйрету.</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b> "Табиғат ғажайыптары". Мақсат-міндеттері. Балалардың табиғат туралы түсініктерін кеңейту; жаңбырдың табиғаттағы су айналымының айнымас бөлігі екеніне көз жеткізу; аврора және кемпіркосак сияқты табиғи құбылыстардың айырмашылықтары туралы түсініктер беру.</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> "[ы] дыбысы және Ы ы әрпін қайталау". Мақсат-міндеттері: [ы] дыбысы және әрпі туралы білімін пысықтау. [ы] дауысты дыбыс екенін аңарту, сөзді оқу, жазу, сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйрету.</p> <p><b>Құрастыру</b> "Чунга-Чанга аралынан пошта келді". Мақсат-міндеттері. Балаларға қатты қағазды екіге және бірнеше рет қайтара бүктеу әдісі бойынша пілді құрастыруды үйрету.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> "Алға жылжи отырып бір аяқпен секіру". Мақсат-міндеттері. Балаларды алға жылжып, бір аяқпен секіру, екінші аяқпен үрмелі допты алға домалатуды үйрету.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b> «Қоянның үйшігі» орыс халық ертегісі қойылымын қарау" пысықтау. Мақсат-міндеттері. Балаларды үлкендермен және құрдастарымен диалог құруды, ойнау, сөйлесу арқылы қарым-қатынас жасауға түрткі болу; көркемсөзді қолданып, қысқаша сипаттама беруді пысықтау.</p>
--	--	--	--	---	--

2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркемсөзді қайталау)				
Серуенге дайындық 10.35-10.50	Серуендеуге дайындық. 1. Алдағы іс-шараға арналған ереже: шығу алдында топты ретке келтіру; киіну бөлмесінде өзін-өзі ұстау ережелерін қайталау. 2. Киімді киіндіру алгоритмін қайталау. 3. Әр түрлі ауа райында (қар, жаңбыр, жел) көшеде жүру ережелеріне баса назар аудару. Тәрбиеші көшедегі жағдайды өзі таңдайды. 4. Балалар өздері киінеді. Тәрбиешінің немесе басқа баланың көмектесуіне болады. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуен 10.50-12.30	<p><b>Шыршаларды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың таныс ағаштарды бір немесе екі белгі бойынша табу қабілетін бекіту; шыршаның ерекшеліктерін және оның көмегімен оны басқа ағаштардан ажырату іскерліктерін дамыту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ұсақ коқыстарды жинау). Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеу қабілетін қалыптастыру. <b>Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру) "Бос орын".</b> Мақсат-міндеттері. Шапшаңдықты, ептілікті дамыту. <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері:</b> "Жалаушаға тезірек жет". Мақсат-міндеттері. Шеңбер бойымен сап түзей білу, еңбектеу жаттығулары.</p>	<p><b>Қарғаны бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттері. Қарға туралы білімдерін толықтыру; құстардың өміріне қызығушылықтарын арттыру. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (коқыстарды жинау). Мақсат-міндеттері. Тазалық пен тәртіпке дағдыландыру; топпен жұмыс істеуге құштарлықты ояту. <b>Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру) "Қақпандар", "Лақтыру - ұстау".</b> Мақсат-міндеттері. Қимылды ойындар барысында дербестікті дамыту. <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері:</b> аяқтың ұшымен жүру. Мақсат-міндеттері. Қол мен аяқтың үйлесімді қимылдап жүру қабілетін бекіту.</p>	<p><b>Құстарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттері. Құстарды іздеріне қарап ажыратуды үйрету. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (аумақты ұсақ тастардан және құрғақ бұтақтардан тазарту). Мақсат-міндеттері. Ұжымдық жұмысқа ынталандыру. <b>Қимыл-қозғалыс ойындары. "Лақтыр да, ұстап ал".</b> Мақсат-міндеттері. Допты екі қолмен ұстап алу және лақтыру іскерліктерін жетілдіру. <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері:</b> қозғалыстарды дамыту, екі зат арқылы секіру дағдыларын бекіту.</p>	<p><b>Шетенді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттері. Шетеннің суық мезгілде жануарлар мен құстарға тигізетін пайдасы туралы білімдерін бекіту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ауладағы тастарды жинау.) Мақсат-міндеттері. Ауладағы тазалықты байқау қабілетін қалыптастыру. <b>Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру) "Ұшақтар", "Торғайлар мен мысық".</b> Мақсат-міндеттері. Педагогтің белгісі бойынша қимылдарды жылдам орындауды және көрсетілген бағытта жүгіруді үйрету, достыққа тәрбиелеу. <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері:</b> "Себетке дәл түсір". Мақсат-міндеттері. Дәлдікті, көзбен мөлшерлеуді дамыту.</p>	<p><b>Қайың мен шетенді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттері. Ағаштардың сыртқы түріне (ұқсастықтары мен айырмашылықтары) салыстырмалы талдау жүргізуді үйрету; ағаштарға сипаттама беру, ағаштың өсуіне қажетті жағдайлар туралы түсініктерін бекіту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (коқыстарды жинау). Мақсат-міндеттері. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. <b>Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру) "Мысық пен тышқандар", "Доп" (2-3 ойнатылады).</b> <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері:</b> қозғалыстарды дамыту, қозғалыстарды дамыту. Мақсат-міндеттері. Жүгіру техникасын жетілдіру, жеңіл, жігерлі қимылдарды қалыптастыру.</p>

Серуеннен оралу 12.30-.12.50	<p>Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру.  Жеңді тұру, қолды сабындау, суды шашыратпау, тазарғанша жуу дағдысын дамыту.  Айнаға қарану, үсті-басын ретке келтіру, шашын тарау, ас ішуге дайындалуға тәрбиелеу.  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>				
<b>Түскі ас 12.50-13.10</b>	<p><b>Гигиеналық дағдылар.</b>  Мақсат-міндеттері. Балалардың назарын тағамға аудару; тамактану мәдениетін үйрету; этикет ережесі.  <b>Көркемсөз</b>  Дос бол сабын, сумен сен,  Жиі-жиі жуын сен,  Таңертен де, кешке де,  Жуын күндіз де, кешке де,  Жуын күндіз де, түсте де,  Жуын тамақ алдында,  Жуын тамақ соңында,  Жуын ұйықтар кезінде,  Жуын тұрған мезгілде. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)</b></p>				
<b>Күндізгі ұйқы 13.10-15.30</b>	<p>Өз төсек орнын тауып, жатуды үйренеді.  «Қаршақыз» ертегісін оқып беру.  <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p>Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйренеді.  Балалар тыныш ұйықтауы үшін баяу музыка тыңдатады.  <b>(музыка)</b></p>	<p>Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру.  «Алтын жұмыртқа» ертегісін оқып беру.  <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p>Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету.  Аудио Қ. Абдильдинаның әні «Айым болып тудың ба».  <b>(музыка)</b></p>	<p>Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.  Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау.  <b>(музыка)</b></p>
<b>Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 15.30-.15.40</b>	<p>Гимнастика элементтерімен баяу көтерілу. Ауа процедураларын катаяту (контрастылы).  Аяқ массажы.  Мақсат-міндеттері. Төсекте жатып гимнастикалық жаттығуларды қалай жасауға болатынын үйрету.  Режеңке төсеніштермен және ағаш жолмен жүре отырып, аяқты уқалауды үйрету. Гимнастиканы дұрыс және синхронды түрде орындау. Гимнастикалық жаттығуларға сай өлеңдер жаттау .  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)</b></p>				

<p><b>Бесін ас</b> <b>15.40-16.00</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін үйрету; этикет ережесі.</p> <p><b>Көркемсөз</b> Дос бол сабын, сумен сен, Жиі-жиі жуын сен, Таңертен де, кешке де, Жуын күндіз де, кешке де, Жуын күндіз де, түсте де, Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында, Жуын ұйықтар кезінде, Жуын тұрған мезгілде. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)</b></p>
---	--

<p><b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 16.00-16.15</p>	<p><b>Дидактикалық ойын. "Жақсы - жаман".</b> Мақсат-міндеттері. Балаларға кез келген зат, қасиет, құбылыс, оқиғаның жағымсыз және жағымды жақтарын жақсы тануды, қарым-қатынастарда, сөйлеуде мақал-мәтелдерді қолдануға ынталандыру; дүниетанымын, ой-өрісін, сөйлеу мәдениетін дамыту; өршіл көзқарас (оптимизм) сезіміне, достыққа тәрбиелеу. Құралдар. Адам, ауа райы, тәулік, жыл мезгілі құбылысы, зат, жан-жануар салынған суреттер. Ойынның нұсқалары көп. Мақал-мәтелдерге мысалдар. 1. Адам туа жаман болмайды, жүре жаман болады.  2. Бітер істің басына, Жақсы келсін қасына.  3. Жақсының қадірін жақсы білер.  4. Жақсы қыз – жағадағы құндыз, Жақсы жігіт – көктегі жұлдыз. Балалар өз мысалдарын айтуы мүмкін: "Жаяу жүріп, жұмыстан қалғанша, көп адаммен автобуска толып, уақытында келу артық"; "Қолды жумасаң, тамаққа тез отырасың, қолды жусаң, ауырмайсың"; "Жаздың жаманы - күні ыстық, жаздың жақсысы - далада достарыңмен көп ойын ойнайсың". <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b>  <b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Табиғи қорық".</b> Мақсат-міндеттері. Балаларға табиғи қорық, "Қызыл кітап" туралы түсініктер беру; қорықта қызмет атқаратын орманшы, аңшы, ағаш кесуші, ветеринар дәрігері туралы ұғымдарын нығайту; орман мамандарының орманды, жан-жануарларды қорғаудағы атқаратын рөлі неде екенін анықтау; еңбекқорлыққа, жан-жануарларға жанашырлық пен қамқорлыққа тәрбиелеу.</p>	<p><b>Дидактикалық ойын. "Не артық?"</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың заттар мен құбылыстар классификациясы жөніндегі білімдерін бекіту; аналитикалық және синтетикалық қабілеттерін, елестету, зейін қабілеттерін дамыту. Құралдар: бірнеше заттар топтамалары немесе олардың заттық сурет-карточкалары. Шарты. Жүргізуші бір топтамаға және оған жатпайтын заттарды атайды (көрсетеді), ойыншылар артық затты атау керек. Заттардың жалпы саны төртеу болады. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b>  <b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Кітапхана".</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың кітапхана жайында ұғымдарын нығайту; кітапханашының қызметін анықтау; тәртіптілікке, ұғымталдыққа, төзімділікке тәрбиелеу. Құралдар. Кітаптарға сөрелер, түрлі кітаптар; оқырманды белгілеу кітапшасы; оқырман билеті бейнеленген карточкалар. Шарты. Педагог балалармен бірлесіп, дайындық жұмыстары ретінде кітапхана жұмысы, кітапханашы қызметінің мәні неде екенін суреттер бойынша әңгімелейді, үлкен кітапханалар жайында бейнежазбаларды, фотосуреттерді тамашалайды. Балалар кітапханашы жұмысын қалай атқарып (оқырманнан берілген кітап үшін карточканы алу, тольтыру), қандай құралдарды қолданатыны, оқырманның міндеті мен құқысын қалай іске қосуға болатынын біліп алуы тиіс. Балалардың арасынан кітапханашылар өз қалауларына қарай таңдалады немесе санамақ қолданылады. Алғашында, педагог ойын барысын өзі сөзбен сүйемелден отырады, ойыншыларға қосымша әрекеттерін</p>	<p><b>Дидактикалық ойын. "Адасқан сандар".</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың сандар тізбегі жайындағы білімдерін нығайту; реттік сандарды пысықтау; сандар тізбегінде аталған санның көршілерін немесе тізбектегі кез келген санның арысында жасырынған санды тауып атауда жаттықтыру; зейін, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту; шапшаңдыққа, зеректікке тәрбиелеу. <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b>  <b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Ветеринарлық емхана".</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың ветеринарлық емханада қызмет атқаратын жануар дәрігері, мейірбике, күтуші жөнінде ұғымдарды нығайту; медициналық қызметкерлердің емханада атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбекқорлыққа, жан-жануарларға аяшылдыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Ветеринарлық емхана қызметкерлеріне қажет заттар мен құралдар; ақ халаттар, қолғап (перчаткалар); емханаға қажет жиһаз, сөмкелер; ойыншық жануарлар және құстар. Шарты. Педагог балалармен бірге дайындық жұмыстары ретінде ветеринардың жұмысы туралы суреттерді қарап, К. Чуковскийдің "Айболит" ертегісін естеріне түсіріп оқиды, ветеринарлық емхана жайында әңгімелеседі. Балалар ветеринар дәрігерінің жануарлар мен құстардың қандай дене мүшелерін емдейтіні туралы ғана емес, қандай құралдарды қолданатыны, қандай сұрақтарды қою қажеттілігін талқылап алу керек. Балалар ветеринарлық емханада қызмет атқаратын қызметкерлер кім болатынын өзара таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне қажет киім үлгілерін және құралдарды алып, өз орындарына барады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар</p>	<p><b>Дидактикалық ойын. "Не, қайда мекендейді?"</b> Мақсат-міндеттері. Жабайы аңдар, құстар, үй жануарларының қайда мекендейтіні туралы балалардың білімдерін тиянақтау; сөздік қорын байыту; есте сақтау, ойлау, байланыстыра сөйлеу қабілеттерін; дүниетанымын кеңейту. Құралдар. Жабайы аңдар, құстар, үй жануарлары және олар мекендейтін орындар салынған суреттер. Ойынның бірнеше нұсқасы бар. 1-нұсқа. Тек бір суретке қарап, жануарды және оның мекен ету ортасын табу. Жануарды және оның мекен ету ортасын білдіретін жұптарды құрастыру. 2-нұсқа. Өздік ойын түрінде өткізу. Жануардың мекен ету ортасының атауын естіп, жануардың қалай аталатынын айту. Жануардың дауысын естіп, мекендейтін орнын атау. Балаларды өз ойларын түсіндіруге талпындыру қажет. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b>  <b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Зообақ".</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың түсінігіндегі зообақ, қорғауға алынған жануарлар туралы ұғымдарын бекіту; зообақта қызмет атқаратын ветеринар дәрігері, орнитолог (құс маманы), зоолог (жануарлар маманы), герпетолог (қосмекенділер маманы), күтуші жөніндегі ұғымдарын нығайту; мамандардың зообақта атқаратын рөлі неде екенін анықтау; еңбекқорлыққа, жан-жануарларға жанашырлық пен қамқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Зообақ қызметкерлеріне қажет заттар мен құралдар; алғашқы медициналық көмек қобдишасы; ойыншық жануарлар және құстар; ойыншықтарға тор пішіндері. Шарты.</p>	<p><b>Дамытушы жаттығу. "Шапшаңдар сайысы".</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың құстар жайындағы білімдерін тиянақтау; ой шапшаңдығын, елестету, сөйлеу қабілеттерін дамыту; зеректікке, білгірлікке тәрбиелеу. Құралдар: құстардың суреттері. Шарты. Жұмбақты шешкен балалар өздері атауын тапқан құс туралы не білетінін баяндайды.  Талдың басында, Жемі бар қасында. Там тұр саялы, Достарға аялы. (Құс ұясы.)  Сирағы ұзын, Тырнағы ұзын. Балықты сүзбей, Ұстайтын шоқып, Тұмсығы біздей. (Тырна.)  Екі айыр құйрығы, Қияқ мұрт қанаты, Ұшқырлардың жүйірігі. (Қарлығаш.)  Тақылдағып, Мазаны ап, Ағаштарды тазалап, Ормандарды емдейді, Зиянкесті жазалап. (Тоқылдақ.)  Жем көрсе, Шықылықтап қалтандайды, Сескенсе, Жыпылықтап жалтандайды. (Сауысқан.)  Қара түсті қаркылдақ, Ұшып-қонып жалпылдап. Қоқыстарды шокиды, Жем іздейді там-тұмдап. (Қарға.) Педагог балалардың ережені ұстанудағы әрекеттерін қолдайды. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>  <b>Театрландырылған қойылым. "Шегіртке мен құмырсқа" мысалы.</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың естерінде мысалдың желісін жаңғырту, есте сақтау, ой-қиялдың, эмоциялық, пантомимикалық, қатынастық қабілеттерін дамыту. Құралдар. "Шегіртке мен құмырсқа" мысалы қойылымына қатысатын кейіпкерлердің киімдері, маскалары, күрек пен сыпырғыш. Шарты. Педагог балаларға "Шегіртке мен құмырсқа"</p>
---	---	--	---	---	---



<p><b>Таңғы ас</b> <b>09.00-.09.20</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b> Қажет болған жағдайда майлықты қолдану дағдысын бекіту.</p> <p><b>Көркемсөз</b> Су деген — өмір көзі, Тіршіліктің нәрі бұл. Су болмаса оянбайды, Табиғаттың барлығы. Таза болсаң судай бол, Бәрін жуып кетірген. Жақсы болсаң жердей бол, Бәрімізді өсірген. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)</b></p>

<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық <b>09.20-09.30</b></p>	<p><b>«Суреттер құрастыру».</b> Максат-міндеттері. Балаларға бірнеше шағын суреттен мазмұны бір үлкен суретті құрастыруды үйрету; әңгіме құрастыру, тіл байлығы мен ой-өрісін дамыту, әртүрлі мазмұнды суреттер құрастыруға балалардың қызығушылығын арттыру. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Қыс белгілерін ажыратамыз" дидактикалық ойыны.</b> Максат-міндеттері. Балаларды тез ойлануға тәрбиелеу. Ойын барысы. - Балалар, сендермен ойын ойнаймыз. Мына жерде жыл мезгілдерінің белгілерін білдіретін суреттер тұр. Осы белгілердің ішінен қыс мезгілінің белгісін ажыратып алуымыз керек. Ендеше, балалар, суреттерді тезірек ажыратып алайық. Балалар суреттерді жылдам қойып шығады. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Сипаттамадан тап" дидактикалық ойыны.</b> Максат-міндеттері. Сөйлеуді дамыту (сын есімдер мен зат есімдерді үйлестіру мүмкіндігі); белгілі бір заттарды, тіршілік иелерін біріктіретін ұғымдар туралы білімді бекіту. Сипаттама. Балалар жауап беруге тиіс сұрақтарды дайындау. Мысалы: * түрлі түсті қанаттары бар әдемі жәндік, ұшуды ұнатады, балшырынмен қоректенеді (көбелек); * көлік, ұзын, бірнеше бөліктен тұрады, темір рельстермен жүреді (пойыз); * жабайы жануар, орманда тұрады, айға қарап ұлиды (қасқыр); * жабайы жануар, қызыл шашты, ертегілерде айлакерлігі айтылады (түлкі); * сары қабығы бар жеміс, дәмі қышқыл (лимон). <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Дидактикалық ойын.</b> <b>«Сыңарын тап».</b> Максат-міндеттері. Балалардың пішіндер туралы түсініктерін кеңейту. Байқампаздық пен шапшаңдықты үйрету. Ойынға қызығушылықтарын арттыру. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Ойын ережесі. Геометриялық пішіндерді қарқараптан бөлу. Балалар сол геометриялық пішінді тауып құрау керек. Ойын бірнеше рет қайталанатын, балалар геометриялық пішіндердің түр-түстерін айтып беруге тиіс. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Дидактикалық ойын.</b> <b>"Менің қайда және кім болып жұмыс істейтінімді тап".</b> Максат-міндеттері. Мамандық түрлерінің атауын еске сақтау, қиялын, ынтасын дамыту. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p>
--	--	--	--	---	---

<p><b>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b> <b>09.30-10.35</b></p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> "[л] дыбысы және Лл әрпін қайталау". Мақсат-міндеттері: [л] дыбысы мен әрпін таныту, сөз ішіндегі [л] дыбысының ерекшелігін менгерту, [л] дыбысы арқылы берілген сөздерді оқыту.</p> <p><b>Қазақ тілі</b> Қысқы табиғат құбылыстары. Балалар қысты қарсы алады. Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы қыс мезгіліндегі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту; аяз туралы түсінік беру; жұмбақтар, өлеңдер, әңгімелер туралы түсініктерін бекіту; табиғат пен адамның өзара байланысы; қысқы құбылыстардың ерекшеліктері туралы түсініктерін дамыту; қазақ тіліндегі жұмбақтар, өлеңдер мен әңгімелерді ажыратуды және сөйлем құрастыра білуге дағдыландыру; сөздерді нақты дыбыстармен айтуды үйрету арқылы артикуляцияны дамыту; қыста және жылдың басқа уақыттарында табиғат құбылыстарын салыстыруды үйрету, кездейсоқ қорытынды жасау; есту зейінін, қиялын, шығармашылыққа қызығушылықты дамыту; табиғат пен қоршаған ортаға сүйіспеншілікке тәрбиелеу.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> "Арақашықтықты сақтаймыз". Мақсат-міндеттері. Балаларға кадамды алмастыра жүру; орнынан биіктікке секіру; құрсаудың ішіне кіру (биіктігі 50 см), көлбеу басқышқа шығу; шеңбер жасағанда қолды жан-жаққа созып тік тұру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b> "Қыстың сыры". Мақсат-міндеттері. Балаларды табиғаттағы, ауа райындағы, өсімдіктер әлеміндегі, адамдардың киіміндегі қарапайым маусымдық өзгерістерді байқауға шақыру; табиғат күнтізбесіндегі табиғат пен ауа райының жай-күйін бақылау нәтижелерін белгілеуді үйрету.</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> "[к] дыбысы және Кк әрпі". Мақсаты: [к] дыбысы мен әрпін таныстыру, сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйрету. Буындарды, қысқа сөздерді оқуға үйрету.</p> <p><b>Математика негіздері</b> "Жыл мезгілдерін ажырата білесің бе?" Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы "сегіз" саны мен цифр туралы түсініктерін қалыптастыру, оны тану, атай білуді жаттықтыру.</p> <p><b>Музыка</b> "Желтоқсан". Мақсат-міндеттері. Балалардың желтоқсан туралы әнге қызығушылығын арттыру; әннің мазмұнын эмоционалды қабылдай білуге және музыкадағы контрастық бөлімдерді ажыратуды үйрету.</p> <p><b>Сөйлеуді дамыту</b> Кел, жаттайық! Ө. Асылбеков «Өдептілік әліппесі». Мақсат-міндеттері. Өлеңде кездесетін сөздердің мағынасын түсіндіру.</p>	<p><b>Математика негіздері</b> "Жыл мезгілдерін ажырата білесің бе?" қайталау Мақсат-міндеттері. Балаларда "сегіз" саны мен цифр туралы түсініктерін қалыптастыру, оны тану, атай білуді жаттықтыруды пысықтау.</p> <p><b>Қазақ тілі</b> С-З дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау, жазу негіздері). Мақсат-міндеттері. Балаларды [-с], [-з] дыбыстары және С с, З з әріптерімен таныстыру, әріптерді жазуды көрсету; [-с], [-з] дыбыстарының нақты артикуляциялық қалпын қалыптастыру, естіп, ажыратуды үйрету, буындарда, сөздерде дұрыс айтуға дағдыландыру; [-с], [-з] дыбыстарын сөздің кез келген жерінен (сөздің басында, ортасында, аяғында) тауып көрсете білуге үйрету; [-с], [-з] дыбыстары кездесетін сөзге мысал келтіріп, сол сөздерді қатыстырып сөйлем құрастыру арқылы сөздік қорларын толықтыру; қыс мезгілі туралы түсініктерін кеңейту; қыс мезгілінің туралы өз ойын тиянақты жеткізе білуге баулу, байланыстыра сөйлеуге тәрбиелеу.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> "Қаппен қалай секіреді?" Мақсат-міндеттері. Балаларға жүру мен жүгіруді қайталап кезектестіру; арқаннан аттап секіру; допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5-2 м) басынан асыра лақтыруды үйрету; кадамды алмастыра жүру дағдыларын дамыту.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b> "Ө. Дүйсенбиевтің «Қыс» өлеңін жаттау. Мазмұны бойынша әңгімелеу". Мақсат-міндеттері. Балалардың қыс мезгілі туралы білімдерін кеңейту. Табиғат құбылыстарының сұлулығын сезінуді үйрету.</p>	<p><b>Математика негіздері</b> "Қазақстан жерінің есепсіз байлығы". Мақсат-міндеттері. Балалардың он көлеміндегі сандарды тура және кері санау дағдыларын үйрету; Қазақстан жерінің есепсіз байлығын білдіретін таңбалауыштарды он санының көлемінде сәйкестендіруді үйрету.</p> <p><b>Сөйлеуді дамыту</b> "Кел, жаттайық! Ө. Асылбеков «Өдептілік әліппесі» пысықтау. Мақсат-міндеттері. Өлеңде кездесетін сөздердің мағынасын түсіндіруді пысықтау.</p> <p><b>Музыка</b> "Отаным". Мақсат-міндеттері. Балалардың бойында туған жеріне мақтаныш сезімін ән айтқызу арқылы қалыптастыру; музыка жетекшісімен бірге ән айту қабілетін жетілдіру.</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b> "Қысқы құбылыстардың сыры". Мақсат-міндеттері. Балалардың қыс және басқа жыл мезгілдеріне тән құбылыстарды пысықтау; қысқы құбылыстар жөнінде ұғымдарын тиянақты, түсініктерін кеңейту; кез келген ауа райын болжай білу қабілеттерін жобаны құрастыруда пысықтау; көркемсөздің мағынасы мен әдемілігін, даладан бақылаған құбылыстардың әсемдігін байқауға баулу; зеректікке, зияткерлікке, достыққа тәрбиелеу.</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> "[к] дыбысы және Кк әрпін қайталау, әріп таңбасын жазу" Мақсат-міндеттері: [к] дыбысымен және әрпімен таныстырып, сөздерге дыбыстық талдау жасап білуге үйрету.</p> <p><b>Мүсіндеу</b> "Қыс ғажабы". Мақсат-міндеттері. Балаларды мүсіндеудің "есу", "домалақтау", "шиыршықтау" әдістерін пайдаланып, ұлпа қарды мүсіндеуді үйрету.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> "Хоп-фитболдармен секіру" Мақсат-міндеттері. Балаларға хоп-фитболдармен (секіргіш гимнастикалық доптар) секіруді үйрету.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b> "Ө. Дүйсенбиевтің «Қыс» өлеңін жаттау. Мазмұны бойынша әңгімелеу" қайталау. Мақсат-міндеттері. Балалардың қыс мезгілі туралы білімдерін кеңейту. Табиғат құбылыстарының сұлулығын сезінуді үйретуді пысықтау.</p>
--	---	--	---	---	--

2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркемсөз)				
Серуенге дайындық 10.35-10.50	Балаларға киімдерін ретімен киюді, жыл мезгіліне сәйкес киімдер киіну (қалың не жұқа) керектігін түсіндіру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				

<p>Серуен 10.50-12.30</p>	<p><b>Маусымдық өзгерістерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттері. Қыстың басында табиғатта қандай өзгерістер болатыны туралы түсінік қалыптастыру (түн ұзарады, күн қысқарады); қыстың басталуына тән белгілерді ажыратуды, оларды өлеңдерден тани білуді үйрету. <b>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b> ағаш тамырларын қармен толтыру. Мақсат-міндеттері. Тіршілік иелеріне көмектесуге тәрбиелеу. <b>Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)</b> "Аққала ойыны". Мақсат-міндеттері. Заттарды лақтыру дағдыларын бекіту. <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар:</b> қозғалыстарды дамыту. Мақсат-міндеттері. Тепе-теңдікті сақтау қимылдарын орындау кезінде өзін-өзі тоқтата алуды үйрету.</p>	<p><b>Бақшаны бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттері. Қысқы бақтағы маусымдық өзгерістермен таныстыру, зерттеу қызметіне қызығушылықты арттыру. <b>Зерттеу.</b> Қардың тереңдігін қарөлшеуішпен өлшеу; қыста топырақтың күйін анықтау. <b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b> учаскедегі қардан мүсіндерді тұрғызу. Мақсат-міндеттері. Қардан мүсіндер құрастыруды үйрету; достық қарым-қатынасты дамыту. <b>Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)</b> "Жапалақ", "Соқыртеке". Мақсат-міндеттері. Педагогтің бұйрығын мұқият тындауды үйрету, зейінді дамыту, тапсырманың дұрыстығын бақылау; кеңістікті бағдарлай алу қабілеттерін жетілдіру. <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар:</b> "Нысанаға тигіз" ойыны. Мақсат-міндеттері. Затты лақтыру күшін дамыту.</p>	<p><b>Торғайды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттері. Қыстайтын құс - торғай. Торғай туралы білімдерін бекітуді жалғастыру; құстарға арналған жемшашарды таза ұстауды үйрету. <b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b> жемсауытты қардан тазарту, құстарға жем шашу. Мақсат-міндеттері. Еңбекке қызығушылықты ояту. <b>Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)</b> "Нысанаға тигіз". Мақсат-міндеттері. Ұшатын заттың бағытын ұстануды, қимылдарды дұрыс есептеуді және орындауды үйрету. <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар:</b> қар кесектерін алыста тұрған нысанаға лақтыру. Мақсат-міндеттері. Қимылдарды үйлестіруді дамыту.</p>	<p><b>Қардың түсуін бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттері. Қардың қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру; қыста жауатын қардың жаууы туралы білімдерін бекіту. <b>Зерттеу.</b> Ақ қағазға ұшып келе жатқан қар ұлпаларын ұстау; зерттеу; қасиеттерін анықтау. <b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b> ағаштардың тамырларын қармен жабу. Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеу қабілетін дамыту. <b>Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)</b> "Аққала ойыны". Мақсат-міндеттері. Заттарды лақтыру дағдыларын бекіту. <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар:</b> қозғалыстарды дамыту. Мақсат-міндеттері. Қар лақтыруды үйрету.</p>	<p><b>Шетенді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттері. Шетен туралы білімдерін кеңейту; қыста шетенді бақылауды жалғастыру. <b>Зерттеу.</b> Аяз түскенге дейінгі және аяз түскеннен кейінгі жидектерді салыстыру. <b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b> жолдағы қарды тазарту. Мақсат-міндеттері. Аула сыпырушыға көмектесу. <b>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жалаушаға дейін кім бірінші жүгіреді?" ойыны (дене шынықтыру).</b> Мақсат-міндеттері. Доғаның астымен жорғалап жүру дағдыларын машықтандыру. <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар:</b> қозғалыстарды дамыту. Мақсат-міндеттері. Орнынан ұзындыққа секіру техникасымен жаттығуды жалғастыру.</p>
<p>Серуеннен оралу 12.30-12.50</p>	<p>Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру. Жеңді түру, қолды сабындау, суды шашыратпау, тазарғанша жуу дағдысын дамыту. Айнаға қарану, үсті-басын ретке келтіру, шашын тарау, ас ішуге дайындалуға тәрбиелеу. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>				

<p><b>Түскі ас</b> <b>12.50-13.10</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b> Қажет болған жағдайда майлықты қолдану дағдысын дамыту. <b>Көркемсөз</b> Су деген — өмір көзі, Тіршіліктің нәрі бұл. Су болмаса оянбайды, Табиғаттың барлығы. Таза болсаң, судай бол, Бәрін жуып кетірген. Жақсы болсаң жердей бол, Бәрімізді өсірген. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)</b></p>				
<p><b>Күндізгі ұйқы</b> <b>13.10-15.30</b></p>	<p>Өз төсек орнын тауып, жатуды үйренеді. ««Сауысқан мен көкек» ертегісі» ертегісін оқып беру. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p>Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйренеді. Балалар тыныш ұйықтауы үшін баяу музыка тыңдатады. <b>(музыка)</b></p>	<p>Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Ат пен есек» ертегісін оқып беру. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p>Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Аудио Қ. Абдильдинаның әні «Айым болып тудың ба». <b>(музыка)</b></p>	<p>Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Түлкі мен қоян» ертегісін оқып беру. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>
<p><b>Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары</b> <b>15.30-15.40</b></p>	<p>Нүктелі массаж. Суық тиюіне және тұмауға қарсы жаттығуларды орындау арқылы балалардың денсаулығын нығайту, дене сымбатын жетілдіру, қимыл-қозғалыс дағдыларын дамыту. - Тамағымыз ауырмау үшін, тамағымызды қолмен жоғары - төмен уқалау. - Түшкірмеу, тұмауратпау үшін, сұқ саусағымызбен танауымыздың екі жағын кезектеп үйкелеу. - Қолымызды маңдайға қойып уқалау. - Құлағымыз ауырмау үшін, сұқ және ортаңғы саусағымызбен құлағымызды алдынан және артынан уқалау. Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)</b></p>				
<p><b>Бесін ас</b> <b>15.40-16.00</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b> Қажет болған жағдайда майлықты қолдану қабілетін жетілдіру. <b>Көркемсөз</b> Су деген — өмір көзі, Тіршіліктің нәрі бұл. Су болмаса оянбайды, Табиғаттың барлығы. Таза болсаң, судай бол, Бәрін жуып кетірген. Жақсы болсаң жердей бол, Бәрімізді өсірген. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)</b></p>				

<p><b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу кимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 16.00-16.15</p>	<p><b>Дидактикалық ойын. "Маталар жәрмеңкесі".</b> Мақсат-міндеттері. Балаларға табиғи және жасанды мата түрлерін ажыратуды үйрету; мата түрлерін қолмен ұстап, саусақпен сипап көру, өзара салыстыру сияқты зерттеу тәсілдерін үйрету. Түйсік, зейін, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту; талғампаздыққа, байкампаздыққа тәрбиелеу. Құралдар. Табиғи маталар кескіндері: мақта мата (сиса, багист, атлас, джинсы), зығыр мата; жүн мата (драп, киіз мата); жібек мата (шифон, жаккард, атлас); жасанды маталар (вискоза, плащ матасы). Педагог қанша мата түрін зерттеуге болатынын, қалыптасқан жағдайларға сүйеніп, ойынды ұйымдастырады. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b> "Киімдер" дүкені. Мақсат-міндеттері. Балалардың "Киімдер" дүкені, киім сатушының жұмысы ерекшелігі жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу. Құралдар: сөрелер, қораптар, ілмектер, киім үлгілері (көрнекілік қуыршаққа арнайы тігілген); ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, қаражат қағаздары; қуыршақтар. Шарты. Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен бірге дүкенге саяхатты ұйымдастыруы мүмкін. Балаларға дүкен туралы суреттер мен бейнежазбаны көрсетіп, "тауар" ұғымына киімдер де жататыны, киімдердің маусымдық киім және сырт киім, ішкі киім бөлінетіні жайында түсіндіреді. Киімдердің үтіктеліп, сатып алушының алдына әдемі күйінде ұсынылуы керектігі жайында айтылуы тиіс. Сатушы немесе бірнеше сатушы өз</p>	<p><b>Дамытушы жаттығу. "Не жоқ?"</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың қабылдау, зейін, еске сақтау фонематикалық есту қабілетін, зейін, байқағыштыққа тәрбиелеу. Құралдар. Түрлі заттар мен ойыншықтар. Шарты. Педагог балалардың алдына таныс ойыншықтарды немесе заттарды, жазықтыққа арқалай орналастырып, бір топ күйінде ұсынады. Алғашында саны 6-дан басталады, содан кейін 10-12-ге де жеткізуге болады. Балалар көзін жұмып тұрады, педагог ойыншықтардың бірін алып тастайды. Балалар көздерін ашып, қандай ойыншықтың жоқ екенін айтады. Ойын бірнеше рет қайталанады. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b> "Аспазхана". Мақсат-міндеттері. Балалардың аспазханада жұмыс істейтін мамандар: аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері туралы білімдерін тиянақтау; қоғамдық орындарда әдептілік, тамақтанудағы әдеп ережелерін меңгерту, оларды ұстануға ынталандыру; сыпайылық негізінде қарым-қатынас құруды үйрету, еңбекті қадірлеуге тәрбиелеу. Құралдар. Аспазхана жиһаздары (үстелдер мен орындықтар), аспазхана қызметкерлеріне (аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері) киім үлгілері мен құралдар. Шарты. Педагог балалармен бірге аспазхананың адамдар (тұтынушылар) үшін тағамдар әзірлеу қызметі және оның маңызы туралы әңгімелеседі. Бұл кезде суреттер көрсетіліп, педагогикалық жағдаяттар шешіліп жатады. Балалар рөлдерді санамақ арқылы бөліп алады. Педагог балалармен бірге ас тізімін жасайды. Ол үшін педагог және</p>	<p><b>Дидактикалық ойын. "Аталған дыбыстың сөз құрамындағы орнын тап".</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың фонематикалық есту қабілетін, зейін, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту; кез келген сөздің дыбыстық құрамына көрсетілген кестеге қарап, аталған дыбыстың орнын табуға жаттықтыру; сөздік қорды байыту. Құралдар. Заттардың көрнекілік суреттер мен олардың сөздеріне құрылған дыбыстық құрамының кестелері. Ойынның күрделі нұсқасы. Белгісіз сөздердің дыбыстық құрамдарының кестелері ұсынылады. Балалар кез келген кестеге қарап, сөздерді кестесіне салып, педагог атаған дыбыстың орнын табады. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Супермаркет".</b> Мақсат-міндеттері. Балаларға "Супермаркеттің" қызметі жайында түсіндіру; супермаркетте түрлі тауарлар сатылатыны туралы мәлімет беру; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу. Құралдар: сөрелер, қораптар, ілмектер, киім, аяқ киім үлгілері, ыдыс-аяқтар, жиһаздар, азықтар, ойыншықтар; ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, тауарларға арбалар, қаражат қағаздары; есептеу машинасының макеттері. Шарты. Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен әңгімелесулер, супермаркет жайында суреттерді, бейнежазбалар мен жарнамалар көрсетіп, супермаркетте кез келген тауарды табуға мүмкіндігі барын түсіндіреді. Супермаркеттің іші кең болатыны, тауарлар көптеген сөрелерде топтасып орналасатыны жайында айтылуы тиіс. Супермаркетте сатушы емес, кенесші мен есепшілер (есептеу</p>	<p><b>Логикалық ойын. "Келешекте неге айналады?"</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың қоршаған заттар мен құбылыстар, адам және жан-жануарлардың тіршіліктері туралы білімдерін тиянақтау; логикалық ойлау, еске сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; тапқырлыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Заттық суреттер немесе мнемочарточкалар болуы мүмкін. Педагог тапсырмаларды сөз арқылы ғана беруі мүмкін. Шарты. Педагог атаған жанды немесе жансыз объектіге, көрсеткен суретке қарап, объектінің немесе құбылыстың келешекте неге айналатынын айту керек. Педагог ойын шартын балаларға былай түсіндіруі мүмкін: "Мен атаған (көрсеткен) жанды немесе жансыз объект, құбылыс келешекте не болады?" Педагог ұсынатын сөздер мен сөз тіркестері: жасыл жапырақ күзде; өзен қыста; бала өскенде; ұн наубайханада; жауын қыста; балапан өскенде; бұзау өскенде; түн күн шыққан кезде; күшік өскенде; іргетастың үстіне кірпіш қаланғанда; көшет өскенде; аяз күн жылынғанда; дән егістікке егілгенде; жұмыртқа жарылғанда; қардың қатты борғанда; қар көктемде; желде сарғайған жапырақтар; кеш түскенде; көжек өскенде; көп еңбектенген адам; оқу; адамдардың бір-біріне көмектесуі; сүт ашығында неге айналатынын айтқызу. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Аурухана".</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың түсінігіндегі медициналық мамандықтар (бала дәрігері, тіс дәрігері, ЛОР дәрігер, хирург, мейірбике) туралы ұғымдарды нығайту; медицина қызметкерлерінің ауруханада атқаратын рөлі неде екенін анықтау;</p>	<p><b>Дамытушы жаттығу. "Қанша затты көрсен, сонша санды көрсет".</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың арқалай орналасқан заттарды, көзбен көріп, санап алу қабілетін арттыру, жиын санын карточка арқылы көрсетуге ынталандыру; қабылдау, зейін, қабілеттерін, ой шапшаңдығын дамыту. Құралдар. Түрлі заттардың топтамалары кез келген жиындарда салынған көрнекілік карточкалары; үлестірмелі сандар. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Кітапхана".</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың кітапхана жайында ұғымдарын нығайту; кітапханашының атқаратын рөлі неде екенін анықтау; тәртіптілікке, ұғымталдыққа, төзімділікке тәрбиелеу. Құралдар. Кітаптарға сөрелер, түрлі кітаптар; оқырманды белгілеу кітапшасы; оқырман билеті бейнеленген карточкалар. Шарты. Педагог балалармен бірге дайындық жұмыстары ретінде кітапхана жұмысы, кітапханашы қызметінің мәні туралы суреттер бойынша әңгімелейді, үлкен кітапханалар жайында бейнежазба, фотосурет тамашалайды. Балалар кітапханашы жұмысын қалай атқарып (оқырманнан берілген кітап үшін карточканы алу, толтыру), қандай құралдарды қолданатыны, оқырманның міндеті мен құқысын қалай іске қосуға болатынын біліп алуы тиіс. Балалардың арасынан кітапханашылар өз ниеттеріне байланысты тандалады немесе санамақ қолданылады. Алғашында, педагог өз тарапынан ойын барысын сөзбен сүйемелдеп отырады, ойыншыларға қосымша әрекеттерін анықтайтын сұрақтар қойып жүреді, өзі қатысады. Бұндай</p>
---	---	--	---	---	---

<p><b>Балалармен жеке жұмыс</b> <b>16.15-16.30</b></p>	<p>"Жұмбақты ойдан шығару" жаттығуы. Максат-міндеттері. Балалардың ойлау, елестету, сөйлеу қабілеттерін жетілдіру; дүниетанымын кеңейту. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)</b></p>	<p>"Кейіпкердің сөздерін жалғастыр" дамытушы ойыны. Максат-міндеттері. Таныс ертегілер мен әңгімелердің мазмұнын пысықтау; кейіпкерлейдің сөздерін жаттап алуға құштарлығын арттыру; шығармашылық қабілеттерін дамыту. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Жыл мезгілі туралы әңгіме.</b> Мақсат-міндеттері. Қарапайым сұрақтарға егжей-тегжейлі жауап беру қабілеттерін жетілдіру. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Бала тілін дамыту. Такпақ жаттау.</b> Төлеу Шахановтың такпақтары. "Тиін". - Аңдып тұрған жау жоқ па?- Деп, қарайды ол жан-жаққа. Шыбын жаны тәтті ғой, Тәтті-ау, бірақ жаңғақ та.  "Бақа". Келсем көлге жақындап, Жағың тынбас бақылдап. Ауырмай ма таңдайың, Күні бойы тақылдап? <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Шығармашылық уақыты. "Ғажайыптар қалашығы".</b> Максат-міндеттері. Балалардың түрлі материалдардан (лего, құм) құрылыс жасауға құштарлығын жетілдіру. <b>(шығармашылық іс-әрекеті)</b></p>
<p><b>Серуенге дайындық</b> <b>16.30-16.50</b></p>	<p>Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтсекісін реттілікпен киюін қадағалау. <b>(мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)</b></p>				
<p><b>Серуен</b> <b>16.50-18.00</b></p>	<p>Түскі серуенде табиғатты бақылауды жалғастыру. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>				
<p><b>Серуеннен оралу</b></p>	<p>Серуеннен оралу кезіндегі ескертулер: - учаскеден шығар алдында аяқкиім мен үсті-басын қағу; - балабақшаға кірер алдында аяқкиімнің табанын тазалау; - ғимаратқа тыныш кіру, есікті тарсылдатпау; - серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою; Балалардың киімдерін ретпен шешу, шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыру дағдыларын жетілдіру. Женді түру, колды сабындау, суды шашыратпау, тазарғанша жуу дағдысын дамыту. Айнаға қарану, үсті-басын ретке келтіру, шашын тарау, ас ішуге дайындалуға тәрбиелеу. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>				



<p><b>Кешкі ас</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b>          Қажет болған жағдайда майлықты қолдану қабілетін жетілдіру.  <b>Көркемсөз</b>          Су деген — өмір көзі,          Тіршіліктің нәрі бұл.          Су болмаса оянбайды,          Табиғаттың барлығы.          Таза болсаң, судай бол,          Бәрін жуып кетірген.          Жақсы болсаң жердей бол,          Бәрімізді өсірген.  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)</b></p>				
<p><b>Балалардың дербес әрекеті</b>          (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>          Музыкалық аспаптармен ойындар. <b>(музыка)</b>          Өнер бұрышында қыс тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. <b>(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)</b>          Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b>          Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. <b>(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>				
<p><b>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)</b> 18.00-18.30</p>	<p>Ата-аналарға кеңес.          "Балаларды суықтан қалай қорғауға болады?"</p>	<p>Ата-аналарға тапсырма беру.</p>	<p>Жоба ұйымдастыру.          "Жаңа жыл мерекесіне арналған көрме".          Жаңа жыл көрмесіне шырша жасау.</p>	<p>"Баланың қимыл белсенділігін қалыптастыру үшін отбасы қандай үлес қоса алады"          тақырыбында әңгімелесу.</p>	<p>"Үйде демалысты қалай өткізу керек?" әңгімелесу.</p>

## ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) \_\_\_\_\_

Топ: мектепалды

Балалардың жасы: 5 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 04.12 - 08.12.2023ж.

Педагогтың аты-жөні \_\_\_\_\_

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
	04.12	05.12	06.12	07.12	08.12
<b>Балаларды қабылдау 08.00-08.15</b>	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>				
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 08.15-08.30</b>	«Тәуелсіз Қазақстан» салтанатты іс-шарасына арналған тақпақтар беру. Салтанатты іс-шараны өткізу туралы ата-аналармен әңгімелесу.				

<p><b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер 08.30-08.55</b></p>	<p><b>"Бөлме өсімдіктеріне бүріккіш пистолеттен су бүрку".</b>          Мақсат-міндеттері. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсінікті бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Оларды суару қажеттілігін өз бетінше анықтауды үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру.  <b>(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Асхана бойынша кезекшілік".</b>          Мақсат-міндеттері. Балаларға кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауды үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою, тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдығындағы тәртіпсіздікті көре білу. Ортақ игілік үшін шынайы ниетпен еңбектенуге тәрбиелеу.  <b>(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп". (тәрбиешінің көмекшісімен бірге)</b>          Мақсат-міндеттері. Балаларға жеке киім шкафтарында тәртіп сақтауды үйрету: шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлықты, тәртіпті байқауды, ұжымда тату-тәтті еңбек етуді үйрету.  <b>(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Кір сүлгілерді ауыстыру".</b>          Мақсат-міндеттері. Еңбекке тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрену. Еңбек етуге ниетін, ересектерге көмектесуге тәрбиелеу.  <b>(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау".</b>          Мақсат-міндеттері. Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау; өсімдіктің сыртқы түріне, құрылымына назар аударуды, шаңды кетіру әдісін таңдауды үйрету.  <b>(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>
--	--	--	---	--	--

	<p><b>ҚР Гимнін орындайды.</b> Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. <b>(музыка)</b></p> <p><b>Аулаға қар жауды.</b> Мақсат-міндеттері. Балаларға аулаға қардың жауғаны туралы сюжетті бор мен қылқаламды қолданып, суретін салуды үйрету; суреттің бейнелерін, ағаш пен үйдің, сұлбасын салып, қардың суреттегі әртүрлі жерлеріне қылқаламның ұшымен немесе жақпалау техникасын пысықтау. <b>(шығармашылық іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Дидактикалық ойын. «Ненің ізі?»</b> Мақсат-міндеттері. Байқампаздыққа, ұқыптылыққа үйрету</p>	<p><b>"Бұл не?"</b> <b>дидактикалық ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Логикалық ойлауды, есте сақтауды, тапқырлықты дамыту. Балаларға жанды және жансыз табиғатты сөзбен сипаттауды үйрету. Зейін, еске сақтау, сөйлеу және логикалық ойлауды дамыту, ойынға қызығушылықты арттыру, тәрбиелеу. Ойын барысы. Тәрбиеші жанды немесе жансыз табиғат туралы ойлап, оның белгілерін атай бастайды, ал балалар оны жалғастырады. Мысалы: жұмыртқа - сопақ, ақ, үлкен, үсті қатты, азық-түлік түрі, дүкенде сатылады, жеуге болады оған</p>	<p><b>"Сөйлемді аяқта"</b> <b>дидактикалық ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Құбылыстар арасындағы себеп-салдар байланысын түсінуді үйрету; сөздерді дұрыс таңдауға жаттығу жасау. Балаларға сөйлем құрауды үйрету. Зейін, еске сақтау, байланыстыра сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту. Дидактикалық ойынға қызығушылықты тәрбиелеу. Ойын барысы. Тәрбиеші сөйлемді бастайды: «Мен жылы тон кидім, өйткені...», «Балалар бастарына қалпақ киді, өйткені...», «Далада жаңбыр жауып тұр, өйткені...» <b>(қарым-қатынас</b></p>	<p><b>Дидактикалық ойын.</b> <b>«Көлеңкесін тап».</b> Мақсат-міндеттері. Балаларды әр аңның көлеңкесін тауып, өз орнына орналастыруды үйрету. Тілдерін дамыту. Аңдардың атауларын атап, оларды сипаттап айтуды үйрету. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, қазақ тілі)</b></p>	<p><b>Үшінші артық</b> Дидактикалық материал: үй және жабайы жануарлар бейнеленген карталар. Ойын барысы. Балаларға жануарлар бейнеленген карточкалар таратылады. Балалар қай жануардың артық екенін анықтауы керек. - Қой, сиыр - үй жануарлары. Олар адамның жанында тұрады. Түлкі - жабайы жануар, ол орманда тұрады. Түлкі - бұл орман жануары, жабайы аң және тағы басқа. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, қазақ тілі)</b></p>
--	--	--	---	--	--

Танертеңгі жаттығу  
08.55-09.00

**Жалпы дамытушы жаттығу**

**1.** Бастапқы қалып: дене тік, қол белде.

1 - оңға бір адым жасау, қолдарын жанына жіберу.

2 - бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа да қайталанады және 5 рет қайталанады).

**2.** Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол белде.

1 - оңға еңкею, сол қолын басына қою.

2 - бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа 5 рет қайталанады).

**3.** Бастапқы қалып: дене тік, қол белде.

1-2 отыру, қолдарын алға созу;

3-4 бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады).

**4.** Бастапқы қалып: жерде отыру, қолдарын артқа түзу тірейді.

1 - аяқтарын түзу ұстау, жоғары көтеру "бұрыш" жасау (иықтарын түзу ұстау).

2 - бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады).

**5.** Бастапқы қалып: тізеге отыру, қолды белге қою.

1- денені оңға бұру, оң қолды сол жақ аяқтың өкшесіне тигізу.

2- бастапқы қалып (3-4 жаттығу сол жаққа орындалады, жаттығу 5 рет қайталанады).

**6.** Бастапқы қалып: арқасымен жату, қолдарын бастарына қою.

1- оң аяғын түзу көтеру, саусақтарын башпайларына тигізу.

2 - бастапқы қалып (3-4 жаттығу сол жаққа орындалады, 5 рет қайталанады).

**7.** Бастапқы қалып: дене тік, қол белде.

1-ден 4-ке дейін санау арқылы оң жаққа секіру, 5-тен 8-ге дейін санау арқылы сол жаққа секіру, 9-12 екі аяқпен секіру, кідіріс жасау, жаттығуды 2-3 рет қайталау.

**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)**

Таңғы ас  
09.00-09.20

**Гигиеналық дағдылар**

Тағамның қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру: тәтті, тұзды; тағамдардың аттарын бекіту.

**Көркемсөз**

Ірімшікті кеміріп,

Тышқан отыр керіліп.

Мысық сүтті ішіп ап,

Бет жумайды ерініп.

Ботқа жеймін дейсің бе?

Қазір жасап беремін.

Сүт ботқасын көп жесең,

Жылдам өсіп кетесің.

**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)**

<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық 09.20-09.30</p>	<p><b>"Қыс" мезгілінің ерекшеліктері.</b> Мақсат-міндеттері. "Қыс" мезгілінің суретіне қарап әңгімелесу. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Шаттық шеңбері</b> Бақшамызға барғанда, Жолыққан бар жандарға Ертемен ақ пейілмен "Қайырлы таң!"- деймін мен. Күндіз де елді елеймін: Үйге кешке келемін, Не дерімді білемін «Кеш жарық!» - деп кіремін. Шеңбер бойына тұрып, қимылдар жасайды. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Мнемокесте бойынша отбасы туралы өлеңдер жаттау.</b> Мақсат-міндеттері. Зейін, еске сақтау қабілетін дамыту. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Үстел үсті ойыны. "Керекті киімді тап".</b> Мақсат-міндеттері. Балаларға қысқы және жазғы киімдерді ажыратуды үйрету; зейін, еске сақтау және логикалық ойлауды дамыту; ұқыптылыққа тәрбиелеу. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Қыс" мезгілінің ерекшеліктері.</b> Мақсат-міндеттері. "Қыс" мезгілінің суретіне қарап әңгімелесу. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>
---	--	---	--	--	--

<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 09.30-10.35</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> "[e] дыбысы және Е е әрпі". Мақсат-міндеттері: [e] дыбысы және әрпі жайлы түсініктер қалыптастыру. [e] дыбысы мен әрпін оқуды, жазуды меңгерту.</p> <p><b>Қазақ тілі</b> Қазақстанның қазба байлықтары. Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы Қазақстан және оның табиғи байлықтары туралы білімдерін кеңейту; ауыз су, көмір, бидай, мұнай, кен, газ, көл, теңіз, дала, тау, орман сөздерінің мағынасын түсіндіру; онға дейін санау және кері санауға жаттықтыру; туған жердің құндылығы туралы түсініктерін дамыту; балаларға қарапайым сөз</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> "[e] дыбысы және Е е әрпін қайталау". Мақсат-міндеттері: [e] дыбысы және әрпі жайлы түсініктер қалыптастыру. [e] дыбысы мен әрпін оқуды, жазуды меңгерту.</p> <p><b>Математика негіздері</b> "Туған жеріміз - Қазақстан!" Мақсат-міндеттері. Балаларды 1-ден 8-ге дейін тура және кері жылдам санауға жаттықтыру; заттар жиыны мен цифрларды сәйкестендіруді меңгерту.</p> <p><b>Музыка</b> "Көк тудың желбірегені" Мақсат-міндеттері. Балаларда ән арқылы туған жерге мақтаныш сезімін қалыптастыру;</p>	<p><b>Математика негіздері</b> "Туған жеріміз - Қазақстан!" (пысықтау). Мақсат-міндеттері: балаларды 1-ден 8-ге дейін жылдам тура және кері санауға жаттықтыру; заттар жиыны мен цифрларды сәйкестендіруді меңгертуді пысықтау.</p> <p><b>Қазақ тілі</b> П-Б дыбыстары (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әріптері (атау, жазу негіздері). Мақсат-міндеттері. Балаларға [-п], [-б] дыбыстары мен П п, Б б әріптерін таныстыру; П п - Б б әріптерін ауада жазып көрсету; [-п], [-б] дыбыстарының нақты артикуляциялық</p>	<p><b>Математика негіздері</b> "Жаңа жыл кімнің мерекесі?" Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы бірден сегізге дейінгі сандар туралы түсініктерін және олардың құрамы жөніндегі білімдерін пысықтау; саны сегіз шырша кескіндерінің биіктігін көз мөлшерімен қатарға тізбектеу арқылы салыстыру біліктерін жетілдіру.</p> <p><b>Сөйлеуді дамыту</b> "Қысқы ертегі" (пысықтау). Мақсат-міндеттері. Қыс туралы білімдерін кеңейту, қыс ерекшеліктері туралы мәлімет беру, ертегі оқу арқылы сұрақ-жауап ұйымдастыру, ауа райының өзгеруін түсіндіруді</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> "[ұ] дыбысы және Ұ ұ әрпі". Мақсат-міндеттері: [ұ] дыбысы және Ұ ұ әрпімен таныстыру. Ұ әрпінің таңбасын жазуды үйрету.</p> <p><b>Жапсыру</b> "Үшбұрыштан шыршаны жапсырамыз". Мақсат-міндеттері. Балаларға қағаз бетіндегі жаңажылдық шырша сұлбасының ішіне біртекті етіп үшбұрыштарды жапсыруды, шаршыны бұрып, тең ортасынан бүктеу арқылы, диагональ бойымен қиып, үшбұрыш пішіндерді шығаруды үйрету.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> "Арқаннан екпінмен қарғу". Мақсат-міндеттері. Балаларды арқаннан</p>
--	--	---	---	---	---



2- таңғы ас	Тағамның атауын еске сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркемсөз)
Серуенге дайындық 10.35-10.50	Балаларға киімдерін ретімен кияуді, жыл мезгіліне сәйкес киімдер киіну (қалың не жұқа) керектігін түсіндіру. 1-ден 5- ке дейін саналып, қатарға тұру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, математика негіздері)

**Қардың түсуін бақылау.** (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)  
Мақсат-міндеттері. Қардың қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру; қыста жауатын қардың жаууы туралы білімдерін бекіту.  
**Зерттеу.** Ақ қағазға ұшып келе жатқан қар ұлпаларын ұстау; зерттеу; қасиеттерін анықтау.  
**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ағаштардың тамырларын қармен жабу.  
Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеу қабілетін дамыту.  
**Қимыл-қозғалыс ойындары.** (дене шынықтыру)  
"Аққала ойыны".

**Қарлы бұрқасынды бақылау.** (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)  
**Бақылау:** бұрқасын туралы түсініктерін қалыптастыру.  
Далада қатты жел мен бұрқасын болған кезде аязды ауа соғады да, жүру қиындайды, бұлт күнді жауып, әр жерде қарлы бұрқасын соғады.  
Бұрқасын - қарды ұйтқыта, сырғыта соғатын борасын.  
**Ырым.** Қыста бұрқасын көп болса, жазда жауын-шашын болады.  
**Көркемсөз.** Сырбай Мәуленов "Бұрқасын". Жаяу боран бұрқасын Иір жіпті кідірмей. Үйір қардың ұлпасын Аққудың ақ жүніндей.

**Қар басуын бақылау.** (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)  
Жұмбақ.  
Ұстай қалсаң еріп кетер,  
Әуре болма теріп бекер. (Қар.)  
Болжау.  
Қар түссе, күн жылынады  
**Бақылау:** балаларға қардың жаууы туралы түсінік беру.  
Қыста күн бұлттанып тұрса, қар жауатыны туралы айту.  
Аспаннан жапалақтап қар жауғанын бақылау (ұлпа, ақ, жеңіл). Қар жүн көрпе секілді жердің бетін қымтайды.  
**Қимылды ойын.** «Қармен ойнау». (дене шынықтыру)  
Балаларға қармен ойнауды үйрету.

**Күннің көзін бақылау.** (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)  
Жұмбақ.  
Ақ сандығым ашылды,  
Ішінен жібек шашылды. (Күннің көзі.)  
**Бақылау:** қыс мезгілінде күннің көзін бақылауды жалғастыру.  
Қыстың басында күннің көзі сирек көрінетінін айту (бұлыңғыр, бұлтпен жабылған, жоғары көтерілмейді, жылытпайды).  
Қыстың ортасында күннің көзі ашылады, жоғары көтеріледі, бірақ жылытпайды.  
Күннің жоғары тұрғанына көңіл аудару керек.  
**Қимылды ойын.** «Жоғары лақтыр».

**Аспанды бақылау.** (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)  
Жұмбақ.  
Дүниеде бір қарбыз бар солмайтұғын,  
Жаз шіріп, қыста үсіп тоңбайтұғын.  
Жаһанның жерін, суын, жәндіктерін, Іші кең, бәрін салса толмайтұғын. (Аспан.)  
**Бақылау:** балалардың ұғымындағы көк аспан туралы ой-пікірлерін байыту.  
Қыстың басында аспанда ашық бұлттар көп болатынын атап өту.  
Қыстың аяғында аспан көкпенбек, өте әдемі, таза болады.  
**Қимылды ойын.** «Ұйымдастырушылар». (дене шынықтыру)  
Бір-бірімен қол

Серуеннен оралу 12.30-.12.50	<p>Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыру қабілеттерін жетілдіру.</p> <p>Жеңді тұру, қолды сабындау, суды шашыратпау, тазарғанша жуу дағдысын дамыту.</p> <p>Айнаға қарану, үсті-басын ретке келтіру, шашын тарау, ас ішуге дайындалуға тәрбиелеу.</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>
Түскі ас 12.50-13.10	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b></p> <p>Тағамның қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру: тәтті, қышқыл, тұзды тағамдардың атауларын бекіту.</p> <p><b>Көркемсөз</b></p> <p>Ірімшікті кеміріп,          Тышқан отыр керіліп.          Мысық сүтті ішіп ап,          Бет жумайды ерініп.          Ботқа жеймін дейсің бе?          Қазір жасап беремін.          Сүт ботқасын көп жесең,          Жылдам өсіп кетесің.</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)</b></p>
Күндізгі ұйқы 13.10-15.30	<p>Ұйықтауға ыңғайлы жағдай жасау.</p>
Бірге-бірге тұрғызу, сауықтыру шаралары 15.30-.15.40	<p>Жеңіл жаттығулар жасау, баяу көтерілу. Ауа процедураларын орындау (контрастылы).</p> <p>Аяққа массаж (уқалау) жасау.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Төсекте жатып гимнастикалық жаттығуларды қалай жасауға болатынын үйрету.</p> <p>Резеңкеден жасалған төсеніштермен және ағаш жолмен жүріп, аяққа массаж (уқалау) жасауды үйрету.</p> <p>Гимнастиканы дұрыс және синхронды түрде орындау. Гимнастикалық жаттығуларға сай өлеңдер жаттау.</p> <p><b>(дене шынықтыру)</b></p>

**Бесін ас**  
**15.40-16.00**

**Гигиеналық дағдылар**

Тағамның қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру: тәтті, қышқыл, тұзды; тағамдардың атауларын бекіту.

**Көркемсөз**

Ірімшікті кеміріп,

Тышқан отыр керіліп.

Мысық сүтті ішіп ап,

Бет жумайды ерініп.

Ботқа жеймін дейсің бе?

Қазір жасап беремін.

Сүт ботқасын көп жесең,

Жылдам өсіп кетесің.

**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)**

<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 16.00-16.15</p>	<p><b>Дамытушы ойын. "Суретшінің қатесін тап".</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың заттар, жан-жануарлар, құбылыстар жөніндегі ұғымдарын пысықтау; табиғатына сәйкес емес белгілерді байқап, құрылымында немесе сипатында не дұрыс еместігін атауға жаттықтыру; қоршаған әлем заңдылықтарына деген қызығушылықтарды арттыру, зияткерлікке тәрбиелеу. Құралдар. Сыртқы сипатында, құрылымында сәйкессіздіктері бар объектілер мен құбылыстар салынған суреттер. Балалардың жауаптары мынадай болуы мүмкін:</p>	<p><b>Дидактикалық ойын. "Қарама-қарсы сөздер" (мезгілдер және құбылыстар).</b> Мақсат-міндеттері. Заттар мен құбылыстардың қасиеттері туралы балалардың білімдерін тереңдету, тиянақтау; ой шапшаңдығын дамыту, еске сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; сөздік қорды байыту. Шарты. Балалар педагог ұсынған әрбір сөзге қарама-қарсы сөздерді атап отырулары керек. - Лас - (Таза). - Қараңғы - (Жарық). - Түн - (Күндіз). - Ылғалды - (Құрғақ). - Жаңбыр - (Қар). - Аспан - (Жер). - Таң - (Кеш). - Су - (Мұз). - Су - (Бу). - Жаз - (Қыс). <b>(қарым-қатынас іс-</b></p>	<p><b>Вариативті компонент. Жас зерттеуші</b> "Қысқы тіршілік" Мақсат-міндеттер: балалардың қыс мезгілі туралы түсінігін кеңейту, қыс мезгіліне тән белгілерді білу және таба алуға үйрету. <b>Дидактикалық ойын. «Сыңарын тап».</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың пішіндер туралы түсініктерін кеңейту. Байқампаздыққа және шапшаңдыққа үйрету. Ойынға қызығушылықтарын арттыру. Тазалық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу. Ойын ережесі: геометриялық пішіндерді ортасынан бөлу. Балалар сол геометриялық пішінді тауып құрау</p>	<p><b>"Қыс белгілерін ажыратамыз" дидактикалық ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Балаларды жылдам ойлануға тәрбиелеу. Ойын барысы. Педагог: - Балалар, сендермен ойын ойнаймыз. Мына жерде жыл мезгілдерінің белгілерін білдіретін суреттер тұр. Олардың арасынан қыс мезгілінің белгісін ажыратып алуымыз керек. Ендеше, балалар, суреттерді тезірек ажыратып алайық. Балалар суреттерді жылдам қойып шығады. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b> <b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b></p>	<p><b>«Қимылды қайтала» саусақ жаттығуы.</b> Мақсат-міндеттері. Қол қимылдарының үйлесімділігін дамыту. Жаттығу барысы: жүргізуші балаларға қарама-қарсы отырып, кез келген «фигураны» саусақтарымен көрсетеді (кейбір саусақтар бүгүлі, ал кейбіреуі түзу, әртүрлі қимылдар жасау). Балалар сол қимылды тура айнытпай қайталау керек. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қазақ тілі)</b> <b>«Заттарды салыстыру».</b> Мақсат-міндеттері. Балаларға заттар мен пішіндерді салыстыруды үйрету. Ұғымдардың</p>
--	---	--	---	--	---

<p><b>Балалармен жеке жұмыс</b> <b>16.15-16.30</b></p>	<p><b>Қызықты логикалық есептерді шығару.</b> Мақсат-міндеттері. Балаларды логикалық жаттығуларды орындауға машықтандыру. <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Қоянға көмектес"</b> <b>дидактикалық ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Заттарды санауды және олардың екі тобын салыстыруды, өлшеміне, пішініне және түстеріне қарай ажыратуға дағдыландыру. <b>(танымдық іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Кейіпкердің сөздерін жалғастыр"</b> <b>дамытушы ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Таныс ертегілер мен әңгімелердің мазмұнын пысықтау; балаларды кейіпкерлердің сөздерін жатқа білуге құштарлығын арттыру; шығармашылық қабілеттерін дамыту. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Сөздерге дыбыстық талдау жасау жаттығуы.</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың фонематикалық есту, ойлау, зейін, сөйлеу қабілеттерін жетілдіру. Құралдары: түрлі объектілердің көрнекі суреттері, дыбыстық талдауға арналған таңбалауыштар (фишкалар). <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)</b></p>	<p><b>Ертегілерді ойдан шығару жаттығуы.</b> Мақсат-міндеттері. Балаларға ұнаған суреттердің негізінде жаңа ертегі немесе оқиғаны ойдан шығарып, әңгімелеуге машықтандыру; шығармашылық ойлауды дамыту. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)</b></p>
<p><b>Серуенге дайындық</b> <b>16.30-16.50</b></p>	<p>Балаларға киімдерін ретімен киюді, жыл мезгіліне сәйкес киімдер киіну (қалың не жұқа) керектігін түсіндіру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>				
<p><b>Серуен</b> <b>16.50-18.00</b></p>	<p>Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>				
<p><b>Серуеннен оралу</b></p>	<p>Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өзіне не қажетін айтуды үйрету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>				
<p><b>Кешкі ас</b></p>	<p>Тағамның атауын еске сақтау, тағамды ішу рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуді, әдепті бала болуды үйренеміз". <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b></p>				

<p><b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b> Музыкалық аспаптармен ойындар. Салтанатты жиынға дайындық. <b>(музыка)</b> Өнер бұрышында қыс тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. <b>(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)</b> Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет)</b> Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. <b>(зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>				
<p><b>Балалардың үйге қайтуы</b> (ата-аналарға кеңес) 18.00-18.30</p>	<p>"Біз бір аптада не істедік?" тақырыбында көрме ұйымдастыру.</p>	<p>Кеңес беру. «5 жастағы балаға қандай ойыншықтар пайдалы?».</p>	<p>«Балаңыз туралы не білу керек?» тақырыбында кеңес беру.</p>	<p>Баланың балабақшадағы тәртібі мен белсенділігі туралы әңгімелесу.</p>	<p>«Тәуелсіз Қазақстан» салтанатты іс-шарасына арналған тақпақтар беру. Салтанатты іс-шараны өткізу туралы ата-аналармен әңгімелесу.</p>

## ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) \_\_\_\_\_

Топ: мектепалды

Балалардың жасы: 5 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 11.12 - 15.12.2023ж.

Педагогтың аты-жөні \_\_\_\_\_

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
	11.12	12.12	13.12	14.12	15.12
<b>Балаларды қабылдау 08.00-08.15</b>	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>				
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 08.15-08.30</b>	"Тәуелсіз Қазақстан" тақырыбындағы салтанатты іс-шараға байланысты тақпақ беру, іс-шараны өткізу туралы ата-аналармен әңгімелесу.				



<p><b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер 08.30-08.55</b></p>	<p><b>"Ұйымдастырылған іс-әрекетке арналған жабдықтар мен материалдарды дайындаймыз".</b>          Мақсат-міндеттері. Тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін дамыту, балаларға ҰІӘ арналған материалдар мен жабдықтарды ұқыпты жинауды үйрету.  <b>(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Орындықтарды жуу".</b>          Мақсат-міндеттері. Балаларға тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуді, топтық бөлмедегі орындықтарды таза ұстауды үйрету; оларды дымқыл шүберекпен сүртуді; орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс кезінде мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау дағдыларын қалыптастыру. Ересектерге көмектесуге ынталандыру, олардың жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу.  <b>(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Ойыннан кейін топта тәртіп орнату".</b>          Мақсат-міндеттері. Балалардың тәртіпке деген саналы ұмтылысын, ойыннан кейін ойыншықтарды жинастыру әдетін қалыптастыру. Жұмыс жоспарын құру, алдағы қызмет үшін қажетті материалдарды таңдау қабілетін жетілдіру.  <b>(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Ойыншықтардағы тәртіп".</b>          Мақсат-міндеттері. Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көруді және ретке келтіруді; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.  <b>(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Өсімдіктерді құнарландыру".</b>          Мақсат-міндеттері. Балаларға өсімдіктердің қоректік заттарды топырақтан алатынын, біртіндеп топырақтың құнары таусылатынын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйеніп, өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттілігі туралы айту, нақты іс-әрекетпен көрсету.  <b>(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>
--	--	---	---	--	---

	<p><b>ҚР Гимнін орындайды.</b> Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. <b>(музыка)</b></p> <p><b>Магниттік мозаика.</b> <b>"Кірпі."</b> Мақсат-міндеттері. Мозаика - әртүрлі пішіндер мен түстерден тұратын элементтердің жиынтығы, олар бірімен үйлеседі және кез келген кескінді жасауға мүмкіндік береді. Ойынның шартын қолдана отырып, балалар өздерінің жұмыстарын жасай алады. Ұсынылған магниттік тақта жиынтығында - 5 түс, 220 элемент бар. <b>(танымдық іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Домино».</b> Мақсат-міндеттері. Зейінділікті, логикалық ойлауды, жағдайды талдау қабілетін, тапқырлықты, қолдың ұсақ моторикасындамытады; балалардың заттардың мөлшері, пішіні, түсі туралы түсініктерін бекітеді; байқау мен зейінді дамытады, салыстыру және жалпылау операцияларын дамытады, заттар мен құбылыстар арасындағы елеулі байланыстарды бөліп көрсете білуді қалыптастырады; балалардың қоршаған әлем объектілері туралы түсініктерін кеңейтеді; баланың сөздігін байытады және белсендіреді, байланыстыра сөйлеуді дамытады</p>	<p><b>Лото.</b> <b>"Өсімдіктер, жануарлар».</b> Мақсат-міндеттері. Ойын планетамыздың жануарлары мен өсімдіктер әлемімен таныстырады, заттардың жалпы ерекшелігін бөліп көрсетуге және оны атрибут бойынша топтауды үйретеді. Лото көптеген әртүрлі ойын жағдайларын модельдеуге мүмкіндік береді. Ойын барысында логикалық ойлау, байқау, зейін, есте сақтау қабілеті дамиды, қолдың ұсақ моторикасы жетілдіріледі. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Зоологиялық лото».</b> Мақсат-міндеттері. Жануарлардың атауын, жануарлардың сыртқы түрінің ерекшеліктерін бекіту. Зейінді, байқағыштықты, реакция жылдамдығын дамыту. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Шатаспай есте сақта" үстел үсті ойыны.</b> Барысы. Әр баланың алдына әртүрлі заттар бейнеленген 10-15 карточка қойылады (алма, троллейбус, шайнек, ұшақ, қалам, мәшине, ат, әтеш және тағы басқа). Педагог: - Қазір мен сендерге бірнеше сөздерді атаймын. - Бауыржан, алдыңдағы суреттерге мұқият қара. Мен айтқан сөзді есте сақтауға көмектесетін бір затты таңдап ал. Оны бөлек жерге қой. Бірінші сөз оқылады. Балалар алдарындағы суреттен таңдаған соң, екінші сөз және ары қарай осылайша оқылады. Бала</p>
--	---	---	--	--	--

Танертеңгі жаттығу  
08.55-09.00

**Жалпы дамытушы жаттығу**

1. Бастапқы қалып: дене тік, қол белде.

1 - оңға адым жасап, қолдарын жанына жіберу.

2 - бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа 5 рет қайталанады).

2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол белде.

1 - оңға еңкею, сол қолын басына қою.

2 - бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа 5 рет қайталанады).

3. Бастапқы қалып: дене тік, қол белде.

1-2 отыру, қолдарын алға созу.

3-4 бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады).

4. Бастапқы қалып: жерде отыру, қолдарын артқа түзу тіреу.

1 - аяқтарын түзу ұстау, жоғары көтеру "бұрыш" жасау (иықтарын қисайтпау).

2 - бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады).

5. Бастапқы қалып: тізерлеп отыру, қолды белге қою.

1 - денені оңға бұру, оң қолды сол жақ аяқтың өкшесіне тигізу.

2 - бастапқы қалып (3-4 жаттығу сол жаққа орындалады, жаттығу 5 рет қайталанады).

6. Бастапқы қалып: арқамен жату, қолдарын бастарына қою.

1- оң аяғын түзу көтеру, саусақтарын башпайларға тигізу;

2 - бастапқы қалып (3-4 жаттығу сол жаққа орындалады, жаттығу 5 рет қайталанады).

7. Бастапқы қалып: дене тік, қол белде.

1-тен 4-ке дейін санау, оң жаққа секіру; 5-тен 8-ге дейін санау, сол жаққа секіру; 9-дан 12-ге дейін санау; екі аяқпен секіру, кідіріс жасау, жаттығуды 2-3 рет қайталау.

**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)**

Таңғы ас  
09.00-09.20

**Гигиеналық дағдылар**

Мақсат-міндеттері. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын бекіту.  
Үстелді жабдықтау, тамақ қабылдау және гигиеналық процедуралары.

**Көркемсөз**

Тамақтану әдебін,  
Жатқа біздер білеміз.  
Дастарқанға отырып,  
Жеңімізді түреміз.  
Ас атасы - ақ нанды,  
Қадірлейміз, шашпаймыз.  
Тамақтану кезінде,  
Асықпаймыз, саспаймыз.  
Сүлгіні де дұрыстап,  
Пайдалана аламыз.  
Шанышқы мен қасықты,  
Қалай ұстаймын, қараңыз.  
Тамақтану тәртібін,  
Жақсы білетін баламыз.  
**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)**

<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық 09.20-09.30</p>	<p>Отан, туған ел туралы мақал-мәтел жаттау. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p>«Менің елімнің Президенті» тақырыбында суреттерді қарастыру, әңгімелесу. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p>"Тәуелсіз Қазақстан" тақырыбында әңгімелесу. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p>"Тәуелсіз елім - тұғырым" атты салтанатты жиын ұйымдастыру. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p>Балалардың ұйымдастырылған іс-әрекетін көтеріңкі көңіл күйде, мотивациялық дайындықпен бастау дағдыларын қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Қуанамын мен де Қуанасың сен де, Қуанайық достарым! Арайлап атқан күнге! <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>
---	--	---	---	--	---

<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 09.30-10.35</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> "[ұ] дыбысы және Ұұ әрпі қайталау". Мақсат-міндеттер: [ұ] дыбысы және әрпімен таныстыру. Жеке сөздерді оқуға және тез оқуға дағдыландыру. [ұ] дыбысы кездесетін сөз, сөйлем ойлатып, оларға дыбыстық талдау жасатуға үйрету.</p> <p><b>Қазақ тілі</b> Киім түрлері. Жаңа жылға дайындық. Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы Жаңа жыл мерекесі туралы түсініктерін кеңейту; маусымдық киімдер туралы білімдерін дамыту; ұл мен қыз балаға арналған киімдердің атауларын ажыратуды үйрету; әйгілі ертегілердің мазмұны мен кейіпкерлері туралы</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> "[і] дыбысы және І і әрпі". Мақсат-міндеттері: [і] дыбысы және І әріп таңбасын таныстыру.</p> <p><b>Математика негіздері</b> "Жаңа жыл қарсаңында." Мақсат-міндеттері. Балалардың бірден сегізге дейінгі сандардың және олардың құрамы; геометриялық пішіндер жайлы түсініктерін тиянақтау.</p> <p><b>Музыка</b> "Жаңа жыл келді". Мақсат-міндеттері. Балаларға әнді көтеріңкі көңіл күйде эмоционалды орындауды, музыкадағы контрастық бөлімдерді ажыратып, биді әуені</p>	<p><b>Математика негіздері</b> "Жаңа жыл қарсаңында" (пысықтау). Мақсат-міндеттері. Балалардың бірден сегізге дейінгі сандар және олардың құрамы туралы геометриялық пішіндер жайлы түсініктерін тиянақтауды пысықтау.</p> <p><b>Қазақ тілі</b> Ф-В дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау, жазу негіздері). Мақсат-міндеттері. Балаларды [-ф], [-в] дыбыстары және Ф ф, В в әріптерімен таныстыру; Ф ф, В в әріптерін ауада жазып көрсету; Ф ф, В в дыбыстарының нақты артикуляциялық</p>	<p><b>Математика негіздері</b> "Сыйлықтарды қалай үлестіреді?" Мақсат-міндеттері. Балалардың бірден сегізге дейінгі сандардың және олардың құрамы жөніндегі білімдерін пысықтау; салмағы мен өлшемі қарама-қарсы заттардың көрсеткіштері тең және тең еместігін алақанына салып өлшеп анықтауға жаттықтыру.</p> <p><b>Сөйлеуді дамыту</b> "Қазақстан жалауы" (пысықтау). Мақсат-міндеттері. Балаларға Қазақстан Республикасы туралы мәліметті аша отырып, "Қазақстан жалауы" атты өлеңін оқып беру, сұрақ-жауап ұйымдастыру; балаларды тез ойлап, тез жауап беруге тәрбиелеуді</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> "[к] дыбысы және К к әрпі". Мақсат-міндеттері: [к] дыбысы мен әрпін таныстыру, сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйрету.</p> <p><b>Құрастыру</b> "Қоянға көмектесеміз". Мақсат-міндеттері. Балаларды үй кескіні бойынша қағаздан үй құрастыруды үйрету.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> "Биікке секіріп шығу". Мақсат-міндеттері. Балаларды алға қарай жылжып, допты екі қолмен лақтыруды және қайта қағып алуды (арақашықтығы 4–5 м); 20 см дейінгі биіктіктікке секіру; сап түзеуден кейін үш қатармен қайта тұруды; оңға, солға бұрылу дағдыларын</p>
--	--	---	---	--	--

2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркемсөз)
Серуенге дайындық 10.35-10.50	Балаларға киімдерін ретімен киюді, жыл мезгіліне сәйкес киімдер киіну (қалың не жұқа) керектігін түсіндіру. 1-ден 5-ке дейін саналып, қатарға тұру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, математика негіздері)

**Торғай мен көкшымшықты салыстырмалы бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**

Мақсат-міндеттері.

Торғаймен көкшымшықты салыстыру, олардың дене мүшелерінің ерекшеліктері, тіршілік етуімен таныстыру.

**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** жас ағаштардың тамырларын қармен қымтап жабу.

Мақсат-міндеттері.

Қоршаған ортаны қорғауға ынталандыру.

**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Құстар мен көкек". (дене шынықтыру)**

Мақсат-міндеттері.

**Жыраларды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**

Мақсат-міндеттері.

Ландшафт туралы білімдерін бекіту; табиғатты сүюге және құрметтеуге тәрбиелеу.

Зерттеу: күрекпен күреу.

- Неге біз топырақты күрей алмаймыз?

(Аязда топырақ қатып қалған.)

**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** кіші топтар аймағында

жолдарды сыпыру. Мақсат-міндеттері.

Еңбектенуге құштарлықты тәрбиелеу.

**Қимыл-қозғалыс ойындары.**

**"Үйшіксіз қоян".** Мақсат-міндеттері.

**Қылқан жапырақты ағаштарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**

Мақсат-міндеттері.

Ағаштар туралы білімдерін бекіту; талдау, салыстыру, қорытынды жасау қабілетін дамыту.

Қызмет: ағаштың қанша жаста екенін анықтау (балаларға ағаш діңінің жіңішке қиылған тақтайшасын беріп, ағаштың қанша жаста екенін жүзіктеріне қарап санауларын сұрайды).

**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ағаштардың түбіне қар күреу.

Мақсат-міндеттері. Қамқор болуға

**Сұр және қара қарғаны бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**

Мақсат-міндеттері.

Сұр және қара қарғаларды салыстыруды үйрету; айрықша белгілерді табу (сыртқы түрі, дауысы, әдеттері).

**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ауланы қардан тазарту.

Мақсат-міндеттері.

Топта жұмыс істеуге ұмтылысты тәрбиелеу.

**Қимыл-қозғалыс ойындары. "Бір, екі, үш.. Қаш!" (дене шынықтыру)**

Мақсат-міндеттері.

Жүгіру жылдамдығын, ептілікті, зейінді дамыту.

**Қоғамдық көлікті бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**

Мақсат-міндеттері.

Қоғамдық көліктер туралы білімдерін бекіту, жол ережелерін білу; технологияға және ересектердің жұмысына қызығушылықты қалыптастыру.

**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:**

құмсалғыштан құмды қазып алу.

Мақсат-міндеттері.

Тапсырмаларды орындау кезінде жұмысқа оң көзқарасқа, жауапкершілікке тәрбиелеу.

**Қимыл-қозғалыс ойындары. "Түрлі түсті көліктер".**



Серуеннен оралу 12.30-.12.50	<p>Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыру қабілеттерін жетілдіру.</p> <p>Жеңді түру, қолды сабындау, суды шашыратпау, тазарғанша жуу дағдысын дамыту.</p> <p>Айнаға қарану, үсті-басын ретке келтіру, шашын тарау, ас ішуге дайындалуға тәрбиелеу.</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>
<p><b>Түскі ас</b> <b>12.50-13.10</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын бекіту.</p> <p>Үстелді жабдықтау, тамақтану және гигиеналық процедуралар.</p> <p><b>Көркемсөз</b></p> <p>Тамақтану әдебін, Жатқа біздер білеміз. Дастарқанға отырып, Жеңімізді түреміз. Ас атасы - ақ нанды, Қадірлейміз, шашпаймыз. Тамақтану кезінде, Асықпаймыз, саспаймыз. Сүлгіні де дұрыстап, Пайдалана аламыз. Шанышқы мен қасықты, Қалай ұстаймын, қараңыз. Тамақтану тәртібін, Жақсы білетін баламыз.</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)</b></p>

<p><b>Күндізгі ұйқы</b> <b>13.10-15.30</b></p>	<p>Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Тазша бала» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. <b>(көркем әдебиет)</b></p>	<p>Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Бұдыл мерген» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі) <b>(көркем әдебиет)</b></p>	<p>Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Аудио Қ. Абдильдинаның әні «Айым болып тудың ба». <b>(музыка)</b></p>	<p>Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Бай мен тәуіп» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі) <b>(көркем әдебиет)</b></p>	<p>Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Азат» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі) <b>(көркем әдебиет)</b></p>
<p><b>Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары</b> <b>15.30-15.40</b></p>	<p>Шаңғы жаттығуы (екі аяқтың тізесін бүгу, кезекпен созу және қайта бүгу, табанды төсек үстіне үйкеу). Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекіту, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)</b></p>				

**Бесін ас**  
**15.40-16.00**

**Гигиеналық дағдылар**

Мақсат-міндеттері. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын бекіту.  
Үстелді жабдықтау, тамақтану және гигиеналық процедуралар.

**Көркемсөз**

Тамақтану әдебін,

Жатқа біздер білеміз.

Дастарқанға отырып,

Жеңімізді түреміз.

Ас атасы - ақ нанды,

Қадірлейміз, шашпаймыз.

Тамақтану кезінде,

Асықпаймыз, саспаймыз.

Сүлгіні де дұрыстап,

Пайдалана аламыз.

Шанышқы мен қасықты,

Қалай ұстаймын, қараңыз.

Тамақтану тәртібін,

Жақсы білетін баламыз.

**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)**

<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 16.00-16.15</p>	<p><b>Дамытушы жаттығу.</b> "Қанша және қандай айырмашылықтары бар?" Мақсат-міндеттер. Балалардың қабылдау, зейін, ойлау қабілеттерін дамыту; зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу. Құралдар: суреттер жұптары (екінші суретте бірінші суретке қарағанда, бір қарағанда, көзге көрінбейтін бірнеше өзгерістер болады). Шарты. Педагог балаларға бірінші суретті көрсетіп, содан соң оған ұқсас екінші суретте көруге ұсынады. Балалар екінші суретте біріншіге қарағанда, не өзгергенін айтады, айырмашылықтарын табады. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық</b></p>	<p><b>Дидактикалық ойын.</b> "Дұрыс па? Бұрыс па?" (Сын есімдерді қолдану) Мақсат-міндеттері. Балаларға белгілі жан-жануардың (адамның, құбылыстың) қасиеттерін сын есімдермен сипаттауды тыңдатып, сипаттама дұрыс немесе бұрыс болғанын анықтатқызу, дұрыс нұсқаны айтуға ынталандыру; қоршаған әлем заңдылықтары жайындағы білімдерін нығайту; сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту; дүниетанымын кеңейту. Балалардың жауаптары мынадай болуы мүмкін: "Алма текше емес, шар сияқты", "қар ыстық емес, суық", "туған</p>	<p><b>Вариативті компонент - Ағылшын тілінен ойын-жаттығулар. "Animals. Letter L I"</b> Мақсат-міндеттері. Жаңа лексикалық бірліктерді беру, жаңа L I әрпімен таныстыру. <i>Didactical game "Big or small animals".</i> <b>Дамытушы ойын.</b> "Қандай және саны қанша геометриялық пішіндерден құрылғанын айт". Мақсат-міндеттері. Балалардың геометриялық пішіндерді ажырату, санау қабілеттерін, ой шапшаңдығын, зейінін дамыту; ұғымталдыққа, зияткерлікке тәрбиелеу. Құралдар. Түрлі геометриялық пішіндерден құрылған бейнелердің сызбалы</p>	<p><b>Дамытушы ойын. "Сынық телефон".</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың есту, түйсік, ойлау қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Шарты. Балалар бір тізбекке отырады. Жүргізушіні санамақ арқылы таңдауға болады. Алғашында, педагог балаларға ойынды жүргізу үлгісін бір рет көрсетеді. Балаларға ойын шартын нақтылы орындап, оны бұзуға болмайтынын түсіндіреді. Жүргізуші бірінші болып шетте отырған баланың құлағына өзі ойлаған заттың атауын сыбырлап айтады. Оны естіген бала келесі балаға сыбырлап айтады, сөйтіп ойын жалғаса береді. Соңғы</p>	<p><b>Дидактикалық ойын. "Бұл қай мезгілде болады?"</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың әр жыл мезгіліне тән құбылыстар туралы білімдерін тиянақтау; ойлау, есте сақтау, зейін, байланыстыра сөйлеу қабілеттерін дамыту. Шарты. Педагог балаларға кез келген жыл мезгіліне тән құбылысты сипаттайды, балалар құбылыстың атауын, жыл мезгілін табуға міндетті. Балаларға жауаптарын бір сөзбен ғана емес, құбылыстың не себептен болғанын түсіндіруге талпындыру қажет. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-</b></p>
--	--	---	--	---	--

<p><b>Балалармен жеке жұмыс</b> <b>16.15-16.30</b></p>	<p><b>Артикуляциялық жаттығу.</b> Мақсат-міндеттері. Бала тілін дамыту. Артикуляциялық жаттығулар айтқызу. Аюдың тапсырмасы артикуляциялық жаттығу жасау. 1) Ян - ян - секеңдеген ақ қоян, Ю - ю - ю - қорбандаған аю. Кі - кі - кі – бұл айлакер түлкі, Қыр - қыр - қыр - бұл көкжал қасқыр. 2) Ыр-ыр-ыр-ырылдайды қасқыр, Ра-ра-ра- бал жинайды ара, Мір-мір-мір- қап-қара көмір. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>«Суреттер құрастыру».</b> Мақсат-міндеттері. Балаларға шағын суреттерден мазмұнды үлкен суретті құрастыруды үйрету, әңгіме құрастыра білу, тіл байлығын, ой-өрісін дамыту, әртүрлі мазмұнды суреттер құрастыруға балалардың қызығушылығын арттыру. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)</b></p>	<p><b>Қызықты логикалық есептер шығару.</b> Мақсат-міндеттері. Балаларды ойлау жаттығуларына машықтандыру. <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Бала тілін дамыту. Тақпақ жаттау.</b> Төлеу Шахановтың тақпақтары. "Түлкі". Жем іздеп жүгіріп, Аңшыдан тығылып. Қақпанға жуымай Жүреді, қуын-ай!  "Маймыл". Кәмпитті толтырып уысқа, Секірдің бұрыштан бұрышқа. Жолдасың таңырқап қарайды, Қызғаншақ болуың дұрыс па? <b>(қарым-қатынас іс-әрекет)</b></p>	<p><b>Бала тілін дамыту. Тақпақтар айтқызу.</b> Әдібай Табылдиев "Шырша". Қызық-думан күн келді, Жасыл шырша түрленді. Аяз сүйіп, терледі, Үйге кірді төрледі.  Сылдырайды моншағы, Шыршамыздың мол шамы. Бізбен бірге жайдары Жарқырады, жайнады.  Арайланды шыршамыз, Айналамыз баршамыз! <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>
--	---	--	--	--	---

<b>Серуенге дайындық</b> <b>16.30-16.50</b>	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>				
<b>Серуен</b> <b>16.50-18.00</b>	Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b>				
<b>Серуеннен оралу</b>	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>				
<b>Кешкі ас</b>	Тағамның атауын еске сақтау, тамақтану рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуді, әдепті бала болуды үйренеміз". <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b>				
<b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық. <b>(музыка)</b></p> <p>Өнер бұрышында "Тәуелсіз Қазақстан" тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. <b>(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)</b></p> <p>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет)</b></p> <p>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. <b>(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>				
<b>Балалардың үйге қайтуы</b> (ата-аналарға кеңес)18.00-18.30	«Сіз қандай ата-анасыз?» сауалнама.	"Тәуелсіз Қазақстан" тақырыбындағы салтанатты іс-шараға байланысты тақпақ беру, іс-шараны өткізу туралы ата-аналармен әңгімелесу.	«Отбасындағы адамгершілік-патриоттық тәрбие».	Жадынама. "Қысқы серуенді баламен бірге қызықты және пайдалы өткізу".	Кеңес беру. "Қыс мезгілінде баланың иммунитетін көтеру жолдары".

## ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) \_\_\_\_\_

Топ: мектепалды

Балалардың жасы: 5 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 18.12 - 22.12.2023ж.

Педагогтың аты-жөні \_\_\_\_\_

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
	18.12	19.12	20.12	21.12	22.12
<b>Балаларды қабылдау 08.00-08.15</b>	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>				
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кенес беру 08.15-08.30</b>	Жаңа жыл мерекесіне байланысты өткізілетін ертеңгіліктер мен мерекелік кештер туралы ата-аналарға ақпарат беру.				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер 08.30-08.55</b>		<b>"Біз топ бөлмесі мен жатын бөлмедегі терезе алды тақтайын дымқыл шүберекпен сүртеміз".</b> Мақсат-міндеттері. Балаларды сумен жұмыс істегенде келесі ережелерді сақтауды үйрету: жеңді түру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, кірлегенде сумен шаю. <b>(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>	<b>"Біз орындықтарды орнына қоямыз".</b> Мақсат-міндеттері. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы жылдам, мұқият орындау. <b>(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>	<b>"Кітап бұрышындағы еңбек".</b> (кітаптарды қалпына келтіру). Мақсат-міндеттері. Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды тандауды, оларды мұқият желімдеуді үйрету (желім мен қайшыны, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты ұстауға, еңбектенуге, тәртіп сақтауға тәрбиелеу. <b>(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>	<b>"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың өз төсегін жинастыру дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға, еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. <b>(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>

		<p><b>ҚР Гимнін орындайды.</b> Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. <b>(музыка)</b></p> <p><b>«Дөңгелек, үшбұрыш және шаршыға ұқсайтын заттарды тап» дидактикалық ойыны.</b> Максат-міндеттері. Пішіндерді қайталау, түстерді қабылдауын және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Пазл"</b> Максат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын және қимылдарды үйлестіруді, тапсырманы жан-жақты қырынан көру қабілетін, логиканы дамытады; міндеттерді стратегиялық шешу дағдысын қалыптастырады; табандылық пен дәлдікті, қиялды, зейін мен есте сақтау қабілетін дамытады; өз бетінше шешім қабылдауды үйретеді. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Геометриялық пішіндерден аспалы көпір құрастырамыз" дидактикалық ойыны.</b> Максат-міндеттері. Балалардың қиялын, шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту. Барысы. Педагог геометриялық пішіндерді қолданып, балаларға әртүрлі көліктерді құрастыруды ұсынады. <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Жол белгілерін қою" дидактикалық ойыны.</b> Максат-міндеттері. Балалардың жол жүру ережелері туралы білімдерін тиянақтау, жол белгілерін айыруды үйрету. Балаларды мейірімділікке, байқағыштыққа тәрбиелеу. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p>
<p><b>Танертеңгі жаттығу</b> <b>08.55-09.00</b></p>	<p><b>Жалпы дамыту жаттығулары (таяқшалармен)</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Бастапқы қалып: дене тік, екі аяқ бірге, таяқша төменде. 1- таяқшаларын жоғары көтеру; 2 - бастарына қою; 3 - таяқшаны жоғары көтеру; 4 - бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).</li> <li>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ арасы алшак, таяқша төменде. 1 - таяқшаларын жоғары көтеру; 2 - қолын түзу ұстау, оң жаққа иілу; 3- таяқшаны жоғары көтеру, тіктелу; 4 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 4 рет қайталанады).</li> <li>3. Бастапқы қалып: дене тік, екі аяқ бірге, таяқша төменде. 1-2 отыру, таяқшаларын жоғары көтеру; 3-4 бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 4 рет қайталанады).</li> <li>4. Бастапқы қалып: дене тік, таяқшаны артқа ұстау. 1 - 2 таяқшаны жоғары көтеру; 3 - 4 бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 4 рет қайталанады).</li> <li>5. Бастапқы қалып: жерде отыру, аяқ арасы алшак, таяқшалар бас жағында. 1 - таяқшаларын жоғары көтеру; 2- иілу, таяқты оң аяғының ұшына тигізу; 3- тіктеліп тұру, таяқты жоғары көтеру; 4 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 4 рет қайталанады).</li> <li>6. Бастапқы қалып: дене тік, екі аяқ бірге, таяқша төменде. - таяқты жоғары ұстау, аяқтың арасын алшак қою, секіру; 2- бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).</li> <li>7. Бастапқы қалып: дене тік, екі аяқ бірге, қолды бүгу, таяқшаны көкірек тұсына ұстау. 1- таяқты жоғары ұстау, аяқтың ұшын оң жаққа созу. 2 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 4 рет қайталанады).</li> </ol> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)</b></p>				



<p><b>Таңғы ас</b> <b>09.00-09.20</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b> Мақсат-міндеттері. Тамақтану кезінде әдепті мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: ас құралдарын дұрыс пайдалану (асқасық пен шайқасық, шанышқы); майлықты ұқыпты қолдану; нанды үгітпеу, тамақты асықпай шайнау, тамақтану кезінде сөйлеспей; сыпайы болуды үйрету (ас үшін алғыс айту, тазалық пен ұқыптылық сақтау қажеттілігін үйрету).</p> <p><b>Көркемсөз</b> Дос бол сабын, сумен сен, Жиі-жиі жуын сен, Таңертен де, кешке де, Жуын күндіз де, кешке де, Жуын күндіз де, түсте де, Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында, Жуын ұйықтар кезінде, Жуын тұрған мезгілде.</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)</b></p>				
<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b> <b>09.20-09.30</b></p>		<p>Балалардың ұйымдастырылған іс-әрекетін көтеріңкі көңіл күйде, мотивациялық дайындықпен бастау дағдыларын қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Бақыт толы шеңберге, Шаттық толы шеңберге, Қол ұстасып келдік біз, Жан достармыз енді біз. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p>Балалардың ұйымдастырылған іс-әрекетін көтеріңкі көңіл күйде, мотивациялық дайындықпен бастау дағдыларын қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Қуанамын мен де Қуанасың сен де, Қуанайық достарым! Арайлап атқан күнге! <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p>Балалардың ұйымдастырылған іс-әрекетін көтеріңкі көңіл күйде, мотивациялық дайындықпен бастау дағдыларын қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Достарымның барлығын, Сыйлап, жақсы көремін. Алақаным арқылы Жылуымды беремін. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p>Зейінді дамытуға арналған жаттығу. "Үздіксіз ізде" (іздеу) 10-15 секунд бойы балаға айналасынан түсі (өлшемі, пішіні, материалы және тағы басқа) бірдей көп зат табуды ұсыну. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p>

**Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет**  
**09.30-10.35**

**Сауат ашу негіздері**  
"[к] дыбысы және К к әрпін қайталау".  
Мақсат-міндеттері: [к] дыбысымен таныстыру. К дыбысына тіл ұстарту жаттығуларын орындау, сөз құрату, буын ішінде бекіту, дыбыстық талдау жасату.

**Математика негіздері**  
"Сыйлықтар әзірлейік."  
Мақсат-міндеттері. Балалардың бірден сегізге дейінгі сандар және олардың құрамы туралы түсініктерін тиянақтау; заттарды қолмен сипап сезу арқылы анықтауға жаттықтыру.

**Музыка**  
"Щелкунчик" балеті.  
Мақсат-міндеттері. Балаларды әнді көтеріңкі көңіл күйде эмоционалды орындай білуге, музыкадағы контрастық бөлімдерді ажыратып, биді әуеннің сыр-сипатына, ырғағына сай орындай білу қабілеттерін жетілдіру.

**Сөйлеуді дамыту**  
"Жаңа жыл - менің сүйікті мерекем!"  
Мақсат-міндеттері. Жаңа жыл мерекесі туралы білімдерін кеңейту, "Жаңа жыл - менің сүйікті мерекем" атты әңгімені оқып беру арқылы балалардың ойларын дамыту.

**Математика негіздері**  
"Сыйлықтар әзірлейік" (пысықтау)  
Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымында бірден сегізге дейінгі сандар және олардың құрамы туралы түсініктерін тиянақтау; заттарды қолмен сипап сезу арқылы анықтау жаттығуларын пысықтау.

**Қазақ тілі**  
"Алдар көсенің сиқырлы шапаны" ертегісінің желісі бойынша әңгімелеу. Ерекше жұмбақтар.  
Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы қысқы мерекелер туралы білімдерін кеңейту; «Алдар көсенің сиқырлы шапаны» ертегісінің мазмұнымен таныстыру; жаңа жылдық мереке туралы ұғымды дамыту; зат есім мен сын есімді білдіретін сөздер туралы түсініктерін қалыптастыру; еңбексүйгіштік, адалдық, мейірімділік туралы түсініктерін дамыту; балаларды қазақ тілінде ертегі тыңдауды, ертегінің мазмұнын еске сақтауды, кейіпкерлердің есімдерін еске сақтауды, сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру; достыққа, мейірімділікке, еңбекқорлыққа, ертегілерге сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

**Қазақ тілі**  
«Сиқырлы дыбыстар мен әріптер әлеміне саяхат».  
(Өткен тақырыптарды қорытындылау)  
Мақсат-міндеттері. Балалардың тілдік, дыбыстық мәдениетін дамыту және тәрбиелеу; дауысты және артикуляциясы бойынша жеңіл дауыссыз

**Математика негіздері**  
"Он екі айдың тізбектелуі".  
Мақсат-міндеттері. Балаларды жылдың он екі айының тізбегімен таныстыру, әр жыл мезгілінде үш айдан, жиыны он екі ай болатынын сызбалы түрде көрсетіп, ретпен атап, жыл мезгілдерін бағдарлау амалдары туралы білімдерін жетілдіру.

**Сөйлеуді дамыту**  
"Жаңа жыл - менің сүйікті мерекем!" пысықтау.  
Мақсат-міндеттері. Жаңа жыл мерекесі туралы білімдерін кеңейту, "Жаңа жыл - менің сүйікті мерекем" атты әңгімені оқып беру, мереке туралы балалардың ойларын пысықтау.

**Музыка**  
"Аппак әлем".  
Мақсат-міндеттері. Балаларға аппак қар жамылған қыс әлемі туралы әннің сыр-сипатын түсінуді үйрету.

**Қоршаған ортамен танысу**  
"Шырша неге жасыл?"  
Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы жаңа жылдық мерекелер дәстүрі туралы түсініктерін тиянақтау; сезілетін немесе естілетін материалдарды ажыратуды үйрету; сөйлеуді, зейінді, еске сақтау қабілетін дамыту; дәстүрлі мерекелерге сүйіспеншілігін тәрбиелеу.

**Сауат ашу негіздері**  
"[ү] дыбысы және Ү ү әрпі".  
Мақсат-міндеттері: [ү] дыбысы және Ү әрпімен таныстыру, [ү] дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасау.

**Сурет салу**  
"Аяздың қырау оюлары."  
Мақсат-міндеттері. Балаларға қылқалам түгінін ұшымен шаршы немесе тіктөртбұрыш пішініне жінішке немесе жуан келген, иректелген, бұрмаланған, нүктеленген ою элементтерін салу техникасын игерту; монотипия техникасын ұштау.

**Дене шынықтыру**  
"Допты оң және сол қолмен жерге кезек-кезек ұрғылап, 5 м жерді жүріп өту".  
Мақсат-міндеттері. Балаларға допты оң және сол қолмен жерге кезек-кезек ұрғылап, 5 м жерді жүріп өту дағдысын үйрету.

**Көркем әдебиет**  
Кел, жаттайық! А. Асылбеков «Жаңа жыл» (пысықтау)  
Мақсат-міндеттері. Балаларға қыс мезгілінің ерекшелігін түсіндіру, қысқы ойын түрлерін, қысқы мерекелерді пысықтау.

2- таңғы ас	Тағамның атауын еске сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркемсөз)				
Серуенге дайындық 10.35-10.50	Балаларға киімдерін ретімен киюді, жыл мезгіліне сәйкес киімдер киіну (қалың не жұқа) керектігін түсіндіру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен 10.50-12.30		<p><b>Желді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b>          Мақсат-міндеттері. Жансыз табиғат туралы білімдерін кеңейту және тереңдету; табиғат құбылыстарына қызығушылығын қалыптастыру.  <b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b>          төбешіктерді құрастыру.          Мақсат-міндеттері. Бір-бірімен достық қарым-қатынас құруға тәрбиелеу.  <b>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Кім мерген?", "Ағаштың суретін сал". (дене шынықтыру)</b>          Мақсат-міндеттері. Заттарды лақтыруға арналған жаттығулар; көзбен мөлшерлеуді дамыту; қарға әртүрлі ағаштардың суретін салу қабілетін бекіту.  <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар:</b>          "Затты тап".          Мақсат-міндеттері. Балабақша ауласында кеңістікті бағдарлай алуды бекіту.</p>	<p><b>Ауа райын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b>          Мақсат-міндеттері. Маусымдық құбылыс - көктайғақ туралы түсінік қалыптастыруды жалғастыру; табиғатты бақылау дағдыларын дамыту.  <b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b> жолдағы қарды тазарту.          Мақсат-міндеттері.          Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.  <b>Қимыл-қозғалыс ойындары. "Қақпан", "Жануарлар".</b>          Мақсат-міндеттері. Ережелерді қатаң сақтауды, жеңіл секіруді, тату ойнауды үйрету.          Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.</p>	<p><b>Желді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b>          Мақсат-міндеттері. Желдің бағытын анықтау.  <b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b> қардан әртүрлі құрылыстар жасау.          Мақсат-міндеттері. Педагогке қардан құрылыс жасауға көмектесуді үйрету; достық қарым-қатынасты дамыту.  <b>Қимыл-қозғалыс ойындары. "Бос орын".</b>          Мақсат-міндеттері. Шапшаңдық пен ептілікті дамыту.          Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.</p>	<p><b>Құстарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b>          Мақсат-міндеттері. Балалардың қыстайтын құстарға қамқорлық жасауға құштарлығын қалыптастыру (құсты тану, оның денесінің бөліктерін атау).  <b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b>          құстарға арналған қар асханасының құрылысы.          Мақсат-міндеттері. Барлығы бірге тату жұмыс істеуді, досына көмекке келуді үйрету.  <b>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ит пен торғайлар". (дене шынықтыру)</b>          Мақсат-міндеттері. Әртүрлі бағытта жүгіруді, кеңістікті шарлауды үйретуді жалғастыру.          Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, жылдам жүгіру қабілетін бекіту; затты лақтырудың күші мен ептілігін дамыту.</p>
Серуеннен оралу 12.30-.12.50	Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыру қабілеттерін жетілдіру. Жеңді тұру, қолды сабындау, суды шашыратпау, тазарғанша жуу дағдысын дамыту. Айнаға қарану, үсті-басын ретке келтіру, шашын тарау, ас ішуге дайындалуға тәрбиелеу. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>				

<p><b>Түскі ас</b> <b>12.50-13.10</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b> Мақсат-міндеттері. Тамақтану кезінде әдепті мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: ас құралдарын дұрыс пайдалану (асқасық пен шайқасық, шанышқы); майлықты ұқыпты қолдану; нанды үгітпеу, тамақты асықпай шайнау, тамақтану кезінде сөйлеспей; сыпайы болуды үйрету (ас үшін алғыс айту, тазалық пен ұқыптылық сақтау қажеттілігін үйрету).</p> <p><b>Көркемсөз</b> Дос бол сабын, сумен сен, Жиі-жиі жуын сен, Таңертен де, кешке де, Жуын күндіз де, кешке де, Жуын күндіз де, түсте де, Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында, Жуын ұйықтар кезінде, Жуын тұрған мезгілде. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)</b></p>				
<p><b>Күндізгі ұйқы 13.10-15.30</b></p>		<p>Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйренеді. Аудио тыңдау. Ж.Байырбекваның «Бесік жыры» әні <b>(музыка)</b></p>	<p>Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Арыстан күшігін асыраған мысық» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. <b>(көркем әдебиет)</b></p>	<p>Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Ақ қасқыр» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі) <b>(көркем әдебиет)</b></p>	<p>Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Мысық, қораз және түлкі» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. <b>(көркем әдебиет)</b></p>
<p><b>Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары</b> <b>15.30-.15.40</b></p>	<p>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекіту, мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау. "Сылдыр-сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығулары. <b>(дене шынықтыру)</b></p>				

**Бесін ас**  
**15.40-16.00**

**Гигиеналық дағдылар**

Мақсат-міндеттері. Тамақтану кезінде әдепті мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: ас құралдарын дұрыс пайдалану (асқасық пен шайқасық, шанышқы); майлықты ұқыпты қолдану; нанды үгітпеу, тамақты асықпай шайнау, тамақтану кезінде сөйлеспей; сыпайы болуды үйрету (ас үшін алғыс айту, тазалық пен ұқыптылық сақтау қажеттілігін үйрету).

**Көркемсөз**

Дос бол сабын, сумен сен,  
Жиі-жиі жуын сен,  
Таңертен де, кешке де,  
Жуын күндіз де, кешке де,  
Жуын күндіз де, түсте де,  
Жуын тамақ алдында,  
Жуын тамақ соңында,  
Жуын ұйықтар кезінде,  
Жуын тұрған мезгілде.

**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)**

<p><b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 16.00-16.15</p>		<p><b>Дидактикалық ойын.</b> <b>"Не артық?"</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың жемістер мен көгөністер жайлы білімдерін пысықтау; жемістер мен көгөністерді сақтау ережелерін игерту; ойлау, елестету, зейін қабілеттерін дамыту; жағымда қарым-қатынастарды құруға ынталандыру. Шарты. Жүргізуші бір топтамаға қатысты және оған жатпайтын заттарды атайды (көрсетеді), ойыншылар артық затты атау керек. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b> <b>"Жемістер мен көгөністер" дүкені.</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; достық қарым-қатынасқа, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу. Құралдар. Сөрелер, жемістер мен көгөністердің нақпіншіндері, түрлі пішінді себеттер, ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, қаражат қағаздары. Шарты. Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен дүкенге саяхатты ұйымдастыруы мүмкін. Балалар дүкеннің суретін, бейнежазбаны көрсетіп, "тауар" сөзінің мағынасын, жемістер мен көгөністерді сақтау үшін түрлі ережелерді ұстану керектігі жайлы түсіндіреді. Сатушы өз қалауы (немесе санамақ) бойынша</p>	<p><b>Вариативті компонент. Жас зерттеуші</b> "Көрікті шырша". Мақсат-міндеттері. Қыс мезгіліндегі мерекелер жайлы білімдерін кеңейту; шырша туралы білімдерін толықтыру, табиғатта өзін ұстаудың қарапайым ережесін қалыптастыру.</p> <p><b>Дамытушы ойын.</b> <b>"Жылы сөздер қобдишасы".</b> Мақсат-міндеттері. Балаларды адамға, ауа райы, құбылыс, мезгіл, зат, жан-жануар жайында сыпайы сөздерді айтуға ынталандыру; жағымды эмоциялар сферасын дамыту; сөздік қорды байыту; сыпайылыққа, оптимизм сезіміне тәрбиелеу. Құралдар. Адам, ауа райы, тәулік, жыл мезгілі құбылысы, зат, жан-жануар салынған суреттер. Балалардың жауаптары мынадай болуы мүмкін: "Әкеміз айбарлы, адал, еңбекқор адам", "Күн жаңбырлы болса да, біздің қолымызда шатыр бар", "Күніміз қандай жарқын! Аспанымыз ашық. Күн нұры жер бетін жылытып тұр." <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b> <b>"Сұлулық салоны".</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың сұлулық салоны қызметкерлері (шаштараз, маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші) мамандықтары жайында ұғымдарын тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу.</p>	<p><b>Қоршаған ортамен танысу</b> "Шырша және түрлі ойыншықтар" Мақсат-міндеттер: балалардың Жаңа жыл мерекесінің символы шырша туралы түсініктерін кеңейту; орман жайында экологиялық білімдерді түйіндеу; Жаңа жыл мерекесіне дайындалу кезеңінде ойыншықтар мен бұйымдарды, шырша бейнесін түрлі материалдардан жасау амалдарын көрсету.</p> <p><b>Дамытушы ойын.</b> <b>"Суретшінің қатесін тап".</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымында заттар, жан-жануарлар, құбылыстар жайлы түсініктерін пысықтау; табиғатына сәйкес емес белгілерді байқап, құрылымында немесе сипатында не дұрыс еместігін атауға жаттықтыру; қоршаған әлем заңдылықтарына қызығушылықтарын арттыру, зияткерлікке тәрбиелеу. Құралдар. Сыртқы сипатында, құрылымында сәйкессіздіктері бар объектілер мен құбылыстар салынған суреттер. Балалардың жауаптары мынадай болуы мүмкін: "Қасқырдың жүні жасыл емес, сұр болады", "Қоянның құлағы тышқанның құлағындай кішкентай емес, ұзын болады", "Күндіз аспанда жұлдыздар көрінбейді", "Бұлақ төменнен жоғары қарай емес, жоғарыдан төмен ағады", "Бәйшешек күзде емес, көктемде шығады", "Аққала көктемде аулада тұра алмайды, еріп кетеді", "Ит ағаштағы ұяда емес, ауладағы ағаш үйшікте тұрады", "Жазда өзенге мұз қатпайды, өйткені</p>	<p><b>Дидактикалық ойын.</b> <b>"Адасқан сандар".</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың сандар тізбегі жайындағы білімдерін бекіту; реттік сандарды пысықтау; сандар тізбегінде аталған санның көршілерін немесе тізбектегі кез келген санның арасында жасырынған санды тауып, дұрыс атауға жаттықтыру; зейін, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту; шапшаңдыққа, зеректікке тәрбиелеу. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b> <b>"Цирк".</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың түсінігінде циркте қызмет ететін өнерпаздар (сайқымазақ, гимнаст, сиқыршы, жонглер, жануарларды жаттықтырушы) жөнінде ұғымдарды қалыптастыру; цирк өнерпаздарының жұмысын түсіндіру; еңбекқорлыққа, төзімділікке, сыпайылыққа, саламатты өмір салтына тәрбиелеу. Құралдар. Циркте қызмет ететін артистерге қажет ойыншық құралдар, модельдер (доптар, ойыншық жануарлар, бас киімдер, таяқшалар, спорттық киім үлгілері, гимнастикалық ұршық, костюмдер). Шарты. Педагог цирктің (суреті) қандай орын екенін, бұнда қандай өнерпаздар жұмыс істейтіні туралы балалармен алдын ала әңгімелеседі; әрбір артист маман қандай құралдарды пайдаланатыны, олардың еңбегінің қаншалықты қиын екенін түсіндіреді. Балалар циркте қызмет ететін өнерпаздар: сайқымазақ, гимнаст, сиқыршы, жонглер, жануарларларды жаттықтырушы болып бөлініп, топтасып, белгілі жаттығулар жасайды. Педагог цирк қойылымы жайында жариялап, қалған балаларды орындықтарға шақырады. Әрбір өнерпаздың шығуын аса құрметпен жариялап, оған көрермендер тарапынан қолдау және қошемет көрсетуді сұрайды.</p>
---	--	---	---	---	---

<p><b>Балалармен жеке жұмыс</b> <b>16.15-16.30</b></p>		<p><b>Бала тілін дамыту.</b> <b>Тақпақтар айтқызу.</b> Әли Ысқабаев "Күміс қар". Қырларды жапты күміс қар, Далада жаңа тыныс бар. Бұталар жалт-жұлт етеді Кәдімгі бейне хрусталь. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Бала тілін дамыту.</b> <b>Тақпақтар айтқызу.</b> Хамит Ерғалиев "Жаңа жыл". Жаңа жыл! Жаңа жыл! Не әкелдің сен бізге? Бау-бақшаң толған гүл, Төлдерің семіз бе?  Бауырсақ, балмұздақ, Концертке. .. молсың ба? Бізді алға барғызбақ, Сен жаңа жылсың ба? <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Бала тілін дамыту.</b> <b>Тақпақтар айтқызу.</b> Ізтай Мәмбетов "Қыс". Жаңа айлардың жаңа қары Жапалақтап жауады. Жайлы бір леп таралады, Жаңғыртады ауаны.  Ұйқыдағы баладайын, Баладайын пәк жүрек. Ұйып қапты қырда қайың, Киім киіп ақ жібек. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Бала тілін дамыту. Тақпақтар айтқызу.</b> Хамит Ерғалиев "Жаңа жыл". Жаңадан көп түрлі Машина бергейсің, Жаңадан көк сырлы Үйлерге кіргейсің.  Жаңа жыл! Жаңа жыл! Жаңалық ізде сен! Жаңа ән, жаңа жыр Жазып бер бізге сен! <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>
<p><b>Серуенге дайындық</b> <b>16.30-16.50</b></p>	<p>Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бөтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. <b>(мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)</b></p>				
<p><b>Серуен</b> <b>16.50-18.00</b></p>	<p>Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>				
<p><b>Серуеннен оралу</b></p>	<p>Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>				
<p><b>Кешкі ас</b></p>	<p>Тағамның атауын еске сақтау, тамақтану рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуді, әдепті бала болуды үйренеміз". <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b></p>				
<p><b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b> Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық. <b>(музыка)</b> Өнер бұрышында жаңа жыл тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. <b>(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)</b> Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)</b> Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. <b>(зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>				
<p><b>Балалардың үйге қайтуы</b> <b>(ата-аналарға кеңес)18.00-18.30</b></p>		<p>Кеңес беру. «Мектепке дейінгі естияр (5-6жас) балалардың сөйлеу тілінің дамуы».</p>	<p>Кеңес беру. «Отбасындағы тәрбие ерекшеліктері».</p>	<p>Психолог кеңесі. Мысалы: «ЖРВИ кезінде көпшілік орындарда балалар өздерін қалай ұстау керек?»»</p>	<p>Жоба қорытындысын ата-аналармен бөлісу.</p>

## ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) \_\_\_\_\_

Топ: мектепалды

Балалардың жасы: 5 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 25.12 - 29.12.2023ж.

Педагогтың аты-жөні \_\_\_\_\_

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
	25.12	26.12	27.12	28.12	29.12
<b>Балаларды қабылдау 08.00-08.15</b>	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>				
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 08.15-08.30</b>	«Саламатты өмір салты ережелері», «Балаларға ыңғайлы киім таңдау» тақырыптарына әңгіме жүргізу.				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер 08.30-08.55</b>	<b>"Өсімдіктерді құнарландыру".</b> Мақсат-міндеттері. Балаларға өсімдіктер қоректік заттарды топырақтан алатынын, біртіндеп топырақтың құнары таусылатынын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйеніп, өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттігі туралы айту, нақты іс-әрекетпен көрсету. <b>(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>	<b>"Біз топ бөлмесі мен жатын бөлмедегі терезе алды тақтайын дымқыл шүберекпен сүртеміз".</b> Мақсат-міндеттері. Балаларды сумен жұмыс істегенде келесі ережелерді сақтауды үйрету: жеңді тұру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, кірлегенде сумен шаю. <b>(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>	<b>"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың өз төсегін жинастыру дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға, еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. <b>(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>	<b>"Шкафтағы оқу құралдарын тәртіпте ұстау".</b> Мақсат-міндеттері. Балаларға шкафтардың шаңын сұртуді, ішіндегі заттарды жинастыруды үйрету. <b>(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>	<b>"Кір сүлгілерді ауыстыру".</b> Мақсат-міндеттері. Еңбекке тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрету. Еңбек етуге ниеттерін тәрбиелеу, ересектерге көмектесуді үйрету. <b>(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>



	<p><b>ҚР Гимнін орындайды.</b> Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. <b>(музыка)</b></p> <p><b>«Таныс пішіндер доминосы».</b> Ойынның мақсат-міндеттері. Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту; көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру.</p> <p>Ойынның құрал-жабдықтары: пішіндер бейнеленген суреттер. Ойынның мазмұны. Балаларға суреттерді таратып беру. Жүргізуші бірінші суретті үстелдің ортасына қояды, қалған балалар суретке сәйкес келетін өзіндегі суретті қояды, суретте бейнеленген пішінді атайды. Ойын осылай жалғаса береді.</p> <p><b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>"Жел мен бұлт" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттері: кеңістікті бағдарлау жаттығулары</p> <p><b>Еркін ойын. "Мысық пен тышқан". (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттері. Балаларға ойын шартын бұзбай, шапшаң ойнауды үйрету; жүгірудің түр-түріне машықтандыру.</p> <p>Ойын барысы. Ойнаушылар дөңгелене шеңбер құрып тұрады. Мысық пен тышқанды тағайындап алады. Балалардың қалғаны бір-бірінің қолынан ұстап, шеңбер жасай жүріп сөздерді айтады.</p> <p>Мысық аппақ қарасақ, Құйрығы сұр, тамаша-ақ, Жебедей-ақ ұшады, Көзін жаймен қысады. Тырнақтарын үндемей, Ашқан кезде инедей,</p>	<p><b>Үстел үсті ойыны "Лото".</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың зейінін дамыту. Заттарды топтастыруды үйрету. Байқампаздыққа баулу.</p> <p>Әр бала түрлерінің ұқсастықтарына қарай қандай да бір геометриялық пішінді және соған ұқсас заттар бейнеленген карточкаларды таңдайды.</p> <p><b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>"Қармақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттері. Кеңістікті бағдарлауды жүзеге асыру.</p> <p><b>Еркін ойын. "Тақия тастамақ" ұлттық ойыны. (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттері. Бұл ойын балаларды жылдамдыққа, сақтыққа, шапшаңдыққа үйретеді.</p> <p>Барысы. Балалар дөңгеленіп шеңбер құрап отырады. Балалардың арасынан бір бала таңдалады, қалғандары көздерін жұмып отырулары тиіс. Таңдалған бала шеңбер бойымен дөңгеленіп отырған балалардың сыртымен ақырын жүріп, бір баланың артына тақияны білдірмей тастап кетеді. Тәрбиешінің белгісінен кейін балалар көздерін ашады. Жан-жағына жылдам қарап, тақияның өзінде екенін білсе, жылдам орнынан тұруы керек. Егер орнынан дер кезінде тұра алмаса, онда өз өнерін көрсетеді: тақпақ, өлең, би және тағы басқа. Орнынан жылдам тұрып үлгерген балаға ұлттық ою-өрнектің суреті беріледі. Көп ою-өрнек жинаған бала жеңімпаз болады.</p>	<p><b>Фотосуреттерді қарастыру. «Жаңа жыл мейрамы».</b> Мақсат-міндеттері. Фотосуретте бейнеленген жаңа жылдық мейрам туралы әңгімелеу. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b> Жаңа жыл мейрамына ойыншықтарды мүсіндеу. <b>(шығармашылық іс-әрекет)</b></p> <p><b>"Кім жылдам жүгіреді?" қимыл-қозғалыс ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Жылдам жүгіруге жаттықтыру. <b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p><b>«Шаршыны құрастыру».</b> Мақсат-міндеттері. Балаларды бөлшектерден бүтін бір затты құрастыруды үйрету.</p> <p>Балалар ақ шаршының үстіне бөліктерге бөлінген түрлі түсті шаршыны құрастырып қояды. Бөлшектерден бүтін бір зат жасайды. Балалар қиналған жағдайда тәрбиеші оларға көмектеседі. Шаршының қанша бөліктен тұратынын санайды, құрастырылған шаршының түсін айтады.</p> <p>1-нұсқа: әр бала жеке өзі жинайды.</p> <p>2-нұсқа: шаршыны топ болып жинайды (Қайсы жылдам?)</p> <p>3-нұсқа: жеке немесе топпен жинау, жылдам орындаған балаларға күрделірек түрін беру.</p> <p><b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>"Өз орныңды тап" қимыл-қозғалыс ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Есту және көру зейінін дамыту. <b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p><b>"Заттарды пазл ішіне орналастыру" үстел үсті ойыны. (танымдық іс-әрекет)</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың танымдық қабілеттерін, зейіндерін дамыту.</p> <p><b>"Аю мен аралар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттері. Кеңістікті бағдарлауды, сигнал бойынша әрекет етуді үйрету.</p> <p><b>Еркін ойын. "Тыйым салынған қимылдар".</b> Мақсат-міндеттері. Еске сақтау қабілетін, зейінін дамыту.</p> <p>Ойын барысы. Ойыншылар шеңберге құрап тұрады, педагог шеңбердің ортасына шығады. Ол олардың қайсына тыйым салынғанын көрсетіп, әртүрлі қимылдар жасайды. Балалар тыйым салынғаннан басқа барлық қимылдарды қайталайды. Ойын ережелері. Кім тыйым салынған қимылды қайталаса, ол ойыннан шығарылады. Тыйым салынған қимылды 4-5 қайталаудан кейін өзгерту керек.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p>
--	--	---	---	---	---

<p><b>Таңертеңгі жаттығу</b> <b>08.55-09.00</b></p>	<p><b>Жалпы дамыту жаттығулары (таяқшалармен)</b></p> <p>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқша төменде. 1 - таяқшаларын жоғары көтеру; 2 - бастарына қояды; 3 - таяқшаны жоғары көтеру; 4 - бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).</p> <p>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде. 1 - таяқшаларын жоғары көтеру; 2 - қолын түзу ұстау, оң жаққа иілу; 3 - таяқшаны жоғары көтеру, тіктелу; 4 - бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).</p> <p>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқша төменде. 1 - 2 отыру, таяқшаларын жоғары көтеру; 3 - 4 бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).</p> <p>4. Бастапқы қалып: дене тік, таяқшаны артқа ұстау. 1 - 2 таяқшаны жоғары көтеру; 3 - 4 бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).</p> <p>5. Бастапқы қалып: жерге отыру, аяқ арасы алшақ, таяқшалар бас жағында. 1 - таяқшаларын жоғары көтеру; 2 - иілу, таяқты оң аяғының ұшына тигізу; 3 - тік тұру, таяқты жоғары көтеру; 4 - бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).</p> <p>6. Бастапқы қалып: дене тік, екі аяқ бірге, таяқша төменде. 1 - таяқты жоғары ұстау, аяқты алшақ қою, секіру; 2 - бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).</p> <p>7. Бастапқы қалып: дене тік, екі аяқ бірге, қолды бүгу, таяқшаны көкірек тұсына ұстау. 1 - таяқты жоғары ұстау, таяқшаны түсіру. 2 - бастапқы қалыпқа оралу (жаттығу 4 рет қайталанады).</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)</b></p>
<p><b>Таңғы ас</b> <b>09.00-09.20</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Ас ішу құралдарын дұрыс қолдануды, дұрыс тамақтану мәдениетіне үйрету. Тамақты асықпай шайнау, үстел басында өздерін әдепті ұстау, нан үгітпей жеу, нан ды жерге түсірмеу, үлкендерге алғыс айтуды дағдыларын қайталау.</p> <p><b>Көркемсөз</b></p> <p>Нанда өмірдің иісі мен дәмі бар Нанда адамның еңбегі мен ары бар. Нан өмірдің ана сүті арқауы Нансыз жерде қай өмірдің сәні бар.</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)</b></p>

<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық 09.20-09.30</p>	<p><b>Бояуға арналған беттердегі сурет кескіндерін бояу.</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың қуанышты эмоцияларын ояту. <b>(шығармашылық іс-әрекет)</b> Жаңа жылдық әндер шырқау. <b>(музыка)</b></p>	<p><b>Зейінді дамытуға арналған жаттығу.</b> "Зейінділік пен байқампаздық". Ойын жүргізушісін сайлап алу қажет. Қалған ойыншылар сол жүргізуші есте сақтауы тиіс дене қалыбын көрсетеді. Артынша, жүргізуші бөлмеден шығады, ал ойыншылар (өзара келісіп) киімдері мен дене қалыптарында бірқатар өзгеріс жасайды. Кірген жүргізуші барлығын бұрынғы күйіне келтіруі тиіс. Егер жүргізуші барлық өзгерістерді тапса, ол ең байқампаз атанады. <b>(танымдық іс-әрекеттер)</b></p>	<p><b>Шаттық шеңбері</b> Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Қуанамыз, күлеміз, Бар әлемді сүйеміз. Қол ұстасып, қуанып, Достармен бір жүреміз. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Қажетті киімді ал".</b> Мақсат-міндеттері. Балаларға қысқы және жазғы киімдерді ажыратуды үйрету. Зейін, еске сақтау және логикалық ойлауды тәрбиелеу. Ойын ережелері: қуыршаққа дұрыс киім таңдау. Ойын әрекеті: қуыршаққа қажетті киімді табу. Дидактикалық материал. Балалардың санына сәйкес қуыршақтар мен қуыршақ киімдерінің пішіндері. Қысқы көріністің суреттері. Ойын барысы. Балалардың алдындағы үстелде қуыршақтар, олардың қысқы және жазғы киімдері бейнеленген. Педагог жазғы және қысқы көріністерді білдіретін суреттерді көрсетеді. Балалар қуыршақтарға жыл мезгіліне сәйкес киімді кигізу керек. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Шырша туралы әңгіме құрастыру".</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың әңгіме жанры туралы білімдерін тиянақтау; әңгіме және тақпақ, жұмбақ туралы ұғымдарды жетілдіру; шыршаның өсу ерекшелігі мен адамның өмірінде алатын орны туралы ұғымдар жиынтығын қалыптастыру. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p>
---	---	--	---	--	---

<p><b>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b> <b>09.30-10.35</b></p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> "Ү" дыбысы және Үү әрпін қайталау, әріп таңбасын жазу". Мақсат-міндеттер: [ү] дыбысы мен әрпін таныту. Сөзге дыбыстық, буындық талдау жасату.</p> <p><b>Қазақ тілі</b> "Қыс қызықтары. "Біз қармен қалай ойнадық" тақырыбын сурет бойынша әңгімелеу. Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы қысқы спорттық ойын түрлері (коньки, хоккей, шаңғы) туралы түсініктерін кеңейту; оның ішінде іс-қимыл тәсілдері және қысқы ойын-сауықтың қандай да бір түрлері туралы түсініктерін дамыту; қыс мезгілінде көшедегі тәртіп ережелерімен таныстыру; мнемокарталар, іс-әрекеттер, пантомималар бар суреттерге сүйене отырып, балалардың қыс қызығы тақырыбы бойынша қазақ тілінде түсінік беру дағдыларын дамыту; балаларды достыққа, зейінділікке тәрбиелеу.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> "Допты қолдан-қолға ауыстырып жүру" (пысықтау). Мақсат-міндеттер: балаларда сызықтан аттап секіру; сап түзеуден кейін үш қатармен қайта тұру; оңға, солға бұрылу; тұрған орнында айналу дағдыларын дамытуды жалғастыру; балаларға әр кадам сайын допты алдынан қолдан-қолға ауыстырып, орындық үстімен, кедір-бұдыр тақтай үстімен жүруді үйрету.</p> <p><b>Қоршаған ортамен танысу</b> "Ақша қарды бақылау". Мақсат-міндеттері. Балаларды дербес шығармашылық қызметке баулу; құрдастары және ересектермен бірлесіп іс-әрекет жасауды үйрету; танымдық қызығушылықтарын, қоршаған әлемге эстетикалық қатынасты қалыптастыруды дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> "[и] дыбысы және И и әрпі". Мақсат-міндеттері. Балаларды И дыбысы және әрпімен таныстыру, дыбыстық талдау жасауды үйрету.</p> <p><b>Математика негіздері</b> "Жыл мезгілдері". Мақсат-міндеттері. Балаларды жылдың төрт мезгілі және он екі ай тізбегімен таныстыру; жыл мезгілдерінің ерекшеліктері жайлы білімдерін пысықтау.</p> <p><b>Музыка</b> "Қыс әлемі". Мақсат-міндеттері: балаларға аппақ қыс әлемі туралы әннің сыр-сипатын түсіндіру, ән айтуға ынталандыру; төмен және жоғары дыбыстарды ажырату дағдысын дамыту.</p> <p><b>Сөйлеуді дамыту</b> "Шырша". Мақсат-міндеттері. Шырша туралы білімдерін кеңейту.</p>	<p><b>Математика негіздері</b> "Жыл мезгілдері" (пысықтау). Мақсат-міндеттер: балаларды жылдың төрт мезгілі және он екі ай тізбегімен таныстыру; жыл мезгілдерінің ерекшеліктері жайлы білімдерін пысықтау.</p> <p><b>Қазақ тілі</b> "Жұп құрауға қабілетсіз дауыссыз дыбыстар. Х дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстартау, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау негіздері)." Мақсат-міндеттер. Балаларға [- х] дыбысының артикуляциясын нақтылау, Х х әрпінің таңбасын үйрету; [-х] дыбысын буында, сөзде, сөйлем ішінде дұрыс, анық айтуды үйрету; артикуляциялық жаттығуларды дұрыс, толық орындауын, көру және есту қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын, дауысын, тыныс алуын, фонематикалық есту қабілетін, дыбыстық талдау және жинақтау дағдыларын дамыту; «Қыс қызығы» тақырыбын пысықтау, қысқы ойындар туралы тақпақтарды жаттауға ынталандыру; жаңылтпаш, жұмбақ шешу арқылы тіл байлықтарын арттыру; ұқыптылыққа, өз бетінше жұмыс істеуіне, өзінің сөйлеу тілін қалағалауды тәрбиелеу.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> "Допты жерге соғу ойындары". Мақсат-міндеттері. Балаларды әр кадам сайын допты артқы жағынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, орындықтың және кедір-бұдыр тақтайдың үстімен жүруді үйрету.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b> «Екі аяз» ертегісін мазмұндау. Мақсат-міндеттері. Халық ертегілеріне қызығушылығын арттыру. Ертегіні түсініп тыңдауды үйрету.</p>	<p><b>Математика негіздері</b> "Судың көлемін өлшеу амалдары." Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымдарында шартты өлшем туралы түсініктерін қалыптастыру; судың көлемін өлшейтін құрал-жабдықтармен таныстыру, суды өлшеу үшін қолданып, жаттықтыру; қардың қасиетін тану, сумен іс-тәжірибе жасауды сөзбен жеткізу білігін жетілдіру.</p> <p><b>Сөйлеуді дамыту</b> "Шырша" (пысықтау). Мақсат-міндеттері. Шырша туралы білімдерін пысықтау.</p> <p><b>Музыка</b> "Зырайды шаманыз". Мақсат-міндеттері. Балаларға әннің сөздік мазмұнын эмоционалды қабылдауды үйрету; төмен және жоғары дыбыстарды ажырату қабілетін жетілдіру.</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b> "Ғажайып сыйлықтар". Мақсат-міндеттері. Кітап - сарқылмас рухани қазына дей келе, білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру, кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіру.</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> "[и] дыбысы және И и әрпін қайталау". Мақсат-міндеттері. Балаларды И дыбысымен таныстыруды қайталау, дыбыстық талдау жасауды қайталау.</p> <p><b>Мүсіндеу</b> "Аяз атадан келетін сыйлықтың қорапшасы". Мақсат-міндеттері. Балаларды түрлі түсті ермексаздардан шаршы, конус және цилиндр пішінді қорапшаларды мүсіндеуді үйрету.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> "Екі тобықтың арасына допты қысып жүру". Мақсат-міндеттері. Балаларға екі тобықтың арасына допты қысып жүруді үйрету.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b> «Екі аяз» ертегісін мазмұндау (пысықтау). Мақсат-міндеттері. Халық ертегілеріне қызығушылықтарын арттыру. Ертегіні түсінуді пысықтау.</p>
--	--	--	--	---	---

2- таңғы ас	Тағамның атауын еске сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркемсөз)
Серуенге дайындық 10.35-10.50	Балаларға киімдерін ретімен киюді, жыл мезгіліне сәйкес киімдер киіну (қалың не жұқа) керектігін түсіндіру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)

<p>Серуен 10.50-12.30</p>	<p><b>Шетенді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттері. Қыс мезгілінде шетен ағашын бақылауды жалғастыру, оны қатты аяздан қалай қорғауға болатынын түсіндіру. <b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: қарды бір жерге күрекпен жинау.</b> Мақсат-міндеттері. Күрекпен жұмыс істеу дағдысын бекіту. <b>Қимыл-қозғалыс ойындары. "Қар ұлпалары мен жел", "Ақшақарды тап". (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттері. Педагогтің белгісі бойынша шеңбер бойымен жүруді үйрету, әртүрлі бағытта қозғалу. <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері:</b> "Шанамен жарыс". Мақсат-міндеттері. Жерден аяқпен итеріліп, өрден (аласа, биік емес жерде) шанамен сырғанау.</p>	<p><b>Шыршаларды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттері. Шыршаның құрылымы туралы түсінік қалыптастыру. <b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b> ұжыммен бірге қар тазалау. Мақсат-міндеттері. Ағаш күрекшені қолдану қабілетін бекіту. <b>Қимыл-қозғалыс ойындары. "Жағалаудан жағалауға". (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттері. Жан-жаққа шашырап жүгіру, секіру техникасын дамыту. <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері:</b> "Жалауға дейін секіру, "Қақпада". Мақсат-міндеттері. Екі аяқпен алдыға қарай секіру, жорғалап жүгіру жаттығулары.</p>	<p><b>Қардың жауғанын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттері. Маусымдық құбылыс - қар, қар жауу туралы білімдерін бекіту. <b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b> ауладағы қарды бір жерге күрекпен күреп жинау; кіреберіске апаратын жолды тазарту. Мақсат-міндеттері. Жұмысқа жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру; ұжымдық тапсырмаларды орындауды үйрету. <b>Қимыл-қозғалыс ойындары. "Аяз ата", "Қар айналады". (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттері. Қимылдарды айнытпай қайталауды үйрету; өз әрекеттерін ойынға қатысушылардың әрекетімен байланыстыруды үйретуді жалғастыру. <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері:</b> "Нысанаға тигіз". Мақсат-міндеттері. Дәлдікті дамыту, нысанаға затты дәлдеп лактыруды үйрету.</p>	<p><b>Қардың тереңдігін бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b> Жұмбақ. Көктен түсіп көбейді, Ұқсайды өзі шекерге, Бірақ ешкім жемейді, Жерде жатыр бекерге. Ол не? (Қар.) <b>Бақылау:</b> ауланың қай жерінде қалың қар жатқанына балалардың назарын аудару, қардың қаншалықты терең екенін байқауды ұсыну. Балаларға өлшеуішті көрсету және қардың әр жердегі қалыңдығын өлшеу; қалың қарды күрекпен қазу, қардың қалыңдығына назар аудару. <b>Қимылды ойын. «Ақшақарды ізде». (дене шынықтыру)</b> Елтілік пен шапшандықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру. <b>Еңбек:</b> гүлзарды жинастыруды ұйымдастыру. Қарды тоқтату туралы ұғымды қалыптастыру (жел соққанда қарды тоқтатады), қардан кедергілер жасау, тәрбиешіге көмектесу. Тапсырманы орындау, бірлесіп атқарудың тәсілдерін қалыптастыру. <b>Өз бетімен ойындар:</b> өз құрдастарымен 2-3 рөлден тұратын ойын ойнағанда бірлесуге талаптандыру, рөлді бөлу, ойын тәртібін орындау, жалпы ойын шартына сәйкес әрекет ету.</p>	<p><b>Терезедегі қырауды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b> Жұмбақ. Өнері жоқ, қолы жоқ, Сурет салуды біледі. (Қырау.) <b>Ырым.</b> Егер терезелердің екі әйнегі де буланса, аяз күшейе түседі. <b>Бақылау:</b> шыныда өрнектердің пайда болуы туралы түсінік беру. Жылы бу салқын терезенің шынысына жабысып, мұзды кристалға айналады. Шыныға (әйнекке) қырау катады. Қырау әдемі өрнекке немесе суретке ұқсайды. Кейбір қырау ағаштар мен гүлдерге ұқсайтын сияқты. Табиғаттағы қысқы құбылыстарын байқау және дұрыс атауды әрі қарай үйрету. <b>Қимылды ойын. «Қасқұлақ» (қасқыр) (қазақ халқының ойыны). (дене шынықтыру)</b> Ойынға қасқұлақ (қасқыр), күзетші және қойлар қатысады. Ойын ережесін сақтау ("қасқұлақ" кімді атаса, сол бала өз орнында қалу керек), "күзетші" "қасқұлақты" қуалауға міндетті. Ойынды өзінің және басқа ойыншының әрекетімен келістіре білуін дамыту. <b>Еңбек:</b> мұз жолын жасау. Тәрбиешімен бірге жолға су құю, мұз айдынын жасауды үйрету. Еңбек етуге тәрбиелеу. <b>Өз бетімен ойналатын ойындар:</b> ойында өз әрекетін жолдастарының әрекетімен үйлестіруге ынталандыру.</p>
-------------------------------	---	--	--	--	---

Серуеннен оралу 12.30-.12.50	<p>Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыру қабілеттерін жетілдіру.  Жеңді түру, қолды сабындау, суды шашыратпау, тазарғанша жуу дағдысын дамыту.  Айнаға қарану, үсті-басын ретке келтіру, шашын тарау, ас ішуге дайындалуға тәрбиелеу.  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>
<p><b>Түскі ас</b>  <b>12.50-13.10</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b>  Мақсат-міндеттері. Ас ішу құралдарын дұрыс қолдануды, тамақтану мәдениетіне баулу. Асты асықпай шайнау, үстел басында өздерін әдепті ұстау, нанды үгітпей жеуді, үлкендерге алғыс айту дағдыларын қайталау.  <b>Көркемсөз</b>  Нанда өмірдің иісі мен дәмі бар  Нанда адамның еңбегі мен ары бар.  Нан өмірдің ана сүті арқауы  Нансыз жерде қай өмірдің сәні бар.  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)</b></p>
<p><b>Күндізгі ұйқы 13.10-15.30</b></p>	<p>Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.</p>
<p><b>Бірге-бірге тұрғызу,  сауықтыру шаралары</b>  <b>15.30-.15.40</b></p>	<p>Велосипед жаттығуы. Қол мен аяқты жоғары көтеру, екі аяқты кезек-кезек сермеу.  Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.  Алған білімдерін бекіту, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.  <b>(дене шынықтыру)</b></p>
<p><b>Бесін ас</b>  <b>15.40-16.00</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b>  Мақсат-міндеттері. Ас ішу құралдарын дұрыс қолдануды, тамақтану мәдениетіне баулу. Асты асықпай шайнау, үстел басында өздерін әдепті ұстау, нанды үгітпей жеуді, үлкендерге алғыс айту дағдыларын қайталау.  <b>Көркемсөз</b>  Нанда өмірдің иісі мен дәмі бар  Нанда адамның еңбегі мен ары бар.  Нан өмірдің ана сүті арқауы  Нансыз жерде қай өмірдің сәні бар.  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)</b></p>

<p><b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 16.00-16.15</p>	<p><b>Дидактикалық ойын. "Ғажайып дорба".</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың заттар туралы ұғымдарын тиянақтау; байланыстыра сөйлеу, ойлау, зейін, түйсік қабілеттерін дамыту. Құралдар: дорба, түрлі ойыншықтар мен заттар. Шарты. Балалардың алдына шыққан ойыншы қолын дорбаға салып, затты ұстап, сипап сезу арқылы тануға тырысуы; көргеннен кейін, заттың қандай материалдан жасалғаны, адамға қажеті туралы баяндау. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Цирк".</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың түсінігінде циркте қызмет ететін өнерпаздар (сайқымазақ, гимнаст, сиқыршы, жонглер, жануарларды жаттықтырушы) жөнінде ұғымдарды қалыптастыру; цирк өнерпаздарының жұмысын түсіндіру; еңбеккерлікке, төзімділікке, сыпайлыққа, саламатты өмір салтына тәрбиелеу. Құралдар. Циркте қызмет ететін әртістерге қажет ойыншық құралдар, модельдер (доптар, ойыншық жануарлар, бас киімдер, таяқшалар, спорттық киім үлгілері, гимнастикалық ұршық, костюмдер). Шарты. Педагог балалармен бірге цирктің (суреті) қандай орын екенін, бұнда қандай өнерпаздар жұмыс істейтіні туралы әңгімелеседі; әрбір әртіс маман қандай құралдарды пайдаланатыны, олардың</p>	<p><b>Дамытушы ойын. "Қимылдар тізбегі".</b> Мақсат-міндеттері. Балаларды белгілі қимылдар тізбегіне қарап, оларды еске сақтап, тура сол қимылдар тізбегін дәлме-дәл қайта көрсетуді дағдыларын жаттықтыру; еске сақтау, зейін, ойлау, кеңістікті бағдарлау қабілеттерін дамыту; достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Педагог немесе балалардың бірі қалғандарының алдында бірнеше қимылдар тізбегін (кешенін) көрсетеді. Балалар мұқият қарап болғаннан кейін бәрін еске сақтап, қимылдарды қайта жаңғыртады. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Супермаркет".</b> Мақсат-міндеттері. Балаларға "Супермаркеттің" қызметі жайында түсіндіру; супермаркетте түрлі тауарлар сатылатыны туралы мәлімет беру; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу. Құралдар: сөрелер, қораптар, ілмектер, киім, аяқкиім үлгілері, ыдыс-аяқтар, жиһаздар, азық-түліктер, ойыншықтар; ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, тауарларға арбалар, қаражат қағаздары; есептеу мәшинесінің макеттері. Шарты. Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен әңгімелесуді, супермаркет суреттерін, бейнежазбалар мен жарнамаларды көрсетіп, супермаркетте адамның кез</p>	<p><b>Дидактикалық ойын. "Не артық?"</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың заттар мен құбылыстар классификациясы жөніндегі білімдерін бекіту; аналитикалық және синтетикалық қабілеттерін, елестету, зейін қабілеттерін дамыту. Құралдар: бірнеше заттар топтамалары немесе олардың заттық сурет-карточкалары. Шарты: жүргізуші бір топтамаға қатысты және оған жатпайтын заттарды атайды (көрсетеді), ойыншылар артық затты атау керек. Заттардың жалпы саны төртеу болады. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Ұшақпен сапарлау".</b> Мақсат-міндеттері. Балаларға ұшақпен сапарға шығу қандай әрекеттерден тұратынын, әуежайдың қандай орын екенін түсіндіру; ұшқыш-пилот, стюардесса, есепші, бақылаушы полиция сияқты мамандар туралы ұғымдар қалыптастыру; ұшақтарда жолаушылардың қандай тәртіп бойынша саяхаттай алатыны жайлы жаңа білімдерін пысықтау; ойындағы рөлдік әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне, сыпайлыққа тәрбиелеу. Құралдар: "ұшақтың борты" - орындықтарды екі қатарға тізу; ұшқыш, стюардесса, полицей, есепшінің киім үлгілері (бас киімдері); ұшқыш-пилоттың алдында тұратын ұшақты жүргізуге арналған батырмалары бар панель; сусындар мен шырындардың</p>	<p><b>Дамытушы ойын. "Қандай және саны қанша геометриялық пішіндерден құрылғанын айт".</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың геометриялық пішіндерді ажырату, заттарды санау, ой шапшаңдығын, зейінін дамыту; ұғымталдыққа, зияткерлікке тәрбиелеу. Құралдар. Түрлі геометриялық пішіндерден құрылған бейнелердің сызбалы суреттері. Шарты. Балалар түрлі геометриялық пішіндерден құрылған суреттерге кезекпен қарап, қандай және саны қанша геометриялық пішіндерден құрылғанын айту керек. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Көлік жөндеу шеберханасы".</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы көлікті жөндеу шеберханасы туралы түсініктерін кеңейту; көлік жөндеу шеберханасында еңбек ететін мамандар (механик, слесарь, программист (бағдарламашы) жөнінде білімдерін кеңейту, тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, төзімділікке, еңбеккерлікке тәрбиелеу. Құралдар. Көлік жөндеу шеберханасында қолданылатын ойыншық құрал-жабдықтар: бұрағыш, балға, тістеуік, қысқыштар; ойыншық көліктер, дөңгелектер, майлықтар; шеберханада еңбек ететін мамандарға киім үлгілері; ойыншық ноутбук. Шарты. Педагог балалармен бірге көлікті жөндеу жұмыстарына қатысатын</p>	<p><b>Дидактикалық ойын. "Не артық?"</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың заттар мен құбылыстар классификациясы жөніндегі білімдерін бекіту; аналитикалық және синтетикалық қабілеттерін, елестету, зейін қабілеттерін дамыту. Құралдар: бірнеше заттардан тұратын топтамалар немесе олардың заттық сурет-карточкалары. Шарты. Жүргізуші бір топтамаға және оған жатпайтын заттарды атайды (көрсетеді), ойыншылар артық затты атау керек. Заттардың жалпы саны төртеу болады. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Кітапхана".</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың кітапхана жайында ұғымдарын нығайту; кітапханашы қызметі неде екенін анықтау; тәртіптілікке, ұғымталдыққа, төзімділікке тәрбиелеу. Құралдар. Кітаптарға сөрелер, әртүрлі кітаптар; оқырманды белгілеу кітапшасы; оқырман билеті бейнеленген карточкалар. Шарты. Педагог балалармен бірге дайындық жұмыстары ретінде кітапхана жұмысы, кітапханашы қызметінің мәні неде екенін суреттер бойынша әңгімелейді, үлкен кітапханалар жайында бейнежазбалар мен фотосуреттерді тамашалайды. Балалар кітапханашы жұмысын қалай атқарып (оқырманға берілген кітап үшін карточканы алу және толтыру), қандай құралдарды қолданатыны, оқырманның міндеті мен құқығын анықтап алулары керек. Балалардың арасынан кітапханашылар өз ниеттеріне байланысты таңдалады немесе санамақ қолданылады. Алғашында, педагог ойын барысын өзі сөзбен сүйемелдеп отырады, ойыншыларға қосымша әрекеттерін анықтайтын сұрақтар қойып жүреді, ойынға өзі қатысады. Бұндай амал ойын желісінің одан ары жалғасуына үлес қосады. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: кітапханадағы</p>
---	--	---	--	---	---



<p><b>Балалармен жеке жұмыс</b> <b>16.15-16.30</b></p>	<p>Кітап бұрышындағы жеке жұмыс. Мақсат-міндеттері. Кітапқа құрмет сезімін тәрбиелеу. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Сәйкесін тап" ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Үстел ойыны арқылы ойналады. Қиынды суреттерден қыс мезгілінің ерекшеліктерін білдіретін суреттерді тауып құрастыру; ойлау қабілеттерін дамыту. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Жаңылтпастар жаттау.</b> 1) Пеш үстінде бес мысық, Пеш ішінде бес мысық Бес күзетші ... бес пысық. 2) Үш кіші ішік піштім, Бес кіші ішік піштім Неше кіші ішік піштім? 3) Ұшып кетті үш құс, Ұшып келді ұшқыш. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Суретті құрастыр" үстел үсті ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Баланың бірнеше бөліктерден тұратын, тұтас суретті құрастыра білу қабілетін жетілдіру, төзімділікке, бастаған істі аяқтауға тәрбиелеу. Сурет бөліктерін таңдағанда қателеспей, кім өзіндегі суретті жылдам құрастырып, дұрыс атайды сол жеңімпаз атанады. Ойын іс-әрекеті. Ойынға жиналған балалар бір тұтас бейнелі сурет болатын, ұсақ бөліктер жинақтамаларының бірін таңдап ала алады. Тұтас суретті құрастыру үшін, үстел басында 12 және одан да көп бөліктерді біртұтас суретке жинау керек. Қажетті құралдар. Бірнеше (12 және одан да көп) бөлікке бөлінген түрлі заттардың суреттері (көлемдері 7×8 см карточкалар). <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Дидактикалық ойын. "Қыс мезгілінде не болады?"</b> Мақсат-міндеттері. Қыс мезгілінің табиғи құбылыстарын ажыратуды үйрету. Барысы: педагог балалардың алдына әр жыл мезгілінде болатын табиғи құбылыстар бейнеленген суреттерді таратады. Осы суреттердің ішінен қыс мезгіліне байланысты суретті таңдап алады және суретті бейнелеп береді. Мысалы: Далада айналаның барлығы аппақ. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>
<p><b>Серуенге дайындық</b> <b>16.30-16.50</b></p>	<p>Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. <b>(мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)</b></p>				
<p><b>Серуен</b> <b>16.50-18.00</b></p>	<p>Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>				

<b>Серуеннен оралу</b>	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>				
<b>Кешкі ас</b>	Тағамның атауын еске сақтау, тамақтану рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуді, әдепті бала болуды үйренеміз". <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b>				
<b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу кимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b> Музыкалық аспаптармен ойындар. <b>(музыка)</b> Өнер бұрышында жаңа жылдық сыйлықтар тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. <b>(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)</b> Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b> Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. <b>(зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>				
<b>Балалардың үйге қайтуы</b> <b>(ата-аналарға кеңес) 18.00-18.30</b>	Сауалнама. "Балаңыз әдепті ме?"	«Саламатты өмір салты ережелері», «Балаларға ыңғайлы киім таңдау» тақырыптарына әңгіме жүргізу.	"Балаңызбен әңгімелесуге күнде уақыт бөліңіз" тақырыбында кеңес беру.	«Бала денсаулығына дәрумендердің пайдасы» тақырыбында кеңес беру.	Сауалнама: "Балаңыз үй шаруасына қолғабыс жасай ма?"

## ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) \_\_\_\_\_

Топ: мектепалды

Балалардың жасы: 5 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 01.01 - 05.01.2024ж.

Педагогтың аты-жөні \_\_\_\_\_

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
	01.01	02.01	03.01	04.01	05.11
<b>Балаларды қабылдау 08.00-08.15</b>	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>				
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 08.15-08.30</b>	Әңгімелесу: "Ұйқы жетіспеушілігінің зияны" тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу; үйде балалардың күн тәртібін сақтауды және уақтылы ұйықтау керектігін талап ету.				

<p><b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер 08.30-08.55</b></p>			<p><b>"Орындықтарды жуу".</b>          Мақсат-міндеттер.          Балаларды тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, топтық бөлмедегі орындықтарды таза ұстауға үйрету: оларды дымқыл шүберекпен сүртіп; орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс кезінде мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау қабілетін қалыптастыру.          Ересектерге көмектесуге ынталануға, олардың жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу.  <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Ойыннан кейін топта тәртіп орнату".</b>          Мақсат-міндеттер.          Балалардың тәртіпті сақтауға деген саналы ұмтылысын, ойыннан кейін ойыншықтарды жинастыру әдетін қалыптастыру.          Жұмыс жоспарын құру, алдағы қызмет үшін қажетті материалдарды таңдау қабілетін жетілдіру.  <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Ойыншықтардағы тәртіп".</b>          Мақсат-міндеттер.          Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпті ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою.          Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.  <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p>
--	--	--	---	---	--

			<p><b>"Қолғап" ертегісі</b>          Мақсат-міндеттер.          Қолғап ертегісін оқып, ертегі желісіне байланысты қойылым қою.  <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Саусақ жаттығуы.</b>          "Қолғап".          Қане, қолғапты киеміз,          (алақандарды өзара уқалау)          Бір қолды салып көреміз, (бір қолмен екіншіні сипау)          Екінші жұп қолғапты (екінші қолымен бірінші қолды сипау)          Киіп алсақ – жарап тұр. (алақандармен ары-бері бұраңдау).  <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p> <p><b>"Сиқырлы қолғап"</b>          Мақсат-міндеттер.          Сиқырлы қолғап</p>	<p><b>Үстел үсті ойыны.</b>          "Бұл үйде кімдер тұрады?".          Мақсат-міндеттер.          Балалардың сөздік қорын арттыру, есте сақтау.          Шарты. Тәрбиеші үй терезесінен ертегі желісіндегі кейіпкерлердің суретін көрсетеді, балалар оларды атайды.  <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Дайын суретті бояу тапсырмасы.</b>          Балаларға қағаз бетіне басып шығарылған ертегі кейіпкерлері (антистресс) бірнеше суреттері беріледі, балалар өздері таңдап, бояп шығады.  <b>(шығармашылық іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Табиғат және адам"</b>  <b>дидактикалық ойыны.</b>          Мақсат-міндеттер:          балалардың адам не жасайтыны, табиғат адамға не беретіні туралы білімдерін жүйелеу.          Ойын барысы.          «Адам не істеді?» - тәрбиеші сұрақ қойып, бір затты ойыншылардың біріне береді (немесе допты лақтырады). Бала жауап беріп, допты немесе затты жақын тұрған балаға береді. Осылай шеңбер бойымен бір-біріне затты немесе допты береді. Шеңберді аяқтағаннан кейін тәрбиеші жаңа сұрақ қояды: «Табиғат нені тудырды?». Ойын шеңбер бойымен жағғасалы жауап</p>
--	--	--	---	---	---

Танертеңгі жаттығу  
08.55-09.00

**Жалпы дамытушы жаттығулар:**

«Би» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, орамал ұстаған қол төменде.

1 - қолдарын жоғары көтеріп, орамалдарын желпу; 2 - бастапқы қалыпқа келу; 3 - орамалмен айналып билеу; 4 - бастапқы қалыпқа келу.

«Биші қыз» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады.

1 - қолды жоғары көтеріп, бір аяқтың ұшымен тұру; 2 - бастапқы қалыпқа келу.

«Паровоз» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, жұппен тұру.

1 - сызық бойымен бір-біріне қарсы жүру; 2 - сызық ортасына келгенде тарап кету; 3 - бастапқы қалыпқа келу.

- «Қарлығаш» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, қол төменде.

1 - екі қолды екі қапталға жаю; 2 - бір аяқты артқа созып қарлығашты бейнелеу; 3 - бастапқы қалыпқа келу.

- «Іздер» - бастапқы қалып: қол белде, аяқтың арасы сәл алшақ болады. 1 - аяқтарын біріктіріп, орындарында оң жаққа бір ізбен жүру; 2 - аяқтарын біріктіріп, орындарында сол жаққа бір ізбен жүру; 3 - бастапқы қалыпқа келу.

- «Аққұтан» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, қол төменде.

1 - бір аяқпен тұрып, қолмен тізеге дейін бүгілген сол аяқты ұстау; 2 - бастапқы қалыпқа келу; 3 - бір аяқпен тұрып, қолмен тізеге дейін бүгілген оң аяқты ұстау; 4 - бастапқы қалыпқа келу.

- «Достар» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, жұппен тұрады.

1 - жұптар қолдарынан ұстап, ; 2 - жұптасып айналу; 3 - бастапқы қалыпқа келу.

**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)**

<p>Таңғы ас 09.00-09.20</p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b>          Мақсат-міндеттер: балада денсаулығына пайдалы және зиянды нәрсе туралы ойды, дәстүрлі тағамдар туралы түсінікті қалыптастыру.  <i>Көркем сөз</i>          Ерте тұрып таңнан,          Пісірді апам ақ нан.          Кетер емес әлі,          Таңдайымнан дәмі.          Кернейді хош иісің,          Тамсандырып үй ішін.          Жесем тоймай қаламын,          Әжемді еске аламын.  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b></p>				
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық 09.20-09.30</p>			<p>"Қыс қызығы" тақырыбында әңгімелесу. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p>Қысқы ойындарды ойнап жүрген балалардың суретіне қарап әңгімелесу. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p>"Қысқы көрініс" тақырыбында әңгімелесу. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>

<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 09.30-10.35</p>			<p><b>Қысқы демалыстар.</b> (сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу)</p> <p><b>Саусақ жаттығуы.</b> 1. Шынжыр. Оң және сол қолдағы басбармақпен балаң үйрек саусақтары түйісіп, жүзіктер секілді аяқасып, шынжыр жасайды. 2. Піл. Оң қол алақаны жайылып тұрады. Сол қол саусақтары бас бармақ пен кішкене бөбек артқы аяғы болса, балаң үйрек пен шылдыр шүмек алдыңғы аяқтары, ал ортаңғы саусақ пілдің тұмсығы. <b>(қатынас іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Танграм әдісі</b></p>	<p><b>Қысқы демалыстар.</b> (сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу)</p> <p><b>«Мозаика».</b> Мақсат-міндеттер: балаларға әртүрлі заттар, геометриялық пішіндер құрастыруды үйрету, түстерімен таныстыру, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Ойын атрибуттары: мозаика ойыншықтары. Ойынның барысы: Тәрбиеші мозаика бейнеленген көрнекіліктерді (ойыншықты) көрсетіп, оның мозаика деп аталатынын, одан</p>	<p><b>Қысқы демалыстар.</b> (сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу)</p> <p><b>"Пазл".</b> Мақсат-міндеттер: балаларға әртүрлі сюжетті суреті бар пазлды құрастыру үйрету, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбексүйгіштік қасиеттерін дамыту. Ісінің аяғына дейін жеткізуді қадағалап, шыдамдылыққа, байқампаздыққа үйрету. <b>(танымдық іс-әрекет)</b></p> <p><b>"Стоп-кадр" пантомима жаттығуы.</b> Мақсат-міндеттер: балаларға жан-жануар, құстың</p>
--	--	--	---	---	--



2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)</b>
Серуенге дайындық 10.35-10.50	<p>Серуендеуге дайындық.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Алдағы іс-шараға арналған ереже: шығу алдында топты ретке келтіру; киіну бөлмесінде өзін-өзі ұстау ережелерін қайталау.</li> <li>2. Киімді киіндіру алгоритмін қайталау.</li> <li>3. Әр түрлі ауа-райында (қар, жаңбыр, жел) көшеде өзін-өзі ұстау ережелеріне баса назар аудару - тәрбиешінің өзі көшедегі жағдайға сүйене отырып таңдайды.</li> <li>4. Балалар өздігінен киінеді, қажет болса - тәрбиешінің немесе басқа баланың көмегі.</li> </ol> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>

Серуен  
10.50-12.30

**Суықторғайды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**

Мақсат-міндеттер.  
Қоныс аударатын құстар туралы түсініктерін кеңейту; талдау, салыстыру, қорытынды жасау қабілетін дамыту.

**Зерттеу:** құстардың іздерін қарастыру, оларды қарғаның ізімен салыстыру.  
Құстардың жануарлардан айырмашылығы неде? **(зерттеу іс-әрекеті)**

**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** қардан тазарту, ағаш тамырларын аяздан қорғау.

Мақсат-міндеттер.  
Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)**

**Қарлы боранды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**

Мақсат-міндеттер.  
Желді ауа райындағы қардың қозғалысы туралы түсінік беру.

**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** желді қарауға арналған айналмалы бағыттаушыны жасау. **(еңбек іс-әрекеті)**

Мақсат-міндеттер.  
Бірлесіп шығармашылық жұмыспен айналысу қабілетін дамыту.

**Қимыл-қозғалыс ойындары:** "Бұрқасын". **(дене шынықтыру)**

Мақсат-міндеттер.  
Ойын мазмұнына сәйкес қимылдар жасау.

**Өзіндік еркін ойын**

**Қардағы іздерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**

Мақсат-міндеттер.  
Құстардың қардағы іздерін тану қабілетін бекіту.

**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** қарлы қалашық салу үшін қар жинау. **(еңбек іс-әрекеті)**

Мақсат-міндеттер.  
Топта жұмыс істеу қабілетін қалыптастыру; жоспарлау жұмысы.

**Қимыл-қозғалыс ойындары:** "Ізі бойынша таны", "Іздер". **(дене шынықтыру)**

Мақсат-міндеттер.  
Алға қарай секіру жаттығулары, қозғалыстың қарапайымдылығы мен дәлдігіне қол

Серуеннен оралу 12.30-.12.50	<p>Серуеннен оралу кезіндегі ескертулер:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- учаскіден шығар алдында, аяқ-киімді, қалталарды құм-қоқыстан қағу;</li> <li>- балабақшаға кірер алдында балаларға аяқтарын жақсылап құрғату;</li> <li>- ғимаратқа тыныштықпен, есікті тарс жаппай кіру;</li> <li>- серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою;</li> </ul> <p>Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру.</p> <p>Жендерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту.</p> <p>Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру.</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>
Түскі ас 12.50-13.10	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: балада денсаулығына пайдалы және зиянды нәрсе туралы ойды, дәстүрлі тағамдар туралы түсінікті қалыптастыру.</p> <p>Көркем сөз</p> <p>Ерте тұрып таңнан, Пісірді апам ақ нан. Кетер емес әлі, Таңдайымнан дәмі. Кернейді хош иісің, Тамсандырып үй ішін. Жесем тоймай қаламын, Әжемді еске аламын.</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b></p>
Күндізгі ұйқы 13.10-15.30	<p>Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.</p>

<p><b>Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары</b> <b>15.30-15.40</b></p>	<p>Біртіндеп ұйқыдан ояту. Жалпақ табандықтың алдын алу үшін түзету жаттығулары. <b>«Ұшақ» жаттығуы.</b> Мақсат-міндеттері. Омыртқаның бұлшық ет корсетін, жамбас белдеуінің бұлшық еттерін күшейту. <b>Көркемсөз</b> Ұйықтап жатқан кім екен? Уақыт болды тұратын. Жаттығуды жасайық, Ұйқымызды ашайық! Бізді күтіп тұрмайды, Жылдам алға басайық! <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)</b></p>
<p><b>Бесін ас</b> <b>15.40-16.00</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b> Мақсат-міндеттер: балада денсаулығына пайдалы және зиянды нәрсе туралы ойды, дәстүрлі тағамдар туралы түсінікті қалыптастыру. Көркем сөз Ерте тұрып таңнан, Пісірді апам ақ нан. Кетер емес әлі, Таңдайымнан дәмі. Кернейді хош иісің, Тамсандырып үй ішін. Жесем тоймай қаламын, Әжемді еске аламын. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b></p>

<p><b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 16.00-16.15</p>			<p><b>Дидактикалық ойын.</b> "Логикалық жұптар" (спортшылар, спорттық құралдар) Мақсат-міндеттер. Балалардың спортшылардың қандай жабдықтарды қолданатыны жайындағы білімдерін пысықтау; логикалық ойлау қабілеттерін дамыту; салауатты өмір салты қағидаларын қалыптастыру. Құралдар. Спортшылар мен олар қолданатын жабдықтардың сурет-карточкалары. Шарты. Балалар әрбір спортшыға қажетті жабдықтар түрін таңдап, логикалық жұптарды құрастыру керек. Жұптар мына сияқты болуы мүмкін: хоккейші - клюшка; футболшы - футбол</p>	<p><b>Дамытушы ойын.</b> "Қайда болғанымызды айтпаймыз, көргенімізді көрсетіп қайтамыз". Мақсат-міндеттер. Балалардың ойлау, елестету қабілеттерін, логикасын, тапқырлығын дамыту. Шарты. 1-нұсқа. Педагог жұмбақтарды қимыл арқылы көрсетеді. Балалар көрсетілген затты, жан-жануарды, құбылысты көрсетеді. 2-нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезегімен көрсетеді. 3-нұсқа. Шеңберде немесе тізбекте отырған (тұрған) әрбір бала кезек бойынша</p>	<p><b>Вариативті компонент. Жас зерттеуші</b> "Туған өлкедегі қыс" Мақсат-міндеттер: балалардың қыс мезгілі туралы білімдерін нақтылау, қыс мезгіліне тән белгілерді білу және таба алуға үйрету.  <b>Дидактикалық ойын.</b> "Дұрыс па? Бұрыс па?" (етістіктер арқылы сипаттау) Мақсат-міндеттер. Балаларға белгілі жан-жануардың (адамның, құбылыстың) қимыл-қозғалыстағы ерекшелігін сөздермен сипаттауды тыңдатып, сипаттаманың дұрыстығын не бұрыстығын анықтату, дұрыс нұсқаны айтуға ынталандыру;</p>
---	--	--	---	--	---

<p><b>Балалармен жеке жұмыс</b> <b>16.15-16.30</b></p>			<p><b>Дайын суретті бояу тапсырмасы.</b> Балаларға қағаз бетіне басып шығарылған қыс мезгілінің (антистресс) бірнеше суреттері беріледі, балалар өздері таңдап, бояп шығады. <b>(шығармашылық іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Жаңылтпаштар айтқызу.</b> Аппак, аппак, бәрі аппак, Ақ қар аппак, бәрі аппак. Ақ бұлт, қырау, мақта аппак. Ақ сүт, айран, қант та аппак. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Сәйкесін тап" ойыны.</b> Үстел үсті ойыны арқылы ойналады. Қиынды суреттерден қыс мезгілі ерекшеліктерін білдіретін суреттерді тауып құрастыру; ойлау қабілеттерін дамыту. <b>(танымдық іс-әрекет)</b></p>
<p><b>Серуенге дайындық</b> <b>16.30-16.50</b></p>	<p>Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. <b>(мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)</b></p>				
<p><b>Серуен</b> <b>16.50-18.00</b></p>	<p>Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>				
<p><b>Серуеннен оралу</b></p>	<p>Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>				
<p><b>Кешкі ас</b></p>	<p>Тағамның атауын еске сақтау, тамақтану рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуді, әдепті бала болуды үйренеміз". <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b></p>				

<p><b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. <b>(музыка)</b></p> <p>Өнер бұрышында қардың пайдасы тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. <b>(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)</b></p> <p>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. <b>(зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>				
<p><b>Балалардың үйге қайтуы</b> (ата-аналарға кеңес) 18.00-18.30</p>			<p>Кеңес беру. «Баланың ашуын қалай жеңуге болады?»</p>	<p>Кеңес беру. «Балаларды көшеде қауіпсіз жүруге үйретеміз».</p>	<p>«Салауатты өмір салты ережелері», «Балаларға ыңғайлы киім таңдау» тақырыптарына әңгіме жүргізу.</p>

## ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) \_\_\_\_\_

Топ: мектепалды

Балалардың жасы: 5 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 08.01 - 12.01.2024ж.

Педагогтың аты-жөні \_\_\_\_\_

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
	08.01	09.01	10.01	11.01	12.01
Күн тәртібі					
<p><b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 16.00-16.15</p>	<p><b>Вариативті компонент. Жас зерттеуші</b> "Үйдегі тұрмыстық техника" Мақсат-міндеттер: адам көмекшілері туралы білімдерін кеңейту, адам өміріне және еңбек етуінде көмекші болатын электртоғы, тұрмыстық техника туралы білімдерін арттыру.</p> <p><b>Дидактикалық ойын.</b> <b>"Ортақ қасиеті бойынша топқа біріктірілген".</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың заттардың (құбылыстардың, жан-жануарлардың, адамдардың, ұғымдардың) ортақ қасиеттерін байқап, біріктіріп, түсіндіре білу қабілеттерін арттыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу; дүниетанымын кеңейту. Құралдар. Заттар немесе суреттер жиындары (жыл мезгілдері, түрлі өсімдіктер, жабайы аңдар, құстар, түрлі материалдардан жасалған заттар). Педагог өзінің қалауынша, көптеген себептерге сүйеніп, тапсырмалар санын реттейді. Педагог осы жаттығуды ауызша да жүргізе алады. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b> <b>"Балабақша".</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың балабақшаның қызметі, осы мекеме мамандарының негізгі жұмысы туралы жалпы ұғымдарын тиянақтау, пысықтау; жеке тұлғасының қабілеттерін, нәтижелі қарым-қатынастарды құруға деген қабілеттерін дамыту. Құралдар. Балабақшада жұмыс істейтін мамандарға қажетті құралдар (мейірбике, тәрбиеші, тәрбиешінің көмекшісі, аспаз, аула тазалаушы). Шарты. Алдымен балалар өз еркімен балабақша қызметкерлерін тағайындайды. Мамандардың ролін ойнайтын балалар өздеріне қажетті құралдарды тандап алады,</p>	<p><b>Дидактикалық ойын.</b> "Жақсы - жаман". Мақсат-міндеттер. Балаларды кез келген зат, қасиет, құбылыс, оқиғаның жағымсыз және жағымды жақтарын жақсы тануға, қарым-қатынастарда, сөйлеуде мақал-мәтелдерді қолдануға ынталандыру; дүниетанымын, ой-өрісін, сөйлеу мәдениетін дамыту; оптимизм сезіміне, достыққа тәрбиелеу. Құралдар. Адам, ауа райы, тәулік, жыл мезгілі құбылысы, зат, жан-жануар салынған суреттер. Ойынның нұсқалары көп. Мақал-мәтелдерге мысалдар: Адам туа жаман болмайды, жүре жаман болады, Бігер істің басына, жақсы келсін қасына, Жақсының қадірін жақсы білер, Жақсы қыз – жағадағы құндыз, жақсы жігіт – көктегі жұлдыз. Балалар өз мысалдарын да айту мүмкін: "Жалғыз жаяу жүріп, жұмыстан қалғанша, көп адаммен автобуска толып, уақытында келу артық"; "Қолды жумасаң, тамаққа тез отырарсың, қолды жусаң - ауырмасың"; "Жаздың жаманы - күні ыстық, жаздың жақсысы - далада достарыңмен көп ойын ойнайсың". <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b> <b>"Автобус".</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың автобуста қызмет ететін мамандар (жүргізуші және кейбір көліктерде қызмет ететін бақылаушы) туралы білімдерін тиянақтау; қоғамдық көлікте</p>	<p><b>Дамытушы жаттығу.</b> "Қанша затты көрсен, сондай санды көрсет". Мақсат-міндеттер. Балалардың әрқалай орналасқан заттарды көзбен көріп, санап ала білу қабілетін арттыру, жиын санын карточка арқылы көрсетуде ынталандыру; қабылдау, зейін, қабілеттерін, ой шапшаңдығын дамыту. Құралдар. Түрлі заттардың топтамалары кез келген жиындарда салынған көрнекілік карточкалары; <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b> <b>"Кемемен саяхат".</b> Мақсат-міндеттер. Балаларға кемемен саяхаттау қалай өтетіні туралы, теңіз порты қандай орын екендігін түсіндіру; кеме капитаны, даяшы, күтушілер, есепші, бақылаушы полиция сияқты мамандықтар туралы ұғымдар қалыптастыру; кемедегі жолаушылар саяхат кезінде қандай тәртіпті ұстанатыны туралы жаңа білімдерін пысықтау; ойындағы рөлдік әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне, сыпайылыққа тәрбиелеу. Құралдар. Жасанды кеме бортын құрастыру үшін, орындықтарды екі бөлек қатарға тізу; капитан, күтуші, полиция, есепшінің киім үлгілері (бас киімдері); капитанның алдында кемемен жүргізуге қажет батырмалары бар панель; сусындар мен шырындардың бос ыдыстары;</p>	<p><b>Дамытушы жаттығу.</b> <b>"Не жоқ?"</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың қабылдау, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту; зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу. Құралдар: түрлі заттар мен ойыншықтар. Шарты. Педагог балалардың алдына таныс ойыншықтарды немесе заттарды жазықтыққа әрқалай орналастырып, бір топ күйінде ұсынады. Саны алғашында 6-дан басталады, содан соң 10-12ге де жеткізуге болады. Балалар көзін жұмып тұрғанда, педагог ойыншықтың бірін алып тастайды. Балалар көздерін ашып, қандай ойыншықтың жоқ екендігін атайды. Ойын бірнеше рет қайталанады. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b> <b>"Көлік жөндеу шеберханасы".</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінгіңдегі көлікті жөндеу шеберханасы жайындағы ұғымдарын кеңейту; көлікті жөндеу шеберханасында еңбек ететін мамандар (механик, слесарь, программист (бағдарламашы) жөнінде білімдерін кеңейту, тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, төзімділікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Көлік жөндеу шеберханасында қолданылатын ойыншық құрал-жабдықтар: бұрағыш, балға, тістеуік, қысқыштар; ойыншық көліктер, дөңгелектер, майлықтар; шеберханада еңбек</p>	<p><b>Дамытушы ойын.</b> <b>"Сынық телефон".</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың есту, түйсік, ойлау қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Шарты. Балалар бір қатарға отырады. Жүргізушіні санамақ арқылы таңдауға болады. Алғашында педагог балаларға ойынды жүргізу үлгісін көрсетеді. Балаларға ойын шартын нақтылы орындап, оны бұзбау шарт екенін түсіндіру керек. Жүргізуші бірінші болып шетте отырған баланың құлағына өзі ойлаған заттың атауын сыбырлап айтады. Оны естіген бала келесі балаға сөзді сыбырлап айтады, сөйтіп ойын жалғаса береді. Соңғы отырған бала естіген сөзін дауысын шығарып бәріне жариялайды. Егер баланың айтылған сөзі жүргізуші ойлаған сөз болып шықса, телефон сынбай істеді деп саналады. Егер соңғы сөз бастапқы сөз болмай қалса, балалар тергеуді жүргізіп, бұл сөздің қандай тізбекте ауысып кеткенін анықтайды. Бір айналым өткеннен кейін, бірінші бала соңғы орынға ауысады, сөйтіп бірінші еститін балалар үнемі жанадан болып отырады. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b> <b>"Ұшақпен сапар".</b> Мақсат-міндеттер. Балаларға ұшақпен сапарға шығу қандай әрекеттерден тұратынын, әуежайдың қандай орын екендігін түсіндіру; ұшқыш-пилот, стюардесса, есепші, бақылаушы полиция сияқты мамандар туралы ұғымдар қалыптастыру; ұшақтарда жолаушылардың қандай тәртіп бойынша саяхаттай алатыны жайлы жана білімдерді пысықтау; ойындағы рөлдік әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне, сыпайылыққа</p>
---	--	--	---	---	---

<p><b>Балалармен жеке жұмыс</b> <b>16.15-16.30</b></p>	<p><b>"Қонақ қай елден?" заттармен ойналатын ойын.</b> Дидактикалық міндеті. Балалардың басқа ел тұрғындары туралы білімдерін бекіту; басқа ұлт өкілдеріне қызығушылықты, оларды құрметтей білуді, олардың өмірі туралы білуге деген тілекті тәрбиелеу. Ойын ережесі. Суретке сәйкес басқа ұлт өкілінің ұлттық киімін таңдау; қуыршаққа ұлттық киімді киіндіру; кім ұлттық киімді дұрыс және тез киіндірсе, сол жеңеді. Ойын әрекеттері. Қуыршақты киіндіру; ұлттық би немесе ән орындау. <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p><b>"Жұп суреттер" үстел-үсті ойыны.</b> Дидактикалық міндеті. Балалардың байқағыштығын, суретте бейнеленген заттардың ұқсастығы мен айырмашылығын таба білу іскерлігін тәрбиелеу; сөздік қорларын жетілдіру: ұқсас, әртүрлі, бірдей. Ойын ережесі. Бірдей суреттерді жинау; кім қателеспесе, сол жеңеді. Ойын әрекеттері. Бірдей суреттерді іздеу. <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p>Жұмбақтар шешу; жаңылтпаштар айтқызу. <b>(көркем әдебиет)</b></p>	<p><b>"Түрлі-түсті жолақтар" дидактикалық ойыны.</b> Мақсат-міндеттер. Түстерді атауға, салыстыруға жаттықтыру; берілген тапсырманы орындауға ынталандыру; достық қарым-қатынастарын тәрбиелеу. <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p><b>Зейінді дамытуға арналған жаттығу. "Қимылдарды қайталаймыз".</b> Аталған ойынның тағы бір нұсқасы. Сіз қандай да бір қимылды көрсетесіз, ал балалар біреуінен немесе екеуінен басқа барлық қимылдарды қайталайды. Мысалы, егер жүргізуші қолын жоғары көтерсе, балалар шапалақ ұруы керек; қолдары екі жаққа созылғанда, балалар аяқтарын тыпырлатады. Кім қателесе, сол жүргізуші атанады. <b>(дене шынықтыру)</b></p>
<p><b>Серуенге дайындық</b> <b>16.30-16.50</b></p>	<p>Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәт-еңкесін реттілікпен киюін қадағалау. <b>(мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)</b></p>				
<p><b>Серуен</b> <b>16.50-18.00</b></p>	<p>Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>				
<p><b>Серуеннен оралу</b></p>	<p>Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>				

## Кешкі ас

### Гигиеналық дағдылар

Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.

Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.

Көркем сөз

Су ағызып шүмектен,

Беті қолды жуамын.

Мойын, мұрын, құлақты,

Тазалатып тұрамын.

Үсті -басым ұқыпты,

Таза жүрем әрдайым.

Жолатпаймын кірді мен,

Тазалықты таңдаймын!

**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**

<p><b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p> <p>Максат-міндеттер. Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру.</p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. <b>(музыка)</b></p> <p>Максат-міндеттер. Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету. Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (к іріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру. Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.</p> <p>Өнер бұрышында қоршаған орта тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. <b>(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)</b></p> <p>Максат-міндеттер. Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту, түрлі өлшемді өрнектерді біріктіру, ақ және түрлі-түсті фондарды қолдана отырып, түсті таңдау. Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау). Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану. Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру. Табиғи материалдарды дұрыс пайдалануға үйрету. Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс жасау кезінде өзінің әрекетін жоспарлау дағдыларын жетілдіру, дербестік пен шығармашылық танытып, мақсатты түрде жұмыс жасай білу. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу.</p> <p>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p>Максат-міндеттер. Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау.</p> <p>Пішінің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту, қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыру, 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру.</p> <p>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. <b>(зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p> <p>Максат-міндеттер. Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату. Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: жануарлар қозғалады (жүреді, жүгіреді, секіреді, ұшады, қозғалады); қоректенеді (өсімдіктердің жапырақтары, сабағы, бұтақтары, қабығы, шырыны, тұқымдарымен, етпен, жәндіктермен); өседі және көбейеді, қоршаған ортаны көз, мұрын, тіл, құлақ, тері көмегімен сезе білу.</p> <p>Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Ережелер барлығына жақсы болуы (қарапайым, жайлы, қауіпсіз) үшін жасалатынын балалардың түсінуі маңызды. Егер белгілі бір ережелер сақталмаған жағдайда не болатынын балалармен талқылау.</p>				
<p><b>Балалардың үйге қайтуы</b> (ата-аналарға кеңес)18.00-18.30</p>	<p>«Балаңызбен қандай ойындар ойнайсыз?» сауалнама.</p>	<p>«Теледидардан балаларға арналған қандай бағдарламаларды көресіздер?»</p>	<p>«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».</p>	<p>Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру.</p>	<p>Ата-аналар үшін ашық есік күнін ұйымдастыру.</p>

## ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) \_\_\_\_\_

Топ: мектепалды

Балалардың жасы: 5 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 19.02 - 23.02.2024ж.

Педагогтың аты-жөні \_\_\_\_\_

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
	19.02	20.02	21.02	22.02	23.02
Күн тәртібі					
<b>Балаларды қабылдау 08.00-08.15</b>	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>				
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 08.15-08.30</b>	Ата-аналармен "Егер балаңыз төбелесе беретін болса" тақырыбында әңгімелесу, кеңестер беру.				

<p><b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер</b></p> <p><b>08.30-08.55</b></p>	<p>"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау". Мақсат-міндеттер. Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау, балалардың сыртқы түріне, құрылымына назар аудара отырып, өсімдіктен шаңды кетіру әдісін таңдауға үйрету. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p>"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку". Мақсаты. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; балалардың түсінігінде жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Балаларды суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p>"Асхана бойынша кезекшілік". Мақсат-міндеттер. Балаларды кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауға үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдықтауда тәртіпсіздікті көре білу. Ортақ игілік үшін, ниеттеніп еңбектенуге тәрбиелеу. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p>"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп". (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттер. Балаларға жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлықты, тәртіпті көре білуге, ұжымда тату-тәтті еңбек етуге үйрету. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p>"Кір сүлгілерді ауыстыру". Мақсат-міндеттер. Еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрету. Ортақ игілік үшін, ниеттеніп еңбектенуге тәрбиелеу. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p>
	<p>Құрылыс ойындары: "Спорт алаңын құрастыру", "Қуыршаққа арналған спорт алаңы". <b>(шығармашылық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p>"Кімге не керек?" дидактикалық ойыны, үстел үсті ойындары, саусак жаттығулары. <b>(таным іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p>"Денсаулық" және "спорт" туралы әңгімелесу. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p>"Спорт түрлері" тақырыбында суреттер қарастыру. Балабақшаның ішінде саяхат жасау. Суреттер бойынша әңгімелесу. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>	<p>Үстел үсті ойындары: пазл, қосымша бет. "Спорт" және "денсаулық" туралы әңгімелесу. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>

<p><b>Таңертеңгі жаттығу</b> <b>08.55-09.00</b></p>	<p><b>Жалпы дамыту жаттығулары (лентамен)</b></p> <p>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, лента ұстаған қолдары төменде. 1 - 4 - лентаны екі қолдарымен ақырын жоғары көтеріп, саусақтарын қимылдату арқылы лентамен толқынды қимылдар жасайды; 5 - 6 - ленталарды қолымен тік ұстап, бір жанына екі шеңбер жасайды; 7 - 8 - бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады).</p> <p>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, лента ұстаған қолдары жанында. 1 - оңға бұрылу, сол қолын оң қолына тигізу; 2 - бастапқы қалыпқа келу; 3 - 4 - осы жаттығуды сол жаққа қайталау. 5 - 8 - лента ұстаған қолдарымен саусақ бастарын қимылдата отырып, аяқтың ұшымен өзін айнала адымдау бұру; 9 - 10 - бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады).</p> <p>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, лента ұстаған қолдарын жанына жіберу. 1 - аяқты түзу ұстап, бір жанына қарай бұру, осы қимылмен бірге лента ұстаған қолды төмен түсіріп, айкастырып қою; 2 - бастапқы қалып; 3 - 4 - аяғын ауыстырып, жаттығуды қайталау. Жаттығуды жасау кезінде аяқты бүкпей, тік ұстау керек (жаттығу 5-6 рет қайталанады).</p> <p>4. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, лента ұстаған қолдары төменде. 1 - 3 - алға сәл иіліп, еңкею, қолды алдына түзу ұстап, лента ұстаған қолдарының саусақтарын қимылдатып, ленталарды толқындату; 4 - тез тіктеліп, лента ұстаған қолдарын артына жіберу; 5 - 6 - бастапқы қалып (жаттығу 8 рет қайталанады).</p> <p>5. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, лента ұстаған қолдарын артына түзу ұстау. 1 - тізені бүге отырып, аяғын алдына қойып, лента ұстаған қолдарын толқындатып, жоғары көтеру; 2 - бастапқы қалып; 3 - 4 - келесі аяғымен жаттығуды қайталау (жаттығуды әр жағына 5-6 реттен қайталау).</p> <p>6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, лента ұстаған қолдары төменде. 1 - 4 - лента ұстаған қолдарын оңға - жоғары, солға - төмен қимылдата отырып, өзін айналау; лентамен толқынды қимылдар жасау; 5 - 6 - бастапқы қалып (жаттығуды 4-5 рет қайталау).</p> <p>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, лента ұстаған қолдары төменде. 1 - оң қолын жоғары, сол қолын артқа жіберу; 2 - қолдарын алмастырып, жаттығуды қайталау; 3 - 4 - бастапқы қалып (жаттығу 8-10 рет қайталанады).</p> <p>8. Тыныс алу гимнастикасы. <b>(дене шынықтыру)</b></p>				
<p><b>Таңғы ас</b> <b>09.00-09.20</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.</p> <p><i>Көркем сөз</i> Су-өмір жүрегі Денсаулық тірегі. Шөлдесең , қанасың. Жуынсаң, тазасың. <i>Салт-дәстүр. Ауыз тию</i> Бір үйге дәм үстіне келген адамға дәмнен ауыз тигізеді. Бұл ежелден қалыптасқан салт. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>				
<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b> <b>09.20-09.30</b></p>	<p>"Мен қандай спортпен шұғылданатынымды тауып көрші?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер. Спорт түрлері жайлы білімдерін толықтыру. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p>"Дене мүшелерін ата" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер. Дене мүшелері жайлы білімдерін толықтыру. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p>"Спортты сүйетін отбасы" тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру)</b></p>	<p>"Денсаулық" және "спорт" туралы әңгімелесу. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p>"Отбасында кім, қандай спортпен шұғылданады?" сөздік ойыны. <b>(қарым-қатынас іс-әрекет)</b></p>

<p><b>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b> <b>09.30-10.35</b></p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> "[п] дыбысы және Пп әрпін қайталау". Мақсат-міндеттер: [П] дыбысын және П әріпін таныстыру. Артикуляция бойынша п дыбысын дұрыс айтуға үйрету.</p> <p><b>Қазақ тілі</b> "Тазалық сақтау гигиенасы". Мақсат-міндеттер: балалардың салауатты өмір салты жайлы түсініктерін дамыту; "Кір кожалак баланың басынан кешкендері" өлеңімен таныстыру.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> "Кедергілердің арасынан фитболды домалату" Мақсат-міндеттер: балаларды кедергі заттар арасымен фитбол домалатуға үйрету.</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b> "Салауатты өмір салты қағидалары" Мақсат-міндеттер: балалардың адам өміріндегі ең бастысы-денсаулық туралы білімдерін бекіту; балалардың өмірлік маңызды органдарына дұрыс қарау қабілетін дамыту.</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> "[п] дыбысы және Пп әрпін пысықтау". Мақсат-міндеттер: [П] дыбысын және П әріпін таныстыру. Артикуляция бойынша п дыбысын дұрыс айтуға үйрету.</p> <p><b>Математика негіздері</b> "Құстар мен гүлдер патшалағындағы "қосу" және "алу" белгілері" Мақсат-міндеттер: балаларды "қосу (+)", "алу" ("-") және "тең болады" ("=") белгілерімен таныстыру, қарапайым есептерді құрастыруда қолдануға үйрету.</p> <p><b>Музыка</b> "Үлкен қоңырауды көтерейік" Мақсат-міндеттер: балаларды ән тыңдауда оның сипаты мен ерекшелігіне айқыратып, топпен әнді бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтай білу, би элементтерін музыка ырғағына сай жасай білу, музыкадағы жоғары және төмен дыбыстарды ажырата білу қабілетін шыңдау.</p> <p><b>Сөйлеуді дамыту</b> "Дәрумендердің керемет күші" Мақсат-міндеттер: балаларға дәрумендер туралы түсінік беріп, дене дамуына қосатын үлестері, адамға күш-қуат беретіндігін айту.</p>	<p><b>Математика негіздері</b> "Көктем келіп жеткенде" Мақсат-міндеттер: балаларды "қосу (+)", "алу" ("-") және "тең болады" ("=") белгілерімен таныстыру, қарапайым есептерді құрастырып, шығаруды меңгерту; есептерді жылдам шығаруға жаттықтыру.</p> <p><b>Қазақ тілі</b> "Білгіштер әлемінің тапсырмалары". Мақсат-міндеттер: дыбыс, әріп, буын, сөз, сөйлем туралы түсініктерін тиянақтау; "Денсаулық - зор байлық", "Дені саудың – жаны сау" - деген қағидаларды балалардың бойына сіңіру.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> "Фитболмен ойнайық" Мақсат-міндеттер: балаларды бағытсыз ирелендеп жүгіру; жіптің бойымен басына қапшықты қойып, бір жақ жанымен қырындап адымдап жүруге үйрету.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b> "Алдар көсе Ханды қалай емдейді?" Мақсат-міндеттер: ертегіні мұқият тыңдауды, мазмұның ашу. Өз ойын толық айтуға үйрету.</p>	<p><b>Математика негіздері</b> "Көктем келіп жеткенде" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: балаларды "қосу (+)", "алу" ("-") және "тең болады" ("=") белгілерімен таныстыру, қарапайым есептерді құрастырып, шығаруды меңгерту; есептерді жылдам шығаруға жаттықтыру.</p> <p><b>Сөйлеуді дамыту</b> "Дәрумендердің керемет күші" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: балаларға дәрумендер туралы түсінік беріп, дене дамуына қосатын үлестері, адамға күш-қуат беретіндігін айту.</p> <p><b>Музыка</b> "Көктем әндері" Мақсат-міндеттер: балаларды көктем туралы әннің сипатын ажырата білуге үйрету; дыбысты есту және әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру.</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b> "Дәрілік өсімдіктер" Мақсат-міндеттер: балалардың денсаулық, оны сақтау туралы түсініктерін кеңейту, өз денсаулығын күте білуге үйрету.</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> "[б] дыбысы және Бб әрпі. Мақсат-міндеттер: [Б] дыбысын және Б әріпін таныстыру. Артикуляция бойынша Б дыбысын дұрыс айтуға үйрету.</p> <p><b>Сурет салу</b> "Түнгі қала" Мақсат-міндеттер: балалардың түнгі қала сюжетін салуға үйрету; тіке және көлденең жуан жолақтарды сызып, көлемі түрлі тіктөртбұрышты үйлердің пішінін бояу техникасына үйрету.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> "Бұлттар секілді қалықтаймыз" Мақсат-міндеттер: балаларды кегльдер арасымен жүре отырып, 40 см қашықтықта қойылған жіптерден аттап жүруге үйрету.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b> "Алдар көсе Ханды қалай емдейді?" (қайталау) Мақсат-міндеттер: ертегіні мұқият тыңдауды, мазмұның ашу. Өз ойын толық айтуға үйрету.</p>
<p><b>2- таңғы ас</b></p>	<p>Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (<b>мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз</b>)</p>				
<p><b>Серуенге дайындық 10.35-10.50</b></p>	<p>Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетгі құралдарды дайындауға баулу. (<b>мәдени-гигиеналық дағдылар</b>)</p>				



<p>Серуен 10.50-12.30</p>	<p>Ауа райын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Қыс мезгілінде күн туралы түсініктерін тереңдетуді жалғастыру; табиғаттың жансыз объектілеріне қызығушылықты қалыптастыру. <b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары</b> (учаскедегі қарды белгілі бір жерге күрекпен салу; қайың мен тау гүліне апаратын жолды тазарту.) <b>(еңбек іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттер. Жеке және ұжымдық тапсырмаларды орындауға үйрету. <b>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Үйінді тап", "Балапандар". (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер. Шеңберге секіруді және бұйрық бойынша секіруді үйрету, өз үйлерін табу. <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:</b> секіруге үйрету, тепе-теңдікті дамыту. <b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p>Тірі және ойыншық шыршаларды салыстыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балаларға тірі ағаштың негізгі ерекшеліктерін көрсету. <b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары</b> (қуыршақтарды шанамен сырғанату үшін қарды бір орынға жинау). <b>(еңбек іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттер. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. <b>Қимыл-қозғалыс ойыны: "Қоймадағы тышқандар". (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер. Ептілікті дамыта отырып, доғаға тигізбей жорғалап жүруді үйрету. <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту,</b> секіруді үйрету, тепе-теңдікті дамыту. <b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p>Суықторғайларды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Суықторғайлардың пайда болуы, әдеттері туралы түсініктерін кеңейту. <b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары</b> (жолдарды сыпырғышпен сыпыру.) <b>(еңбек іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттер. Жұмыс тапсырмаларын орындауға жаттықтыру. <b>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Құстардың ұшуы", "Қояндар мен қасқырлар". (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер. Өрмелеу, баспалдақтан секіру, жүгіру жаттығулары. <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, моториканың дамуына ықпал ету</b> (жүгіру, секіру, қарды нысанаға лақтыру). <b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p>Желді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Желдің бағытын анықтау дағдыларын жетілдіруді жалғастыру. <b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары</b> (құрылыс жасау үшін қарды бір жерге жинау). <b>(еңбек іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттер. Тапсырманы жақсы орындауға үйрету; еңбекке деген позитивті қатынасты тәрбиелеу. <b>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қақпан", "Қарға мен ұя". (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер. Педагогтің белгісі бойынша тез жауап бере отырып, бүкіл учаске бойынша жүгіруге үйрету. <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Шанамен жарыс". (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер. Шанаға отырып, аяқпен итерілу арқылы жалаушаға жылжуды үйрету.</p>	<p>Балабақша алаңындағы өзгерістерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Айналамыздағы өзгерістерді байқауға үйрету. <b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары</b> (жолдан ұжым болып қарды тазалау). <b>(еңбек іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттер. Бірлесіп жұмыс жасау қабілетін бекіту. <b>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Үйсіз қоян". (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер. Педагогтің белгісі бойынша әрекеттерді тез орындауға үйрету. <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту,</b> жылдамдықпен жүгіру қабілетін бекіту; лақтырудың дәлдігі мен күшін дамыту. <b>(дене шынықтыру)</b></p>
<p>Серуеннен оралу 12.30-12.50</p>	<p>Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>				

<p><b>Түскі ас</b> <b>12.50-13.10</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b>          Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.          Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүргіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.  <i>Көркем сөз</i>          Су-өмір жүрегі          Денсаулық тірегі.          Шөлдесең , қанасың.          Жуынсаң, тазасың.  <i>Салт-дәстүр. Ауыз тию</i>          Бір үйге дәм үстіне келген адамға дәмнен ауыз тигізеді. Бұл ежелден қалыптасқан салт.  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>
<p><b>Күндізгі ұйқы 13.10-15.30</b></p>	<p>Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.</p>
<p><b>Бірге-бірге тұрғызу, сауықтыру шаралары 15.30-.15.40</b></p>	<p>Жалпақ табанның алдын алу үшін денсаулық жолымен жүру.          Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды жүзеге асыру.  <i>Көркем сөз</i>          Әдемі ирек жолдармен,          Лақтарша біз ойнақтап,          Тастан - тасқа секіріп,          Жалаң аяқ жүреміз.          Табанға біз нүктелі,          Массаж жасау білеміз.  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, сауықтыру шаралары, дене шынықтыру)</b></p>
<p><b>Бесін ас</b> <b>15.40-16.00</b></p>	<p>Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b></p>

<p><b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 16.00-16.15</p>	<p><b>Дамытушы жаттығу. "Тыныс алуды реттеу".</b>          Мақсат-міндеттер. Балаларды санау ырғағына сай тыныс алуға жаттықтыру; балалардың тыныс алу жүйесін нығайту, салмақтылыққа тәрбиелеу.          Шарты.          Педагог жаттығуды алдымен белгілі ырғақпен санап отырады, балалар санау реті бойынша демді мұрынмен ішке тартып, ауызбен қайта шығарады. Балалардың тыныс алу реті қалыптасқаннан кейін педагог санауды жылдамдатып, балаларға жиі тыныс алудың жаңа үлгісін ұсынады. Тағы бір амал ретінде ақырын санауға болады. Бұл кезде балалардың тыныс алуының тереңдігін қадағалау керек.          Жаттығуды барысында белгілі санамақты, тақпақты, әнді айтқызу арқылы ұйымдастыруға болады.  <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b>   <b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Отбасы".</b>          Мақсат-міндеттер. Отбасы мүшелері жөнінде балалардың ұғымдарын нығайту; отбасы мүшелерінің әрқайсының рөлі туралы ойларын пысықтау; үлкенді құрметтеу, жақынына сүйіспеншілік сезімдеріне тәрбиелеу.          Құралдар.          Отбасы мүшелеріне қажет заттар: көзілдірік, ыдыс-аяқ, алжапқыш, ойыншық саймандар, кітап, газета, сыпырғыш, шелек пен сүлгі, ойыншықтар, ойыншық тұрмыстық техника тағы басқа заттар мен киім үлгілері.          Шарты.          Балалар отбасы мүшелерінің</p>	<p><b>Дидактикалық ойын.</b>          "Дұрыс па? Бұрыс па?" (Сын есім арқылы сипаттау)          Мақсат-міндеттер. Балаларға белгілі жан-жануарлардың (адамның, құбылыстың) қасиеттерін сын есімдермен сипаттауды тыңдатып, сипаттаманың дұрыстығын немесе бұрыстығын анықтау; дұрыс нұсқаны айтуға ынталандыру; қоршаған әлем заңдылықтары жайындағы білімдерін нығайту; сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту; дүниетанымын кеңейту.          Балалардың жауаптары мынадай болуы мүмкін: "Алма текше емес, шар", "қар ыстық емес, суық", "туған күнде көңіл-күй мұңлы емес, көңілді болады", "ағаштың діңгегі өскенде жіңішке емес, жуан болады", т.б..          Педагог тапсырмаларды тек жануарларға немесе тек құбылыстарға байланысты бере алады. Бұл ойынның нұсқалары көп.  <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b>   <b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Дәріхана".</b>          Мақсат-міндеттер. Балалардың дәріхана қызметкерлері (фармацевт, провизор) мамандықтары жайында ұғымдарын тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу.          Құралдар.          Ойыншық дәрі-дәрмектер.          "Дәріхана" сөмкелері; ақ халаттар, төлемді камтамасыз ететін карточкалар мен</p>	<p><b>Дамытушы ойын.</b>          "Қандай және саны қанша геометриялық пішіндерден құрылғанын айт".          Мақсат-міндеттер. Балалардың геометриялық пішіндерді ажырату, санау қабілеттерін, ой шапшандығын, зейінін дамыту; ұғымталдыққа, зияткерлікке тәрбиелеу.          Құралдар.          Түрлі геометриялық пішіндерден құрылған бейнелердің сызбалы суреттері.          Шарты.          Балалар түрлі геометриялық пішіндерден құрылған суреттерге кезегімен қарап, қандай және саны қанша геометриялық пішіндерден құрылғанын айту керек.  <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b>   <b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Аурухана".</b>          Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігіндегі медициналық мамандықтар (бала дәрігері, тіс дәрігері, ЛОР-дәрігер, хирург, мейірбике) жөнінде ұғымдарды нығайту; медициналық қызметкерлердің ауруханада атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбекқорлыққа, сыпайылыққа, салауатты өмір салтына тәрбиелеу.          Құралдар.          Медицина мамандарына қажет заттар мен құралдар; ақ халаттар, перчаткалар; ауруханаға қажет жиһаз, сөмкелер; кейіпкер ойыншықтар.          Балалар қуыршақтар мен кейіпкер ойыншықтарды ауруханаға қаратып немесе</p>	<p><b>Дамытушы жаттығу.</b>          "Көзді жұмып, тепе-теңдікті сақтау".          Мақсат-міндеттер. Балаларды көзді жұмып, тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру; вестибулярлық аппаратты, түйсік қабілетін дамыту.          Шарты.          Тік тұрып, екі қолды екі жаққа созып жаю; екі аяқтың біріне кезекпен тұрып тепе-теңдікті сақтау.          Алғашқы жаттығудың үлгісін педагог өзі көрсетеді. Тепе-теңдікте тұру ұзақтығын реттеу керек.  <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b>   <b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Спорт залы".</b>          Мақсат-міндеттер. Балалардың спорттық жаттығу залы туралы ұғымдарын нығайту; спорт жаттықтырушысының атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; тәртіптілікке, салауатты өмір салтына тәрбиелеу.          Құралдар.          Спорт киімдері, ойыншық спорт жабдықтары немесе макеттері.          Шарты.          Педагог балалармен бірлесіп дайындық жұмыстарында спорттық жаттығулар, жаттықтырушы қызметінің мәнін суреттер, бейнежазбаларды көрсету арқылы әңгімелейді.          Балалар жаттықтырушы жұмысын қалай атқарып (түрлі жаттығуларды көрсетіп, үйрету, жаттықтыру), қандай жабдықтарды ұсынатыны, тұтынушының қандай таңдау</p>	<p><b>Дидактикалық ойын. "Адасқан сандар".</b>          Мақсат-міндеттер. Сандар тізбегі жайындағы балалардың білімдерін нығайту; реттік сандарды пысықтау; сандар тізбегінде аталған санның "көршілерін" немесе тізбектегі кез келген санның арасында жасырынған санды тауып атауға жаттықтыру; зейінді, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту; шапшандыққа, зеректікке тәрбиелеу.  <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b>   <b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Ветеринарлық емхана".</b>          Мақсат-міндеттер. Балалардың ветеринарлық емханада қызмет атқаратын жануар дәрігері, мейірбике, күтуші жөнінде ұғымдарды нығайту; медициналық қызметкерлердің емханада атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбекқорлыққа, жан-жануарларға деген аяушылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу.          Құралдар.          Ветеринарлық емхана қызметкерлеріне қажет заттар мен құралдар; ақ халаттар, перчаткалар; емханаға қажет жиһаз, сөмкелер; ойыншық жануарлар және құстар.          Шарты.          Педагог балалармен бірлесіп, дайындық жұмыстары ретінде ветеринардың жұмысы жайында суреттерді қарап, К. Чуковскийдің "Айболит" ертегісін естеріне түсіріп, оқиды, сондай-ақ ветеринарлық емхана жайында әңгімелесу керек.          Балалар ветеринар дәрігерінің жануарлар мен құстардың қандай дене мүшелерін емдейтіні туралы ғана емес, қандай құралдарды қолданатыны, қандай сұрақтарды қою қажеттілігін талқылап алу керек.          Балалар ветеринарлық емханада қызмет атқаратын қызметкерлер кім болатынын өзара таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне қажет киім үлгілерін және құралдарды алып, орындарына барады.          Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу</p>
---	---	---	---	--	---

<p><b>Балалармен жеке жұмыс</b> <b>16.15-16.30</b></p>	<p><b>Мақал-мәтелдер жаттату.</b> 1. Өлсіз денеге ауру ұялайды. 2. Таза ауа – жанға дауа. 3. Байлық – байлық емес, денсаулық – байлық. 4. Денсаулық – зор байлық. 5. Тазалық – саулық негізі. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)</b></p>	<p>"Дені саудың - жаны сау" тақырыбында сюжетті суреттер қарастыру. Сұрақтар қою. Сұрақтарға толық жауапты талап ету. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)</b></p>	<p><b>Жаңылтпаш айтқызу.</b> Екі шөжем қанаттана алмады, Қанаттана алмағаны - салақ қарағанымнан, - Дұрыс тамақтана алмады. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Саусақ жаттығуы.</b> <b>"Дәрумендер"</b> Сәбізді алып тазалаймыз (оң қолды жұдырыққа түйіп, сол қолдың алақанына ысқылайды) Үккішпен үгіп майдалаймыз (екі қолды жұдырыққа түйіп кеудеге ұстап, жоғары-төмен қозғайды) Қанттан сеуіп дәмдейміз (саусақтардың ұшымен қант себеді) Міне дайын нәр тағам (екі қолын алдына жайып көрсетеді). Дәруменге байыған (алақанымен іштерін сипалап, тойғандарын көрсетеді). <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру)</b></p>	<p><b>Мүсіндеуден ойын-жаттығу</b> "Дәрумендер – денсулықтың қамқоршысы" Мақсат-міндеттер: балаларды түрлі-түсті ермексаздардан көкөністерді мүсіндеуде әртүрлі тәсілдерді пайдалану дағдысын бекіту.</p>
<p><b>Серуенге дайындық</b> <b>16.30-16.50</b></p>	<p>Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтәңкесін реттілікпен киюін қадағалау. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>				
<p><b>Серуен</b> <b>16.50-18.00</b></p>	<p>Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>				
<p><b>Серуеннен оралу</b></p>	<p>Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>				
<p><b>Кешкі ас</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b> Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуді. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. <i>Көркем сөз</i> Су-өмір жүрегі Денсаулық тірегі. Шөлдесең , қанасың. Жуынсаң, тазасың. <i>Салт-дәстүр. Ауыз тию</i> Бір үйге дәм үстіне келген адамға дәмнен ауыз тигізеді. Бұл ежелден қалыптасқан салт. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>				

<p><b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру.</p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. <b>(музыка)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету. Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру. Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру. Өнер бұрышында қоршаған орта тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. <b>(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту, түрлі өлшемді өрнектерді біріктіру, ақ және түрлі-түсті фондарды қолдана отырып, түсті таңдау. Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау). Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану. Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру. Табиғи материалдарды дұрыс пайдалануға үйрету. Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс жасау кезінде өзінің әрекетін жоспарлау дағдыларын жетілдіру, дербестік пен шығармашылық танытып, мақсатты түрде жұмыс жасай білу. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу.</p> <p>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау.</p> <p>Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту, қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыру, 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру.</p> <p>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. <b>(зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату. Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: жануарлар қозғалады (жүреді, жүгіреді, секіреді, ұшады, қозғалады); қоректенеді (өсімдіктердің жапырақтары, сабағы, бұтақтары, қабығы, шырыны, тұқымдарымен, етпен, жәндіктермен); өседі және көбейеді, қоршаған ортаны көз, мұрын, тіл, құлақ, тері көмегімен сезе білу.</p> <p>Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Ережелер барлығына жақсы болуы (қарапайым, жайлы, қауіпсіз) үшін жасалатынын балалардың түсінуі маңызды. Егер белгілі бір ережелер сақталмаған жағдайда не болатынын балалармен талқылау.</p>				
<p><b>Балалардың үйге қайтуы</b> (ата-аналарға кеңес) 18.00-18.30</p>	<p>Мектепке дейінгі баланың жан-жақты дамуындағы театрлық іс-әрекет.</p>	<p>«Салауатты өмір сүру – салтымыз» отбасылық спорттық сайыстар.</p>	<p>Психолог кеңесі: «Баланың сөйлеу тілін дамыту».</p>	<p>Медбикеден кеңес: «Тазалық – денсаулық кепілі».</p>	<p>«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».</p>

## ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) \_\_\_\_\_

Топ: мектепалды

Балалардың жасы: 5 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 26.02 - 01.03.2024ж.

Педагогтың аты-жөні \_\_\_\_\_

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
	26.02	27.02	28.02	29.02	01.03
Күн тәртібі					
<b>Балаларды қабылдау 08.00-08.15</b>	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>				
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 08.15-08.30</b>	Ата-аналарға "Бала жиі ашуланатын болса ..." тақырыбында кеңестер беру; ата-аналарға баланың үйдегі тәртібіне көмек көрсету.				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер 08.30-08.55</b>	"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау". Мақсат-міндеттер. Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау, балаларға сыртқы түріне, құрылымына назар аудара отырып, өсімдіктен шанды кетіру әдісін тандауға үйрету. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b>	"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку". Мақсат-міндеттер. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Оларды суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b>	"Асхана бойынша кезекшілік". Мақсат-міндеттер. Балаларды кезекші міндеттерін адал орындауға үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдықтауда тәртіпсіздікті көре білу. Ортақ игілік үшін, ниеттеніп еңбектенуге тәрбиелеу. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b>	"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп" (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттер. Балаларды жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлықты, тәртіпті көре білуді. Ұжымда тату-тәтті еңбек етуді үйрету. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b>	"Кір сүлгілерді ауыстыру". Мақсат-міндеттер. Еңбекке тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрету. Ниеттеніп еңбектенуге тәрбиелеу, ересектерге көмектесу. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b>

<p>Серуен 10.50-12.30</p>	<p><b>Көктемдегі құбылыстарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)</b> Жұмбақ. Жылт-жылт еткен. Жырадан өткен. (су) <b>Бақылау.</b> Көктемдегі құбылыстар туралы білімдерін қалыптастыру. Жылғалардың пайда болуына назар аудару: неліктен су бір жерде ғана ағады, ал бір жерде ақпайтынын түсіндіру. Жинақталған тәжірибе арқылы табиғат құбылысының байланысын анықтау. <b>Қимылды ойын: «Қармақ». (дене шынықтыру)</b> Балалар шеңбер бойымен тұрады. Ортада тәрбиеші. Оның қолында «қармақ» (скакалка) қармақты төменнен айналдырады, ал балалар «қармаққа» түсіп қалмау үшін орында тұрып жоғары секіреді. Кімге қармақ тиіп кетсе, сол ойыннан шығады. <b>Еңбек.</b> Аула маңын қоқыстан тазарту. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b> Ұжымда еңбектене білуді қалыптастыру, жұмысты жоспарлау, бақылауды іске асыру. Ұқыптылық пен белсенділікке тәрбиелеу. <b>Өз бетімен ойындар: «Қайық станциясы». (дене шынықтыру)</b> Қайықшалар жіберуге ұсыныс жасау. Өз еріктерімен пайда болған ойын тобын мадақтау.</p>	<p><b>Талды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)</b> Мақсат-міндеттер. Тал туралы білімдерін бекіту, көктемде тал алғашқылардың бірі болып гүлдейтініне назар аудару. <b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b> кіші топтың балаларына алаңды былтырғы қоқыстардан тазартуға көмектесу. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттер. Өз бетінше кіші топтың балаларына көмектесуге үйрету. <b>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қарғалар мен торғайлар", "Мұқият бол". (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер. Жан-жаққа шашырап жүгіруді, кеңістікті бағдарлауды дамыту. <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері:</b> заттарды нысанаға лақтыру. <b>(дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер. Қолдың күшін және көзбен мөлшерлеуді дамыту.</p>	<p><b>Бірінші будақ бұлттарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)</b> Жұмбақ. Қанаты жоқ ұшады, Аяғы жоқ жетеді, Ауызы жоқ ұлиды. (Жел) <b>Бақылау.</b> Балаларға бұлтты бақылауды үйрету: олардың өте әдемі, бірегей негізді, күмбез тәрізді аппақ көлемнен түрлі болатынын; таңертен пайда болып кешке жоқ болтынын ескеру. Өлі табиғат құбылыстарына қызығушылығын, байқағыштығын дамыту. <b>Қимылды ойын: «Түзу шеңбермен». (дене шынықтыру)</b> Балаларға жаттығуларды шеңбер бойынша бірге орындауға үйрету. Қозғалыс келісімділігін жетілдіру. <b>Еңбек.</b> Өсімдіктердің топырағын копсыту. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b> Аулада еңбекпен айналысу. Балаларды өсімдіктерді күтуге үйрету. <b>Өз бетімен ойындар. (дене шынықтыру)</b> Өткеншек тебу. Балалар арасында жақсы қарым-қатынасты қалыптастыру: достық қатынас, өзара көмек.</p>	<p><b>Бұршақтың жауғанын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)</b> Мақсат-міндеттер. Бұршақ ұғымымен таныстыру; көктем мезгіліндегі табиғат құбылыстарының ерекшеліктерін атай отырып, бұршақ туралы түсінік беру; зейінді, есте сақтауды белсендіру. <b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b> бұталар мен ағаштардың кесілген бұтақтарын тазарту. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттер. Бірлесіп тату-тәтті жұмыс істеуге, істі соңына дейін жеткізуге, еңбек нәтижесіне қуана білуге үйрету. <b>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Кім жылдам?", "Әрі қарай және одан жоғары". (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер. Жүгіру кезінде жаттығу, жылдамдықты дамыту; кедергіден онай өтуге үйретуді жалғастыру. <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Алда кім бар?" (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер. Орташа қарқынмен бір-бірден бағанда жүгіруді үйрету.</p>	
<p>Серуеннен оралу 12.30-12.50</p>	<p>Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b></p>				
<p><b>Түскі ас</b> <b>12.50-13.10</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b> Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. <i>Көркем сөз</i> М. Жаманбадиев "Екі қол". Қолжұғыштың қасына, (алға қарай жүреміз) Келе қалды балақан. Ысқылады асыға, (екі қолдың алақандарын қосып үйкейміз)</p>				

	<p>Алақанды алақан. Қарады да сосын ол: (екі қолдың алақандарын ашу) «Тап-таза» деп қуанды. Қандай жақсы, екі қол, (екі қолын көрсетеді) Бірін-бірі жуады. (денемізді оңға бұру, екі алақанды үйкелеу) <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b></p>			
<b>Күндізгі ұйқы 13.10-15.30</b>	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.			
<b>Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 15.30-.15.40</b>	<p>Ұйқыдан кейін бірден төсекте жаттығу жасау; жатқан күйінде, төсектен тұрмай, көрпенің астында балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; (гимнастика, 2-3 минут төсекте, балалардың ұйқыдан біртіндеп ояу күйіне өтуіне бағытталған. Ояған балалармен жүргізген дұрыс, қалғаны ояған кезде қосылады) Жалпақ табанды болдырмау үшін денсаулық жолымен жүру. <b>(дене шынықтыру)</b></p>			
<b>Бесін ас 15.40-16.00</b>	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b>			
<b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 16.00-16.15	<p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Киімдер" дүкені".</b> Максат-міндеттер. "Киімдер" дүкені, киім сатушысының жұмысының ерекшелігі туралы балалардың ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу. Құралдар. Сөрелер, қораптар, ілмектер, киім үлгілері (көрнекілік қуыршаққа арнайы тігілген), ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, қаражат қағаздары, қуыршақтар. Шарты. Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен дүкенге саяхатты ұйымдастыруы мүмкін. Балалар дүкен жайында суретті, бейнежазбаны көрсетіп, "тауар" ұғымына киімдер де жататынын, киімдердің сыртқы киім, үстіге киілетін киім және іш киім болып бөлінетіні жайында түсіндіреді. Киімдердің үтікелініп, әдемі күйінде сатып алушы алдына ұсынылуы керектігі туралы да айтылуы тиіс. Сатушылар өз қалаулары (немесе</p>	<p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Кемемен саяхат".</b> Максат-міндеттер. Балаларға кемемен саяхаттау қалай өтетіні туралы, теңіз порты қандай орын екендігін түсіндіру; кеме капитаны, даяшы, құтушілер, есепші, бақылаушы полиция сияқты мамандықтар туралы ұғымдар қалыптастыру; кемедегі жолаушылар саяхат кезінде қандай тәртіпті ұстанатыны туралы жаңа білімдерін пысықтау; ойындағы рөлдік әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне, сыпайылыққа тәрбиелеу. Құралдар. Жасанды кеме бортын құрастыру үшін, орындықтарды екі бөлек қатарға тізу; капитан, құтуші, полицей, есепшінің киім үлгілері (бас киімдері); капитанның алдында кемені жүргізуге қажет батырмалары бар панель; сусындар мен шырындардың бос ыдыстары; тағамдар макеттері; терминалда тұратын бақылау өткелінің макеті; сөмкелер мен қораптар, ойыншық чемодандар, ойыншық смартфондар; билеттер және жеке куәлікті білдіретін таңбалауыштар; мөр;</p>	<p><b>Ұлттық ойын. Сиқырлы таяқ</b> Ойнаушылар қол ұстасып, дөңгелене шеңбер жасап тұрады. Қолында таяғы бар ойын жүргізуші шеңбердің ортасына келеді де, ойынның ережесін түсіндіреді. Ойнаушыларды бірден бастап түгел нөмірлеп шығады. Ойынның шарты бойынша ойын жүргізуші қолындағы таяғын шеңбердің ортасында тік ұстап тұрады да, бір нөмірді атап, таяқты қоя береді. Аталған нөмір таяқты жерге құлатпай ұстап қалуы керек, ал таяқты ұстай алмай құлатып алса, онда айып тартады, яғни көптің ұйғаруымен ортаға шығып, өнер көрсетеді. Ойынға қатысушылардың бәрі бір-бір реттен міндетті түрде ойнап шығулары керек. Ал одан әрі ойынды жалғастыру-жалғастырмау ойнаушылардың өз еркінде. Ойнаушылардың саны көп болса, ойын қызықты өтеді.</p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Автобус".</b> Максат-міндеттер. Балалардың автобуста қызмет ететін мамандар: жүргізуші және кейбір көліктерде қызмет ететін бақылаушы туралы білімдерін тиянақтау;</p>	<p><b>Логикалық ойын. "Келешекте неге айналады?"</b> Максат-міндеттер. Балалардың қоршаған заттар мен құбылыстар, адам мен жан-жануарлар тіршіліктеріндегі білімдерін тиянақтау; логикалық ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; тапқырлыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Заттық суреттер немесе мнемочарточкалар болуы мүмкін. Педагог тапсырмаларды сөз арқылы ғана да беруі мүмкін. Шарты. Педагог атаған жанды немесе жансыз объектіге, көрсеткен суретке қарап, объектінің немесе құбылыстың келешекте неге айналатынын атау керек. Педагог ойын шартын балаларға былай түсіндіруі мүмкін: "Мен атаған (көрсеткен) жанды немесе жансыз объект, құбылыс келешекте не болады?" Педагог ұсынатын сөздер мен сөз тіркестері: жасыл жапырақ күзде;</p>

	<p>санамақ) бойынша тағайындалады, сатып алушылар қолдарына қажетті құралдарды алып (карточка, қаражат, смартфон), ойын барысында қолданады. Сатушы тауарларды өз орындарына орналастырып, бағаларын анықтап, сатып алушыларға киім үлгілерінің ұтымды жақтарын айтып, оларды сатады.</p> <p>Ойынды ұйымдастырғанда киімді өлшейтін орынды да ескеру керек. Балалар өз қуыршақтарын алып, белгілі жерде киім кигізіп жатады.</p> <p>Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды.</p> <p>Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: тауарларды жақсы күтсе, сапасы сақталып, жақсы сатылады; дүкендерде сатушы мен сатып алушы сыпайы сөздерді қолданып, әдептілік ережелерін ұстанулары тиіс; сатушының еңбегін құрметтеу керек; сатып алушының таңдауын құрметтеу керек.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p>қағаз бетіне салынған кемеде тәртіпті сақтау ережелерінің сызбалы суреті. Шарты.</p> <p>Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен кемеде саяхатқа шығу үшін, билеттерді салып алуы қажет; кемемен сапарға шығу алдында теңіз портында тіркеуден өтіп, кейін кеме бортына өтуге болатынын анықтайды.</p> <p>Балалар дайындық барысында теңіз порты, кеме борты сияқты жерлерді сурет пен бейнежазбаны көру арқылы түсінеді.</p> <p>Педагог кемедегі даяшы, капитан тағы басқа мамандық иелерінің қандай қызмет атқаратындарын біртіндеп түсіндіреді.</p> <p>Ойын кезінде тиянақтау сұрақтары ғана қойылып, балалардың арасынан тағайындалған (санамақ), кеме қызметкерлерінің міндеттері үлестіріледі.</p> <p>Ойынға қатысушылар өз құрал-жабдықтарын алып, орындарына барады, ойынға дайын тұрады.</p> <p>Педагог балаларға кемеде саяхаттау қызықты шара екендігін ойын барысында түсіндіруі тиіс.</p> <p>Алғашында педагог балалардың жеке мамандар ретінде өз орындарында міндеттерін атқару барысын реттеп, қадағалап отырады.</p> <p>Қажеттілік болса, педагог бетпердесіне де көңіл аударады.</p> <p>Мамандар өз орындарына барған кезде балалар жолаушылар болып, билеттерін алады, тіркеуден өтеді содан соң кеме бортына шақырылады.</p> <p>Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: кемеде саяхаттау үшін көптеген ерекше ережелерді орындау керек; тұтынушылардың демалыстары үшін көптеген адамдар қызмет етеді; теңіз порты мен кеме борты - қоғамдық орындардың бірі; кеме - су көлігі, оны басқарып, жүргізу үшін жақсы оқып, көп дайындалу керек.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-</b></p>	<p>қоғамдық көлікте әдептілік және қауіпсіздік ережелерін меңгерту, оларды ұстануға ынталандыру; қарым-қатынасты сыпайылық негізінде құруға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар.</p> <p>Автобус салонының үлгісін білдіретін орындықтардың белгілі қатарларда тізіліп тұруы; билеттер жинақтамасы, ойыншық смартфондар (төлемдер жасау үшін); бақылаушыға, жүргізушіге киім үлгілері. Шарты.</p> <p>Педагог балалармен жолаушыларды тасымалдау, жол ережелерін сақтаудың маңызы туралы ойынды өткізуге дейінгі уақыттарда әңгімелеседі. Бұндай жұмыстар үнемі жүріп жатады, суреттер көрсетіліп, педагогикалық жағдаяттар шешіледі, бейнежазбалар талқыланады.</p> <p>Балалар жүргізуші мен бақылаушыны санамақ арқылы таңдайды.</p> <p>Педагог (бақылаушы) балаларды автобус салонына шақырады; жолаушылар (бұндай атауды қолдану туралы келісіп алады) салонға өтеді, билеттерін көрсетеді немесе ойыншық смартфон арқылы төлемдерді жасауды көрсетеді.</p> <p>Жүргізуші, "есік жабылды" сияқты сөздерді естігеннен кейін автобусты жүргізу қимылдарын көрсетеді (рульді бұрайды).</p> <p>Педагог аялдамаларды жариялап жатады.</p> <p>Егер мүмкіндіктер туындап жатса, өз дауысымен айтылған қажетті хабарламаларды жазып алып, қолдануға болады.</p> <p>Салоннан шыққан және ішіне кірген балалар жолаушы рөлдерін атқарады. Бұл жерде өз орындарын үлкендерге беру үлгісін көрсетуге болады.</p> <p>Педагог ойын барысын өзі реттеп жатады, балалардың әрекеттерін белсенді ету үшін қосымша сұрақтар қояды.</p> <p>Ойынның соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды. Автобуска отырып, жол жүру кезінде көптеген жалпы ережелер болады, оның орындалуын қадағалау керек.</p>	<p>өзен қыста; бала өскенде; ұн; жауын қыста; балапан; бұзау; түн; күшік; іргетас; көшет; аяздың болуы; дән; жұмыртқа; қардың жауғаны; қар көктемде; желде сарғайған жапырақтар; кеш; көжек; көп еңбек; оқу оқу; адамдардың бір-біріне көмектесуі; сүт.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b></p> <p><b>"Жедел жәрдем".</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың "жедел жәрдем" ұғымы жөніндегі түсініктерін тиянақтау; дәрігер, мейірбике (мейіраға), жүргізуші, телефонда отыратын оператор сияқты мамандықтар жайында ұғымдарды пысықтау; медицинаның әлеуметтік маңыздылығын көрсету; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар.</p> <p>Дәрі-дәрмектер мен ойыншық медициналық құралдары бар сөмкесі; "жедел жәрдем" жазуы бар макет; ақ халаттар, руль, телефон, жазуға кітапша, қаламсап.</p> <p>Шарты.</p> <p>Педагог балалармен жедел жәрдемде қызмет ететін мамандар жөнінде алдын-ала әңгімелеседі. Адамдардың жедел жәрдемді шақыру үшін қандай әрекеттерді жасау керектігін, жедел жәрдемнің телефон нөмірлерін анықтайды.</p> <p>Балалар өзара дәрігер, мейірбике (мейіраға), жүргізуші, үй иесі және тұтынушы болып бөлініп, өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады.</p> <p>Педагог балалармен бірлесіп, ойын желісін жалғастырып, кейіпкерлерге көмекші сұрақтар қойып, барысын қадағалайды. Балалар біртіндеп ойын</p>
--	---	--	---	--

		<b>әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b>	<b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b>	желісін меңгеріп алып, өздері басқарады. Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: жедел жәрдемнің көмегі адамның денсаулығы жақсы кезде ғана қажет болмайды; жедел жәрдемде білікті мамандар еңбек етеді, олардың еңбегін құрметтеу керек. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b>	
<b>Балалармен жеке жұмыс 16.15-16.30</b>	Бала тілін дамыту. Тақпақтар жаттау. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	Бала тілін дамыту. Жаңылтпаштар айтқызу. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	Бала тілін дамыту. Тақпақтар жаттау. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	<b>Жұмбақтарды шешу. (ел аузынан)</b> Кішкене ғана бойы бар Тоғыз қабат тоны бар. (Жуа)  Аяғы жоқ жүреді, Аузы жоқ сөйлейді. (Хат)  Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды. (Күн)  Асты тас, үсті тас, Ортасында жанды бас. (Тасбақа)  Жабықта жарты нан. (Ай) <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>	
<b>Серуенге дайындық 16.30-16.50</b>	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтәңкесін реттілікпен киюін қадағалау. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>				
<b>Серуен 16.50-18.00</b>	Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b>				
<b>Серуеннен оралу</b>	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>				
<b>Кешкі ас</b>	<b>Гигиеналық дағдылар</b> Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымкыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. <i>Көркем сөз</i> М. Жаманбадиев "Екі қол". Қолжұғыштың қасына, (алға қарай жүреміз) Келе қалды балақан.				

	<p>Бісқылады асыға, (екі қолдың алақандарын қосып үйкейміз) Алақанды алақан. Қарады да сосын ол: (екі қолдың алақандарын ашу) «Тап-таза» деп қуанды. Қандай жақсы, екі қол, (екі қолын көрсетеді) Бірін-бірі жуады. (денемізді оңға бұру, екі алақанды үйкелеу) <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b></p>				
<p><b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)</b> Мақсат-міндеттер. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтары, туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдыкталған орта құру. Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру. Музыкалық аспаптармен ойындар. <b>(музыка)</b> Мақсат-міндеттер. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу. Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру. Ертеңгілікке дайындық. Өнер бұрышында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. <b>(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттер. Қазақ ою-өрнектерінің түрлері («түйетабан», «құсқанаты», «құстұмсық», «жапырақ», «жауқазын», «жетігүл», «жұлдызгүл») туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту. Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояу, парактың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажырату, тік сызықтардың әртүрлі үйлесуімен құрылған қазақ ою-өрнегінің элементтерін салу. Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, киіз үйдің жасауларымен, тұрмыстық заттарымен, ыдыстарымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін (орамал, шапан, камзол) салу, оларды пішіндердің ортасында және шеттерінде орналастыру. Ою-өрнекті өз бетінше ойдан салуға мүмкіндік беру. Ұжыммен бірге жұмыс істеу, міндеттерді өзара келісіп орындау, салынған суретпен түрлі ойындар ойнау. Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттер. Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа. Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. <b>(зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттер. Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың маңызын түсіну. Тірі және өлі табиғаттың, Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсіну. Қазақ халқының киіз үйінің маңыздылығын, оның құрылысы мен ішкі жабдықтарын білу. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу, қазақ халқының құндылықтарына құрмет таныту. Мерекелік мерекелердің Халықаралық әйелдер күні, Наурыз мейрамы маңыздылығын түсіну, оларға белсенді қатысу.</p>				
<p><b>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) 18.00-18.30</b></p>	<p>Балалардың суреттерінен көрме. «Анашым! Мен сізді жақсы көремін!» «8-наурыз Аналар мерекесі».</p>	<p>«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».</p>	<p>«Бүгін біз нені үйрендік?» ата-аналармен сұхбат жүргізу.</p>	<p>Кенес. "5-6 жастағы балаға қандай ойыншықтар пайдалы".</p>	



## ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) \_\_\_\_\_

Топ: мектепалды топ

Балалардың жасы: 5 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 11.03 - 15.03.2024ж.

Педагогтың аты-жөні \_\_\_\_\_

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
	11.03	12.03	13.03	14.03	15.03
Күн тәртібі					
<b>Балаларды қабылдау 08.00-08.15</b>	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 08.15-08.30</b>	Ата-аналардың сұрақтарына жауап беру.				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер 08.30-08.55</b>	"Өсімдіктерді құнарландыру". Мақсат-міндеттер. Балаларға өсімдіктердің қоректік заттарды топырақтан алатынын, біртіндеп топырақтың құнары таусылатындығын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйеніп, өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттілігі туралы айту, нақты іс-әрекетпен көрсету. (енбек іс-әрекет)	"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмедегі терезенің ернек тақтайларын дымқыл шүберекпен сүртеміз". Мақсат-міндеттер. Балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңді тұру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, ластанған кезде оны сумен шаю. (енбек іс-әрекет)	"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз". Мақсат-міндеттер. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы жылдам, мұқият орындау. (енбек іс-әрекет)	"Кітап бұрышындағы еңбек". (кітаптарды қалпына келтіру). Мақсат-міндеттер. Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауға, оларды мұқият желімдеуге үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарауға, жұмыс істеуге, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу. (енбек іс-әрекет)	"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз". Мақсат-міндеттер. Балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. (енбек іс-әрекет)
	Үстел үсті ойыны «Мозайка» Мақсат-міндеттер. Балаларға берілген суреттердің бөлігін	«Заттық фризер» дидактикалық ойыны Ойынның мақсат-міндеттер: заттарды көріп сипаттау арқылы	Интеллектуалды карта негізінде заттарды топтастыруға арналған сөздік жаттығу. «Азық-түліктер». Мақсат-міндеттер. Негізгі азық-түлік	"Қағаздан бүктеу" жұмысы. Тақырыбы: "Күшік". Мақсат-міндеттер. Өртүрлі аңдар, құстар, гүлдердің	Құрастырудан ойын-жаттығу. "Көшпелі халықтың баспанасы" Мақсат-міндеттер: балаларды киіз үй бейнеленген трафаретке түрлі-түсті

	<p>тауып орналастыра білуге үйрету. Тапқырлықа баулу. <b>(танымдық іс-әрекет)</b></p>	<p>балалардың сезімталдығын дамыту; қоршаған орта жайлы танымдарын кеңейту; сөздік қорын молайту. Ойынның көрнекілігі: ыдыс, көгөністер мен жемістер суреттері, көгөністер мен жемістер муляждары, қоржын. Ойынның шарты: әртүрлі жемістер немесе көгөністер муляждары салынған ыдыстан бір затты алады. Содан соң сол затты жан-жақты сипаттайды және заттың атын атап, түр-түсін ажыратады. Бала ыдыстан немесе қоржыннан алманы алып пішінін, түсін, дәмін және қасиеттерін айтады. Көзін байлап қойып, қоржыннан бір затты алғызды. Ол оны сипалап, не екенін ажыратады да сипаттайды, атын айтады. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>	<p>түрлерін ажыратып, атауды үйретуді жалғастыру. Негізгі ерекшеліктері бойынша: сүт өнімдері, ұн тағамдары, ет тағамдары. Ережесі. Әр бала кез келген азық-түлік бейнеленген бір карточканы таңдап алып, неден дайындалғанын (ұн, ет, сүт) тауып, суреттегі орнын анықтайды. Ойын барысында әр бала азық-түлікті атап, неден жасалғанын айтады. Барысы. Педагог заттық суретті таңбалауыштарды алдын ала дайындайды: – сүт өнімдері - айран, қаймақ, май, ірімшік, сыр; – ет тағамдары - шұжық, жіңішке шұжық (сосиска), қазы, қауап, котлет; – ұн тағамдары - нан, шеппек, тоқаш, бауырсақ, құймақ. Топта балалар көп болса, онда педагог азық-түліктердің көшірмесін дайындайды, ең бастысы, әр балада бір таңбалауыштан болу керек. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>	<p>пішіндерін қағаздан бүктеп жасауға мүмкіндік беру. <b>(шығармашылық іс-әрекет)</b></p>	<p>тоқыма жіптерін жабыстыру арқылы киіз үйді құрастыруды үйрету.  <b>"Артық затты тап" дидактикалық ойыны.</b> Мақсат-міндеттер. Заттардың арасынан ажырату іскерліктерін жетілдіру, танымдық қабілеттерін дамыту. Барысы. Педагог балаларға заттардың суретін таратады. Артық заттарды алып тастайды. Алып тастаған заттың атауын атайды. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қазақ тілі)</b></p>
<p><b>Таңертеңгі жаттығу</b> <b>08.55-09.00</b></p>	<p><b>Жалпы дамыту жаттығулары (шығыршықтармен)</b> 1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, шығыршықты ортасынан екі қолымен алдына ұстау. 1 - 2 - шығыршықты қолымен аяғына дейін бұрап, айналдыру; 3 - 4 - бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, шығыршықты ортасынан екі қолымен төменде ұстау. 1 - отыру, шығыршықты жоғары көтеру; 2 - бастапқы қалып (жаттығу 7-8 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейінде ұстап, шығыршықты оң қолымен төменде ұстау. 1 - қолдарын жанына жіберу; 2 - қолдарын жоғары көтеріп, шығыршықты екінші қолына салу; 3 - қолдарын жанына жіберу; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды келесі қолымен орындау (жаттығу 6-8 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: аяқты табан деңгейінде ұстап, шығыршықты оң қолымен төменде ұстау. 1 - сол аяғын бүгіп, көтеру, аяқтың астынан шығыршықты келесі қолға салу; 2 - қолын жіберіп, бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды сол жаққа қайталау (жаттығу 6 рет қайталанады). 5. Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейінде ұстап, шығыршықты ортасынан екі қолымен төменде ұстау. 1 - түзу қолдарын алға ұстау; 2 - еңкейіп, шығыршықты жерге тигізу; 3 - тіктеліп, шығыршықты алдына әкел; 4 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 5-6 рет қайталанады). 6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, шығыршықты басына, екі қолды беліне қою. 1 - оң аяғын жанына қою; 2 - сол аяғын орнына қою; 3 - сол аяғын жанына қою; 4 - оң аяғын орнына қою; 5-6 - бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады). 7. Бастапқы қалып: шығыршық жерде, аяқ бірге, қолды белге қою. Шығыршықты айналып, 1-4-ке дейін оңға және 5-8-ге дейін солға секіру (жаттығу 3-4 рет қайталанады). <b>(дене шынықтыру)</b></p>				

<p><b>Таңғы ас</b> <b>09.00-09.20</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b>  Максат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.  Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.  <i>Көркем сөз</i>  Сабынымды аламын,  Алақанға саламын.  Көпіртемін жақсылап,  Қолды жуамын мұқият.  Білек, бетті, мойынды,  Жуамын да, сүртемін.  Тап-таза, көңілді боп,  Мен үнемі жүремін.  Тусипжанова-Шагирова А.  <b>Баға беру</b>  Рахмет дәміне,  Ризалық берсін бәріңе.  Аман болсын басыңыз,  Жүзге жетсін жасыңыз.  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b></p>				
<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b> <b>09.20-09.30</b></p>	<p>Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.  Кел, балалар, күлейік,  Күлкіменен түлейік!  Қабак түйген не керек,  Көңілді боп жүрейік!  Кел, балалар, күлейік!  Күлкіменен түлейік!  Күлкі көңіл ашады,  Күліп өмір сүрейік!</p>	<p>Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.  Жарық болсын күніміз,  Жарқын болсын үніміз.  Елін сүйіп ер жетер,  Біз болашақ гүліміз.  <b>(қарым-қатынас іс-әрекет)</b></p>	<p>Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.  Кел, балалар, күлейік,  Күлкіменен түлейік!  Қабак түйген не керек,  Көңілді боп жүрейік!  Кел, балалар, күлейік!  Күлкіменен түлейік!  Күлкі көңіл ашады,  Күліп өмір сүрейік!  <b>(қарым-қатынас іс-әрекет)</b></p>	<p><b>Ұлттық ойын. Киіз үй</b>  Ортаға арқалығына орамал ілінген төрт орындық қойылады. Балалар орындықты айнала жүгіріп, нұсқаушының дабылы бойынша «киіз үй» құрады: орамалдың бұрышынан ұстап жоғары көтереді.</p>	<p><b>«Мақтау сөздер айту»</b>  Ойынның мақсат-міндеттері: достық қарым-қатынасқа, әр адамның жақсы қасиетін көре білуге тәрбиелеу. Қатысушылар шеңбер құрып отырады, ал бір бала шеңбердің ортасына отырады. Балалар оның мінез-құлқындағы жағымды қасиеттерін, қабілетін, сыртқы келбетінің тартымдылығын айтып, мақтайды.</p>

	<b>(қарым-қатынас іс-әрекет)</b>				
<p><b>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b> <b>09.30-10.35</b></p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> "[я] дыбысы және Яя әрпі". Мақсат-міндеттер: Я я дыбысы мен әрпін меңгерту, сөзге дыбыстық талдау жасату, сөздерді буынға бөлгізу, ол арқылы берілген сөздерді оқуға үйрету.</p> <p><b>Қазақ тілі</b> "Наурыз құтты болсын! "Наурыз көже" санамағын жаттау". Мақсат-міндеттер: балалардың Наурыз мейрамы, наурыз көже, ұлттық дәстүрлердің бірі-сүйінші берумен таныстыруды жалғастыру; сурет бойынша сөйлем құрастыру дағдыларын дамыту.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> "Биікке ілінген затқа секіріп қол тигізу" Мақсат-міндеттер: балаларды 25 см биікке ілінген затқа (таспаға) жүгіріп келіп жоғары секіріп қол тигізуге үйрету.</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b> "Қазақ ұлттық аспаптары" Мақсат-міндеттер: балаларды қазақтың ұлттық аспаптарымен таныстыру жалғастыру, оларды ажыратып, айта білу қабілеттерін пысықтау.</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> "[я] дыбысы және Яя әрпін қайталау". Мақсат-міндеттер: Я я дыбысы мен әрпін меңертуді пысықтау, сөзге дыбыстық талдау жасату, сөздерді буынға бөлгізу, ол арқылы берілген сөздерді оқуға үйрету.</p> <p><b>Математика негіздері</b> "Саркытты тарату" Мақсат-міндеттер: балалардың шартты өлшемді заттардың шамасын (қалыңдығын) салыстыруда пайдалануға үйретуді жалғастыру; геометриялық денелердің негізгі қасиеттері мен айырмашылығын бекіту.</p> <p><b>Музыка</b> "Көңілді ән салайық" Мақсат-міндеттер: балалардың музыканың сипатын түсіне білу, дыбысты есту қабілетін және бидің элементтерін есте сақтай отырып, музыка әуенімен бірге орындай білу дағдыларын жетілдіру.</p> <p><b>Сөйлеуді дамыту</b> "Наурыз мерекесі құтты болсын!" Мақсат-міндеттер: балаларға наурыз айында келетін наурыз мерекесі туралы білімдерін кеңейту; "наурыз туралы аңызды" оқып беріп, балалардың сұрақ жауап арқылы тілдерін дамыту.</p>	<p><b>Математика негіздері</b> "Алдар көсе қонаққа келгенде" Мақсат-міндеттер: балалардың он көлеміндегі сандар олардың құрамы, сандық қатарын меңертуді жалғастыру; заттардың ерекшелерін таба білуді, негізгі қасиеттері мен айырмашылығын анықтай білуді пысықтау.</p> <p><b>Қазақ тілі</b> "[Н] дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау негіздері)". Мақсат-міндеттер: Балалардың ұғымындағы Наурыз мейрамы туралы түсініктері мен білімдерін кеңейту; наурызкөже және оның құрамындағы тағамдар туралы білімдерін бекіту; ұлттық дәстүрлердің бірі - сүйінші сұрау, ізгі хабар үшін берілетін сүйіншіні таныстыруды жалғастыру; азық-түлік өнімдерінің түрлері (сүт, ет, ұн) туралы білімдерін қорытындылау; «сүт», «ет», «ұн» сөздерінен шыққан түбірлі сөздер арасындағы байланысты көрсетуді жалғастыру; дұрыс тамақтану, дәстүрлерді құрметтеу туралы түсініктерін нақтылау: сурет бойынша сөйлем құрастыру дағдыларын дамыту; мәтіндегі тірек сөздерді табуға, оларды қазақ тілінде дұрыс дыбыстауға жаттықтыру; наурыз көже құрамындағы жеті тағамның атын еске сақтауға, жатқа айтуға машықтандыру; балаларды ұйымдастырушылыққа, асты қадірлеуге, ұлттық тағамдарды, салт-дәстүрлерді құрметтеуге тәрбиелеу.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> "Жүгіріп келіп жоғары секіру" Мақсат-міндеттер: балаларды кегльдер арасымен жүре отырып, 40 см кашықтықта қойылған жіптерден оң және сол аяқты алмастыра отырып, жүруге үйрету.</p>	<p><b>Математика негіздері</b> "Алдар көсе қонаққа келгенде" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: балалардың он көлеміндегі сандар олардың құрамы, сандық қатарын меңертуді жалғастыру; заттардың ерекшелерін таба білуді, негізгі қасиеттері мен айырмашылығын анықтай білуді пысықтау.</p> <p><b>Сөйлеуді дамыту</b> "Қазақ халқының ұлттық аспаптары" Мақсат-міндеттер: қазақ халқының ұлттық аспаптарын балаларға түсіндіру.</p> <p><b>Музыка</b> "Домбыраның күмбірі" Мақсат-міндеттер: балаларды домбыраның дауысын қабылдай білуге және домбыраның дыбысын ажырата білуге үйрету.</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b> "Шеберханаға саяхат" Мақсат-міндеттер: балалардың қазақтың төл қолөнерлері мен кәсіптері туралы ұғымдарды жетілдіру; Наурыз мерекесіне құрылатын киіз үй құрылысын пысықтау.</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> "[ф] дыбысы және Фф әрпін қайталау". Мақсат-міндеттер: Ф дыбысы және оның әрпі таңбасымен таныстыра отырып, балалардың ойлау қабілеттерін, қиялын дамыту.</p> <p><b>Сурет салу</b> "Қоржынды безендірейік" Мақсат-міндеттер: балаларды тіктөртбұрышты пішінді қағаздың, "қоржынның", бұрыштарына және ортасына симметриялық "қошқар мүйіз" оюын құрастыра білуге баулу.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> "Жүгіріп келіп жоғары секіру" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: балаларды кегльдер арасымен жүре отырып, 40 см кашықтықта қойылған жіптерден оң және сол аяқты алмастыра отырып, жүруге үйрету.</p> <p><b>Қоркөм әдебиет</b> "Бесік жыры" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: өлеңді оқып-үйретіп, сөздердің мағыналарын ашу, түсіндіру. Қазақтың салт-дәстүрлерін ұстануға, сақтауға үйрету.</p>

			<p><b>Көркем әдебиет</b> "Бесік жыры" Мақсат-міндеттер: өлеңді оқып-үйретіп, сөздердің мағыналарын ашу, түсіндіру. Қазақтың салт-дәстүрлерін ұстануға, сақтауға үйрету.</p>		
<b>2- таңғы ас</b>	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)				
<b>Серуенге дайындық 10.35-10.50</b>	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
<b>Серуен 10.50-12.30</b>	<p><b>Теректі бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</b> Такпак. Гүлдерге толы ауламыз, Біз өсеміз, толамыз. Бәріміз де ер жетіп, Үлкен жігіт боламыз. <b>Бақылау.</b> Терек – ағаштардың бір түрі екені туралы түсінік беру, табиғатқа сүйсінуге тәрбиелеу. <b>Қимылды ойын. «Түйілген орамал».</b> (дене шынықтыру) Шеңберге тұрып, екі қолмен түйілген орамалды қағып алу, икемділіктерін арттыру. Ойын барысында достық және құрдастар арасында қарым-қатынасты, ойын шартын сақтауға үйрету. <b>Еңбек.</b> Табиғат бұрышындағы жұмыс. Көшетті суару. Су бұрқақпен жапырақтарға су себелеу. Балаларға табиғат бұрышындағы гүлдерді суарту, бүркіп шашу әдісін үйрету. Үлкендерге көмек көрсеткеніне риза болып, мадақтау. Еңбек етуге деген онды қатынасқа тәрбиелеу. <b>(еңбек дағдылары)</b> <b>Өз бетімен ойындар.</b> Балалардың ойын тақырыбын өз бетінше таңдап алуы,</p>	<p><b>Көгершіндерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)</b> Мақсат-міндеттер. Құстардың пайда болуы, олардың әдеттері мен тіршілік ету ортасы туралы білімдерін кеңейту; құстардың тіршілігі туралы нақты түсініктерді қалыптастыру. <b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары</b> (ауланы қар мен қоқыс қалдықтарынан ұжыммен бірге тазарту). <b>(еңбек іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттер. Балаларды тазалық пен тәртіпке дағдыландыру. <b>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Көгершінді қуып жет", "Жапалақ". (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер. Ептілікті, жылдамдықты жақсарту (артқа қарамай, белгі бойынша жүгіру); жылдамдықты үдету кезінде белгі бойынша қозғалуды, қадамдарды жиілетуге үйрету, қолдың жігерлі қимылдарын үйрету. <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.</b> Мақсат-міндеттер. Оңға, солға, айналаға бұрылып секіру жаттығуларын жасау. <b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p><b>Көктем кезіндегі аспанды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)</b> Мақсат-міндеттер. Балаларды аспанның түсіне, бұлттардың өзгеруіне, күннің көкжиектен жоғары орналасуына байланысты көктем белгілерін байқауға үйрету. <b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары</b> (балаларға аймақты қардан тазартуға көмектесу). Мақсат-міндеттер. Қамқор болуға, достыққа тәрбиелеу. <b>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Біз көңілді балалармыз". (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер: ойын ережелерін бекіту, ептілік жылдамдығын дамыту. <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Ең жылдам". (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер. Жылдам жүгіруге жаттығу; ептілікті, физикалық қасиеттерді дамыту.</p>	<p><b>Құрылыс жабдықтарын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)</b> Мақсат-міндеттер. Құрылыстың әртүрлі кезеңдеріндегі технологияның рөлі туралы, құрылысшы мамандығы туралы білімдерін бекіту және кеңейту; ересектердің еңбегін құрметтеу сезімін дамыту. <b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары</b> (ересектерге ағаш отырғызуға көмектесу (ағашты ұстау, отырғызғаннан кейін суару). <b>(еңбек іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттер. Еңбекке және табиғатқа құрметпен қараудың үлгісін көрсету. <b>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ормандағы аю", "Лақтырып, ұстап ал". (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер. Белгі бойынша жылдам қозғалу қабілетін бекіту; қозғалысты жақсарту. <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері: бөренемен жүру. (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер. Тепе-теңдікті сақтау қабілетін бекіту.</p>	<p><b>Қоғамдық өмірдегі құбылыстарды бақылау: "Жолдың жүретін бөлігі". (қарым-қатынас іс-әрекет, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың байқағыштығын, ойлау қабілеттерін дамыту. <b>Шығармашылық тапсырмалар: "Кел, ойнайық, балақай!" (шығармашылық іс-әрекет)</b> Мақсат-міндеттер. Пантомимикалық дағдыларды дамыту, эмоционалды көңіл-күйлерін көтеруге ықпал ету. <b>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жоғары". (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер. Физикалық қасиеттерін, ептілігін, бұлшық ет, тыныс алу қимылдарын дамыту. <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Қуып жет".</b> Мақсат-міндеттер. Жүгіру жылдамдығын, төзімділікті дамыту.</p>

	шығармашылық қаблеттерін, қимыл-әрекеттерін дамыту. <b>(дене шынықтыру)</b>				
<b>Серуеннен оралу 12.30-12.50</b>	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b>				
<b>Түскі ас 12.50-13.10</b>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b> Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.</p> <p><i>Көркем сөз</i> Сабынымды аламын, Алақанға саламын. Көпіртемін жақсылап, Қолды жуамын мұқият. Білек, бетті, мойынды, Жуамын да, сүртемін. Тап-таза, көңілді боп, Мен үнемі жүремін. Тусипжанова-Шагирова А.</p> <p><b>Бата беру</b> Рахмет дәміңе, Ризалық берсін бәріңе. Аман болсын басыңыз, Жүзге жетсін жасыңыз. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b></p>				
<b>Күндізгі ұйқы 13.10-15.30</b>	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.				
<b>Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 15.30-15.40</b>	Релаксацияға арналған жаттығу: "Менің көзім" Мақсат-міндеттер: тыныш ұйқыға қолайлы жағдай ояту. <b>(дене шынықтыру)</b>				
<b>Бесін ас 15.40-16.00</b>	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b>				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 16.00-16.15	Сөздік жаттығу. <b>"Жаңа сөзді құрастырайық".</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың қоршаған заттар мен құбылыстардың қасиеттері жайында білімдерін толықтыру; сөздік қорды	<b>"Хан талапай" ұлттық қимыл-қозғалыс ойыны.</b> Мақсаты: балаларды жылдамдыққа, шапшаңдыққа баулу. Ойынға қызығушылығын арттыру. Ойынның шарты: Ойынға 5-10 балаға дейін қатыса	<b>Ұлттық ойын. Алтыатар ойыны</b> Көндегі кеңейлердің бір шегіне түпте қалған ( сақасы шықпаған)баланың сақасы тігіледі. Кенейдің арасында саңлау болмай тіркестіріле қойылады. Көннің екі жағына 1м жерден су (сызық) ал 5-6 м жерден қарақшы белгілейді.	<b>Дидактикалық ойын. "Ұстап ал да, түсін ата".</b> Балаларды допты ұстап алып, аталған түске сай боялған белгілі заттың атауын (құбылысты, жануарды, құсты) жылдам атауға	<b>Ұлттық ойын. Бес тас</b> «Бестас» - өте көне дәуірден келе жатқан, қазақ халқының ұлт ойындарының бірі. Ойынға керекті зат бес кішкентей домалақ тас немесе кейде бес асық пайдаланылады. Ойынға қатысатын адам санына шектеу

	<p>байыту; ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту; ой шашпандығына, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Жаңбыр, шатыр, ай, аяқ, көз, шаш, көз, қап суреттері салынған мнемокарточкалар, түсі ақ карточка. Шарты. Педагог ұсынған мнемокаточкаларға қарап, көрсетілгенді сөзбен атап, одан жаңа түбірлес сөздерді тауып, атау керек.</p> <p>- Жаңбыр - жаңбырлы. - Шатыр - қолшатыр. - Күн - күндіз, күнтізбе, күнбағыс. - Ай - Айжан, Айбол, Айнұр. - Аяқ - аяқкиім, аяқтау. - Шаш - шашбау. - Көз - көзілдірік, Аякөз. - Қап - қолғап; қаптау. - Ақ - ақша қар, ақжелкен, аққала, Ақбала, Ақжан. <b>(қарым-қатынас іс-әрекет)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Аурухана".</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігіндегі медициналық мамандықтар (бала дәрігері, тіс дәрігері, ЛОР-дәрігер, хирург, мейірбике) жөнінде ұғымдарды нығайту; медициналық қызметкерлердің ауруханада атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбекқорлыққа, сыпайылыққа, салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Құралдар. Медицина мамандарына қажет заттар мен құралдар; ақ халаттар, перчаткалар; ауруханаға қажет жиһаз, сөмкелер; кейіпкер</p>	<p>береді. Асық көп болу керек. Көп асықтың ішінен үлкенірек біреуін алып қызыл түске бояңдар. Осы асық «хан» болады. Алдымен санамақ арқылы ойын бастаушыны тағайындап алыңдар. Осы бала асықтың бәрін уысына жиып алып, отырған балалардың алдына шашып жібереді. Сендер «ханның» қалай түскенін байқап отырыңдар. Егер «хан» бүк, шік, тәйкі түссе, ойын бастаушы бала «ханның» түсуіне қарай жақын жатқан асықтарды бас бармақтың көмегі арқылы сұқ саусағымен итере-ыршытып біріне-бірің дәлдей отырып тигізеді. Тигізген асықтарды өзіне алады. Керекті құралдар: асықтар <b>(дене шынықтыру)</b></p> <p><b>Бояу қағаздарындағы суреттерді бояу.</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың қуанышты эмоцияларын ояту. <b>(шығармашылық іс-әрекет)</b></p>	<p>Кімде кім түптегі сақаны жұлып кетсе (суданшығарса) бүкіл кенейді сол алады. Ал сақаға тимей кенейді ұшырса, оның судан шыққаны ғана соныкі болып табылады. Ату саны — 6 рет. Алғаш сақасы шыққан бала, қалғандары одан кейінгі кезекте атады. Алты рет атыстан қалған кенейдің бәрі түпте қалған баланікі болып есептеледі. <b>(дене шынықтыру)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Азық-түлік" дүкені.</b> Балалардың "Азық-түлік" дүкені, азықтарды сатушының қызметі жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу. Құралдар. Сөрелер, сөмкелер, қорапшаларда немесе пластик қаптарда жармалар, мақарондар түрлері, қатты азықтар, сүт өнімдерінің қораптары (қап ыдыстары), түрлі пішінді себеттер, ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, қаражат қағаздары. Шарты. Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен азық-түлік дүкеніне саяхатты ұйымдастыруы мүмкін. Педагог балаларға дүкеннің суреттерін, бейнежазбаны көрсетіп, "азық-түлік тауарлары" сөзінің мағынасын, оларды сақтау үшін түрлі ережелерді ұстану керектігі жайында түсіндіреді. Балалар азық түрлеріне сүт, ет, нан өнімдері жататыны туралы әңгімелейді. Балаларға азық-түліктің сақталу мерзімі, оларды таза өнім күйінде тұту жайындағы білімді беру өте маңызды. Сатушы өз қалауы (немесе санамақ) бойынша тағайындалады, сатып алушылар қолдарына қажетті құралдарды алып (карточка, қаражат, смартфон), ойын барысында қолданады. Сатушы тауарларды сөрелерге</p>	<p>жаттықтыру; ой шашпандығын, түстерді ажырату, зейін қабілетін, дүниетанымын дамыту. Құралдар: доп. Балалар шеңберде немесе қатарда отырады (тұрады). Ойынды педагог немесе санамақ арқылы таңдалған балалардың бірі жүргізеді. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Театрландырылған қойылым. "Алдар көсе мен шық бермес Шығайбай" ертегісі.</b> Әйгілі ертегінің мазмұнын балалардың естеріне түсіру, есте сақтау, ой-қиялдың, эмоциялық, пантомимикалық, қатынастық қабілеттерін дамыту. Құралдар. "Алдар Көсе мен шық бермес Шығайбай" ертегісіне қатысатын кейіпкерлердің киімдері, үй шаруасында қажетті заттар мен жиһаздар. Шарты. Педагог балаларға "Алдар Көсе мен шық бермес Шығайбай" ертегісінің мазмұнын қайталаатады. Балалар өз қалаулары бойынша кейіпкерлерді таңдайды, өз костюмдерін киіп, орындарына барады. Алғашында автор рөлін педагог алады, содан соңғы жағдайларда балалардың арасынан автордың рөлін ойнайтын баланы ұсынуға болады. Қойылым соңында педагог кейіпкерлер рөлдеріндегі балаларды жеке қатарға шығарып, қай бала, қай</p>	<p>қойылмайды. Кемінде екі адамнан басталады. Ойынға қатысушылар дөңгелене отырады. Ойнау үшін қолға епті, ұстауға ыңғайлы тастар таңдалып алынады. Ойыншы бес тасты еденге шашырата тастайды да, ішінен бір тасты таңдап алады. Алған тасын жоғары лақтырып жіберіп, жерден бір тасты іліп алып, лақтырған тасын қайта қағып үлгерді. Жерден алған тасын жанына қойып, сол тәсілмен, екінші, сонан соң үшінші, төртінші тастарды бір-бірлеп іліп алып отырады. Бұл ойынның бірнеше тәсілі бар. <b>(математика негіздері)</b></p>
--	--	--	--	---	---

<b>Серуеннен оралу 12.30-12.50</b>	<p>Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.</p> <p>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>				
<b>Түскі ас 12.50-13.10</b>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.</p> <p><i>Салт-дәстүр. Жолаяқ.</i></p> <p>Келген қонақты жолға шығарып салып тұрып, оларға «жол болсын» айтып, дәм-тұз ұсынады. Сонан кейін қош айтысып, қалады. Бұл да тамақтың жолының бөлек екенін дәлелдейтін халықтық салт - дәстүрдің бірі.</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b></p>				
<b>Күндізгі ұйқы 13.10-15.30</b>	<p>Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.</p>				
<b>Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 15.30-15.40</b>	<p>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.</p> <p>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.</p> <p>Қайық жаттығуы (ішпен жату, қолдары иектің астында, жоғары тартылып, еңкею, тербелу).</p> <p><b>(дене шынықтыру)</b></p>				
<b>Бесін ас 15.40-16.00</b>	<p>Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b></p>				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар		<p><b>Дидактикалық ойын.</b></p> <p><b>"Кейіпкердің сөздерін жалғастыр".</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды белгілі ертегінің кез келген кейіпкерінің</p>	<p><b>Дамытушы ойын.</b></p> <p><b>"Суретшінің қатесін тап".</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Заттар, жан-жануарлар, құбылыстар жөніндегі балалардың</p>	<p><b>Дамытушы ойын.</b></p> <p><b>"Қимылдар тізбегі".</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды белгілі қимылдар тізбегіне</p>	<p><b>Дидактикалық ойын.</b></p> <p><b>"Тергеушілер".</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың ойлау, елестету қабілеттерін дамыту.</p>

<p>қарау және тағы басқа әрекеттер) 16.00-16.15</p>		<p>айтқан сөздерін ары қарай жалғастыруға ынталандыру; байланыстыра сөйлеу мәдениетін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорды байыту; ертегілер әлеміне тұрақты қызығушылықты арттыру; халық ауыз әдебиеті үлгілеріне сүйіспеншілік сезіміне тәрбиелеу. Құралдар. Түрлі ертегілер бойынша белгілі сюжеттер салынған суреттер. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b> <b>"Отбасы".</b> Мақсат-міндеттер. Отбасы мүшелері жөнінде балалардың ұғымдардың нығайту; отбасы мүшелерінің әрқайсының рөлі туралы ойларын пысықтау; үлкенге құрмет, жақынына деген сүйіспеншілік сезімдеріне тәрбиелеу. Құралдар. Отбасы мүшелеріне қажет заттар: көзілдірік, ыдыс-аяқ, алжапқыш, ойыншық саймандар, кітап, газета, сыпырғыш, шелек пен сүлгі, ойыншықтар, ойыншық тұрмыстық техника тағы басқа заттар мен киім үлгілері. Шарты. Балалар отбасы мүшелерінің рөлдерін бөліседі, өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады. Педагог алдымен балалармен бірге күн тәртібіндегі қандай оқиғаны ойнау қажет екендігін анықтап алады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>	<p>ұғымдарын пысықтау; табиғатына сәйкес емес белгілерді байқап, құрылымында немесе сипатында не дұрыс еместігін атауға жаттықтыру; қоршаған әлем заңдылықтарына деген қызығушылықты арттыру, зияткерлікке тәрбиелеу. Құралдар. Сыртқы сипатында, құрмынадай болуы мүмкін: "Қасқырдың жүні жасыл емес, сұр болады", "Қоянның құлағы тышқанның құлағындай кішкентай емес, ұзын болады", "Күндіз аспанда жұлдыздар көрінбейді", "Бұлақ төменнен жоғары емес, жоғарыдан төмен ағады", "Бәйшешек күзде емес, көктемде шығады", "Аққала көктемде аулада тұра алмайды, еріп кетеді", "Ит ағаштағы ұяда емес, аулада, ағаш үйшікте тұрады", "Жазда өзен мұз бола алмайды, себебі күн ыстық", "Тұлкінің құйрығы қоянның қысқа құйрығы сияқты емес, қалың, сарғыш болады" және тағы басқа нұсқалар. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b> <b>"Супермаркет".</b> Мақсат-міндеттер. Балаларға "Супермаркеттің" қызметі жайында түсіндіру; супермаркетте әртүрлі тауарлар сатылатыны жайында мәліметтер беру; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу. Құралдар. Сөрелер, қораптар, ілмектер, киім, аяқ киім үлгілері, ыдыс-аяқтар, жиһаздар, азықтар, ойыншықтар; ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, тауарларға арбалар, қаражат қағаздары; есептеу машиналарының макеттері. Шарты. Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен әңгімелесулер, супермаркеттің суреттері, бейнежазбалар мен жарнамаларды көрсетіп, супермаркетте</p>	<p>қарап, есте сақтап, тура сол қимылдар тізбегін дәлме-дәл қайта көрсетуге жаттықтыру; есте сақтау, зейін, ойлау, кеңістікті бағдарлау қабілеттерін дамыту; достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Педагог немесе балалардың бірі қалған балалардың алдында бірнеше қимылдар тізбегін (кешенін) көрсетеді. Балалар мұқият қарап болғаннан кейін есте сақтап, қимылдарды қайта жаңғыртады. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b> <b>"Туған күн".</b> Мақсат-міндеттер. Балалардан "туған күн" ұғымын қалайша түсінетіндерін рөлдік ойын барысында анықтау; отбасыда туған күнді атау дәстүрі жайындағы білімдерін кеңейту; жақынына деген сүйіспеншілікке, достыққа тәрбиелеу. Құралдар. Туған күнді өтеуге қажетті безендіру жабдықтары, торт және басқа тәттілердің жасанды пішіндері, журналдан қиылған суреттер; әдемі қапталған сыйлықтар; ойыншық музыкалық аспаптар, микрофондар; сайқымазақ немесе басқа кейіпкерлердің костюмдері. Шарты. Педагог балалармен бірлесіп әрбір отбасыда туған күннің қалай өтетіні жайында әңгімелеп, тәттілерді әзірлеуге қандай құралдарды</p>	<p>Шарты. Педагог балаларға әртүрлі заттарды кезекпен көрсетіп жатады. Балалар заттың кімге және не үшін қажетін екенін түсіндіреді. Ойынның тағы бір нұсқасы: қалаған бала түрлі заттар жатқан қораптан белгілі затты өздігінен алып, оған сипаттама береді. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b> <b>"Ойыншықтарды жөндеу шеберханасы".</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың ойыншықтар жайындағы білімдерін нығайту, шығармашылықпен ойлану, нәтижелі қарым-қатынастар жасай білу қабілеттерін дамыту, заттардың қасиеттеріне қызығушылықтарын арттыру. Құралдар: құрастырылатын ойыншықтар (көліктер, дене мүшелері салынатын пластик қуыршақтар, лево ойыншықтар, жұмыртқаға салынатын тосынсый ойыншықтар). Шарты. Балалар өз қалаулары бойынша немесе топтастардың көрсетуімен шеберлердің рөлін ойнайтын балаларды тағайындайды. Олар үшін педагог белгілі бұрышты ұйымдастырып, безендіріп қояды. Ойыншы балалар сынық ойыншықтарын әкеліп, шеберлерге өз көрсетеді, шеберлер сынық ойыншықты зерттеп, жөндеп береді. Ойыншылар шеберлерге жұмысының ақысын төлейді. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>
---	--	--	---	---	---

			<p>адамның кез келген тауарды сатып алумен байланысты барлық мұқтажды орындалатынын түсіндіреді.</p> <p>Супермаркеттің алып жатқан орны кең және тауарлар көптеген сөрелерде топтасып орналасатыны жайында да айтылуы тиісті.</p> <p>Супермаркетте сатушы емес кеңесші мен есепшілер (есептеу машинасы) көп болатыны, кеңесшілер тауарларды сөрелерге уақытында орналастырып, сатып алушыларға тауарды таңдауға көмектесетіні, есепшілер тек таңдалған тауарларды санап беріп, қанша қаражатты беру керектігін айтатыны туралы балалар білу керек.</p> <p>Балалар ойыншыларды санамақ арқылы таңдайды, сатып алушылар қолдарына қажетті құралдарды алып (карточка, арба, қаражат, смартфон), ойын барысында қолданады; кеңесшілер балаларға не таңдау керектігі туралы кеңес айтып жатады, есепшілер есептейді.</p> <p>Педагог балалардың диалогтарын, қарым-қатынас үлгілерін, сөйлеу тізбектерін реттеп отырады, қосымша және тиянақтау сұрақтарын қойып жатады.</p> <p>Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: тауарларды жақсы күтсе, сапасы сақталып, жақсы сатылады; супермаркет қоғамды орын болғандықтан, әдептілік ережелерін ұстану керек; супермаркетте жүрген барлық адам бір-бірінің уақытын, еңбегін бағалау керек.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>	<p>пайдаланатынын анықтайды; туған күнін атау дәстүрі қайдан келгенін талқылайды.</p> <p>Балалар туған күнін өткізу үшін, педагогпен бірге қандай әрекеттер тізбегін жасау керектігін жоспарлайды.</p> <p>Содан соң қалаған балалар өздерінің сол жоспар бойынша қандай міндеттерді атқаратынын жайында айтады, қажетті құралдарды алып, туған күніне дайындай бастайды.</p> <p>Туған күн иесін балалар санамақ арқылы таңдауы мүмкін. Оқу жылының аяғына дейін әрбір бала туған күнінің иесі болып үлгеруі тиіс.</p> <p>Алғашында педагог өз тарапынан ойын барысын сөзбен сүйемелдеп отырады, ойыншыларға қосымша әрекеттерін анықтайтын, сұрақтар қойып жүреді, өзі қатысады, ойын желісінің одан ары жалғасуына үлес қосады.</p> <p>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады.</p> <p>Туған күннің әдемі өтуіне бірнеше себеп болады: қонақтардың жақсы ниетпен келуі, тағамдардың дәмді болуы, ойын-сауық шараларының қызықты дайындалуы.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>	
<p><b>Балалармен жеке жұмыс</b> <b>16.15-16.30</b></p>		<p><b>Ілияс Жансүгіров «Домбыра» өлеңін жаттау</b> Тарт күйінді, домбыра! Төгіл, төгіл тәтті күй, Тау суындай сылдыра, Желпін, желпін жел соқтыр! Тауда тұман тұрмасын, Көкте бұлт ыдыра! Тыңдамаған қоймасын,</p>	<p><b>"Артық құсты тап" дидактикалық ойыны.</b> Мақсат-міндеттер. Қыстайтын құстарды сыртқы түрінен тануға жаттығу; "жыл құстары" ұғымын нақтылау, олардың аттарын есте сақтау, қыстайтын құстарды ажырату, зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту. Барысы.</p>	<p>Өнер туралы мақал-мәтелдер жаттау. <b>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</b></p>	



		Ойды-қырды қыдыра, Құлшына тарт, домбыра! <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>	Педагог жыл құстарын жемшашарға ұшып келген қыстайтын құстардың арасына арнайы орналастырады. Балалар құстарды мұқият тексеріп, артық құстың атын атайды. Педагог балалардан өз таңдауын түсіндіруді сұрайды. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті,</b>		
<b>Серуенге дайындық 16.30-16.50</b>	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b>				
<b>Серуен 16.50-18.00</b>	Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b>				
<b>Серуеннен оралу</b>	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>				
<b>Кешкі ас</b>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b>  Максат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.  Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.  <i>Салт-дәстүр. Жолаяқ.</i>  Келген қонақты жолға шығарып салып тұрып, оларға «жол болсын» айтып, дәм-түз ұсынады. Сонан кейін қош айтысып, қалады. Бұл да тамақтың жолының бөлек екенін дәлелдейтін халықтық салт - дәстүрдің бірі.  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b></p>				
<b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)</b>  Максат-міндеттер. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтары, туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотоалар, альбомдармен жабдықталған орта құру. Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.  Музыкалық аспаптармен ойындар. <b>(музыка)</b>  Максат-міндеттер. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу. Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру. Ертеңгілікке дайындық.  Өнер бұрышында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. <b>(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)</b>  Максат-міндеттер. Қазақ ою-өрнектерінің түрлері («түйетабан», «құсқанаты», «құстұмсық», «жапырақ», «жауқазын», «жетігүл», «жұлдызгүл») туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуді дамыту. Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояу, парақтың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажырату, тік сызықтардың әртүрлі үйлесуімен құрылған қазақ ою-өрнегінің элементтерін салу. Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, киіз үйдің жасауларымен, тұрмыстық заттарымен, ыдыстарымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу.  Ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін (орамал, шапан, қамзол) салу, оларды пішіндердің ортасында және шеттерінде орналастыру. Ою-өрнекті өз бетінше ойдан салуға мүмкіндік беру. Ұжыммен бірге жұмыс істеу, міндеттерді өзара келісіп орындау, салынған суретпен түрлі ойындар ойнау.  Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b>  Максат-міндеттер. Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа.  Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. <b>(зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>				

	Мақсат-міндеттер. Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың маңызын түсіну. Тірі және өлі табиғаттың, Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсіну. Қазақ халқының киіз үйінің маңыздылығын, оның құрылысы мен ішкі жабдықтарын білу. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу, қазақ халқының құндылықтарына құрмет таныту. Мерекелік мерекелердің Халықаралық әйелдер күні, Наурыз мейрамы маңыздылығын түсіну, оларға белсенді қатысу.				
<b>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)</b> 18.00-18.30		«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».	«Баланың демалысын дұрыс ұйымдастыру».	«Отбасындағы бала тәрбиесінің маңызы» тақырыбында ата-аналарға кеңес.	Балалардың тазалығы туралы ата-аналармен әңгімелесу.

### ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) \_\_\_\_\_

Топ: мектепалды

Балалардың жасы: 5 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 01.04 - 05.04.2024ж.

Педагогтың аты-жөні \_\_\_\_\_

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
	01.04	02.04	03.04	04.04	05.04
Күн тәртібі					
<b>Балаларды қабылдау</b> <b>08.00-08.15</b>	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>				

<p><b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b> <b>08.15-08.30</b></p>	<p>Балаларды тәрбиелеуде қиын мәселелері бар ата-аналарға арналған кеңестер беру.</p>				
<p><b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер</b> <b>08.30-08.55</b></p>	<p><b>"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау".</b> Мақсат-міндеттер. Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау; сыртқы түріне, құрылымына назар аударатырып, өсімдіктен шанды кетіру әдісін таңдауға үйрету. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".</b> Мақсат-міндеттер. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауды тәрбиелеу. Оларды суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Асхана бойынша кезекшілік".</b> Мақсат-міндеттер. Балаларды кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауға үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдықтауда тәртіпсіздікті көре білу. Ортақ игілік үшін, ниеттеніп еңбектенуге тәрбиелеу. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп"</b> (тәрбиешінің көмекшісімен бірге). Мақсат-міндеттер. Балаларға жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлықты, тәртіпті көре білуді. Ұжымдағы тату-тәтті еңбек етуге үйрету. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Кір сүлгілерді ауыстыру".</b> Мақсат-міндеттер. Еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрену. Еңбектенуге ниетін тәрбиелеу, ересектерге көмектесу. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p>

	<p>Жиі қайталанатын сөздерді дыбыстау негізінде сөзді-ырақты жаттығу. «Біз ғарышкерміз».</p> <p>Педагог балаларды ашық алаңға шақырады.</p> <p>- Балалар, бүгін ғарышкер боламыз! Барлықтарың ұшуға дайындалыңдар.</p> <p>- Алдымен, тындап аламыз, маған қосылып қайталаңдар.</p> <p>Көкке ұшамын - (аяқтың арасы алшақ, қолды алдыға айкастыру)</p> <p>Ұшқыш болар баламын. (теңселу)</p> <p>Соңына ерем. (екі қолды жоғары созу, аяқтың ұшына тұру)</p> <p>Ер ғарышкер ағаның.</p> <p>Батыр болам - (қолды иыққа қойып айналдыру)</p> <p>Көк аспанды сүйемін. (белді айналдыру)</p> <p>Жұлдыздарға (аяқтың арасы алшақ, қолдарды екі жаққа созу, алақанды ашу, жабу)</p> <p>Барып келіп жүремін. (Т. Молдағалиев)</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру)</b></p>	<p><b>Дидактикалық ойын. "Адасқан сандар".</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігінде сандар тізбегі жайындағы білімдерін нығайту; реттік сандарды пысықтау; сандар тізбегінде аталған санның көршілерін немесе тізбектегі кез келген санның арасында жасырынған санды тауып атауға жаттықтыру; зейінді, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту; шапшаңдыққа, зеректікке тәрбиелеу.</p> <p><b>(таным іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Мүсіндеуден ойын-жаттығу</b></p> <p>"Зымыран ұшар ғарышқа"</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды есу, созу, тегістеу әдістерін қолдана отырып зымыранды мүсіндеуге үйрету.</p> <p><b>(шығармашылық іс-әрекет)</b></p>	<p><b>Вариативті компонент - Жас зерттеуші</b></p> <p><b>"Жұлдыздар әлемі"</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: өлі табиғаттың түрлі нысандарын бақылау; балаларға жұлдыздар әлемі туралы жалпы түсінік беру.</p> <p><b>Сурет салудан ойын-жаттығу</b></p> <p>"Біздің ғарышқа саяхатымыз"</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды "ғарышқа саяхат" тақырыбы аясында қарапайым сюжетті құрастыруға баулу; өз қиялдарына, ғарыш кемелері мен денелері, ғарышкерлер туралы түсініктеріне сүйеніп қағаз бетіне жоспарлап, орналастырып, салу дағдыларын жетілдіру.</p> <p><b>(шығармашылық іс-әрекет)</b></p>	<p><b>"Скафандр киеміз" саусақ жаттығуы.</b> (педагог сөздерін өзі айтып, қимылдарын балалармен бірге жасайды).</p> <p>Арманшыл баламыз, (бас бармақтар жоғары)</p> <p>Ғарышкер боламыз. (жұдырықтарды түйіп шынтақты бұғу)</p> <p>Бір аяқты өткізіп, (қол белде, аяқ көтеріліп, орнына тұрады)</p> <p>Екіншіні саламыз. (қол белде, екінші аяқ көтеріліп, орнына тұрады)</p> <p>Қолды жеңге өткізіп, (бір қолды бұғулі қалыптан ашып, созу)</p> <p>Қолды жеңге өткізіп, (екінші қолды бұғулі қалыптан ашып, созу)</p> <p>Сыдырманы жүргізіп, (бір қолдың саусақтарын жинақтап, дене ортасы бойымен төменнен жоғарыға жүргізу)</p> <p>Киеміз скафандрды. (екі қолды жоғары көтеріп, бас төбесіне жауып салу, екі бетті екі алақанмен тіреп, баспен шайқау)</p> <p>Алақай! Алақай!</p> <p>Ғарышкерміз, балақай!</p> <p>Алақай! Алақай!</p> <p>Ғарышкерміз, балақай!</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>
--	---	--	--	--	---

<p><b>Таңертеңгі жаттығу</b> <b>08.55-09.00</b></p>	<p><b>Жалпы дамыту жаттығулары (таяқшалармен)</b></p> <p>1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде.</p> <p>1-таяқшаны екі қолдарымен көкірек тұсына қояды; 2-таяқшаны жоғары көтереді; 3-көкірек тұсына қояды ; 4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6-7 рет қайталанады.</p> <p>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде.</p> <p>1-таяқшаны жоғары көтереді; 2-таяқшаны түзу ұстап, оң аяққа иілу; 3-таяқшаны жоғары көтереді; 4-бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.</p> <p>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқшаны иыққа қою.</p> <p>1-отырып, бас пен арқаны тік ұстау; 2-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.</p> <p>4. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде.</p> <p>1-таяқшаны жоғары көтеру; 2-таяқша ұстаған қолымен оңға (солға) иілу; 3-таяқшаны жоғары ұстап, тіктелу; 4-бастапқы қалып. Жаттығу 6-8 рет қайталанады.</p> <p>5. Бастапқы қалып: жерге ептетінен жатып, таяқшаны бүгілген қолдарымен алдына қою.</p> <p>1-2-таяқшаны жоғары көтеріп, артқа бүгілу; 3-4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.</p> <p>6. Бастапқы қалып: таяқшаның алдында тұрып, қолды төменде ұстау. Таяқшаны айналып, оңға-солға секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау.</p> <p>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша жерде.</p> <p>Таяқшаны аттап, оңға-солға секіру. Жаттығу 3-4 рет қайталанады.</p> <p><b>(дене шынықтыру)</b></p>
<p><b>Таңғы ас</b> <b>09.00-.09.20</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымкыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.</p> <p><i>Көркем сөз</i></p> <p>Ыстық құймақ пісірдім, Тәрелкеме түсірдім. Дәмді болды құймағым, Құйып жедім қаймағым.</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b></p>

<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b> <b>09.20-09.30</b></p>	<p>Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Жарқырады күніміз. Жарқырайды даламыз. Қайырлы таң, Қайырлы күн, балалар! <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p>Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Жарық болсын күніміз, Жарқын болсын үніміз. Елін сүйіп ер жетер, Біз болашақ гүліміз. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Шона Смаханұлы «Космосқа ұшамын».</b> «Сәт сапар!» деп, достар берген Гүлге толып құшағым, Асамын да асқар өрден, Космосқа ұшамын. Болса-дағы қанша көркем, Көкте қайтіп жай табам?! Орамамын асыл өлкем - Отаныма қайтадан. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p>Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Қабак түйген не керек, Көңілді боп жүрейік! Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік! <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>«Көңіл - күйдің кездесуі»</b> Ойынның мақсат-міндеттері: мейрімділікке, өзгенің көңіл-күйін түсінуге тәрбиелеу. Педагог эмоциялар бейнеленген карточкалардың екі тобын (пиктограммалар) орналастырады және балалардан әртүрлі эмоциялар қалай кездесетінін, жағымды және жағымсыз эмоцияларды елестетуді сұрайды. Тәрбиеші «жағымды» эмоцияны, ал бала «жағымсыз» эмоцияны көрсетеді, содан кейін карточкалардың орнын ауыстырады. Эмоцияларды қалай татуластыруға болатындығы туралы талқылайды. <b>(әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)</b></p>
---	---	--	--	---	--

<p><b>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b> <b>09.30-10.35</b></p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> "Е" дыбысы және Ёё әрпін қайталау". Мақсат-міндеттер: балаларды Ё ё дыбысы және әрпімен таныстыру. Ұсынылған әрбір сөзге дыбыстық талдау жасай білуге үйрету.</p> <p><b>Қазақ тілі</b> "Ғарышкер қалай атанам. Біздің ғарыштың планеталары". Мақсат-міндеттер: балалардың "ғарыш айлағы", "ғарышкер", "ғарыш" сөздерімен таныстыру; ым-ишара, ғарышкерлердің іс-қимыл кешенін орындау арқылы ойын білдіру қабілетін дамыту.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> "Бір-біріне асырып доп лақтыру" Мақсат-міндеттер: балаларды гимнастикалық орындық үстімен арақашықтығы баладан екі қадам қашықтықта қойылған толтырылған доптардан аттап жүруге үйрету.</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b> "Шокжұлдыздар" Мақсат-міндеттер: балаларға астрономияны ғылымы туралы түсініктер беру, ғарыш ғылымы ретінде таныстыру; ғарыш, ғарышкерлер, планеталар, жұлдыздар, Күн жүйесі деген ұғымдарды балаларға түсіндіру.</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> "В" дыбысы және Вв әрпі". Мақсат-міндеттер: В дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыра отырып, балалардың ойлау қабілеттерін, қиялын дамыту.</p> <p><b>Математика негіздері</b> "Үй жануарларының өрістегі жолдарын салыстырайық" Мақсат-міндеттер: балаларды заттардың шамасын салыстыруда шартты өлшемді пайдалануға баулау, сызғыштың сипатымен таныстыру; қоршаған объектілерді топтастырып, қосу, алу және тең ету амалдарын есепте көрсетуге талпындырту.</p> <p><b>Музыка</b> "Ғарышкерлер жыры" Мақсат-міндеттер: балалардың әннің мазмұнын әуен арқылы эмоциямен қабылдай білу, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, алақандарымен баяу, ырғақты ұрып, әуен сүйемелдеуімен жұбымен жүре отырып, көңілді билей білу дағдыларын жетілдіру.</p> <p><b>Сөйлеуді дамыту</b> "«Түлкі мен қоян» орыс халқының ертегісі" Мақсат-міндеттер: ертегіні оқу барысында оқиға желісі мен кейіпкерлерді белгілер арқылы сызып көрсетіп, әр белгінің нені бейнелейтінін түсіндіру.</p>	<p><b>Математика негіздері</b> "Өрістегі төлдерді санадың ба?" Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды салыстыру негізінде тең бөліктерге бөліп сандық мөлшерін тенестіруді меңгерту; сандар құрамын жылдам анықтауға жаттықтыру; есептерді шығару барысында қосу ("+"), "алу" ("-") және "тең болады" ("=") белгілерін дұрыс пайдалану білігін жетілдіру.</p> <p><b>Қазақ тілі</b> "Отан деген не? А.Пушкиннің "Балықшы мен балық" туралы ертегісін әңгімелеу". Мақсат-міндеттер: "Отан оттан да ыстық" мақалы, суреттерге сүйене отырып, диалогтарда қарапайым сөйлемдер құруға жаттықтыру; А.С. Пушкиннің "Балықшы мен балық" ертегісінің негізгі мазмұнын мұқият тыңдауға үйрету.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> "Тепе-теңдікті сақтаймыз" Мақсат-міндеттер: балаларды допты бір қолымен жоғары лақтырып, бір қолымен қағып алуға үйрету.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b> "С.Қалиев «Тұңғыш қазақ ғарышкері» өлеңін жаттау". Мақсат-міндеттер: балаларға ғарыш туралы түсінік беру, өлеңнің мазмұнын түсіне білуге үйрету.</p>	<p><b>Математика негіздері</b> "Өрістегі төлдерді санадың ба?" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды салыстыру негізінде тең бөліктерге бөліп сандық мөлшерін тенестіруді меңгерту; сандар құрамын жылдам анықтауға жаттықтыру; есептерді шығару барысында қосу ("+"), "алу" ("-") және "тең болады" ("=") белгілерін дұрыс пайдалану білігін жетілдіру.</p> <p><b>Сөйлеуді дамыту</b> "«Түлкі мен қоян» орыс халқының ертегісі" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: ертегіні оқу барысында оқиға желісі мен кейіпкерлерді белгілер арқылы сызып көрсетіп, әр белгінің нені бейнелейтінін түсіндіру.</p> <p><b>Музыка</b> "Атамекен" Мақсат-міндеттер: балаларды әнді тыңдау кезінде оның сөздің мағынасын түсіну және музыкалық фрагментті басынан аяғына дейін мұқият тыңдай білуге және музыкалық аспаптарда ырғақты ойнай білуге үйрету.</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b> "Жер - ортақ үйіміз!" Мақсат-міндеттер: Жер планетасы және ғаламшардағы адамдардың өмірі туралы түсініктерін қалыптастыру, әртүрлі елдер мен ұлттарға қызығушылық пен құрмет сезімін ояту; балалардың сөздік қорын кеңейту.</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> "В" дыбысы және Вв әрпін қайталау". Мақсат-міндеттер: В дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыра отырып, балалардың ойлау қабілеттерін, қиялын дамыту.</p> <p><b>Жапсыру</b> "Зымырайды зымыран" Мақсат-міндеттер: балаларды дайын тіктөртбұрыш, үшбұрыш, шеңбер пішінді қағаздар арқылы зымыранның бейнесін құрастырып, жазық қағаз бетіне желімнің көмегімен жапсыруға үйрету.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> "Тепе-теңдікті сақтаймыз" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: балаларды допты бір қолымен жоғары лақтырып, бір қолымен қағып алуға үйрету.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b> "С.Қалиев «Тұңғыш қазақ ғарышкері» өлеңін жаттау". (қайталау) Мақсат-міндеттер: балаларға ғарыш туралы түсінік беру, өлеңнің мазмұнын түсіне білуге үйрету.</p>
<p><b>2- таңғы ас</b></p>	<p>Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)</p>				
<p><b>Серуенге дайындық 10.35-10.50</b></p>	<p>Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтәңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)</p>				

<p><b>Серуен 10.50-12.30</b></p>	<p><b>Торғай, көгершін, үйрек құстарын бақылау.</b> (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті) Такпак. Ұшып, қонып жүр торғай, Жем іздейді. Серігіне табасын жегізбейді, Құттай дөңді қиядан көзі шалып, Байғұс сірә көрмейді өгіздерді. Бақылау. Құстардың көлеміне, түрі-түсіне, шығарған дыбыстарына қарай, аттарын айыра білуге, қимыл іс-әрекетіне назар аудару, қимылдарын салыстыру. Торғай секіреді, ал көгершін жүреді. <b>Қимылды ойын. «Көптерді қуып жет».</b> (дене шынықтыру) Жарысуға үйрете отырып, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Еңбексүйгіштікке баулу. <b>Еңбек.</b> "Құстарды тамақтандыр". (еңбек іс-әрекеті) Құстарды тамақтандыруға және олардың қасында өзін-өзі ұстай білуге және құстарға қамқор бола білуге баулу. <b>Өз бетімен ойындар.</b> Әр балаға өзіне ұнайтын ойынды ойнауға мүмкіншілік беру. (дене шынықтыру)</p>	<p><b>Көктемде ұзақ, тырна, қараторғайлардың ұшып келуін бақылау.</b> (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті) Жұмбақтар. Ұзақ тектес құс, Шіркей жеп. Ауыл маңынан Ұзап кетпес құс. (Қараторғай) Талдың басында, Жемі бар қасында. Там тұр саялы, Достарға аялы. (Құс ұясы) <b>Бақылау.</b> Көктемнің келуімен жәндіктердің жандануына байланысты, құстар көбейеді. Қар ерігенде ұзақтар құрт-құмырсқаны іздеп жерді шұқылайды. Олардың қимылдарына көңіл бөлу керек. Құстарға қамқор болуға баулу. <b>Қимылды ойын. «Құлыншақ» (ұлттық ойын).</b> (дене шынықтыру) Тізесін жоғары көтеріп, шеңберді айнала отырып, алға секіре білуге үйрету. Арқашықтықты сақтай білу, балалардың ұйымдастырушылық қабілетін дамыту. <b>Еңбек.</b> Ауладағы жұмыс. Көшеттерді отырғызу. Балаларды бақта жұмыс істеуге баулу, гүлзар қазу, суару. Еңбекке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. (еңбек дағдылары) <b>Өз бетімен ойындар. «Үй».</b> Балаларды 2-3 рөлге бөлу, ойын барысында бірлесу дағдыларын қалыптастыру.</p>	<p><b>Құстардың ұяларын бақылау.</b> (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті) Жұмбақ. "Шым тостаған". Далаға кім тастаған? (Құстың ұясы) <b>Бақылау.</b> Тұмсығымен тістеген шөп, жүн-жұрқаны ұясына алып келген қараторғайды бақылау. Үй алдында ән салуын, қанат қағысын, басын шұлғып тұмсығын кеңінен ашады. Құс үйшігінің жанында, балаларды өзін байсалды ұстай білуге тәрбиелеу. <b>Қимылды ойын. «Өрт сөндірушілер».</b> (дене шынықтыру) Гимнастика баспалдағынан жүру, балалардың өздерінің қимыл қозғалыстарын үйлестіре алуы. Сорғышты шайқау. Балалардың белгі бойынша қимыл әрекетін дамыту. <b>Еңбек.</b> Жер қазу жұмысы (ағаштардың түтпегін қопсыту, құрғақ жапырақтарды жинау). Балаларды құрғақ жапырақтарды жинауға қатыстыру, белгілі бір жерге апарғызу. Балаларды тазалықты сақтауға және еңбек етуге тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті) <b>Өз бетімен ойындар. «Гараж».</b> Балалардың құралдарды дұрыс пайдалана білуге үйрету. Ойын барысында «жол» салуға басшылық жасау. Танымал ойындарды өз қатарларымен ұйымдастыру қабілетін арттыру.</p>	<p><b>Ұяны бақылау.</b> (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті) Жұмбақ. Ши түбінде шым кесе. (Ұя) Такпак. Құстар ұя салады, Жасауға жұмсақ ұяны. Жабағы жүнді жияды, Жайлы қып жасап ұяны Жұмыртқасын салады. <b>Бақылау.</b> Шатыр астындағы ұяны бақылау, ағаштағы құстардың ұяларының ерекшелігін белгілеу. Құстар ұяны жасайды. Өздері ағаш бұтақтарынан, жүннен, шөптен құрайды. Балапандарын ұрғашы құс басады, ал еркегі тамақ тауып, ұяның жанында ән айтып отырады. <b>Қимылды ойын. «Кім шақырды?»</b> (дене шынықтыру) Белгі арқылы шеңберге тұруға дағдыландыру. Жолдасының дауысын тануға үйрету, ойын шартын орындату. Жануардың дауысын салу, бұйрықсыз бұрылмау. Есте сақтау мен төзімділік қабілетін арттыру. <b>Еңбек.</b> Жер қазу жұмысы. Гүлзарлар қазу. (еңбек іс-әрекеті) Гүлзар жұмысында тәрбиешіге көмектесу, еңбек ету тапсырмаларын орындату. Ересектерге көмектесу, бастамасын мадақтау. <b>Өз бетімен ойындар. «Ғарышкер».</b> (шығармашылық іс-әрекет) Балалар құрылыс ойынында зымыран құруға үйрету, жағдай жасау, керек заттар мен ыңғайлы орын дайындау. Ойында татулық қарым-қатынасын тәрбиелеу.</p>	<p><b>Өсімдіктердің бірінші көктеуін бақылау</b> (Ақселеу). (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті) Такпак. Үлбіреген бақбақ, Үлпілдеген аппак. "Уф!"-десем бақбақ, Ұшасың ғой қаптап. <b>Бақылау.</b> Назар аударыңыздар: жердің жылуымен жаңа өсімдіктер пайда бола бастайды. Өсімдіктер алдымен күннің жылы қызуымен өседі. Бір-екі өсімдіктерді айыра білу. Өсімдіктерді аялауға тәрбиелеу. <b>Қимылды ойын. «Күшік пен мысықай».</b> (дене шынықтыру) Гимнастикалық қабырғада 4 аяқтап өрмелеу қабілетін арттыру. Ептілік пен төзімділікке тәрбиелеу. <b>Еңбек.</b> Гүлзарға гүл тұқымын себу. (еңбек іс-әрекеті) Өз еркімен таяқшамен қуыс жасауды және суаруды үйрету. Өз еңбегіне ұқыпты қарауға тәрбиелеу. <b>Өз бетімен ойындар.</b> Құммен ойын. Алдын ала келісім арқылы өзара жұмыстарды бөлісу, бір-бірінің жұмысын үйлестіру және біріккен жігермен нәтижеге жетуге үйрету.</p>
<p><b>Серуеннен оралу 12.30-12.50</b></p>	<p>Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>				



<p><b>Түскі ас</b> <b>12.50-13.10</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b>          Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.          Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.  <i>Көркем сөз</i>          Ыстық құймақ пісірдім,          Тәрелкеме түсірдім.          Дәмді болды құймағым,          Құйып жедім қаймағым.  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b></p>
<p><b>Күндізгі ұйқы</b> <b>13.10-15.30</b></p>	<p>Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.</p>
<p><b>Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары</b> <b>15.30-15.40</b></p>	<p>"Мысықтың ызалануы" жаттығуы (тіземен тұрып, белді бүкірейтіп, басты төмен түсіру).          Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.          Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.  <b>(дене шынықтыру)</b></p>
<p><b>Бесін ас</b> <b>15.40-16.00</b></p>	<p>Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b></p>

<p><b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 16.00-16.15</p>	<p><b>"Домино" дидактикалық ойыны.</b> Мақсат-міндеттер: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын желілдіру. Ойын шарты. Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады. Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>"Сөйлемді аяқта" дидактикалық ойыны.</b> Мақсат-міндеттер: құбылыстар арасындағы себептік байланысты түсінуге үйрету; сөздерді дұрыс таңдауға жаттығу жасау. Міндеттері: балаларға сөйлем құрауға үйрету. Зейінді, есте сақтауды, келісілген сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту. Дидактикалық ойынға қызығушылықты тәрбиелеу. Ойын барысы. Тәрбиеші сөйлемді бастайды: «Мен жылы тон кидім, өйткені...», «Балалар бастарына панама киді, өйткені...», «Далада жаңбыр жауып тұр, өйткені...» <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Еркін ойын: "Мұздату".</b> Мақсаты: ерікті реттеу дағдыларын, ережелерге бағына білу қабілеттерін дамытуға арналған ойын. Ойын барысы. Балалар әуеннің ырғағына секіріп, ойнап жүреді. Кенеттен әуен тоқтайды. Ойыншылар кідіріске ұшыраған күйінде қатып қалуы керек. Егер қатысушылардың біреуі қозғалып қойса, ол ойыннан шығарылады. Олар тек бір қатысушы қалғанға дейін ойнайды.</p>	<p><b>Дидактикалық ойын. "Жаман - жақсы".</b> Мақсат-міндеттер. Балаларды кез келген зат, қасиет, құбылыс, оқиғаның жағымсыз және жағымды жақтарын жақсы тануға, қарым-қатынастарда, сөйлеуде мақал-мәтелдерді қолдануға ынталандыру; дүниетанымын, ой-өрісін, сөйлеу мәдениетін дамыту; оптимизм сезіміне, достыққа тәрбиелеу. Құралдар. Адам, ауа райы, тәулік, жыл мезгілі құбылысы, зат, жан-жануар салынған суреттер. Ойынның нұсқалары көп. Мақал-мәтелдерге мысалдар: Адам туа жаман болмайды, жүре жаман болады, Бітер істің басына, жақсы келсін қасына, Жақсының қадірін жақсы білер, Жақсы қыз – жағадағы құндыз, жақсы жігіт – көктегі жұлдыз. Балалар өз мысалдарын да айту мүмкін: "Жалғыз жаяу жүріп, жұмыстан қалғанша, көп адаммен автобуска толып, уақытында келу артық"; "Қолды жумасаң, тамаққа тез отырарсың, қолды жусаң - ауырмасың"; "Жаздың жаманы - күні ыстық, жаздың жақсысы - далада достарыңмен көп ойын ойнайсың". <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Кемемен саяхат".</b> Мақсат-міндеттер. Балаларға кемемен саяхаттау қалай өтетіні туралы, теңіз порты қандай орын екендігін түсіндіру; кеме капитаны, даяшы, күтушілер, есепші, бақылаушы полиция сияқты мамандықтар туралы ұғымдар қалыптастыру; кемедегі жолаушылар саяхат кезінде қандай тәртіпті ұстанатыны туралы жаңа білімдерін пысықтау; ойындағы рөлдік әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне, сыпайылыққа тәрбиелеу. Құралдар. Жасанды кеме бортын құрастыру үшін, орындықтарды екі бөлек</p>	<p><b>"Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны.</b> Мақсат-міндеттер: балаларды жүгіру бағытын өзгертіп, жылдамдықпен жүгіре білуге машықтандыру; қуғыншы жете алмайтындай тырысуды, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу. Балалар "бояушыны" санамақ арқылы таңдайды, қалғаны "бояуларды" сомдайды. "Бояулар" белгілі жерде тізіліп отырады (тұрады). Әрбір бала, ешкімге айтпай, өзіне бояу түсін таңдайды, тек "бояушы" сұраған кезде, өзі ойлап қойған түсті естіп, ойнаға кіреседі. Педагог (кейін балалардың бірі) "бояуды сатушы" болып, "бояушы" бояуды сатып алуға келген кезде сұрақтар қояды: - Сәлеметсіз бе! Кім боласыз? "Бояушы": - Мен бояушымын, Үстімде боялған киімім. Алыстан келемін, Бояу үшін теңге беремін. "Бояуды сатушы": - Түсі қандай бояуды қалайсыз? Осы кезде "бояушы" кез келген түсті айтады, сол түс болып өзін ойлаған бала сыртқа шығып, қаша жөнеледі. Ал диалог ары қарай жалғасады: - Бояудың бағысы қанша? - Бағасы бес (он, он бес, сегіз, бағасы тағы басқа) теңге. "Бояушы" алақанымен "сатушы" алақанын келісілген сан рет қағайды да, "бояуды қуалап кетеді. Егер "бояу" қашып, қайтып келсе, "бояушы" бояуды сатып алуға қайта келеді. "Бояу" ұсталынса, оны сомдаған бала "бояушы" болады. "Бояушы" балалар таңдамаған түсті айтса, өзге түсті қалауға мәжбүр болады. <b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p><b>Ұлттық ойын. Асықты тігіп ойнау</b> Бір топ бала, жастар жиылып келіп, тегіс жерді таңдап алады да оны тазартып, ортадан төрт бұрышты сызық сызады. Сол төрт бұрышты ортасынан тең етіп екіге бөледі. Әр жағының қашықтығы балалардың жас мөлшеріне қарай белгіленеді. Сонда 1-1,20 см немесе 1,5 метрге дейін болады. Мұны «көп» деп атайды. Сонда ойнаушылардың өзара келісімі бойынша көннен 4-5 метр не одан да көп мөлшерде асық ататын орын белгіленеді. Оны сызықпен белгілейді. Ойыншылар осы жерден тұрып көндегі асықты ататын болады. Ойынды кім бірінші болып бастайтынын сақа иіру арқылы анықтайды. Сақасы алпшы түскен ойыншы бірінші болып ату кезегін алады. Ойыншы асыққа дәл тигізіп, оны көнбе сызығынан шығарса, оны алады да, сақасы түскен жерден қайта атады. Сөйтіп көннен шығарғандарын ала береді. Егер оның сақасы көндегі асыққа тимей кетсе, асықты келесі ойыншы атады. Ал тігілген асықтарды бұзып, бірақ көннен шығара алмаса, қалған ойыншылар асықтарды сол жатқан қалыбында атып, көннен шығарып алуға тиіс. Ойын көндегі асықтар бойынша біткенше ойнала береді. Көндегі асық біткен соң, ойынға қатынасусшылар бір-бірден көнге қайта асық тігіп, ойын қайта басталып, жалғаса береді. <b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p><b>Дамытушы ойын. "Қайда болғанымызды айтпаймыз, көргенімізді көрсетіп қайтамыз".</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың ойлау, елестету қабілеттерін, логикасын, тапқырлығын дамыту. Шарты. 1-нұсқа. Педагог жұмбақтарды қимыл арқылы көрсетеді, балалар көрсетілген затты, жан-жануарды немесе құбылысты көрсетеді. 2-нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезекпен қимылдарды көрсетеді. 3-нұсқа. Шенберде немесе тізбекте отырған (тұрған) әрбір бала кезек бойынша қимылдарды көрсетеді. Барлық балалар ойланып, жұмбақты шешуге тырысады. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Ұшақпен сапар".</b> Мақсат-міндеттер. Балаларға ұшақпен сапарға шығу қандай әрекеттерден тұратынын, әуежайдың қандай орын екендігін түсіндіру; ұшқыш-пилот, стюардесса, есепші, бақылаушы полиция сияқты мамандар туралы ұғымдар қалыптастыру; ұшақтарда жолаушылардың қандай тәртіп бойынша саяхаттай алатыны жайлы жаңа білімдерді пысықтау; ойындағы рөлдік әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне, сыпайылыққа тәрбиелеу. Құралдар: "ұшақтың борты" - орындықтарды екі қатарға тізу; ұшқыш, стюардесса, полицей, есепшінің киім үлгілері (бас киімдері); ұшқыш-пилоттың алдында тұратын ұшақты жүрзуге арналған батырмалары бар панель; сусындар мен шырындылардың бос ыдыстары; тағамдар макеттері; терминалда тұратын бақылау өткелінің макеті; сөмкелер мен қораптар, ойыншық чехолдар,</p>
---	---	---	---	--	---

<p><b>Балалармен жеке жұмыс</b> <b>16.15-16.30</b></p>	<p>Геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу. Өртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу. <b>(шығармашылық іс-әрекет)</b></p>	<p><b>"Көктем белгілерін ажыратамыз" дидактикалық ойыны.</b> Максат-міндеттер. Балаларды тез ойлануға тәрбиелеу. Барысы. - Балалар, сендермен ойын ойнайтын боламыз. Мына жерде жыл мезгілдері белгілерінің суреттері тұр. Осы белгілердің ішінен қыс мезгілінің белгісін ажыратып алуымыз керек. Ал, ендеше, балалар, суреттерді тезірек ажыратып алайық. Балалар суреттерді жылдам қойып шығады. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Өлең жаттау.</b> Бала тілін дамыту. Көкке ұшамын - Ұшқыш болар баламын. Соңына ерем Ер ғарышкер ағаның. (Тұманбай Молдағалиев) <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Мен ғарышкер боламын" өлеңін жаттау.</b> Аспан, аспан, арайлым, Саған жиі қараймын. Сені көзбен шоламын... Мен ғарышкер боламын. Ж.Смақов <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Сергіту сәті.</b> "Ғарышқа самғап ұшайық." - Балалар, бәріміз орнымыздан тұрып, ұшақ болып ұшып, біраз сергіп алайықшы! Ғарышқа самғап ұшайық (саусақтарын бүгіп, қолдарын жоғары-төмен қозғау), Аспан төсін құшайық (кеуде алдында бүгілген қолдарымен өзін құшақтау). Қанаттарды кең жайып (қолдарды жан-жаққа тік жаю), Ұшақ болып ұшайық (жайылған қолдармен ойын алаңында жан-жаққа жүгіріп "ұшу") - Зуууу! Зуууу! Балалар педагогке еліктеп әуен ырғағына, сөздерге сай қимылдайды.</p>
<p><b>Серуенге дайындық</b> <b>16.30-16.50</b></p>	<p>Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бөтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. <b>(мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)</b></p>				
<p><b>Серуен</b> <b>16.50-18.00</b></p>	<p>Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>				
<p><b>Серуеннен оралу</b></p>	<p>Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. <b>(мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)</b></p>				

<b>Кешкі ас</b>	<b>Гигиеналық дағдылар</b> Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. <i>Көркем сөз</i> Ыстық құймақ пісірдім, Тәрілкеме түсірдім. Дәмді болды құймағым, Құйып жедім қаймағым. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b>
-----------------	---

<p><b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру. Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға, берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу.</p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. <b>(музыка)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру, қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру, балаларға "Қаражорға" биін билету. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу. Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.</p> <p>Өнер бұрышында қоршаған орта тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. <b>(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салу, бірнеше заттардың өлшеміндегі айырмашылықтарды беру, геометриялық пішіндегі заттарды салу.</p> <p>Бояумен сурет салу кезінде қылқаламды бояуға батыру, қағазға жуан сызықтарды сызарда қылқаламды көлденең, ал жіңішке сызықтар мен нүктелерді сызу үшін тігінен ұстап, суреттерді бояғанда бір бағытта солдан оңға қарай, жоғарыдан төмен қарай, қиғашынан жүргізу. Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру, сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білу, кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеу, композицияларды қосымша заттар мен элементтердің көмегімен көркемдеп жеткізу. Ертегілер мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композицияларды құру дағдыларын жетілдіру. Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру.</p> <p>Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау. Табиғи (ағаш, мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық заттардан құрастыруға баулу.</p> <p>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа.</p> <p>Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту.</p> <p>Мобильді құрылғыларды қолдану кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін білу (күніне ата-аналардың рұқсатымен 30 минуттан артық емес мобильді құрылғыларды қолдану).</p> <p>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. <b>(зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң); қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу); табиғи-климаттық аймақтар (ақ аю, итбалық, пингвин, жираф, піл, маймыл) бойынша топтастыру.</p>
---	---

<b>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) 18.00-18.30</b>	«Баланы ойлануға қалай үйретуге болады?» атты тақырыпта ата-аналарға кеңес.	«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».	«Баланың демалысын дұрыс ұйымдастыру».	«Отбасындағы бала тәрбиесінің маңызы» тақырыбында ата-аналарға кеңес.	Балалардың тазалығы туралы ата-аналармен әңгімелесу.
--	---	--------------------------------------	--	---	--

### ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) \_\_\_\_\_

Топ: мектепалды

Балалардың жасы: 5 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 08.04 - 12.04.2024ж.

Педагогтың аты-жөні \_\_\_\_\_

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
	08.04	09.04	10.04	11.04	12.04
<b>Күн тәртібі</b>					
<b>Балаларды қабылдау 08.00-08.15</b>	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>				
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 08.15-08.30</b>	«Бала - ата-ана көзімен» сауалнамалар жүргізу.				

<p><b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер 08.30-08.55</b></p>	<p><b>"Ұйымдастырылған іс-әрекетіне арналған жабдықтар мен материалдарды дайындаймыз".</b>          Мақсат-міндеттер. Тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін дамыту, балаларды білім беру қызметіне арналған материалдар мен жабдықтарды ұқыпты салуға үйрету.  <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Бөлме өсімдіктерін суғару".</b>          Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігінде өсімдіктердің жарық пен ылғалды қажет етуі туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтарынан қалай тануға болатындығын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауға, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу.  <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Орындықтарды жуу".</b>          Мақсат-міндеттер. Балаларды тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, топтық бөлмедегі орындықтарды таза ұстауға үйрету: оларды дымқыл шүберекпен сүртіп, орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс кезінде мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау қабілетін қалыптастыру. Ересектерге көмектесуге ынталандыру, олардың жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу.  <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Ойыннан кейін топта тәртіп орнату".</b>          Мақсат-міндеттер. Балалардың тәртіпке деген саналы ұмтылысын, ойыннан кейін ойыншықтарды жинастыру әдетін қалыптастыру. Жұмыс жоспарын құру, алдағы қызмет үшін қажетті материалдарды таңдау қабілетін жетілдіру.  <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Ойыншықтардағы тәртіп".</b>          Мақсат-міндеттер. Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау; жуу, кептіру, сұрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.  <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p>
--	--	--	--	--	--

	<p><b>"Көктем белгілерін ажыратамыз" дидактикалық ойыны.</b>          Мақсат-міндеттер. Балаларды тез ойлануға тәрбиелеу.          Барысы:          - Балалар, сендермен ойын ойнайтын боламыз. Мына жерде жыл мезгілдерінің белгілерін білдіретін суреттер тұр. Осы белгілердің ішінен қыс мезгілінің белгісін ажыратып алуымыз керек. Ал, ендеше, балалар, суреттерді тезірек ажыратып алайық.          Балалар суреттерді жылдам қойып шығады.  <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)</b></p> <p><b>"Боямақты бояйық".</b>          Мақсат-міндеттер. Көктем мезгілін бояу.  <b>(шығармашылық іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Глобус"</b>          Мақсат-міндеттер: балаларды ермексазды домалақтау әдісін қолдана отырып "глобусты" мүсіндеуге, ермексазды жағу арқылы құрлықты бейнелеуге үйрету.  <b>(шығармашылық іс-әрекет)</b></p> <p><b>Қимылды ойын: «Қоқыстан тазалау» (балалар 2топқа бөлініп үстел үстінде)</b>          Шарты: Ғаламшарды қоқыстан тазарту керек, ол үшін мына геометриялық денелерді пішініне қарай топтастыруымыз керек.  <b>(дене шынықтыру, еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Сурет салудан ойын-жаттығу "Түйе"</b>          Мақсат-міндеттер: балаларды түйенің пішінін салуға үйрету; трафаретті бастырып жалпы сұлбасын, түйе арқасының үстіне алтыбұрышты пішінді бастыру техникасын игерту.  <b>(шығармашылық іс-әрекет)</b></p> <p>Түйені зерттеу          Мақсат-міндеттер. Түйенің тіршілігін, қорегін, сипатын сипаттау.  <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Дидактикалық ойын «Қай өсімдік екенін тап».</b>          Мақсат-міндеттер: тақырыпты сипаттау және оны сипаттама бойынша тану.          Ойын барысы. Тәрбиеші бір баланы өсімдікті сипаттауға немесе ол туралы жұмбақ жасауға шақырады. Басқа балалар бұл қандай өсімдік екенін табуі керек.  <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)</b></p> <p><b>Қимылды ойын «Аш қасқыр» (қазақтың ұлттық ойыны)</b>          Мақсат-міндеттер: балалардың жүгіру дағдыларын жетілдіру.          «Аш қасқыр» — кең жазықта ойналатын халықтың ең көне ойындарының бірі. Ойынға қатынасұшыларға шек қойылмайды. Алдымен ойынға жиылған жастар орталарынан біреуін «аш қасқыр» деп белгілейді. Сонан соң алаңның бір шетінен шеңбер сызып, оны қасқырдың апаны деп атайды. Осының бәрін орындап болған соң, ойыншылар өздеріне басқарушы етіп бір ойыншыны тағайындайды. Қалған ойыншылар басқарушының артынан тізіліп тұрады да бірінің белдігінен бірі ұстасады. Ойын басталады. «Аш қасқыр» шабуылға шығады. Ойын басқарушы екі қолын жайып, оның қарсы алдынан шығып, кес-кестеп, бөгет жасайды. «Қасқыр» қайтсе де «қойларды» ұстауға тырысады. Егер бұл «аң қасқырдың» қолынан келсе, ұстаған «қойларды» өзінің</p>	<p><b>Жапсырудан ойын-жаттығу "Түйекұс"</b>          Мақсат-міндеттер: балаларды дәстүрлі емес материал: мақта табақшаларынан қағаз бетіне түйекұсты жапсыруға үйрету.  <b>(шығармашылық іс-әрекет)</b></p> <p><b>Ұлттық ойын. Бос орын</b>          Балалар шеңберді айналып малдас құрып отырады. Қолына қамшы ұстаған жүргізуші ойыншылардың бірінің қасына тоқтайды және қамшыны соның артына қойып кетеді. «Бұл жер тар, өз орныңды тап!» деген сөздерді айтады. Ойыншы қамшыны алады және жүргізушіні қуа жөнеледі. Егер оны ұстап алса, қамшымен ақырын ұрады. Ал жүргізуші сол ойыншының орнына отырып алуы тиіс. Егер отырып алса, ойыншы ойынды жүргізеді.  <b>(дене шынықтыру)</b></p>
--	--	--	--	---	---



<p><b>Таңертеңгі жаттығу</b> <b>08.55-09.00</b></p>	<p><b>Жалпы дамыту жаттығулары "Қара жорға"</b></p> <p>1. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол белде. 1 - иықты алға қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу; 3 - иықты артқа қозғау; 4 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау)</p> <p>2. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол төменде. 1 - оң аяқты алға созып, оңға қарай иіліп, қолды бүге, саусақтарды қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу; 3 - сол аяқты алға созып, солға қарай иіліп, қолды бүге, саусақтарды қозғау; 4 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).</p> <p>3. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол төменде. 1 - сол аяқты алға созып, оң қолды жоғары көтере, сол қолды алға соза, сол қолды, оң қолға тигізу; 2 - бастапқы қалыпқа келу; 3 - оң аяқты алға созып, оң қолды жоғары көтере, сол қолды алға соза, сол қолды, оң қолға тигізу; 4 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).</p> <p>4. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол белде. 1 - екі аяқты бірге ұстап, қолды 2 жаққа соза, иықты қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).</p> <p>5. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол төменде. 1 - аяқты айқастыра тұрып, қолды белге ұстап, иықты алға, артқа қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).</p> <p>6. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол белде. 1 - екі аяқты кезек көтеріп, қолды белге ұстап, орнында шоқырақтау; 2 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).</p> <p><b>(дене шынықтыру)</b></p>
<p><b>Таңғы ас</b> <b>09.00-.09.20</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.</p> <p><i>Көркем сөз</i></p> <p>Тағы міне, таң атты, Дайын дәмді тағамдар. Үлпілдеген тиінге, Жарып берем жаңғақты. Қою сүтті беремін, Мысық пенен күшікке. Түлкіге қою айран, Тышқанға дәндер салам. Ақ қоянға тәтті нан, Тосап беремін араға. Таңғы ботқа береміз, Бакшадағы балаға.</p> <p><b>Салт-дәстүр. Асату.</b></p> <p>Табақтағы тамақты (ет) жеп болғаннан кейін ондағы қалғанетті қарттар жас балаларға асатады. Балалар ет асаймыз деп күтіп тұрады.</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b></p>

<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b> <b>09.20-09.30</b></p>	<p>Жарқырап күн де ашылды, Айналаға нұр шашылды. Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз! Қайырлы күн! Біз сүйікімді баламыз! <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p>Жүректен жүрекке Балалар шеңберге тұрып төмендегі өлең жолдарын қайталайды: Күніміз ашық болсын! Түніміз тыныш болсын! Ауамыз таза болсын! Суымыз мөлдір болсын! <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>«Көңіл-күйді анықтау»</b> Ойынның мақсат-міндеттер: мейрімділікке, жақын адамның көңіл-күйін көре білуге тәрбиелеу . Педагог балаларға айналасындағы адамдарға көңіл бөлу керектігін түсіндіреді. Бір бірінің көзіне, бет-әлпетіне қарап, көңіл-күйді анықтауды ұсынады. Балалар жұптасып, қолдарынан ұстайды. Тәрбиеші оларға: «Тек көздеріңе қарап, бір-біріңнің қолдарыңнан ұстап, әр түрлі эмоцияларды үнсіз жеткізуге тырысындар: «Мен көңілсізбін, маған көмектес! Мен көңілдімін, кел ойнайық! Мен сенімен дос болғым келеді!» және т.б. деп айтады. Балалар тапсырманы жұппен орындайды. Содан кейін балалар қандай эмоцияның берілгенін және қабылдағанын талқылайды. <b>(әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)</b></p>	<p><b>«Әдепті сөздер шеңбері»</b> Ойынның мақсат-міндеттер: сыпайы қарым-қатынас жасауға үйрету, зейінділікке, мейрімділікке баулу. Балалар шеңберге тұрады, бір- біріне ойыншықты бере отырып, әдепті сөздер айтады. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p>Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір- бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Жарқырады күніміз. Жарқырайды даламыз. Қайырлы таң, Қайырлы күн, балалар! <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>
---	--	---	---	---	--

<p><b>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b> <b>09.30-10.35</b></p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> "[Э] дыбысы және Ээ әрпі". Мақсат-міндеттер: Э э дыбысы мен әрпін таныстыру, сөздерге дыбыстық талдау жасауға, дыбыс пен әріпті ажырата білуге, берілген сөздерді дұрыс оқуға, жаза білуге үйрету.</p> <p><b>Қазақ тілі</b> "[Э] дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау негіздері)". Мақсат-міндеттер: [Э] дыбысының айтылуын дұрыс меңгерту, артикуляциялық жаттығуларды дұрыс, толық орындауын қалыптастыру, көру және есту қабілетін дамыту.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> "Қолды алға-артқа сермеп, құм толтырылған қапшықты лақтыру" Мақсат-міндеттер: балаларды қолды алға-артқа сермей отырып, құм толтырылған қапшықты нысананың ортасына лақтыруға үйрету.</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b> "Ағаштың қасиеттері" Мақсат-міндеттер: балалардың көктемдегі маусымдық өзгерістер туралы білімдерін бекіту; ағаштардың бүршік жаруы туралы ақпаратты өздігінен толықтыруға машықтандыру.</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> "[Э] дыбысы және Ээ әрпін қайталау". Мақсат-міндеттер: Э э дыбысы мен әрпін таныстыруды қайталау, сөздерге дыбыстық талдау жасауға, дыбыс пен әріпті ажырата білуге, берілген сөздерді дұрыс оқуға, жаза білуге үйретуді пысықтау.</p> <p><b>Математика негіздері</b> "Баубақшаның ағаштарына суды қалай жеткіземіз?" Мақсат-міндеттер: балалардың заттар топтамаларын салыстыруда "кем", "артық", "тең" белгілерін пайдалана білуге үйрету.</p> <p><b>Музыка</b> "Атамекен, ақ мекен" Мақсат-міндеттер: балалардың әннің сөзі мағынасын түсіне білу, музыкалық фрагментті басынан аяғына дейін мұқият тыңдай білу, музыкалық аспаптарда ырғақты ойнай білу; жоғары және төменгі дыбыстарды ажыратып, ән айта білу қабілеттерін жетілдіру.</p> <p><b>Сөйлеуді дамыту</b> "Б. Сокпақбаев «Ағаштар неге ашуланды?»" Мақсат-міндеттер: балаларға "Ағаштар неге ашуланды?" ертегісін оқып беру; сұрақ жауапқа монологтік және диалогтік байланыстырып сөйлеуді қосып, мазмұнды сурет бойынша әңгімелеуді, схемаға сүйене отыра, заттарды салыстырып әңгімелеуін дамыту.</p>	<p><b>Математика негіздері</b> "Ағаштар жайлы сен не білесің?" Мақсат-міндеттер: балалардың заттарды салыстыра білуге ортақ қасиеттері бойынша топтастыра білу дағдыларын дамыту; сан құрамын, заттар жиынтығын цирфмен сәйкестендіруді пысықтау.</p> <p><b>Қазақ тілі</b> "Бердібек Сокпақбаев "Ағаштар неге ашуланды" әңгімесі. Ағаш түрлері" Мақсат-міндеттер: Балаларды Б.Сокпақбаев "Ағаштар неге ашуланды" әңгімесінің мазмұнын таныстыру; ағаштарға күтіммен қарауға тәрбиелеу.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> "Тепе-теңдікті сақтап, құм толтырылған қапшықты лақтыру" Мақсат-міндеттер: балаларды арақашықтығы 40 см құрсаудан келесі құрсауға қос аяқтап секіру; кегльдер арасымен жүре отырып, 40 см қашықтықта қойылған жіптерден оң және сол аяқты алмастыра отырып жүруге үйрету.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b> "Менің сүйікті ертегім. «Құмырсқа» қазақ халқының ертегісі". Мақсат-міндеттер: ертегінің мазмұнын түсіндіру, әңгімелеуге, саусақ театры арқылы сахналауға үйрету.</p>	<p><b>Математика негіздері</b> "Ағаштар жайлы сен не білесің?" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: балалардың заттарды салыстыра білуге ортақ қасиеттері бойынша топтастыра білу дағдыларын дамыту; сан құрамын, заттар жиынтығын цирфмен сәйкестендіруді пысықтау.</p> <p><b>Сөйлеуді дамыту</b> "Б. Сокпақбаев «Ағаштар неге ашуланды?»" (қайталау) Мақсат-міндеттер: балаларға "Ағаштар неге ашуланды?" ертегісін оқып беру; сұрақ жауапқа монологтік және диалогтік байланыстырып сөйлеуді қосып, мазмұнды сурет бойынша әңгімелеуді, схемаға сүйене отыра, заттарды салыстырып әңгімелеуін дамыту.</p> <p><b>Музыка</b> "Көгілдір көктем" Мақсат-міндеттер: балаларды түрлі қарқынды музыканы тыңдауға және музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдауға үйрету.</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b> "Жас бағбандар" Мақсат-міндеттер: балаларды табиғаттағы мінез-құлық ережелерімен таныстыру; еліміздің көрікті жерлері туралы түсініктерін кеңейту.</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> "[Ц] дыбысы және Цц әрпі". Мақсат-міндеттер: балаларға [ц] дыбысы мен әрпін таныту. [ц] дыбысына байланысты жаңа сөздермен таныстыру.</p> <p><b>Құрастыру</b> "Құрылыс ғаламшары" Мақсат-міндеттер: балаларды құрылыс материалдары білеу, арка, призма, текше, цилиндрды пайдалана отырып ғарыш кемесін құрастыруды үйрету.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> "Тепе-теңдікті сақтап, құм толтырылған қапшықты лақтыру" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: балаларды арақашықтығы 40 см құрсаудан келесі құрсауға қос аяқтап секіру; кегльдер арасымен жүре отырып, 40 см қашықтықта қойылған жіптерден оң және сол аяқты алмастыра отырып жүруге үйрету.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b> "Менің сүйікті ертегім. «Құмырсқа» қазақ халқының ертегісі". (қайталау) Мақсат-міндеттер: ертегінің мазмұнын түсіндіру, әңгімелеуге, саусақ театры арқылы сахналауға үйрету.</p>
<p><b>2- таңғы ас</b></p>	<p>Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (<b>мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз</b>)</p>				
<p><b>Серуенге дайындық 10.35-10.50</b></p>	<p>Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтәңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (<b>мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет</b>)</p>				

<p>Серуен 10.50-12.30</p>	<p><b>Тастарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттер. Тастардың алуан түрімен және олардың қасиеттерімен таныстыру. <b>Зерттеу.</b> Балабақша аймағындағы тастарды табу: сұр, дөңгелек, үлкен және кішкентай. <b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b> аумақты тазарту бойынша ұжымдық жұмыс. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттер. Зейінді белгілі бір заттарға шоғырландыру, күш пен жылдамдықты біріктіру қабілетін шоғырландыру. <b>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Кім жылдам?" (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер: тізені жоғары көтеріп, педагог белгілеген межеге дейін аяқтың ұшымен жүгіру. <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері:</b> қозғалыстарды дамыту. <b>(дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер. Құрсауды еркін бағытта домалату дағдыларын жетілдіру.</p>	<p><b>Бұлттарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттер. Табиғаттың жансыз құбылыстары туралы білімдерін бекіту. <b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b> бақшадағы жұмыстар, қоқыс жинау, сыпыру жолдары. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттер. Бірлесіп жұмыс істеуге ұмтылыстарын қалыптастыру. <b>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Таңертең орманда", "Құстар". (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер. Педагогтің нұсқауларын тыңдау және оларды дұрыс орындау, берілген кеңістікте шашыраңқы жүру қабілеттерін бекіту; құстардың атауын, бір аяғымен секіру қабілетін бекіту. <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері:</b> математикалық жаттығу. <b>(дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер. Жұп және тақ сандардың есебін бекіту.</p>	<p><b>Желді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттер. Жел туралы ойларын нақтылау. <b>Зерттеу.</b> Құбылнаманың көмегімен желдің бағытын анықтау; желбағарды пайдаланып желдің күшін анықтау. <b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b> ауланы тазарту. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттер. Бірлесіп жұмыс жасау, бірлескен күш-жігермен тапсырмаларды орындау қабілеттерін бекіту. <b>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Кім жылдам?" (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер. Жүгіру кезінде жаттығу, жылдамдықты дамыту. <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері:</b> допты бір-біріне төменнен лақтыру. <b>(дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер. Қимылдарды үйлестіруді дамыту.</p>	<p><b>Су қоймасын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттер. Мұздың қасиеттері туралы білімдерін бекіту. Зерттеу. Мұздың қалыңдығын мұз өлшегішпен өлшеу (келесі серуендерде су қоймасындағы мұздың еруін бақылау). <b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b> ауланы коқыстан тазалау. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттер. Ересектерге көмектесуге деген ұмтылысты тәрбиелеу. <b>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Кім жылдам?" (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер. Жүгіру кезінде жаттығу, жылдамдықты дамыту. <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері:</b> ұзындыққа секіру. <b>(дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер. Ұзындыққа секіруді үйрету.</p>	<p><b>Топырақты бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттер. Топырақ қабаты - шымтезекпен таныстыру. <b>Зерттеу.</b> Құрғақ және сулы шымтезек кесектерін салыстыру; ұлғайтқыш арқылы шымтезек неден тұратынын бақылау; топырақ қайда тез кебеді және неге? <b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b> бақша жүйекшелеріне және ағаштардың түбіне шымтезек тасу. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттер. Шымтезектің пайдалы қасиеттері туралы білімдерін бекіту. <b>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ақ пен қара". (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер. Қашып бара жатқан балаларды белгі бойынша қуып жету. <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері:</b> арқанмен жаттығулар жасау. <b>(дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер. Арқанды алға және артқа айналдырып, секіру қабілетін бекіту.</p>
<p>Серуеннен оралу 12.30-.12.50</p>	<p>Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>				

<p><b>Түскі ас</b> <b>12.50-13.10</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b>          Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.          Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.</p> <p><i>Көркем сөз</i>          Тағы міне, таң атты,          Дайын дәмді тағамдар.          Үлпілдеген тиінге,          Жарып берем жаңғақты.          Қою сүтті беремін,          Мысық пенен күшікке.          Түлкіге қою айран,          Тышқанға дәндер салам.          Ақ қоянға тәтті нан,          Тосап беремін араға.          Таңғы ботқа береміз,          Бақшадағы балаға.</p> <p><b>Салт-дәстүр. Асату.</b>          Табақтағы тамақты (ет) жеп болғаннан кейін ондағы қалғанетті қарттар жас балаларға асатады. Балалар ет асаймыз деп күтіп тұрады.  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b></p>
<p><b>Күндізгі ұйқы</b> <b>13.10-15.30</b></p>	<p>Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.</p>
<p><b>Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары</b> <b>15.30-15.40</b></p>	<p>Арқаға арналған "Ауа райы" жаттығуы; балалар бірінің артына бірі тұрып, алдыңғы тұрған баланың арқасына әтүрлі массаж (уқалау) жасайды.          Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.          Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.  <b>(дене шынықтыру)</b></p>
<p><b>Бесін ас</b> <b>15.40-16.00</b></p>	<p>Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b></p>

<p><b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 16.00-16.15</p>	<p><b>Дидактикалық ойын ««Экологиялық пирамида».</b> Мақсат-міндеттер: балаларды логикалық ойлай білуге, әр сатыны таңдауын негіздей отырып, эколргиялық пирамида құрастыруға үйрету. Табиғаттағы барлық нысандардың өзара байланысын көре білуге баулу. Ойынның ережелері. «Экологиялық пирамида» құрудың тәртібі. 6 текше қолданылады. Олардың төрт жағында суреттер бейнеленген, бесіншісі мен алтыншысында- «экологиялық пирамида деген жазу бар. Ойынның барысы. Тәрбиеші балаларға текшенің тірі және өлі табиғат бейнеленген беттерін көрсетеді. Бірінші беті – күн, жер, дөңдер, тышқан, жылан, қаршыға. Екінші бетте – күн, жер, гүл, көбелек, шымшық, жапалақ. Үшінші беті – күн, жер, шөп, орман, қоян, қасқыр, түлкілер. Төртінші беті – күн, су тоғаны және балдырлар, су жәндіктері, бақа мен балық, кірпі. Пирамида құрастырылғаннан кейін тәрбиеші балаларға әр сатының өз маңызы бар екенін айтады. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Қимылды ойын: «Етек - етек»</b> Мақсат-міндеттер: топтан қалыспай тез қимылдауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойын шарты: Балалар ішінен біреуі құс болады. Ал, басқалары бірінің етегінен бірі ұстап, бастапқы баланың артынан жүреді. Етектен айырылып қалған баланы құс ұстап жеп қояды. Ол бала ойыннан шығарылады. Ал, ұстандар етектен, Айырылмандар жетектен, Біз шөжелер боламыз, Алдымызда анамыз. Кім айырылса етектен, Шығып қалса жетектен, Соны ұстайды қарақұс, Сол болады құсқа жем,</p>	<p><b>Дидактикалық ойын. "От, су, аспан, жер".</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың тірі және өлі табиғат өкілдері жайында білімдерін нығайту; ой шапшаңдығын, елестету, зейін қабілеттерін дамыту; алғырлыққа, зияткерлікке тәрбиелеу. Құралдар: доп. Шарты. Балалар бір тізбекке, жарты шеңберде (шеңберде) отырады (тұрады). Ойын шартының орындалуын реттеп отыру үшін, басында жүргізуші рөлін педагог өзі алуы мүмкін. Жүргізуші допты әр балаға кезекпен "От!", "Су!", "Аспан!", "Жер!" сөздерін айтып, допты қолдарына лақтырады. Допты ұстап алған бала әрбір сигнал сөзіне әрқалай, бір ғана жауап береді. Мысалы, "от" - өзін-өзі айналу, "су" - суда мекендейтін балық, суасты жануарының атауын айту, "аспан" - аспанда ұшып жүретін құс не жәндікті атау, "жер" - жерде мекендейтін жануардың немесе жәндіктің атауын айту. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Жанармай бекеті".</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігіндегі жанармай бекеті жайындағы ұғымдарын нақтылылау; жанармай құюшы, есепші, дүкенде құрал-жабдық сатушы жөнінде білімдерін кеңейту, тиянақтау; сыпайылыққа, жауапкершілікке, төзімділікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Жанармай бекеті жазуы; жанармай құятын орын, автомобиль бағанасы мен шланг макеті; рульдер, көліктің жанармай бақтарының жасанды үлгілері; автомобильдерге арналған дөңгелектер. Машинаның автобак үлгісінің орнына шырыннан босаған тетрапакетті жіпке байлап, иыққа іліп алуға болады. Шарты. Педагог балалармен жанармай</p>	<p><b>Дидактикалық ойын. "Не жасырынғанын айт".</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың ойлау, елестету, байланыстыра сөйлеу қабілеттерін дамыту; заттардың қасиеттерін зерттеуге деген қызығушылықтарын арттыру. Шарты. Алғашында жүргізушінің рөлін педагог, содан соң балалар кезекпен атқарады. Жүргізуші балаларға жасырынған затты (ойыншықты, құбылысты, жануарды, құсты, өсімдікті) сөзбен сипаттайды, бірақ оны атамайды. Ойыншы балалар жауабын табуға тырысады. Ойынның басында педагог балалар үшін заттың сипаттамасын қарапайым жән нақтылы беріп жатады, содан соң тапсырмалар күрделене бастайды. Мысалы, "Бұл өсімдік, қылқан жапырақты ағаштарға жатады, пішіні үшбұрышқа келеді"; "Бұл жиһаз, ол пластиктен де, ағаштан да жасалады, адамның демалуына жағымды ықпалы бар". <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжеттік-рөлдік ойын. "Табиғи қорық".</b> Мақсат-міндеттер. Балаларға табиғи қорық, "Қызыл кітап" туралы түсініктер беру; қорықта қызмет атқаратын орманшы, аңшы, ағаш кесуші, ветеринар дәрігері жөніндегі ұғымдарын нығайту; орман мамандарының орманды, жан-жануарларды қорғаудағы атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбекқорлыққа, жан-жануарларға деген аяушылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Табиғи қорықтың қызметкерлеріне қажет заттар мен құралдар; алғашқы медициналық көмек қобдишасы, сөмкелер; ойыншық жануарлар және құстар; орман, бұлақ, жасанды таулар үлгілері. Шарты. Педагог балалармен бірлесіп, дайындық жұмыстары ретінде</p>	<p><b>Дидактикалық ойын. "Ассоциациялар" (көктем мезгілі).</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың көктем мезгілі жайындағы түсініктерін тиянақтау, қысқы құбылыстарға көңіл аудару; "көктем мезгілі" ұғымына сәйкес келетін сөздерді табуға ынталандыру; ой-қиялың дамыту. Құралдар. Қыс мезгілі жайында суреттер немесе бейнежазба. Көктем мезгіліне байланысты мнемочарткалар. Шарты. Балалар көктем мезгіліне байланысты құбылыстарды, жанды және жансыз табиғатта болатын ерекшеліктерді атау керек. Педагог балалардың тақырыпқа деген қызығушылығын ояту үшін тапқалық оқып беру мүмкін немесе балалардың қыс туралы білетін тапқалықтарын кезекпен айтып бере алады. Мысалы, Ө. Тұрманжановтың өлеңіне көңіл аударуға болады. Балалар-ау, балалар! Шақырады далалар. Көктем келді гүл алып, Құстар келді жыр алып. Қос білекті сыбанып, Жүгірейік қуанып. Қыр басына шығайық, Көктем тілін ұғайық. Қызғалдақты терейік, Теріп үйге келейік. Көбелектей киінген, Гүлді көріп сүйінген, Алақайлап жүгірген, Қып-қызыл бет – бүлдірген, Қарындасқа қаршай, Жас балапан аршайдай, Гүлдің шоғын берейік, Қуанғанын көрейік. Педагог көркем сөзді оқып болғаннан кейін, ойынға көшеді. Егер балаларда қиындықтар туындап жатса, көктем туралы суретті немесе бейнежазбаны алдымен көрсетіп, кейін көз алдынан алып қойып, содан соң балаларға қыс жайында ассоциацияларды айтуды ұсына алады. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Дидактикалық ойын. "Мен кімін? Ол не?"</b> Мақсат-міндеттер. Балаларды кез келген жануар, құс, зат, құбылыс немесе мамандық иесі туралы сипаттаманы естіп, оның кім немесе не екенін табуға ынталандыру; қоршаған заттар, құбылыстар, заңдылықтар мен оқиғалар жайындағы білімдерін тиянақтау, жалпылау; білгірлікке тәрбиелеу. Шарты. Алғашында педагог, содан соң қалаған балалар кезекпен шығып, қалған балаларға өздерінің жұмбақтарын жасырады. Жұмбақты шешкен бала өзі жаңа жұмбақты жасырады. Жұмбақты жасыру мысалы: "Мен ақ халатты киемін. Қолымда ақ сөмке болады. Мені көріп біреулер қуанады, біреулер алаңдайды". <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Киімдер" дүкені.</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың "Киімдер" дүкені, киім сатушының жұмысының ерекшелігі жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу. Құралдар. Сөрелер, қораптар, ілмектер, киім үлгілері (көрнекілік қуыршаққа арнайы тігілген); ойыншық смарфондар, төлем карткалары, сөмкелер, қаражат қағаздары; қуыршақтар. Шарты. Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен дүкенге саяхатты ұйымдастыруы мүмкін. Балалар дүкен жайында суретті, бейнежазбаны көрсетіп, "тауар" ұғымына киімдер де жататынын, киімдердің сыртқы киім, үстіге киілетін киім және ішкі киім болып бөлінетіні жайында түсіндіреді. Киімдердің үтікеліп, әдемі күйінде сатып алушы алдына ұсынылу керектігі жайында да айтылуы тиісті.</p>
---	--	---	--	---	--

<p><b>Балалармен жеке жұмыс</b> <b>16.15-16.30</b></p>	<p><b>Саусақ жаттығуы.</b> <b>Гүлдер</b> Көктемде жайнар алқаптар - (ортаңғы және сұқ саусақтармен "жүру") Айналаға гүл қаптар. (алақанды ашып, қолмен айналаны көрсету) Шашағы аппақ түймедақ, (алақанды, саусақтарды ашып, қозғау.) Көктікен мен қызғалдақ Жердің көркін ашады. (көктікен - саусақтардың бастарын қосып, жан-жаққа шашырату, "қызғалдақ"- саусақтарды кесе сияқты жинау). (О.И. Крупенчук; Е.Елубаев) <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Ненің құйрығы?" дидактикалық ойыны.</b> Максат-міндеттер. Жануарлар туралы білімдерін бекіту, есте сақтау, ойлау, зейін және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Барысы. Бір күні таңертең орман жануарлары оянып, бәрінің құйрықтары ауысып кеткенін көрді. Қоянда қасқырдың құйрығы, қасқырда түлкінің құйрығы, түлкіде аюдың құйрығы. Жануарлардың көңіл-күйлері түсіп қалды. "Қасқырдың құйрығы қоянға сәйкес келе ме? "Бұл ненің құйрығы?" деген сұраққа жауап бере отырып, жануарларға құйрықтарын табуға көмектесу. "Міне, қасқырдың құйрығы. Ол қандай? (сұр, ұзын)." және т.б.. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Ойын-жаттығу "Табиғатпен сырласу"</b> Балалар арасынан "жолбасшы" тағайындалады. Балалар шеңберге бірінің артынан бірі тұрып, жолбасшының қимылын қайталайды. Өзеннен өту. Тауға өрмелеп шығу. Шалшық сулардан өту. Ормандағы сулардан өту. Ашық алаңға жетіп, қуанып, демалды. <b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p><b>«Мейірімділік ағашы»</b> Ойынның мақсат-міндеттер: «игі істер» туралы түсінік қалыптастыру, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Педагог балалардың назарын ватман парағына салынған «мейірімділік ағашына» аударады және олардан игі істер туралы айтып беруді сұрайды. Қатысушылар айтқан сөздеріне қарай ағашқа жемістің суретін салады. Ойын балалар өздерінің игі істерін айтып болғанға дейін жалғасады. Ойынның соңында ағаштың суретін қабырғаға іліп қоюға болады және оған арасында жаңа жемістер қосуға болады. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Дидактикалық ойын ""Ұшады, жүзеді, секіреді"".</b> Максат-міндеттер: әртүрлі жануарлардың қозғалу іс-әрекеттері туралы білімдерін бекіту. Мысалы: Балық - жүзеді, аққу - ұшады, қоян - секіреді. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)"</p>
<p><b>Серуенге дайындық</b> <b>16.30-16.50</b></p>	<p>Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтсекін реттілікпен киюін қадағалау. <b>(мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)</b></p>				
<p><b>Серуен</b> <b>16.50-18.00</b></p>	<p>Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>				
<p><b>Серуеннен оралу</b></p>	<p>Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>				

## Кешкі ас

### Гигиеналық дағдылар

Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.

Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.

*Көркем сөз*

Тағы міне, таң атты,

Дайын дәмді тағамдар.

Үлпілдеген тиінге,

Жарып берем жаңғақты.

Қою сүтті беремін,

Мысық пенен күшікке.

Түлкіге қою айран,

Тышқанға дәндер салам.

Ақ қоянға тәтті нан,

Тосап беремін араға.

Таңғы ботқа береміз,

Бақшадағы балаға.

**Салт-дәстүр. Асату.**

Табактағы тамақты (ет) жеп болғаннан кейін ондағы қалғанетті қарттар жас балаларға асатады. Балалар ет асаймыз деп күтіп тұрады.

**(мәдени-гигиеналық дағдылар)**



<p><b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру. Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға, берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу.</p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. <b>(музыка)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру, қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру, балаларға "Қаражорға" биін билету. Балалар музыкалық аспаптарын да қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу. Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.</p> <p>Өнер бұрышында қоршаған орта тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. <b>(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салу, бірнеше заттардың өлшеміндегі айырмашылықтарды беру, геометриялық пішіндегі заттарды салу.</p> <p>Бояумен сурет салу кезінде қылқаламды бояуға батыру, қағазға жуан сызықтарды сызарда қылқаламды көлденең, ал жіңішке сызықтар мен нүктелерді сызу үшін тігінен ұстап, суреттерді бояғанда бір бағытта солдан оңға қарай, жоғарыдан төмен қарай, қиғашынан жүргізу. Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру, сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білу, кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеу, композицияларды қосымша заттар мен элементтердің көмегімен көркемдеп жеткізу. Ертегілер мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композицияларды құру дағдыларын жетілдіру. Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру.</p> <p>Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау. Табиғи (ағаш, макта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық заттардан құрастыруға баулу.</p> <p>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа.</p> <p>Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту.</p> <p>Мобильді құрылғыларды қолдану кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін білу (күніне ата-аналардың рұқсатымен 30 минуттан артық емес мобильді құрылғыларды қолдану).</p> <p>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. <b>(зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң); қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу); табиғи-климаттық аймақтар (ақ аю, итбалық, пингвин, жираф, піл, маймыл) бойынша топтастыру.</p>
---	--

<b>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) 18.00-18.30</b>	«Біздің отбасы серуенде».	«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».	Ата-аналармен жиналыс өткізу. «Бала дамуының отбасының ықпалы».	«Бала - ата-ана көзімен» сауалнамалар жүргізу.	«Баланы қоршаған әлемді танып-білуге дағдыландырыңыз».
--	---------------------------	--------------------------------------	---	--	--

### ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) \_\_\_\_\_

Топ: мектепалды

Балалардың жасы: 5 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 15.04 - 19.04.2024ж.

Педагогтың аты-жөні \_\_\_\_\_

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
	15.04	16.04	17.04	18.04	19.04
<b>Күн тәртібі</b>					
<b>Балаларды қабылдау 08.00-08.15</b>	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>				
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 08.15-08.30</b>	"Үйде балалардың бос уақытын қалай тиімді өткізуге болады?" тақырыбында кеңестер беру; әңгімелесу.				

<p><b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер 08.30-08.55</b></p>	<p><b>"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау".</b>          Мақсат-міндеттер. Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау, балаларға сыртқы түріне, құрылымына назар аударып, өсімдіктен шаңды кетіру әдісін таңдауға үйрету.  <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".</b>          Мақсат-міндеттер. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; балалардың түсінігінде жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Оларды суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру.  <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Асхана бойынша кезекшілік".</b>          Мақсат-міндеттер. Балаларды кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауға үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдықтауда тәртіпсіздікті көре білу. Ортақ игілік үшін, ниеттеніп еңбектенуге тәрбиелеу.  <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп"</b>          (тәрбиешінің көмекшісімен бірге)          Мақсат-міндеттер. Балаларға жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымкыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлықты, тәртіпті көре білуді. Ұжымда тату-тәтті еңбек етуді үйрету.  <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Кір сүлгілерді ауыстыру".</b>          Мақсат-міндеттер. Еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрету. Ортақ игілік үшін, ниеттеніп еңбектенуге тәрбиелеу.  <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p>
--	--	--	--	---	--

	<p><b>Жапсырудан ойын-жаттығу</b> "Гүлденген ағаштар" Мақсат-міндеттер: көктем мезгілі келісімен табиғат оянып, ормандағы ағаштардың гүлдеп, бүршік атулары жайлы білім беру. <b>(шығармашылық іс-әрекет)</b></p> <p><b>«Түрлі-түсті гүл шоғы».</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың эмоционалды көңіл-күйін көтеру. - Балалар біз, орман алаңымен келеміз деп елестетіндер. Күн ашық, құстар сайрап жүр, самал жел соғып тұр. Өсімдіктердің хош иісін байқадыңдар ма? Біз орманда саяхаттамыз, мұнда түрлі-түсті гүлдер бар, ақ, қызыл, көк, сары т.б.. Гүлдерді жұлуға болмайды. Олар біз секілді өмір сүреді. Енді, сіздерге ұнаған гүлді таңдаңыз. Оның түсін, көлемін байқаңыз, естеріңе сақтаңыздар. Енді бізге кейін оралу керек. <b>(әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)</b></p>	<p><b>"Дәрілік өсімдіктің атауын анықта?" дидактикалық ойыны.</b> Мақсат-міндеттер. Балаларға емдік қасиеті бар өсімдіктердің иісіне, түр-түсіне қарап, атауын табуға үйрету. Шарты. Педагог дәрілік қасиеті бар өсімдіктерді дәріханадан әкеліп, кішкентай табақшаларға салып қояды. Балалар екі топқа бөлініп табақшадағы кептірілген өсімдіктерді бақылайды. Әр топ өсімдіктердің атауын дұрыс тауып, олардың қасиеттерін естеріне түсіріп, айтып береді. Өсімдіктің атауы дұрыс табылса, тиісті таңбалауышты ыдыстың жанына қояды. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)</b></p> <p><b>«Сөзді аяқта» дидактикалық ойыны.</b> Мақсат-міндеттер. Сөйлеу тілін дамыту. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Вариативті компонент - Жас зерттеуші</b> "Көктемгі ағаштар" Мақсат-міндеттер: ағаштар туралы білімдерін кеңейту, ағаштарды ажырата білуге үйрету; ағаштардың маңызы туралы білімдерін кеңейту.</p> <p><b>Дидактикалық ойын.</b> «Түстері бойынша бөл». Өз еріктерімен суреттерді бояу. <b>(шығармашылық іс-әрекет)</b></p>	<p><b>Мүсіндеуден ойын-жаттығу</b> "Көктем көркі" Мақсат-міндеттер: балаларды ашық және қою түсті жасыл түсті ермексаздарды қосу арқылы ағаштың ұшар басын жасап, мүсіндеудің шиыршықтау әдісін пайдалана отырып ағаш жапырақтарын жасау арқылы ағашты мүсіндеуге үйрету. <b>(шығармашылық іс-әрекет)</b></p> <p><b>"Көктем" өлеңін жаттау.</b> Көктем қырға төрледі, Төрт түлік мал төлдеді. Бәйшешектер құлпырып, Деп тұрғандай: «Көр мені!» Жылы мезгіл жетіпті, Тастадық біз етікті. Қар көктемге жеткізбей, Тауға шығып кетіпті! К.Ыбырайұлы <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Пазл "Теңіздегі балықтар".</b> Мақсат-міндеттер. Баланың зейінін, ынтасын, байқампаздыққа, ойлау қабілетін, саусақ моторикасын, жылдамдығын дамытады. Теңіз балықтарының атауын атап білімдерін бекіту. Ойын шарты. Теңіз балықтарының суреті бар пазлды құрау. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>“Не артық” ойыны</b> Мақсат-міндеттер: Балалардың қабылдауын анықтау, артық суретті айта білуге үйрету. Шарты: 4 сурет берілген картокадағы артық суретті табу. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>
--	---	---	--	---	---

<p><b>Танертеңгі жаттығу</b> <b>08.55-09.00</b></p>	<p><b>Жалпы дамыту жаттығулары "Қара жорға"</b></p> <p>1. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол белде. 1 - иықты алға қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу; 3 - иықты артқа қозғау; 4 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау)</p> <p>2. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол төменде. 1- оң аяқты алға созып, оңға қарай иіліп, қолды бүге, саусақтарды қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу; 3 - сол аяқты алға созып, солға қарай иіліп, қолды бүге, саусақтарды қозғау; 4 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).</p> <p>3. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол төменде. 1 - сол аяқты алға созып, оң қолды жоғары көтере, сол қолды алға соза, сол қолды, оң қолға тигізу; 2 - бастапқы қалыпқа келу; 3 - оң аяқты алға созып, оң қолды жоғары көтере, сол қолды алға соза, сол қолды, оң қолға тигізу; 4 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).</p> <p>4. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол белде. 1- екі аяқты бірге ұстап, қолды 2 жаққа соза, иықты қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).</p> <p>5. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол төменде. 1 - аяқты айқастыра тұрып, қолды белге ұстап, иықты алға, артқа қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).</p> <p>6. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол белде. 1 - екі аяқты кезек көтеріп, қолды белге ұстап, орнында шоқырақтау; 2 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).</p> <p><b>(дене шынықтыру)</b></p>				
<p><b>Таңғы ас</b> <b>09.00-.09.20</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.</p> <p><i>Көркем сөз</i></p> <p>Нәйім-нәйім, бауырсақ, Қойға қарай жүгірсек, Қой ішінде көк ісек, Жақсы бала малсақ, Жаман бала үй күшік. Нәйім-нәйім бауырсақ, Бауырсақты қуырсақ. Жақсы бала малсақ, Жаман бала ауылсақ. (І.Жансүгіров)</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b></p>				
<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b> <b>09.20-09.30</b></p>	<p>"Көктемгі ағаштар" тақырыбында әңгімелесу. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p>"Гүлденген ағаштар" суретіне қарап әңгімелесу. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>	<p>Ағаштың түрлері, қасиеттері туралы әңгімелесу. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>	<p>Ағашқа байланысты мақалдар жаттау. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p>Тақырыпқа байланысты қызықты мәлімет айту. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>

<p><b>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b> <b>09.30-10.35</b></p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> "[ц] дыбысы және Цц әрпін қайталау". Мақсат-міндеттер: балаларға [ц] дыбысы мен әрпін таныту. [ц] дыбысына байланысты жаңа сөздермен таныстыру.</p> <p><b>Қазақ тілі</b> "Й дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау негіздері)". Мақсат-міндеттер. "Й" дыбысы мен әрпімен таныстыру. "Й" дыбысының айтылуын дұрыс меңгерту.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> "Құм толтырылған қапшықты лақтыру жаттығуын пысықтау" Мақсат-міндеттер: балаларды белгіленген жерге дейін жылдамдыққа (ұзындығы 20 м) жүгіруге үйрету.</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b> "Қазақстандағы ұлттар мәдениеті" Мақсат-міндеттер: балаларға Қазақстанда тұратын көп ұлттар туралы мәліметтер жиынтығын толықтыру.</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> "[ш] дыбысы және Шщ әрпі". Мақсат-міндеттер: Шц дыбыстарын және Шц әріптерін таныстыру. Артикуляция бойынша дыбысын дұрыс айтуға үйрету.</p> <p><b>Математика негіздері</b> "Достық үйінің құрылысы" Мақсат-міндеттер: балаларды түрлі оқиғалар, мен ертегілер мысалында және іс-тәжірибеде тұтас бөлікті тең екі және төртке бөлу тәсіліне үйрету.</p> <p><b>Музыка</b> "Көңілді көктем келді" Мақсат-міндеттер: балалардың түрлі қарқындағы музыканы тыңдауға, музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдауға, дыбыстарды биіктігіне қарай ажыратып, әуеннің басталуы мен аяқталуына мән бере білу қабілеттерін жетілдіру.</p> <p><b>Сөйлеуді дамыту</b> "1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні" Мақсат-міндеттер: 1 - мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күні екенін балаларға оқып беру арқылы түсіндіру.</p>	<p><b>Математика негіздері</b> "Достармен бөлісе біл" Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды салыстыру негізінде тең төрт бөлікке бөліп, сандық мөлшерін теңестіруді меңгерту; сандар құрамын жылдам анықтауға, тез санауға жаттықтыру.</p> <p><b>Қазақ тілі</b> "Достық" ертегісін баяндау. Достық дегеніміз не?". Мақсаты: Қазақстандағы халықтар достығы туралы ұғымды дамыту; "Достық" ертегісінің сюжетін есте сақтауға, мағынасын түсінуге үйрету; стандартты емес жағдайларда достар айтқан негізгі сөз тіркестерін айтуға үйрету.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> "Бір аяқты серпу арқылы орындыққа қарғып шығу" Мақсат-міндеттер: балаларды бірнеше қадам аттап барып бір аяқты серпу арқылы орындыққа қарғып шығуға үйрету.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b> "Көктем сәні" Мақсат-міндеттер: ертегінің желісін кейіпкерлерін, мазмұнын түсіну. Ертегіні баяндауда өз ойларын алдымен ұштастыруға баулу.</p>	<p><b>Математика негіздері</b> "Достармен бөлісе біл" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды салыстыру негізінде тең төрт бөлікке бөліп, сандық мөлшерін теңестіруді меңгерту; сандар құрамын жылдам анықтауға, тез санауға жаттықтыру.</p> <p><b>Сөйлеуді дамыту</b> "1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: 1 - мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күні екенін балаларға оқып беру арқылы түсіндіру.</p> <p><b>Музыка</b> "Біз бақытты баламыз" Мақсат-міндеттер: балаларды еліміз туралы шығарманың мазмұнын тереңірек түсініп, соңына дейін тыңдай білуге және шығарманың бөлімдерін ажырата білуге үйрету.</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b> "Тірі және өлі табиғат" Мақсат-міндеттер: тірі және өлі табиғат туралы білімдерін кеңейту; қойылған сұрақтың дұрыс жауабын табуға үйрету; қызығушылығын, есте сақтау қабілеттерін, шығармашылық қиялын дамыту.</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> "[ш] дыбысы және Шщ әрпін қайталау". Мақсат-міндеттер: Шц дыбыстарын және Шц әріптерін таныстыруды қайталау. Артикуляция бойынша дыбысын дұрыс айтуға үйретуге дағдыландыру.</p> <p><b>Сурет салу</b> "Инжугүлдер" Мақсат-міндеттер: балаларды қылқалам мен мақта таяқшасымен салу техникаларын үйлесімді пайдалану іскерлігін ұштау; көктем гүлі инжугүлдің құрылым және түс ерекшеліктерін байқап, қағаз бетінде көрсете білу; қараңғы жасыл түсті араластырып жасау тәсіліне үйрету.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> "Бір аяқты серпу арқылы орындыққа қарғып шығуды пысықтау" Мақсат-міндеттер: балаларды қырлы бөренелерден аттау арқылы орташа қарқынмен бір-бірлеп бір қатарда жүгіруге үйрету.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b> "Көктем сәні" (қайталау) Мақсат-міндеттер: ертегінің желісін кейіпкерлерін, мазмұнын түсіну. Ертегіні баяндауда өз ойларын алдымен ұштастыруға баулу.</p>
--	---	---	--	---	--

2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)				
Серуенге дайындық 10.35-10.50	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуен 10.50-12.30	<p><b>Жәндіктерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Шыбынның пайда болу ерекшеліктері, оның өмір сүруі туралы білімдерін дамыту.</p> <p><b>Зерттеу.</b> Шыбындардың ұшуын қадағалау (ұшу ұзақтығы); шыбындардың көп шоғырланған ауданын табу (неге бұл аймақта шыбындардың көп шоғырланған және онымен қалай күресу керек).</p> <p><b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b> ас бұршақ тұқымын отырғызу. (еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Асбұршақ отырғызу дағдыларын дамыту; еңбекке деген позитивті қатынасты тәрбиелеу.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойындары:</b> "Допты ұста". (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Дәлдікті дамыту.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері:</b> қозғалыстарды дамыту.</p> <p>Мақсат-міндеттер. Қабырғаға доппен ойнау техникасын жетілдіру.</p>	<p><b>Жаяу жүргіншілер жолын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Жолдың жаяу жүргінші бөлігі, жол ережелері туралы білімдерін қалыптастыру.</p> <p><b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары</b> (кішкентай бұтақтарды жинау)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Өз бетімен еңбектенуге үйрету. (еңбек іс-әрекеті)</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойындары:</b> "Ұстап ал".</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды ереже бойынша ойнауға үйрету, ептілікті, батылдықты дамыту, ашық ойындарға деген қызығушылықты дамыту.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:</b> "Жүгірейік". (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Жылдамдықты, ептілікті дамыту.</p>	<p><b>Өтіп бара жатқан көліктерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Көлік түрлері туралы білімдерін бекіту, ересектердің жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу.</p> <p><b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b> "Өзіңе жұмыс тап". (еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалармен осы жұмыстың мақсатын талқылау, еңбекті құрметтеу сезіміне тәрбиелеу.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойындары:</b> "Дәл тигіз". (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Нақтылықты, ептілікті дамыту, өзіне деген сенімділікті қалыптастыру.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.</p>	<p><b>"Серуендегі қауіпсіздік". Балабақшаның алаңында мақсатты түрде серуендеу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды балабақша алаңын тексеруге шақыру, қауіпті жағдайлардың алдын-алу үшін не істеу керектігін талқылау.</p> <p><b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары</b> (құстарды тамақтандыру).</p> <p>Мақсат-міндеттер. Құстарды тамақтандыру үшін орынды таңдау; құстардың тіршілігін бақылау; балаларды құстарға қамқорлық жасауға шақыру. (еңбек іс-әрекеті)</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойындары:</b> "Қу түлкі". (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды жүгіруге жаттықтыру, ептілікті дамыту, дене белсенділігін арттыру.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:</b> "Секірейік, шаршамайық"</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалар педагог белгілеген межеге дейін қос аяқтап секіреді. Ең бірінші секіріп, орнына қайтып келген бала жеңіске жетеді.</p>	<p><b>Бұлттарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Әлемді тұтас қабылдаудың негізі ретінде, жер мен көктің бірлігі туралы сананы қалыптастыруды жалғастыру.</p> <p><b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары</b> (ауладағы бұтақтарды жинау).</p> <p>(еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Нұсқаулыққа сәйкес және бірлесіп жұмыс істеу қабілетін қалыптастыру, жалпыға бірдей жұмыс істеуге деген ұмтылысты тәрбиелеу.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойындары:</b> "Сұңқар мен түлкі". (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Ойын ережелерін айтуға, жүгіру кезінде негізгі қимылдарды дұрыс орындауға үйрету.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:</b> "Ең жылдам".</p> <p>Мақсат-міндеттер. Жылдам жүгіру кезінде жаттығу; ептілікті, физикалық қасиеттерді дамыту.</p>

Серуеннен оралу 12.30-.12.50	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>
<b>Түскі ас</b> <b>12.50-13.10</b>	<b>Гигиеналық дағдылар</b> Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. <i>Көркем сөз</i> Нәйім-нәйім, бауырсақ, Қойға қарай жүгірсек, Қой ішінде көк ісек, Жақсы бала малсақ, Жаман бала үй күшік. Нәйім-нәйім бауырсақ, Бауырсақты қуырсақ. Жақсы бала малсақ, Жаман бала ауылсақ. (І.Жансүгіров) <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b>
<b>Күндізгі ұйқы</b> <b>13.10-15.30</b>	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.
<b>Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары</b> <b>15.30-.15.40</b>	Гимнастика элементтерімен баяу көтерілу. Ауа процедураларын қатайту (контрастты). Аяқ массажы. Мақсат-міндеттер: төсекте жатып гимнастикалық жаттығуларды қалай жасауға болатындығын үйрету. Резеңке төсеніштермен және ағаш жолмен жүре отырып, аяқты уқалауды үйрету. Гимнастиканы дұрыс және синхронды түрде орындау. Гимнастикалық жаттығуларға сай өлеңдер жаттау . <b>(дене шынықтыру)</b>
<b>Бесін ас</b> <b>15.40-16.00</b>	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b>



<p><b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу кимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 16.00-16.15</p>	<p><b>Дидактикалық ойын «Қай өсімдік екенін тап».</b>          Мақсат-міндеттер: тақырыпты сипаттау және оны сипаттама бойынша тану.          Ойын барысы. Тәрбиеші бір баланы өсімдікті сипаттауға немесе ол туралы жұмбақ жасауға шақырады. Басқа балалар бұл қандай өсімдік екенін табуі керек.  <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Ұлттық ойын. Ханталапай</b>          Бұл отырып ойналатын ойын. Отан төрт-бес үміткерден қатысады. Ойын үшін он асық тандап алынады. Он бірінші асықтың ерекше өзге түске (қызыл, не көк) боялған болуы шарт. Бір-бірден асық иіріледі де, қорытынды бойынша ойыншылардың кезектері анықталады. Бұдан соң алғашқы ойыншы қос уыстай ұстаған бар асықты ортаға иіруі керек. Қалған ойыншылар өзге асықтардан ерекшеленген «ханға» көз салады. Себебі, хан алшы түссе, барлығы тарпа бас салып, ортадағы асықтарды, хан талапай жасауы тиіс. Хан кімнің қолында кетсе, келесі үйірі кезегі соған беріледі екен, хан мен бірге қолына ілінген асықтардың санына қарай ұпай жазылады.          Хан алшы түспеген жағдайда иірген ойыншы шашылған асықтардың бүгі мен бүгін, шігі мен шігін, алшысы мен алшысын, тәйкесі мен тәйкесін бір-біріне соғып, бір-біріне тимей қалғанша ұпай жинайды. Көздеген асығы үшінші бір асыққа тиіп кетсе немесе бөгде асықты қозғап қалса да,</p>	<p><b>"Табиғат және адам" дидактикалық ойыны.</b>          Мақсат-міндеттер: балалардың адам не жасайтыны, табиғат адамға не беретіні туралы білімдерін жүйелеу.          Ойын барысы. «Адам не істеді?» - тәрбиеші сұрақ қойып, бір затты ойыншылардың біріне береді (немесе допты лақтырады). Бала жауап беріп, допты немесе затты жақын тұрған балаға береді. Осылай шеңбер бойымен бір-біріне затты немесе допты береді.          Шеңберді аяқтағаннан кейін тәрбиеші жаңа сұрақ қояды: «Табиғат нені тудырды?». Ойын шеңбер бойымен жалғасады; жауап бере алмаған бала шеңберден шығып, оны өткізіп жібереді, бірақ егер ол сөзді ойлап тауып, атаса, оны қайтадан ойынға қосады.  <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>"Аңшылар мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны.</b>          Мақсат-міндеттер: балаларды қоян болып секіруге, аңшыдан қорғануға үйрету.          Ойын барысы. Алаңның бір жағына аңшы, келесі жақта қояндарға орын белгіленеді. Әрбір үйде 2-3 қоян болады. Белгі бойынша қояндар үйінен шығып, жайылымда қос аяқтап, секіріп жүреді. Тәрбиеші: «Аңшы» дегенде қояндар үйлеріне жүгіреді. Аңшы бала оларға доп лақтырады. Доп тиген қояндар атылған болып саналады. Аңшы оны өзіне алып кетеді. Ойын бірнеше рет қайталанатын.  <b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p><b>"Күнді ата" дидактикалық ойыны.</b>          Мақсат-міндеттер: күннің бөліктері туралы түсініктерді бекіту (таңертең, түстен кейін, кешке, түнге дейін)          Материалдар: күннің бөліктері бейнеленген карточкалар.          Ойын барысы. Тәрбиеші балалармен бірге күннің неше бөліктен тұратындығын біледі, олардың аттарын атап, сәйкес суреттерді көрсетіп, дұрыс ретпен орналастыруды ұсынады (таңертең, түстен кейін, кешке, түнге).          Тәрбиеші күн құруды ұсынады және күннің бір бөлігін атайды. Балалар күннің қалған бөлігін тізімдейді және сәйкес суреттерді көрсетеді. Ойын 2-3 рет қайталанатын.  <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Ұлттық ойын. Алтыатар ойыны</b>          Көндегі кенейлердің бір шетіне түпте қалған (сақасы шықпаған) баланың сақасы тігіледі. Кенейдің арасында саңлау болмай тіркестіріле қойылады. Көннің екі жағына 1м жерден су (сызық) ал 5-6 м жерден қарақшы белгілейді. Кімде кім түптегі сақаны жұлып кетсе (суданшығарса) бүкіл кенейді сол алады. Ал сақаға тимей кенейді ұшырса, оның судан шыққаны ғана соныкі болып табылады. Ату саны — 6 рет. Алғаш сақасы шыққан бала, қалғандары одан кейінгі кезекте атады. Алты рет атыстан қалған кенейдің бәрі түпте қалған баланикі болып есептеледі.  <b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p><b>Дидактикалық ойын. "Ассоциациялар" (көктем мезгілі).</b>          Мақсат-міндеттер. Балалардың көктем мезгілі жайындағы түсініктерін тиянақтау, қысқы құбылыстарға көңіл аудару; "көктем мезгілі" ұғымына сәйкес келетін сөздерді табуға ынталандыру; ой-қиялын дамыту.          Құралдар. Қыс мезгілі жайында суреттер немесе бейнежазба.          Көктем мезгіліне байланысты мнемокарточкалар.          Шарты. Балалар көктем мезгіліне байланысты құбылыстарды, жанды және жансыз табиғатта болатын ерекшеліктерді атау керек.          Педагог балалардың тақырыпқа деген қызығушылығын ояту үшін тақпақты оқып беру мүмкін немесе балалардың қыс туралы білетін тақпақтарын кезекпен айтып бере алады.          Мысалы, Ө. Тұрманжановтың өлеңіне көңіл аударуға болады.          Балалар-ау, балалар!          Шақырады далалар.          Көктем келді гүл алып,          Құстар келді жыр алып.          Қос білекті сыбанып,          Жүгірейік қуанып.          Қыр басына шығайық,          Көктем тілін ұғайық.          Қызғалдақты терейік,          Теріп үйге келейік.          Көбелектей киінген,          Гүлді көріп сүйінген,          Алақайлап жүгірген,          Қып-қызыл бет – бұлдірген,          Қарындасқа қаршадай,          Жас балапан аршадай,          Гүлдің шоғын берейік,          Қуанғанын көрейік.          Педагог көркем сөзді оқып болғаннан кейін, ойынға көшеді.          Егер балаларда қиындықтар</p>	<p><b>Дидактикалық ойын. "Не жасырынғанын айт".</b>          Мақсат-міндеттері. Балалардың ойлау, елестету, байланыстыра сөйлеу қабілеттерін дамыту; заттардың қасиеттерін зерттеуге деген қызығушылықтарын арттыру.          Шарты.          Алғашында жүргізушінің рөлін педагог, содан соң балалар кезекпен атқарады.          Жүргізуші балаларға жасырынған затты (ойыншықты, құбылысты, жануарды, құсты, өсімдікті) сөзбен сипаттайды, бірақ оны атамайды. Ойыншы балалар жауабын табуға тырысады. Ойынның басында педагог балалар үшін заттың сипаттамасын қарапайым жән нақтылы беріп жатады, содан соң тапсырмалар күрделене бастайды. Мысалы, "Бұл өсімдік, қылқан жапырақты ағаштарға жатады, пішіні үшбұрышқа келеді"; "Бұл жиһаз, ол пластиктен де, ағаштан да жасалады, адамның демалуына жағымды ықпалы бар".  <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>"Теніз толқиды" аз кимылды ойыны.</b>          Мақсат-міндеттер: тәрбиешінің белгісі бойынша орындау, шығармашылық, зейінділік, ұстамдылық таныту.          Белгі бойынша екі аяқпен секіру; ептілікке, зейінділікке тәрбиелеу, қозғалыс координациясын дамыту.  <b>(дене шынықтыру)</b></p> <p><b>Сюжеттік-рөлдік ойын.</b></p>
---	---	---	--	--	---

<p><b>Балалармен жеке жұмыс</b> <b>16.15-16.30</b></p>	<p>"Қағаздан бүктеу" оригами жұмысы. Тақырыбы: "Тырна". Мақсат-міндеттер. Қағазды бүктеу арқылы әртүрлі аңдар, құстар мен гүлдердің пішіндерін жасауға мүмкіндік беру. <b>(шығармашылық іс-әрекет)</b></p>	<p><b>Жаңылтпаштар жаттау.</b> 1. Пеш үстінде бес мысық, Пеш ішінде бес мысық. Бес күзетші ... бес пысық. 2. Үш кіші ішік піштім, Бес кіші ішік піштім, Неше кіші ішік піштім? 3. Ұшып кетті үш құс, Ұшып келді ұшқыш. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Тұманбай Молдағалиев «Гүлдер».</b> Гүлдер, гүлдер, көп гүлдер, Қызыл гүлдер, көк гүлдер, «Жайнар кезім келді» - деп, Қанаттарың желбіреп, Таңмен бірге оянып, Күн нұрына боянып, Көрік бердің балаға. Гүлдер, гүлдер не түрлі Құлпырды да, жетілді. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Жұмбақты ойдан шығару" жаттығуы.</b>  Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау, елестету, сөйлеу қабілеттерін жетілдіру; дүниетанымын кеңейту.  <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	
<p><b>Серуенге дайындық</b> <b>16.30-16.50</b></p>	<p>Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтсекін реттілікпен киюін қадағалау. <b>(мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)</b></p>				
<p><b>Серуен</b> <b>16.50-18.00</b></p>	<p>Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>				
<p><b>Серуеннен оралу</b></p>	<p>Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>				
<p><b>Кешкі ас</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b> Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. <i>Көркем сөз</i> Нәйім-нәйім, бауырсақ, Қойға қарай жүгірсек, Қой ішінде көк ісек, Жақсы бала малсақ, Жаман бала үй күшік. Нәйім-нәйім бауырсақ, Бауырсақты қуырсақ. Жақсы бала малсақ, Жаман бала ауылсақ. (І.Жансүгіров) <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b></p>				

<p><b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру. Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға, берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу.</p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. <b>(музыка)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру, қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру, балаларға "Қаражорға" биін билету. Балалар музыкалық аспаптарын да қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу. Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.</p> <p>Өнер бұрышында қоршаған орта тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. <b>(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салу, бірнеше заттардың өлшеміндегі айырмашылықтарды беру, геометриялық пішіндегі заттарды салу.</p> <p>Бояумен сурет салу кезінде қылқаламды бояуға батыру, қағазға жуан сызықтарды сызарда қылқаламды көлденең, ал жіңішке сызықтар мен нүктелерді сызу үшін тігінен ұстап, суреттерді бояғанда бір бағытта солдан оңға қарай, жоғарыдан төмен қарай, қиғашынан жүргізу. Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру, сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білу, кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеу, композицияларды қосымша заттар мен элементтердің көмегімен көркемдеп жеткізу. Ертегілер мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композицияларды құру дағдыларын жетілдіру. Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру.</p> <p>Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау. Табиғи (ағаш, мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық заттардан құрастыруға баулу.</p> <p>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа.</p> <p>Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту.</p> <p>Мобильді құрылғыларды қолдану кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін білу (күніне ата-аналардың рұқсатымен 30 минуттан артық емес мобильді құрылғыларды қолдану).</p> <p>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. <b>(зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң); қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу); табиғи-климаттық аймақтар (ақ аю, итбалық, пингвин, жираф, піл, маймыл) бойынша топтастыру.</p>
---	--

<b>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)</b> 18.00-18.30	«Ата-аналарға арналған 10 кеңес».	Кеңес: «Саусақ жаттығулары». Қолдың ұсақ моторикасын дамытудың маңыздылығын түсіндіру.	Суреттер көрмесін ұйымдастыру.	«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».	"Балаға баға бермеңіз, оның іс-әрекетін бағалаңыз" тақырыбында ата-аналарға кеңес.
--	-----------------------------------	---	--------------------------------	--------------------------------------	--

### ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) \_\_\_\_\_

Топ: мектепалды

Балалардың жасы: 5 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 22.04 - 26.04.2024ж.

Педагогтың аты-жөні \_\_\_\_\_

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
	22.04	23.04	24.04	25.04	26.04
Күн тәртібі					
<b>Балаларды қабылдау</b> <b>08.00-08.15</b>	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>				
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b> <b>08.15-08.30</b>	«Әжелердің немерелерді тәрбиелеуге арналған кеңестері» қабырға газеті.				

<p><b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер 08.30-08.55</b></p>	<p><b>"Өсімдіктерді құнарландыру".</b> Мақсат-міндеттер. Балаларға өсімдіктердің коректік заттарды топырақтан алатынын, біртіндеп топырақтың құнары таусылатындығын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйеніп, өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттілігі туралы айту, нақты іс-әрекетпен көрсету. <b>(енбек іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмедегі терезенің ернек тақтайын дымқыл шүберекпен сүртеміз".</b> Мақсат-міндеттер. Балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңдерді орау, шүберекті сулау және құрғатып сығу, ластанған кезде оны сумен шаю. <b>(енбек іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз".</b> Мақсат-міндеттер. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы жылдам, мұқият орындау. <b>(енбек іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Кітап бұрышындағы еңбек". (кітаптарды қалпына келтіру).</b> Мақсат-міндеттер. Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауды, оларды мұқият желімдеуді үйрету (желім мен кайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарауға, жұмыс істеуге, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу. <b>(енбек іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. <b>(енбек іс-әрекеті)</b></p>
	<p><b>«Бес саусақ».</b> Оң қолымда бес саусақ, Сол қолымда бес саусақ. Оларды атап шақырар, Әрқайсысының аты бар. Бас бармақ, Балаң үйрек, Ортаң терек, Шылдыр шүмек, Кішкене бөбек. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>«Төрт жақты лото».</b> Мақсат-міндеттер. 1-ден 10-ға дейін санау, не бейнеленгенін, түсін, неше бірліктен тұратынын, саусақпен санап көрсету, балалардың ой-өрісін кеңейту, зейінді болуға тәрбиелеу. Ойынның барысы. Бала аталған санды сурет арқылы, санның неше бірліктен тұратынын айтады және бәрін бірге құрастырады. <b>(танымдық іс-әрекет)</b></p>	<p><b>"Дөңгелек, үшбұрыш, шаршыға ұқсайтын заттарды тап"</b> <b>дидактикалық ойыны.</b> Мақсат-міндеттер. Пішіндерді қайталау, түстерді қабылдауын және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. <b>(танымдық іс-әрекет)</b></p>	<p><b>Үстел үсті ойыны «Есіңе сақта».</b> Балаларға 5 түрлі сурет көрсетіледі, сосын педагог көздерін жұмуларын ұсынады да, 1 суретті алып тастайды, балалар қай суретті алып тастағанын байқап, атауын атайды. Педагог балалардың қаншалықты естеріде сақтағандарын тексереді. <b>(танымдық іс-әрекет)</b></p>	<p><b>Фотосуреттер қарастыру «Ұлттар достығы».</b> Фотосуретте бейнеленген ұлттар достығы тақырыбында әңгімелеу. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>

<p><b>Таңертеңгі жаттығу</b> <b>08.55-09.00</b></p>	<p><b>Жалпы дамыту жаттығулары (құрсаумен)</b></p> <p>1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде (құрсаудың шетінен екі қолымен ұстау). 1-құрсауды екі қолдарымен алдына қояды; 2- құрсауды жоғары көтереді; 3-құрсауды алдына қояды ; 4- бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6 рет қайталанады.</p> <p>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде. 1-құрсауды жоғары көтереді; 2-қолды түзу ұстап, оңға иілу; 3-құрсауды жоғары көтереді; 4-4-бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.</p> <p>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, құрсауды бүгілген қолымен көкірегіне қою. 1-2-отырып, құрсауды алдына шығару; 3-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6 рет қайталанады.</p> <p>4. Бастапқы қалып: еденге отыру, құрсауды бүгілген қолымен көкірегіне қою. 1-құрсау ұстаған қолымен оң аяғына иілу; 2-бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады.</p> <p>5. Бастапқы қалып: жерге арқасымен жатып, құрсауды түзу ұстап, басынан асыра қою. 1-2-тізені бүгіп, құрсаудың шетіне тигізу; 3-4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.</p> <p>6. Бастапқы қалып: құрсаудың ішінде тұру. Педагогтің 1-8 дейін санауы бойынша құрсаудан шығып секіру, қайтадан құрсауға секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау.</p> <p>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде (құрсаудың шетінен екі қолымен ұстау). 1-құрсауды алға қою, оң аяғын ұшына артқа қою; 2-бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады.</p> <p><b>(дене шынықтыру)</b></p>
<p><b>Таңғы ас</b> <b>09.00-.09.20</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.</p> <p><i>Көркем сөз</i></p> <p>Ас атасы ақ нанды, Қадірлейміз шашпаймыз. Тамақтану үстінде, Асықпаймыз, саспаймыз. Сүлгімен де орынды, Пайдалана аламыз. Шанышқы мен қасықты, Қалай ұстайм қараңыз. Тамақтану тәртібін, Ұстанатын баламыз.</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b></p>

<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b> <b>09.20-09.30</b></p>	<p>"Бір шаңырақ астында" тақырыбында әңгімелесу. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p>"Бәріне ортақ мереке" тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p>Көршілермен сыйластық туралы әңгімелесу. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p>"Қалалар" сөздік ойыны. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p>"Кемпіркосақтың түстері" дидактикалық ойыны. Максат-міндеттер. Түстерді ажырата білуге үйрету; ашық және күлгін түстерді сезіну қабілетін жетілдіру, үлкен-кіші көлеміне қарай доғаларды дұрыс орналастыру. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>
---	--	---	---	--	--

<p><b>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b> <b>09.30-10.35</b></p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> "[ч] дыбысы және Чч әрпі". Мақсат-міндеттер: әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру. Оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану.</p> <p><b>Қазақ тілі</b> "[Ю] дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау негіздері)". Мақсат-міндеттер: [Ю] дыбысы мен әрпін таныту; оның қосарланған дыбыс екенін ұғындыру; [Ю] дыбысының айтылуын дұрыс меңгерту.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> "Затты 5 метр қашықтықта тұрған нысанаға көздеп лақтыру" Мақсат-міндеттер: балаларды 5 метр қашықтықтан тік нысанаға көздеп зат лақтыруға үйрету.</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b> "Ағаштар, табиғат және адам" Мақсат-міндеттер: балалардың ағаштың табиғатқа және адамның тіршілігіне қосатын үлесі туралы түсініктерін жетілдіру; түрлі зияткерлік, тәжірибелік және шығармашылық әрекеттерге араластырып ағаштан жасалатын өнімдерді пайдалану біліктерін арттыру.</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> "[ч] дыбысы және Чч әрпін қайталау". Мақсат-міндеттер: әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру. Оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану.</p> <p><b>Математика негіздері</b> "Жалауларды ретімен қоямыз" Мақсат-міндеттер: балалардың айналасына қарап геометриялық пішіндерді табу, оларға талдау жасай біліктерін ұштау; белгілі бір бағытта келе жатып, белгі бойынша бағытын өзгерте білу қабілегін жетілдіру.</p> <p><b>Музыка</b> "Бақытты балалық шақ" Мақсат-міндеттер: балаларды қимылды музыкамен сәйкестендіру және музыканың екінші бөлігінде қимылды өзгертіп, әуенмен орындай білу дағдыларын дамыта отырып, музыкалық аспаптық оркестрлық ұжымда қарапайым ырғақты суретті өздігінен орындау іскерліктерін жетілдіру.</p> <p><b>Сөйлеуді дамыту</b> "«Мәңгілік алау» өлеңін жаттау. Тынышбай Рахимов" Мақсат-міндеттер: соғыс туралы білімдерін арттырып, Жеңістің оңайшылықпен келмегенін түсіндіру.</p>	<p><b>Математика негіздері</b> "Мереке қарсаңында" Мақсат-міндеттер: балалардың 10 көлеміндегі сандар мен цифрлар мен геометриялық пішіндер жайлы білімдерін тиянақтау.</p> <p><b>Қазақ тілі</b> "Әскери қызмет. Халық аузындағы "Үш батыр" ертегісі". Мақсат-міндеттер: балалардың "Отан", "Туған жер" түсініктерін дамыту; халық аузындағы "Үш батыр" ертегісіндегі оқиғалар тізбегін есте сақтауға үйрету.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> "Затты 5 метр қашықтықта тұрған нысанаға көздеп лақтыруды пысықтау" Мақсат-міндеттер: балаларды 5 метр қашықтықтан тік нысанаға көздеп зат лақтыруға үйрету.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b> "«Мақта қыз бен мысық» Ы.Алтынсарин (сахналау, мәнерлеп оқу)" Мақсат-міндеттер: педагог Ы.Алтынсарын туралы, оның шығармашылығы туралы білімдерін жетілдіру. Шығарманы оқу арқылы түсінуге үйрету.</p>	<p><b>Математика негіздері</b> "Мереке қарсаңында" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: балалардың 10 көлеміндегі сандар мен цифрлар мен геометриялық пішіндер жайлы білімдерін тиянақтау.</p> <p><b>Сөйлеуді дамыту</b> "«Мәңгілік алау» өлеңін жаттау. Тынышбай Рахимов" Мақсат-міндеттер: соғыс туралы білімдерін арттырып, Жеңістің оңайшылықпен келмегенін түсіндіру.</p> <p><b>Музыка</b> "Женіс күні" Мақсат-міндеттер: балаларды әнді тындау кезінде сипатын ажырата білуге үйрету.</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b> "Жәндіктер әлемі" Мақсат-міндеттер: балалардың жәндіктердің кейбір түрлері (көбелек, шыбын, қоңыз, қанқыз) туралы түсініктерін қалыптастыру.</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> "ь,ъ әрпімен таныстыру". Мақсат-міндеттер: оқушыларды ь белгісімен таныстыру, оның дыбысталмайтынын түсіндіру, ь белгісі бар сөздерді дұрыс оқуға және жазуға, есте сақтауға, дыбыстық талдау жасауға үйрету.</p> <p><b>Мүсіндеу</b> "Киелі шаңырақ" Мақсат-міндеттер: балаларды ермексаз бөліктерін жұмсартып, есу арқылы дөңгелек пішінге келтіріп шаңырақты мүсіндеуге үйрету.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> "Кім зерек?" Мақсат-міндеттер: балаларды үш қатарға қайта сап түзеу арқылы (жолай кегльді алу); қырынан қойылған сатының тақтайшалары арасынан еңбектеп өтуге үйрету.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b> "«Мақта қыз бен мысық» Ы.Алтынсарин (сахналау, мәнерлеп оқу)" (қайталау) Мақсат-міндеттер: педагог Ы.Алтынсарын туралы, оның шығармашылығы туралы білімдерін жетілдіру. Шығарманы оқу арқылы түсінуге үйрету.</p>
--	--	--	---	---	---



2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)				
Серуенге дайындық 10.35-10.50	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуен 10.50-12.30	<p><b>Өсімдіктер мен бұталарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттер. Тіршілік иелері жайлы білімдерін кеңейту.</p> <p><b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары</b> (учаскедегі қоқыстарды жинау) Мақсат-міндеттер. Жұмысқа деген оң көзқарасты тәрбиелеу.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қазына аралы" (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер. Физикалық белсенділікті дамыту.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, зейінді, қимылдарды үйлестіруді дамыту.</b></p>	<p><b>Жердегі тастарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттер. Өлі табиғаттың бөлігі ретінде тастар туралы түсінік қалыптастыру. (Қандай тастар бар? Адам тастарды қайда пайдаланады?)</p> <p><b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары</b> (алаңға тастарды жинау және олардан композиция құру). (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Бірлесіп жұмыс істеуге үйрету; шығармашылық қиялын дамыту.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қазынаны тап". (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер. Жерде жатқан ерекше тастарды табу; байқағыштық қабілеттерін дамыту.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Секірейік". (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер. Ұзындыққа секіру дағдыларын дамыту.</p>	<p><b>Қылқанжапырақты ағаштарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттер. Ағаштар туралы білімдерін бекіту; талдау, салыстыру, қорытынды жасау қабілетін дамыту.</p> <p><b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: "Жұмыс істейік, балақай!" (еңбек іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттер. Балалармен жұмыстың мақсатын талқылау, еңбекті құрметтеуге тәрбиелеу.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Күн мен түн" (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер. Ептілікті, реакция жылдамдығын дамыту.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Секірейік". (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер. Ұзындыққа секіру дағдыларын дамыту.</p>	<p><b>Көктем мезгіліндегі қайыңды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттер. Қайың ағашы, оның көктем мезгіліндегі ерекшеліктерімен таныстыруды жалғастыру.</p> <p><b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары</b> (ауладағы қоқысты тазалау) (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Еңбекке деген жағымды қатынасты тәрбиелеу.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қу түлкі". (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер. Моториканы, ептілікті, реакция жылдамдығын дамыту.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Кегльді соқ". (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер. Ептілікті, реакцияның жылдамдығын дамыту.</p>	<p><b>Қайың бүршіктерін бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттер. Көктем мезгіліндегі қайың ағашының бүршіктерін бақылау, ағаштардың өзгерістері туралы білімдерін жетілдіру.</p> <p><b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары</b> (балабақша ауласын тазарту.) (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Көшет отырғызуға деген ұмтылысты ояту.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жүгір және секір", "Жолмен кім жылдам жүгіреді?" (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер. Секіру кезінде епті болуға тәрбиелеу, кеңістіктік бағдарлауды дамыту.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, заттарды нысанаға лақтыру. (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер. Заттарды нысанаға бір қолмен лақтыру дағдыларын бекіту.</p>
Серуеннен оралу 12.30-12.50	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				

<p><b>Түскі ас</b> <b>12.50-13.10</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b>          Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.          Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.  <i>Көркем сөз</i>          Ас атасы ақ нанды,          Қадірлейміз шашпаймыз.          Тамақтану үстінде,          Асықпаймыз, саспаймыз.          Сүлгімен де орынды,          Пайдалана аламыз.          Шанышқы мен қасықты,          Қалай ұстайм қараңыз.          Тамақтану тәртібін,          Ұстанатын баламыз.  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b></p>
<p><b>Күндізгі ұйқы</b> <b>13.10-15.30</b></p>	<p>Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.</p>
<p><b>Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары</b> <b>15.30-15.40</b></p>	<p>Ұйқыдан кейін бірден төсекте жаттығу жасау; жатқан күйінде, төсектен тұрмай, көрпенің астында балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; (гимнастика, 2-3 минут төсекте, балалардың ұйқыдан біртіндеп ояу күйіне өтуіне бағытталған. Оянған балалармен жүргізген дұрыс, қалғаны оянған кезде қосылады)          Жалпақ табанды болдырмау үшін денсаулық жолымен жүру.  <b>(дене шынықтыру)</b></p>
<p><b>Бесін ас</b> <b>15.40-16.00</b></p>	<p>Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b></p>

<p><b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу кимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 16.00-16.15</p>	<p><b>Рөлдік ойын: "Қонақ күту".</b> Мақсат-міндеттер: мәдени дағдыларды бекіту, балаларға үй шаруашылығының кейбір білімдері туралы хабарлау (бөлмені жинау, дастарқан жаю). Ойын материалы. Қуыршақ тағамдары, ойдан шығарылған тағамдар, оларды алмастыратын заттар; дастарқан жайылған үстелдер, шай ыдыстары, вазалар, шай, пирогтар. Ойын барысы. Педагог ойынды әр түрлі әдіспен жүргізе алады. Балалар өз тобында ойдан шығарылған жағдайда ойнай алады немесе басқа топтан қонақтар шақыра алады. Осыдан кейін барлық ойын әрекеттері қонақтарды қабылдауға және оларға қамқорлық жасауға дайындық шеңберінде өрбиді. Педагог балаларға қонақтар келгенге дейін иелері пәтерді жинап, оны гүлдермен безендіріп, дастарқан жайып, тұрмыстық техниканы дұрыс орналастыру керектігін айтады. Содан кейін қонақтарды қалай қарсы алу керектігін, оларды қалай құрметтейтінін айтып түсіндіреді. Содан кейін педагог балаларды өз бетінше ойын жоспарын құруға шақырады, онда не, қалай және қалай болады. Бұл қызықты сюжетті дамыту үшін бірнеше идеялар ұсынуы мүмкін, бірақ оның негізгі мазмұнын балалардың өздері ойлап табуы керек. Ойын нұсқаларының бірі келесідей болуы мүмкін. «Қонақтар» келгенде, «үй иелері» оларды дұрыс орналастырады және ынғайлы орындарды ұсынады. Шай ішу кезінде қонақтарды қызықты</p>	<p><b>Ұлттық ойын. Арқан тартыс</b> Бұл ойынның екі түрі бар. Біріншісі жазда көгал үстінде, екіншісі қыста қар үстінде ойналады. Жазда ойыншылардың саны 10 баладан кем болмаса, ойын қызықты болады. Ойынға ұзындығы 8-10 метрлік екі ұшы түйілген арқан әзірленеді. Оның тең ортасына белгі ретінде қызыл матаны байлап қояды. Ойынға қатысушы екі топтағылар өз жағында бойларына қарай сап түзеп, ойын бастауға белгі берілгенде арқанды өз жағына қарай тартады. Қыста он-он бес бала тартқанда үзілмейтін арқан таңдап алынып, үлкен адамның алақанының көлеміндей екі тақтайдың ортасынан өткізіліп, ортасына аққала үйіліп, екі жақ оны өзіне қарай құлату үшін тартады. <b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p><b>«Достықты сақтаймыз!» дидактикалық ойыны.</b> Мақсат-міндеттер. Балаларды бір-бірімен дос, тату, ұйымшыл болуға тәрбиелеу. Шарты. Педагог қолына достықты білдіретін күнді алып, бөлменің ортасына шығады. Күннің сәулелері түрлі-түсті ленталардан жасалып, шеттеріне қысқа таяқшалар ілінген. Педагог көңілді әуенді қосады. Әр таяқшаның екі шегінен, екі баладан ұстап күнмен бірге айналады. Педагог достық, ынтымақ тақырыбында тақпақты мәнерлеп оқиды. Лента ұстаған балалар тақпақ айтуды жалғастырады. Педагог бұл тақырыпты өтерден бұрын, оқу қызметінен тыс уақытта балаларға достық, ынтымақ, татулық тақырыбындағы тақпақтарды оқып беріп, үйден жаттап келуді тапсырады. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Ұлттық ойын. Ақсүйек</b> Ең алдымен, ойнаушылар өзара келісіп, жеңген топ үшін жүлде тағайындайды да, екі топқа бөлінеді. Топ басқарушылар ақсүйекті қайсысының лақтыратынын шешіп алу үшін кезектесіп таяқ ұстайды, таяқтың басына кімнің қолы бұрын шықса, сол ақсүйекті құлашы жеткенше лақтырады. Ақсүйек жерге түскеннен кейін ғана ойыншылар іздеуге шығады. Көмбеде топ басқарушылардан басқа ешкім қалмайды. Ақсүйекті тапқан ойыншы ешкімге білдірмей, көмбеге қашуға әрекет жасайды да, ал қарсыластары біліп қалса, қолма-қол тартып алуғатырысады. Сондықтан ақсүйекті алдымен тауып алған топтың ойыншылары біріне-бірі лақтырып, көмбеге қай топтың адамы бұрын жеткізсе, сол топ жеңіске жетіп, жүлдегер атанады. Келесі жолы ақсүйекті екінші топ лақтырады, сөйтіп ойын жалғаса береді. <b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p><b>"Сөйлемнен гүл шоқтарын тоқу" сюжетті-рөлдік ойыны.</b> Мақсат-міндеттер: балаларды тақырыптық тұрғыдан біріккен сөйлемдер дайындауға жаттықтыру, сөйлеу зейініне тәрбиелеу. Барысы. Тәрбиеші сөйлемді айтады. Балалар соңғы сөзді атайды және онымен жаңа сөйлем ойлап табады. Мысалы, Мақсат кітап оқып жатыр. Кітап үстел үстінде. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)</b>  <b>"Бір шаңырақ астында" өлеңін жаттау.</b> Тату-тәтті тұрамыз. Бірге ішеміз асты да, Бірге сайран құрамыз. Ортақ болып ісіміз, Еңбек десе тынбаймыз. Үлкен сыйлап кішіміз, Аға ақылын тындаймыз. Достықты үлгі санаған, Бір үйде біз тұрамыз, Қалған ата-бабадан, Бірлік асыл мұрамыз! Н.Айтов <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>
---	--	---	---	--	--

<p><b>Балалармен жеке жұмыс</b> <b>16.15-16.30</b></p>	<p><b>Саусақ жаттығуы. "Достық".</b> Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос (қолдың саусақтары өзара бірігеді). Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз ( екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу). Бір, екі, үш, төрт, бес (шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу). Қайтадан санауды бастаймыз. Бір, екі, үш, төрт, бес Енді санауды аяқтадық (қолды төмен түсіреміз, демалтамыз). <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру)</b></p>	<p><b>Жаңылтпаштар жаттау.</b> 1. Топ бала, топ бала Ойнап жүр, топтала. Зымырап допты ала, Қуады көп бала. 2. Омар томар алар, Орал орақ орап. 3. Қырда қырау, Қызыл ала бұзау. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Өлең жаттау.</b> Әли Ысқабаев "Достық ұлы туымыз". Дос, бауыр көп, Тосқауыл жоқ, Айқара ашық есігі, Ұлы Отаным, Гүл Отаным - Тыныштықтың бесігі.  Тілегі бір, Жүрегі бір, Достармен біз біргеміз. Туыс барда, Құрыштан да, Берік біздің іргеміз. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Жұмбақтар шешу" дидактикалық ойыны.</b> Мақсат-міндеттер: белсенді сөздік қорындағы зат есімдер қорын кеңейту. Ойын барысы. Балалар орындықта отыр. Тәрбиеші жәндіктер туралы жұмбақтар жасырады. Жұмбақтың жауабын тапқан баланың өзі жұмбақ жасырады. Жұмбақты тапқаны және болжағаны үшін ол бір жетон алады. Жетон көп болған жеңіске жетеді. Балалар өздерінің жұмбағын ойлап таба алады. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Сөйлемнен гүл шоқтарын тоқу" сюжетті-рөлдік ойыны.</b> Мақсат-міндеттер: балаларды тақырыптық тұрғыдан біріккен сөйлемдер дайындауға жаттықтыру, сөйлеу зейініне тәрбиелеу. Барысы. Тәрбиеші сөйлемді айтады. Балалар соңғы сөзді атайды және онымен жаңа сөйлем ойлап табады. Мысалы, Мақсат кітап оқып жатыр. Кітап үстел үстінде.</p>
<p><b>Серуенге дайындық</b> <b>16.30-16.50</b></p>	<p>Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бөтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. <b>(мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)</b></p>				
<p><b>Серуен</b> <b>16.50-18.00</b></p>	<p>Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>				
<p><b>Серуеннен оралу</b></p>	<p>Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>				

<b>Кешкі ас</b>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, кол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.</p> <p><i>Көркем сөз</i></p> <p>Ас атасы ақ нанды, Қадірлейміз шашпаймыз. Тамақтану үстінде, Асықпаймыз, саспаймыз. Сүлгімен де орынды, Пайдалана аламыз. Шанышқы мен қасықты, Қалай ұстайм қараңыз. Тамақтану тәртібін, Ұстанатын баламыз. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b></p>
-----------------	---

<p><b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру. Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға, берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу.</p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. <b>(музыка)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру, қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру, балаларға "Қаражорға" биін билету. Балалар музыкалық аспаптарын да қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу. Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.</p> <p>Өнер бұрышында қоршаған орта тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. <b>(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салу, бірнеше заттардың өлшеміндегі айырмашылықтарды беру, геометриялық пішіндегі заттарды салу.</p> <p>Бояумен сурет салу кезінде қылқаламды бояуға батыру, қағазға жуан сызықтарды сызарда қылқаламды көлденең, ал жіңішке сызықтар мен нүктелерді сызу үшін тігінен ұстап, суреттерді бояғанда бір бағытта солдан оңға қарай, жоғарыдан төмен қарай, қиғашынан жүргізу. Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру, сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білу, кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеу, композицияларды қосымша заттар мен элементтердің көмегімен көркемдеп жеткізу. Ертегілер мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композицияларды құру дағдыларын жетілдіру. Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру.</p> <p>Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау. Табиғи (ағаш, макта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық заттардан құрастыруға баулу.</p> <p>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа.</p> <p>Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту.</p> <p>Мобильді құрылғыларды қолдану кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін білу (күніне ата-аналардың рұқсатымен 30 минуттан артық емес мобильді құрылғыларды қолдану).</p> <p>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. <b>(зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң); қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу); табиғи-климаттық аймақтар (ақ аю, итбалық, пингвин, жираф, піл, маймыл) бойынша топтастыру.</p>
---	--

<b>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) 18.00-18.30</b>	«Әжелердің немерелерді тәрбиелеуге арналған кеңестері» қабырға газеті.	«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».	Кеңес. «Баланы ұлтжандылыққа тәрбиелеу жолдары».	«Өзге қалаларға саяхат» тақырыбына фотокөрме ұйымдастыру.	Балалардың танымдық үрдістерінің диагностикасы (психолог).
--	--	--------------------------------------	--	---	--

### ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) \_\_\_\_\_

Топ: мектепалды

Балалардың жасы: 5 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 29.04 - 03.05.2024ж.

Педагогтың аты-жөні \_\_\_\_\_

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
	29.04	30.04	01.05	02.05	03.05
<b>Күн тәртібі</b>					
<b>Балаларды қабылдау 08.00-08.15</b>	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>				
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 08.15-08.30</b>	Балалардың үйде күн тәртібін сақтауларын және уақтылы ұйықтау керектігін талап ету.				

<p><b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер 08.30-08.55</b></p>	<p><b>"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".</b>          Мақсат-міндеттер. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; балалардың түсінігінде жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы ұғымдарын бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Оларды суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру.  <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Асхана бойынша кезекшілік".</b>          Мақсат-міндеттер. Балаларға кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауға үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдықтауда тәртіпсіздікті көре білу. Ортақ игілік үшін, ниеттеніп еңбектенуге тәрбиелеу.  <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p>		<p><b>"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп" (тәрбиешінің көмекшісімен бірге).</b>          Мақсат-міндеттер. Балаларды жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлықты, тәртіпті көре білуді. Ұжымда тату-тәтті еңбек етуге үйрету.  <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Кір сүлгілерді ауыстыру".</b>          Мақсат-міндеттер. Еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрету. Еңбектенуге, үлкендерге көмектесуге тәрбиелеу.  <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p>
	<p><b>"Қонақ қай елден?" заттармен айналатын ойын.</b>          Дидактикалық міндеті. Балалардың басқа ел тұрғындары туралы білімдерін бекіту; басқа ұлт өкілдеріне қызығушылықты, оларды құрметтеуге тәрбиелеу, өмірі туралы білуге ынталандыру. Ойын ережесі. Суретке сәйкес басқа ұлт өкілінің ұлттық киімін таңдау; қуыршаққа ұлттық киімді киіндіру; кім ұлттық киімді дұрыс және жылдам киіндірсе, сол жеңеді. Ойын әрекеттері: қуыршақты киіндіру; ұлттық би немесе өлең орындау.  <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)</b></p>	<p><b>Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Әскери ұшак"</b>          Мақсат-міндеттер: балаларды ермексаздан бөліктерді бір-біріне біріктіру арқылы әскери ұшакты мүсіндеуге үйрету.  <b>(шығармашылық іс-әрекет)</b></p>		<p><b>Сурет салудан ойын-жаттығу "Атқа мінген шабандоз"</b>          Мақсат-міндеттер: балаларды атқа мінген шабандоз баланың суретін салуға үйрету; баланың дене бітімі мен аттың дене көлеміне сәйкестендіру білігін дамыту.  <b>(шығармашылық іс-әрекет)</b></p>	<p>«Бәріне ортақ мереке» тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру.  <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>



<p><b>Таңертеңгі жаттығу</b> <b>08.55-09.00</b></p>	<p><b>Жалпы дамыту жаттығулары (құрсаумен)</b></p> <p>1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде (құрсаудың шетінен екі қолымен ұстау). 1-құрсауды екі қолдарымен алдына қояды; 2- құрсауды жоғары көтереді; 3-құрсауды алдына қояды ; 4- бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6 рет қайталанады.</p> <p>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде. 1-құрсауды жоғары көтереді; 2-қолды түзу ұстап, оңға иілу; 3-құрсауды жоғары көтереді; 4-4-бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.</p> <p>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, құрсауды бүгілген қолымен көкірегіне қою. 1-2-отырып, құрсауды алдына шығару; 3-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6 рет қайталанады.</p> <p>4. Бастапқы қалып: еденге отыру, құрсауды бүгілген қолымен көкірегіне қою. 1-құрсау ұстаған қолымен оң аяғына иілу; 2-бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады.</p> <p>5. Бастапқы қалып: жерге арқасымен жатып, құрсауды түзу ұстап, басынан асыра қою. 1-2-тізені бүгіп, құрсаудың шетіне тигізу; 3-4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.</p> <p>6. Бастапқы қалып: құрсаудың ішінде тұру. Педагогтің 1-8 дейін санауы бойынша құрсаудан шығып секіру, қайтадан құрсауға секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау.</p> <p>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде (құрсаудың шетінен екі қолымен ұстау). 1-құрсауды алға қою, оң аяғын ұшына артқа қою; 2-бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады.</p> <p><b>(дене шынықтыру)</b></p>
<p><b>Таңғы ас</b> <b>09.00-.09.20</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.</p> <p><i>Көркем сөз</i></p> <p>Тиін жаңғақ жарады, Ешкі шөп жеп барады. Құстар дәнді шоқиды, Ұлу отыр қоқиып. Сүйекті жеп күшігім, Ара балды сорады. Жемге тойған бұзауым, Қамаулы тұр қорада. Ботқа жеймін дейсің бе? Қазір жасап беремін. Сүт ботқасын көп жесен, Жылдам өсіп кетесің.</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b></p>

<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b> <b>09.20-09.30</b></p>	<p>"Бейбітшілік қорғанында" тақырыбында әңгімелесу. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p>Жеңіс күнін тойлаймыз. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>		<p>Бірлік, бейбітшілік, туған жер, Отан туралы мақал-мәтелдер жаттау. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p>Балаларға эмоционалды жағымды көңіл- күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Көңілде көп қуаныш, Әр көңілде жақсы үміт. Келетін жылға мың алғыс, Әкелген көп жақсылақ. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>
---	---	---	--	---	---

<p><b>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b> <b>09.30-10.35</b></p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> "ь,ъ әріптерді қайталау". Мақсат-міндеттер: оқушыларды ь белгісімен таныстыру, оның дыбысталмайтынын түсіндіру, ь белгісі бар сөздерді дұрыс оқуға және жазуға, есте сақтауға, дыбыстық талдау жасауға үйрету.</p> <p><b>Қазақ тілі</b> "[Я] дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау негіздері)". Мақсат-міндеттер. [Я] дыбысының артикуляциясын нақтылай отырып, сауат ашу.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> "Кім жылдам?" Мақсат-міндеттер: балаларды екпінмен биіктікке секіру; бір-бірінің қолдарынан ұстап жұптасып айналуға үйрету.</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b> "Жанбырдың түрлері" Мақсат-міндеттер: балалардың жансыз табиғат құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту.</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> "Дыбыстар мен әріптерді пысықтау". Мақсат-міндеттер: өткен дыбыстар мен олардың әріп таңбасын қайталау. Айтылу ерекшелігіне қарай дыбыстарды дыбыс түрлеріне ажырата білу дағдыларын жетілдіру.</p> <p><b>Математика негіздері</b> "Табиғат заңдылықтарын ұстанайық" Мақсат-міндеттер: геометриялық пішіндерді атап, ажырата білуге жаттықтыру.</p> <p><b>Музыка</b> "Біз Отанның сарбазы" Мақсат-міндеттер: балаларды әнді тыңдау кезінде сипатын ажырата білуге үйрету.</p> <p><b>Сөйлеуді дамыту</b> "Таңғажайып гүлдер" Мақсат-міндеттер: ғажайып гүлдер туралы білімдерін кеңейтіп, гүлдердің ерекшеліктерін түсіндіру.</p>		<p><b>Математика негіздері</b> "Әдемі гүлдер" Мақсат-міндеттер: балаларға ойша жылдам санауға меңгерту. Қағаз бетінде бағдарлай білу дағдысын тиянақтау.</p> <p><b>Сөйлеуді дамыту</b> "Таңғажайып гүлдер" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: ғажайып гүлдер туралы білімдерін кеңейтіп, гүлдердің ерекшеліктерін түсіндіру.</p> <p><b>Музыка</b> "Гүл көбелек" Мақсат-міндеттер: балаларды әнді тыңдау кезінде оның сипатын түсіне білу қабілеттеріне және ырғақты кимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету.</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b> "Әсемдік әлемі" Мақсат-міндеттер: балаларға гүлдер туралы, соның ішінде дала, бөлме, емдік қасиеті бар гүлдері туралы түсінік беру; суреттерін көрсете отырып, құрылысымен таныстыру.</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> "Дыбыстар мен әріптерді пысықтау". Мақсат-міндеттер: өткен дыбыстар мен олардың әріп таңбасын қайталау. Айтылу ерекшелігіне қарай дыбыстарды дыбыс түрлеріне ажырата білу дағдыларын жетілдіру.</p> <p><b>Жапсыру</b> "Әуе шары қалықтайды" Мақсат-міндеттер: балаларды түрлі-түсті тіктөртбұрыштан шар тәріздес дөңгелек пішінді кесіп алып, желімнің көмегімен бір-біріне жапсыру арқылы әуе шарының шарын жапсыруға, тіктөртбұрышты бұру арқылы әуе шарының себетін жапсыруға үйрету.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> "Арқан арқылы жанымен секіруді пысықтау" Мақсат-міндеттер: балаларды сап түзеу арқылы жылдамдыққа ирелендеп жүгіру; екпінмен ұзындыққа секіру; көтеріңкі заттың үстімен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтауға үйрету.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b> "С.Оспанов «Тілегіміз - бейбіт күн» (жаттау)" Мақсат-міндеттер: балаларға С. Оспанов туралы мәлімет беру. Өлең жолында кездесетін сөздердің мағынасын түсіндіру. Байланыстыра сөйлеуге өз ойларын жеткізе білуге үйрету.</p>
<p><b>2- таңғы ас</b></p>	<p>Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (<b>мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз</b>)</p>				
<p><b>Серуенге дайындық 10.35-10.50</b></p>	<p>Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. (<b>мәдени-гигиеналық дағдылар</b>)</p>				

<p>Серуен 10.50-12.30</p>	<p><b>Бақбақты бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттер. Бақбақ туралы білімді нақтылау; табиғатты белсенді түрде қорғауға ұмтылысты қалыптастыру; дәрілік өсімдіктер туралы білімдерін бекіту. <b>Зерттеу.</b> Қай дәрілік өсімдік тұқымын бақбақ сияқты алып жүретінін анықтау. <b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b> ауланы қоқыстар мен құрғақ бұтақтардан тазарту. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттер. Өз жұмысының нәтижесін көруге үйрету. <b>Қимыл-қозғалыс ойындары:</b> "Гүлшанақты тап". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Гүлдерді ажырата білуге, белгі бойынша әрекет етуге үйрету; жүгіру кезінде жаттығу; бақылауды дамыту. <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері: қозғалыстарды дамыту.</b> Мақсат-міндеттер. Қимыл-қозғалыс көмегімен табиғатты аялауға тәрбиелеу; бөренелерден, тастардан секіру жаттығулары.</p>	<p><b>Жолжелкенді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттер. Дәрілік өсімдіктер туралы түсінік қалыптастыру барысында танымдық белсенділікті дамытуды жалғастыру. <b>Зерттеу.</b> Жолжелкен жапырақтарын үлкейткіш әйнек арқылы қарастырып, олардың ерекше белгілерін атап өту. <b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b> ауланы тазарту. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттер. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. <b>Қимыл-қозғалыс ойындары:</b> "Атын анықтап ата". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Дәрілік шөптерді тану және дұрыс атау қабілеттерін қалыптастыру. <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері:</b> қозғалыстарды дамыту. <b>(дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер. Тепе-теңдікті сақтау жаттығулары; қимылдарды үйлестіруді дамыту.</p>	<p><b>Жәндіктерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттер. Жәндіктер ұғымының мазмұнын нақтылау; оларды жалпыға ортақ негіздер бойынша салыстыруға үйрету. <b>Зерттеу.</b> Қанқызды тауып, оның атауын анықтау; құмырскалардың ізін табу. <b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b> ауланы коқыс пен қардан тазарту. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттер. Ересектерге көмектесуге деген ұмтылысты тәрбиелеу. <b>Қимыл-қозғалыс ойындары:</b> "Аралардың ұшуы". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Бүкіл аула бойынша жүгіруді, қабырғаға қарсы тұрмауға үйрету; бір-біріне көне отырып, бос кеңістікке көтерілу; секірмей аяғына дейін жету; ептілікті, зейінділікті дамыту. <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері: қозғалыстарды дамыту.</b> Мақсат-міндеттер. Жүгіру техникасын жетілдіру.</p>	<p><b>Ауа райын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттер. Көктемнің аяғында жансыз табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы жалпылама түсініктер қалыптастыруды жалғастыру. <b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b> ауланы көктемгі коқыстардан тазарту. Мақсат-міндеттер. Еңбекке деген позитивті қатынасты тәрбиелеу, кішіге көмектесуге үйрету. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b> <b>Қимыл-қозғалыс ойындары:</b> "Тамшылар". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Екі қатар құруға, кең шеңбер құруға, ұжымдық іс-әрекеттің келісімділігіне, реакциялардың жылдамдығына және тапқырлыққа үйрету. <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері:</b> қозғалыстарды дамыту. <b>(дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер. Допты берілген бағытта оң және сол қолмен лақтыруға жаттығу; қимылдарды үйлестіруді дамыту; ұжымдық іс-әрекет дағдыларын қалыптастыру.</p>
<p>Серуеннен оралу 12.30-12.50</p>	<p>Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>			

<p><b>Түскі ас</b> <b>12.50-13.10</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b> Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.</p> <p><i>Көркем сөз</i> Тиін жаңғақ жарады, Ешкі шөп жеп барады. Құстар дәнді шоқиды, Ұлу отыр қоқиып. Сүйекті жеп күшігім, Ара балды сорады. Жемге тойған бұзауым, Қамаулы тұр қорада. Ботқа жеймін дейсің бе? Қазір жасап беремін. Сүт ботқасын көп жесен, Жылдам өсіп кетесің. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b></p>
<p><b>Күндізгі ұйқы 13.10-15.30</b></p>	<p>Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.</p>
<p><b>Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 15.30-.15.40</b></p>	<p><b>Ұйқышар жаттығулары.</b> Керует жанындағы жаттығулар "Құстар" 1. "Құстар оянды". Б.к.: аяқты сәл алшақ қою. Қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар канат қағып жатыр». 2. "Құстар достарын шақырып жатыр". Б.к.: тұрып, қол белде, аяқ сәл алшақ. Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «Шийық-шиық» деп айту. 3. "Құстар жем шұқып жатыр". Б.к.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол төменде. Отыру, саусақпен еденді соғу, бастапқы қалыпқа келу. 4. "Құстар көңілденіп жатыр". Б.к.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол түсірілген. Жүріспен кезектесіп, бір орында секіру. <b>(дене шынықтыру)</b></p>
<p><b>Бесін ас</b> <b>15.40-16.00</b></p>	<p>Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b></p>

<p><b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 16.00-16.15</p>	<p><b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b> <b>"Спорттық жаттығу залы".</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігіндегі спорттық жаттығу залы жайындағы ұғымдарын нығайту; спорт жаттықтырушы жайында, оның атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; тәртіптілікке, салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Құралдар. Спорт киімдері, ойыншық спорт жабдықтары немесе макеттері. Шарты. Педагог балалармен бірлесіп дайындық жұмыстары ретінде спорттық жаттығулардың маңызы, жаттықтырушы қызметінің мәні неде екендігін суреттер, бейнежазбалар бойынша әңгімелейді. Балалар жаттықтырушы жұмысын қалай атқарып (адамдарға түрлі жаттығуларды көрсетіп, үйрету, жаттықтыру), қандай жабдықтарды ұсынатыны, адамның қандай таңдау жасайтыны туралы біліп алуы тиіс. Міндетті түрді спорттық жабдықтардың атауларын айтқызу керек (штанга, гір, жүгіру жолы, созу жабдықтары), балалар ойын барысында осы сөздерді еркін қолдана алады. Балалардың арасынан ниетін білдірген бірнешеуі жаттықтырушы рөлін атқарады, кейін балалар рөлдерді бөлу үшін санамақты қолданады. Алғашында педагог ойын барысын сөзбен сүйемелдеп отырады, ойыншыларға қосымша, әрекеттерін анықтайтын сұрақтар қойып жүреді, өзі қатысады. Бұндай амал ойын желісінің одан ары жалғасуына үлес қосады. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: денсаулығың мықты, денең шымыр болу үшін жаттығуларды ерінбей жасау керек; жаттығу залында</p>	<p><b>Вариативті компонент - Жас зерттеуші</b> "Асқар таулар" Мақсат-міндеттер: балалардың қоршаған орта туралы білімдерін бекіту, табиғат, тіршілік, қоршаған орта арасында байланыс жайлы түсініктерін қалыптастыру, балаларға өлі және тірі табиғат жөнінде білімдерін кеңейту.</p>		<p><b>Сурет салудан ойын-жаттығу</b> "Атқа мінген шабандоз" Мақсат-міндеттер: балаларды атқа мінген шабандоз баланың суретін салуға үйрету; баланың дене бітімі мен аттың дене көлеміне сәйкестендіру білігін дамыту.  <b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b> <b>"Жанармай бекеті".</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігіндегі жанармай бекеті жайындағы ұғымдарын нақтылылау; жанармай құюшы, есепші, дүкенде құрал-жабдық сатушы жөнінде білімдерін кеңейту, тиянақтау; сыпайылыққа, жауапкершілікке, төзімділікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Жанармай бекеті жазуы; жанармай құятын орын, автомобиль бағанасы мен шланг макеті; рульдер, көліктің жанармай бактарының жасанды үлгілері; автомобильдерге арналған дөңгелектер. Машинаның автобак үлгісінің орнына шырыннан босаған тетрапакетті жіпке байлап, иыққа іліп алуға болады. Шарты. Педагог балалармен жанармай бекетінің қызметі жөнінде, осында еңбек ететін жанармай құюшы, есепші, көлік жабдықтарын сатушы сияқты мамандар жөнінде суреттер мен бейнежазбаларды көрсету арқылы әңгімелеседі. Балалар жанармай бекетінде кім, қандай қызмет атқаратынын анықтап, рөлдерді бөліседі (санамақ та арқылы болады), өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады.</p>	
---	---	--	--	---	--

<p><b>Балалармен жеке жұмыс</b> <b>16.15-16.30</b></p>	<p>"Қайсар рухты баламын" өлеңін жаттау. Алатау, Алтай арасы – Қазақтың кең даласы. Мен боламын сол елдің Қайсар рухты баласы. Өсіп, өніп, ержетіп, Ақылмды өрлетіп. Елімнің атын шығарам Мықты елдермен тең етіп. Д.Сүлейменов <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Өлең жаттау.</b> Жұматай Жақыпбаев "Бейбіт күн". Алаулап гүл тұрады, Туған жер құлпырады, Бейбітшілік болса! Түрленіп бақша, бағы, Тірлік те жақсарады, Бейбітшілік болса! Балалар, болады аман, Аналар болады аман, Бейбітшілік болса! <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>		<p><b>Дамытушы жаттығу.</b> <b>"Көзді жұмып, тепе-теңдікті сақтау".</b> Максат-міндеттер. Балаларды көзді жұмып, тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру; вестибулярлық аппаратты, түйсік қабілетін дамыту. Шарты. Тік тұрып, екі қолды екі жаққа созып жаю; екі аяқтың бірінде кезегімен, тепе-теңдікті сақтау. Алғашқы жаттығудың үлгісін педагог өзі көрсетеді. Тепе-теңдікте тұру ұзақтығын реттеу керек. <b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p><b>Дидактикалық ойын.</b> <b>"Дұрыс па? Бұрыс па?" (егістіктер арқылы сипаттау)</b> Максат-міндеттер. Балаларға белгілі жан-жануардың (адамның, құбылыстың) қимыл-қозғалыстағы ерекшелігін сөздермен сипаттауды тыңдатып, сипаттаманың дұрыстығын немесе бұрыстығын анықтату, дұрыс нұсқаны айтуға ынталандыру; қоршаған әлем заңдылықтары жайындағы білімдерін нығайту; сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту; дүниетанымын кеңейту. Балалардың жауаптары мынадай болуы мүмкін: "Қасқыр шаңқылдамайды, ұлиды", "жел тамшыламайды, соғады, еседі", "құс жорғаламайды, ұшады", "балық ұшпайды, жүзеді", т.б.. Педагог тапсырмаларды жануарларға немесе құбылыстарға ғана байланысты бере алады. Бұл ойынның нұсқалары көп. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p>
<p><b>Серуенге дайындық</b> <b>16.30-16.50</b></p>	<p>Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтәңкесін реттілікпен киюін қадағалау. <b>(мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)</b></p>				
<p><b>Серуен</b> <b>16.50-18.00</b></p>	<p>Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>				
<p><b>Серуеннен оралу</b></p>	<p>Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>				

## Кешкі ас

### Гигиеналық дағдылар

Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.

Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.

*Көркем сөз*

Тиін жанғақ жарады,

Ешкі шөп жеп барады.

Құстар дәнді шоқиды,

Ұлу отыр қоқиып.

Сүйекті жеп күшігім,

Ара балды сорады.

Жемге тойған бұзауым,

Қамаулы тұр қорада.

Ботқа жеймін дейсің бе?

Қазір жасап беремін.

Сүт ботқасын көп жесен,

Жылдам өсіп кетесің.

**(мәдени-гигиеналық дағдылар)**



<p><b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану. Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу. Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға, берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу.</p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. <b>(музыка)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу. Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы кадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру, қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру, балаларға "Қаражорға" биін билету.</p> <p>Өнер бұрышында аңдардың қысқы тіршілігі тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. <b>(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың суретте қарапайым сюжеттерді: әлеуметтік оқиғаларды, қоршаған өмірдегі оқиғаларды, мерекелерді, адамдардың еңбегін, ертегілердің, өлеңдердің, әндердің желісін жеткізе білуін жетілдіру.</p> <p>Қазақ халқының өмірін, еңбегін, тұрмысын көрсете отырып, қазақ ертегілерінің желісі бойынша сурет салу. Ұжымдық жұмыстарға, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. Ойдан өз бетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. Мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнау. Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау. Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру.</p> <p>Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.</p> <p>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау, циферблат бойынша уақытты анықтау.</p> <p>Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтау.</p> <p>Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін таңуға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу.</p> <p>Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.</p> <p>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. <b>(зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p> <p>Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алан); қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу); табиғи-климаттық аймақтар (ақ аю, итбалық, пингвин, жираф, піл, маймыл) бойынша топтастыру.</p> <p>Мобильді құрылғыларды қолдану кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін білу (күніне ата-аналардың рұқсатымен 30 минуттан артық емес мобильді құрылғыларды қолдану).</p>				
<p><b>Балалардың үйге қайтуы</b> (ата-аналарға кеңес) 18.00-18.30</p>	<p>«Майдангер аталар» тақырыбында суреттер көрмесін ұйымдастыру.</p>	<p>«Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?» тақырыбында әңгіме жүргізу.</p>		<p>Жаднама. «Балаға қандай ойыншықтар сатып алуға болады?».</p>	<p>Кеңес беру. «Бала мен ата-ананың демалысының түрлері?».</p>

## ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) \_\_\_\_\_

Топ: мектепалды

Балалардың жасы: 5 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 06.05 - 10.05.2024ж.

Педагогтың аты-жөні \_\_\_\_\_

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
	06.05	07.05	08.05	09.05	10.05
Күн тәртібі					
<b>Балаларды қабылдау 08.00-08.15</b>	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>				
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 08.15-08.30</b>	"Баланың қозғалыс белсенділігін қалыптастырудағы отбасының рөлі" тақырыбына әңгімелесу.				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер 08.30-08.55</b>	"Біз орындықтарды орнына қоямыз". Максат-міндеттері. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы жылдам, мұқият орындау. <b>(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>		"Кітап бұрышындағы еңбек". (кітаптарды қалпына келтіру). Максат-міндеттері. Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауды, оларды мұқият желімдеуді үйрету (желім мен қайшыны, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты ұстауға, еңбектенуге, тәртіп сақтауға тәрбиелеу. <b>(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>		"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз". Максат-міндеттері. Балалардың өз төсегін жинастыру дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға, еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. <b>(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>

	<p><b>Фотосуреттер қарастыру «Ұлы Отан Соғысының ардагерлері».</b> Фотосуретте бейнеленген Ұлы Отан Соғысының ардагерлері туралы әңгімелеу. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)</b></p>		<p><b>"Ағаш, бұта, гүл" дидактикалық ойыны.</b> Мақсат-міндеттер. Өсімдіктер туралы білімдерін бекіту, балалардың ой-өрісін кеңейту, сөйлеу, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Барысы. Жүргізуші "Ағаш, бұта, гүл ..." сөздерін айтады және балаларды айналып өтеді. Токтатып, бір баланы көрсетіп, үшке дейін санайды, бала жүргізушінің тоқтаған жерін тез атауы керек. Бала айтып үлгермесе немесе қате жауап айтса ойыннан шығады. Ойын барлық ойыншылар ойыннан шыққанға дейін жалғасады. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>		<p><b>"Бұл қай кезде болады?" дидактикалық ойыны.</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың тәулік бөліктері туралы білімдерін бекіту, сөйлеу, есте сақтау қабілетін дамыту. Барысы. Педагог балабақшадағы балалардың өмірін бейнелейтін суреттерді салады: таңертеңгілік жаттығулар, таңғы ас, ұйымдастырылған іс-әрекет және т.б.. Балалар кез келген суретті өздері таңдайды, тексереді. "Таң" деген сөзге барлық балалар таңмен байланысты суретті көтеріп, өз таңдауын түсіндіреді. Содан кейін тәуліктің басқа бөліктері бейнеленген суреттерді көрсетеді. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>
<p><b>Таңертеңгі жаттығу 08.55-09.00</b></p>	<p><b>Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен)</b> 1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау. 1-допты оң қолымен ұстап, қолдарын жанына жіберу; 2-допты жоғары көтеріп, келесі қолына салу; 3-қолдарын жанына жіберу; 4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 6-7 рет қайталау. 2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау. 1-оң аяққа иілу; 2-3-допты оң аяққа, содан кейін сол аяққа домалату; 4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 6 рет қайталау. 3. Бастапқы қалып: тіземен тұру, допты екі қолымен ұстау. 1-2-өкшеге отырып, денесін оң жаққа бұру және допты еденге тигізу; 3-4 -бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 5-6 рет қайталау. 4. Бастапқы қалып: еденге отырып, допты екі аяқтың арасына қысып ұстап, қолдарын артқа тіреу. 1-2-аяқтарын түзу ұстап, допты түсіріп алмай, жоғары көтеру; 2-3-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 5-7 рет қайталау. 5. Бастапқы қалып: жерге шалқасынан жатып, қолдарын түзу ұстап, допты басынан асыра қою. 1-2-қолдарын түзу ұстап, жоғары көтеріп, допты оң аяғына тигізу; 3-4-бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол аяқпен қайталау. Жаттығуды 5-7 рет қайталау. 6. Бастапқы қалып: аяқтардың арасы сәл алшақ, допты оң қолға ұстау. 1-допты еденге ұрып, екі қолымен ұтып алу. Жаттығуды 8-10 рет қайталау. 7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, допты оң қолға ұстау. Допты жоғары лақтырып, ұтып алу. Жаттығуды 5-6 рет қайталау. 8. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, допты оң қолға ұстау. 1-8 дейін санау арқылы алға жылжи отырып, екі аяғымен секіру, бұрылып, екі аяғымен қайтадан секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау. <b>(дене шынықтыру)</b></p>				

<p><b>Таңғы ас</b> <b>09.00-09.20</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b>          Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.          Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.  <i>Көркем сөз</i>          Тамақтану әдебін,          Жатқа біздер білеміз.          Дастарханға отырып,          Жеңімізді түреміз.          Ас атасы ақ нанды,          Қадірлейміз шашпаймыз.          Тамақтану үстінде,          Асықпаймыз, саспаймыз.          Сүлгімен де орынды,          Пайдалана аламыз.          Шанышқы мен қасықты,          Қалай ұстайм қараныз.          Тамақтану тәртібін,          Ұстанатын баламыз.  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b></p>				
<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b> <b>09.20-09.30</b></p>	<p><b>Шаттық шеңбері</b>          Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.          Армысың, асыл күн,          Армысың, асыл жыр.          Армысың, көк аспан,          Армысың, достарым,          Жылуыңа жылу қос,          Міне менің қолым!  <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>		<p>Табиғаттың әдемі көрінісі жайлы әңгімелесу.  <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>		<p><b>Зейінді дамытуға арналған жаттығу.</b>  <b>"Суреттерді салыстырамыз".</b>          Балаларға бір-біріне ұқсас, бірақ бірқатар өзгешеліктері бар суреттерден айырмашылықтарын табуды ұсыныңыз.  <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>

<p><b>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b> <b>09.30-10.35</b></p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> "Дауысты мен дауыссыз дыбыстар әлемі" Мақсат-міндеттер: артикуляциялық ерекшелігіне байланысты дыбыстардың дауысты, дауыссыз болып бөлінетіні туралы түсінікті қайталау.</p> <p><b>Қазақ тілі</b> "Г.Х.Андерсеннің "Түймеқыз" ертегісі. Гүлдерді аялайық". Мақсат-міндеттер: Г. Х. Андерсеннің "Түймеқыз" ертегісінің сюжетімен таныстыру.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> "Арқаннан бір қырымен секіру" Мақсат-міндеттер: балаларды арқан арқылы қос аяқтап жанымен секіруге үйрету.</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b> "Астра гүлінің орнын ауыстыру" Мақсат-міндеттер: балалардың астра гүлін егіп, өндеп, өсіру амалдарымен таныстыру; гүлдің орнын ауыстырып, гүлзарға өз қолдарымен отырғызу әрекеттеріне үйрету.</p>		<p><b>Математика негіздері</b> "Әдемі гүлдер" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: балаларға ойша жылдам санауға меңгерту. Қағаз бетінде бағдарлай білу дағдысын тиянақтау.</p> <p><b>Қазақ тілі</b> "[У] дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау, жазу негіздері)". Мақсат-міндеттер. [У] дыбысы мен әрпін таныстыру. [У] дыбысының айтылуын дұрыс меңгерту, фонематикалық есту қабілетін, дыбыстық талдау және жинақтау дағдыларын дамыту.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> "Құрсауды тура бағытта домалатуды пысықтау" Мақсат-міндеттер. Балаларды құрсауды тура бағытта домалатуға үйрету; гимнастикалық орындықтың үстімен бүйірлік адыммен жүру, ортасына келгенде отыру және тұрып, қайта жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін және баянат (рапорт) қабылдау дағдыларын әрі қарай жетілдіру.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b> "«Жақсы мен жаман» өлеңімен танысу" Мақсат-міндеттер: тірі және өлі табиғат нысандары туралы түсініктерін қалыптастыру, күнделікті өмірде кездесетін әртүрлі жақсылық пен жамандық істерді ажырата білуге үйрету.</p>		<p><b>Сауат ашу негіздері</b> "Дауысты, дауыссыз дыбыстар. Қайталау". Мақсат-міндеттер: дыбыс пен дыбыс түрлерін, дауысты, дауыссыз дыбыстарды қайталау.</p> <p><b>Құрастыру</b> "Танк - әскери көлік"  Мақсат-міндеттер: балаларды құрылыс материалдарының көмегімен соғыс көлігі танкті құрастыруға үйрету;"танк" туралы балаларға қызықты ақпараттар беру.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> "Құрсаумен жаттығулар" Мақсат-міндеттер: балаларды құрсауды тура бағытта домалатуға үйрету; гимнастикалық орындықтың үстімен бүйірлік адыммен жүру, ортасына келгенде отыру және тұрып, қайта жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін және баянат (рапорт) қабылдау дағдыларын әрі қарай жетілдіру.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b> "«Жақсы мен жаман» өлеңімен танысу" (қайталау) Мақсат-міндеттер: тірі және өлі табиғат нысандары туралы түсініктерін қалыптастыру, күнделікті өмірде кездесетін әртүрлі жақсылық пен жамандық істерді ажырата білуге үйрету.</p>
--	--	--	--	--	---

2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)				
Серуенге дайындық 10.35-10.50	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуен 10.50-12.30	<p><b>Бақша ауласындағы өсімдіктерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттер. Балаларды көлеңкеде және күн астында өсетін өсімдіктерді салыстыруға шақыру, олардың қайсысы тезірек гүлдейтінін бақылау, өсімдіктердің өсуіне жарықтың қажеттілігі туралы тұжырым жасауға жетелеу.</p> <p><b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары</b> (ауланы тазалау). (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Ұжыммен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Алыптар мен құрғақандар". (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер. Физикалық белсенділікті дамыту.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Жылан". (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер. Ептілікті, үйлесімді әрекет ету қабілетін дамыту.</p>		<p><b>Алғашқы жәндіктерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттер. Күннің жылынғанына, топырақтың бетіндегі өзгерістерге, жәндіктердің оянғанына назар аудару.</p> <p><b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары</b> (ауланы қоқыстан тазалауға көмектесу). (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Ұйымдасып еңбек ету дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қияр". (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер. Алға қарай екі аяғымен секіру қабілетін қалыптастыру; бір-біріне соқтығыспай жүгіру; мәтінге сәйкес ойын әрекеттерін орындау.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Секірейік". (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер. Балаларды жоғарыдан төмен қарай секіруге жаттықтыру.</p>		<p><b>Желді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттер. Желді ауа райында ағаштардың басына қарау, байқауды, зейінді дамыту.</p> <p><b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары</b> (ауланы бұтақтардан және тастардан тазалау). (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Еңбекқорлық қабілетін және ұжымдық жұмысқа белсенді қатысуын дамыту.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Аюлар мен аралар", "Жапалақ". (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер. Балаларды тепе-теңдікті сақтауға баулу.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, алға қарай екі аяқпен секіру. (дене шынықтыру)</b></p>
Серуеннен оралу 12.30-12.50	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				

**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары**  
(аулааны тазалау). **(еңбек іс-әрекеті)**

Мақсат-міндеттер. Ұжыммен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру.

**Қимыл-қозғалыс ойындары:**

**Құмырсқаларды бақылау.** (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)

Мақсат-міндеттер.

Құмырсқалар туралы білімдерін бекіту; зерттеуге деген қызығушылықты арттыру.

**Зерттеу.** Бір жолды құммен жауып, құмырсқалар не істейтінін көру; екіншісін қантпен жауып, құмырсқалар оны қалай жинайтынын көру.

**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:**  
аумақты ескі жапырақтардан тазарту. **(еңбек іс-әрекеті)**

Мақсат-міндеттер. Жұптасып жұмыс жасауды үйретуді жалғастыру.

**Қимыл-қозғалыс**

Серуеннен оралу 12.30-.12.50	<p>Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.</p> <p>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>
<p><b>Түскі ас</b> <b>12.50-13.10</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртуіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.</p> <p><b>Бата беру</b></p> <p>Сұрасаң бата берейін  Үстем болсын мерейің  Ықыласпен қол жайсаң  Көп тілекті төгейін  Дастарханың мол болсын  Уайым қайғың жоқ болсын  Сұрағаның алдыңнан  Іздемейақ көп болсын  Әумин</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b></p>
<p><b>Күндізгі ұйқы</b> <b>13.10-15.30</b></p>	<p>Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.</p>
<p><b>Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары</b> <b>15.30-.15.40</b></p>	<p>Ауыр тастарды көтеру. Алақанды жұмып, қолды жартылай көтеріп, қайта түсіру.</p> <p>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.</p> <p>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.</p> <p><b>(дене шынықтыру)</b></p>

<b>Бесін ас</b> <b>15.40-16.00</b>	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)
---------------------------------------	--

<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 16.00-16.15</p>	<p><b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b> <b>"Ойыншықтарды жөндеу шеберханасы".</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың ойыншықтар жайындағы білімдерін нығайту, шығармашылықпен ойлану, нәтижелі қарым-қатынастар жасай білу қабілеттерін дамыту, заттардың қасиеттеріне қызығушылықтарын арттыру. Құралдар: құрастырылатын ойыншықтар (көліктер, дене мүшелері салынатын пластик қуыршақтар, лево ойыншықтар, жұмыртқаға салынатын тосынсый ойыншықтар). Шарты. Балалар өз қалаулары бойынша немесе топтастардың</p>	<p><b>Ритмикалық жаттығу</b> Бір екі, бір екі, аяқты аламыз. (адымдайды) Адыммен біркелкі, сап түзер баламыз. (сап түзейді) Біз жауынгер баламыз. (қолдарын басының тұсына қояды) Бір екі, бір екі, жігерлі ән саламыз. (адымдайды) Тізіліп біркелкі, ертең өсіп жеткенде (қолдарын басының тұсына қояды) Ел қорғайтын боламыз. (қолдарын басының тұсына қойып, адымдайды) <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру)</b></p>	<p><b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b> <b>"Зообақ".</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігіндегі зообақ, қорғауға алынған жануарлар туралы ұғымдарын бекіту; зообақта қызмет атқаратын ветеринар дәрігері, орнитолог (құс маманы), зоолог (жануарлар маманы), герпетолог (қосмекенділер маманы), күтуші жөніндегі ұғымдарын нығайту; мамандардың зообақта атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбекқорлыққа, жан-жануарларға деген аяушылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Зообақ қызметкерлеріне қажет заттар мен құралдар; алғашқы</p>	<p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Цирк".</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігінде циркте қызмет ететін өнерпаздар (сайқымазақ, гимнаст, сиқыршы, жонглер, жануарларды жаттықтырушы) жөнінде ұғымдарды қалыптастыру; цирк өнерпаздарының жұмысын түсіндіру; еңбекқорлыққа, төзімділікке, сыпайылыққа, салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Құралдар. Циркте қызмет ететін артистерге қажет ойыншық құралдар, модельдер (доптар, ойыншық жануарлар, бас киімдер, таяқшалар, спорттық киім үлгілері, гимнастикалық ұршық, костюмдер). Шарты. Педагог</p>	<p><b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b> <b>"Туған күн".</b> Мақсат-міндеттер. Балалардан "туған күн" ұғымын қалайша түсінетіндерін рөлдік арқылы анықтау; отбасыда туған күнді атау дәстүрі жайындағы білімдерін кеңейту; жақынына деген сүйіспеншілікке, достыққа тәрбиелеу. Құралдар. Туған күнді атауға қажетті безендіру жабдықтары, торт және басқа тәттілердің жасанды үлгілері, журналдан қиылған суреттер; әдемі қапталған сыйлықтар; ойыншық музыкалық аспаптар, микрофондар; сайқымазақ немесе басқа кейіпкерлердің костюмдері. Шарты.</p>
--	--	--	--	--	---

<p><b>Балалармен жеке жұмыс</b> <b>16.15-16.30</b></p>	<p><b>"Қағаздан бүктеу" жұмысы.</b> Тақырыбы: "Піл". Мақсат-міндеттер. Жануарлардың пішіндерін қағаздан бүктеп жасауды үйрету. <b>(жапсыру)</b></p>	<p><b>Бала тілін дамыту. "Жазда" (Рамазан Тышқанбаев)</b> Шулы өзенге барайық, Орын тандап алайық. Ақ сазанға ау құрып, Болат қармақ салайық.  Жүр, балалар, тұрмалық, Гүл терелік, қыр барып. Өкінбейік, даланың Қызығынан құр қалып. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Қағаздан бүктеу" жұмысы.</b> Тақырыбы: "Кеме". Мақсат-міндеттер. Қағаздан әртүрлі көліктерді бүктеп жасауды үйрету. <b>(жапсыру)</b></p>	<p><b>Бала тілін дамыту. "Жаз" (Ілияс Жансүгіров)</b> Жерің анау, Жасыл жолақ кілемдей. Желің мынау, Жігіт айтқан өлеңдей. Көлің анау, Той ғып жатқан ауылдай. Күнің мынау, Елжіреген енеңдей. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p>"Жаз" мезгілі бейнеленген сюжетті суреттерді қарастыру. Сұрақтар қою және оларға толық жауап беру дағдысын бекіту. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>
<p><b>Серуенге дайындық</b> <b>16.30-16.50</b></p>	<p>Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. <b>(мәдени-гигиеналық дандылар, дербес әрекет)</b></p>				
<p><b>Серуен</b> <b>16.50-18.00</b></p>	<p>Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>				

<b>Серуеннен оралу</b>	<p>Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.</p> <p>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>
<b>Кешкі ас</b>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртуі. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.</p> <p><b><i>Бата беру</i></b></p> <p>Сұрасаң бата берейін  Үстем болсын мерейің  Ықыласпен қол жайсаң  Көп тілекті төгейін  Дастарханың мол болсын  Уайым қайғың жоқ болсын  Сұрағаның алдыңнан  Іздемейақ көп болсын  Әумин</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b></p>



**Балалардың дербес әрекеті**  
(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)

Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)**

Мақсат-міндеттер. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану. Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу. Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға, берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу.

Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)**

Мақсат-міндеттер. Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу. Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру, қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру, балаларға "Қаражорға" биін билету.

Өнер бұрышында аңдардың қысқы тіршілігі тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**

Мақсат-міндеттер. Балалардың суретте қарапайым сюжеттерді: әлеуметтік оқиғаларды, қоршаған өмірдегі оқиғаларды, мерекелерді, адамдардың еңбегін, ертегілердің, өлеңдердің, әндердің желісін жеткізе білуін жетілдіру.

Қазақ халқының өмірін, еңбегін, тұрмысын көрсете отырып, қазақ ертегілерінің желісі бойынша сурет салу. Ұжымдық жұмыстарға, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. Ойдан өз бетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. Мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнау. Жұмысты ұқыпты орындау,

<b>Балалардың үйге қайтуы</b> (ата-аналарға кеңес) 18.00-18.30	«Мектепке дайынсыз ба?» тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу.	«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».	«Бала қауіпсіздігі басты назарда» тақырыбына ата-аналармен әңгімелесу.	Жобаны қорытындылау.	Балабақшамен қоштасу.
--	---	--------------------------------------	--	----------------------	-----------------------

## ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) \_\_\_\_\_

Топ: мектепалды

Балалардың жасы: 5 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 27.05 - 31.05.2024ж.

Педагогтың аты-жөні \_\_\_\_\_

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
	27.05	28.05	29.05	30.05	31.05
Күн тәртібі					
<b>Балаларды қабылдау 08.00-08.15</b>	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 08.15-08.30</b>	Баласының балабақшадағы тәртібі, білімі, денсаулығы жайлы сұрақтарға жауап беру; ата-аналармен ақпарат алмасу.				

<p><b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер 08.30-08.55</b></p>	<p><b>"Өсімдіктерді құнарландыру".</b> Мақсат-міндеттері. Балаларға өсімдіктердің қоректік заттарды топырақтан алатынын, біртіндеп топырақтың құнары таусылатынын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйеніп, өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттілігі туралы айту, нақты іс-әрекетпен көрсету. (енбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p><b>"Біз топ бөлмесі мен жатын бөлмедегі терезе алды тақтайын дымқыл шүберекпен сүртеміз".</b> Мақсат-міндеттері. Балаларды сумен жұмыс істегенде келесі ережелерді сақтауды үйрету: жеңді түру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, кірлегенде сумен шаю. (енбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p><b>"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз".</b> Мақсат-міндеттері. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы мұқият және жылдам орындау. (енбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>Еңбек: ауланы сыпыру, орындықты тазалау. Мақсаты: сыпырғышты пайдалану туралы білімдерін бекіту, өз ауласында тұрақты әрі уақытылы тазалық сақтауларын, тапсырылған іске жауапкершілікпен қарауларын қалыптастыру; еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.</p>	<p>Еңбек: ауладағы орындықты тазалау, ауладағы желмен шашылған жапырақтарды сыпыру. Мақсаты: ауланы ұстауға үйрету; еңбексүйгіштікке, ұжымдық еңбекке тәрбиелеу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.</p>
--	--	---	--	---	--

	<p><b>Дидактикалық ойын. "Адасқан сандар".</b>          Мақсат-міндеттер. Балалардың сандар тізбегі жайындағы білімдерін нығайту; реттік сандарды пысықтау; сандар тізбегінде аталған санның көршілерін немесе тізбектегі кез келген санның арасында жасырынған санды тауып атауға жаттықтыру; зейінді, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту; шапшандыққа, зеректікке тәрбиелеу.  <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Үстел үсті ойыны "Лото".</b>          Мақсат-міндеттер.          Балалардың зейінін дамыту.          Заттарды топтастыруға үйрету. Байқампаздыққа баулу.          Әрбір бала отбасы мүшелері киімдерінің суреттерін топтастырып, кімнің киімі екендігін айтады және әр киімнің атауларын атап шығады.  <b>(танымдық іс-әрекет)</b></p>	<p><b>«Әліппе-лотосы».</b>          Мақсат-міндеттер. Өткен дыбыстарды қайталата отырып, есте сақтау қабілетін арттыру. Сөз, сөйлем құрауға дағдыландыру.          Ойынның барысы. Әріп текшесі қапқа салынады. Ойынға қатысушыларға карточкалар үлестіріліп беріледі. Ойын бастаушы қапшықтан текшелерін алады, әріпті ойынға қатысушыларға кезекпен береді. Карточкадағы әріпке сәйкес келсе, үстіне қояды. Карточканы кім бұрын жауып аяқтаса, сол жеңіске жетеді.  <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Домино" дидактикалық ойыны.</b>          Мақсаты: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын желілдіру.          Ойын шарты.          Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады.          Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар.          "Сыныптар" қимыл-қозғалыс ойыны.          Мақсаты: балаларды тепе-теңдікті сақтай отырып, бір аяғымен секіруге, ойын ережелерін сақтауға үйрету.          Еркін ойын: "Сақина".          Мақсаты: балаларды ойын шартына сай, достықта ойнай білуді жетілдіру; зерек, шапшаң, алғыр болуға тәрбиелеу.          Жүргізуші шеңбердің ішінде, ал балалар айналасында тұрады. Ол алақанында сақинаны ұстап тұрады да, байқатпай балалардың біреуіне беруге тырысады: балалар алақандарын бір-біріне беттестіріп тұрады, жүргізуші кезек-кезек балалардың алақандарын ашады.          Балалар жүргізуші мен жолдастарының әрекеттерін мұқият қадағалайды. Сақина бұйырған бала басқаларға</p>	<p><b>"Қарама-қарсы сөз" дидактикалық ойыны (жұптар айтысы).</b>  <b>Мақсаты:</b> балаларды қарама-қарсы мағынадағы сөздер жұптарын құра білу дағдыларын жетілдіру; сөздік қорды молайту; ой шапшандығын дамыту.  <b>Құралдар:</b> қамшы; доп немесе; немесе жұптар арасында жүретін зат (жалау).  <b>- Балалар, қарама-қарсы мағынада сөздерді жұптарын айту үшін, "айтысты" жариялайық. Кімге қарай қамшының сабын екі балаға көрсетемін. Сол балалардың бірі айтысты бастап, қарсы тұрған - қарама-қарсы мағынада сөзді қайтару керек.</b>  <b>Егер білмеген балалар болса, оларға білген бала көмегі беріп, айтысты жалғастырады.</b>  <b>"Күн мен түн" қимыл-қозғалыс ойыны.</b>  <b>Мақсаты:</b> белгілер бойынша жылдам жүгіруді, зейінді дамыту; дене мүшелерін нығайту.  <b>Дамыту ойыны: "Айна".</b>  <b>Мақсаты:</b> балалардың зейінін, есте сақтау қабілетін, сөйлеу және қозғалыс белсенділігін дамыту.  <b>Ойын барысы.</b> Балалар шеңберге шығады. Санамақ көмегімен тандалған бала шеңбердің ортасына орналасады.  <b>Қалғандары айтады:</b>  <b>- Бірігіміз бәріміз, Бірімізден біріміз.</b>  <b>Қайталаймыз, қалмаймыз, Ұйықтамаймыз, талмаймыз.</b>  <b>- Асан (Аида, Мансұр) бізге көрсеттер. Тағайындалған балалар шеңбердің ортасындағы бала әртүрлі қимылдарды көрсетеді, қалған балалар қайталайды.</b></p>
--	--	--	--	--	---

<p><b>Таңертеңгі жаттығу</b> <b>08.55-09.00</b></p>	<p><b>Жалпы дамыту жаттығулары (таяқшалармен)</b></p> <p>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде. 1 - таяқшаны екі қолдарымен көкірек тұсына қояды; 2 - таяқшаны жоғары көтереді; 3 - көкірек тұсына қояды ; 4 - бастапқы қалып (жаттығу 6-7 рет қайталанады).</p> <p>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде. 1 - таяқшаны жоғары көтереді; 2 - таяқшаны түзу ұстап, оң аяққа иілу; 3 - таяқшаны жоғары көтереді; 4 - бастапқы қалып (жаттығу 6-7 рет қайталанады). Осы жаттығуды сол жаққа қайталау.</p> <p>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқшаны иыққа қою. 1 - отырып, бас пен арқаны тік ұстау; 2 - бастапқы қалып (жаттығу 6-7 рет қайталанады).</p> <p>4. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде. 1 - таяқшаны жоғары көтеру; 2 - таяқша ұстаған қолымен оңға (солға) иілу; 3 - таяқшаны жоғары ұстап, тіктелу; 4 - бастапқы қалып (жаттығу 6-8 рет қайталанады).</p> <p>5. Бастапқы қалып: жерге ептегінен жатып, таяқшаны бүгілген қолдарымен алдына қою. 1 - 2 - таяқшаны жоғары көтеріп, артқа бүгілу; 3 - 4 - бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады).</p> <p>6. Бастапқы қалып: таяқшаның алдында тұрып, қолды төменде ұстау. Таяқшаны айналып, оңға-солға секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау.</p> <p>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша жерде. Таяқшаны аттап, оңға-солға секіру. Жаттығу 3-4 рет қайталанады.</p> <p><b>(дене шынықтыру)</b></p>
<p><b>Таңғы ас</b> <b>09.00-09.20</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b></p> <p>Максат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.</p> <p><i>Көркем сөз</i></p> <p>Су-өмір жүрегі Денсаулық тірегі. Шөлдесең , қанасың. Жуынсаң, тазасың. <i>Салт-дәстүр. Ауыз тию</i></p> <p>Бір үйге дәм үстіне келген адамға дәмнен ауыз тигізеді. Бұл ежелден қалыптасқан салт.</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>

<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық 09.20-09.30</p>	<p><b>Шаттық шеңбері</b> Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Біз балдырған баламыз, Дос құшағын кең ашқан. Тілегіміз бейбіт күн. Ашық болсын кең аспан. Орнымыздан тұрамыз Күнге шаттана қараймыз. Қуана қолымызды соғамыз, Осылай күнге жылу шашамыз. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)</b></p>	<p><b>«Эмоцияларды жаттықтырамыз»</b> Ойынның мақсаты: елгезектікке, көңіл-күйді көре білуге, өз эмоцияларын басқаруға тәрбиелеу. Тәрбиеші балалардан: - күзгі бұлт сияқты түнеруді; ашулы адамды; зұлым сиқыршыны; - күлімдеген күннің көзін; қу түлкіні; қуанышты баланы; - балмұздағын тартып алған ызалы баланы; көпірдегі екі қойды; итеріп жіберген адамды; - орманда адасып кетіп қорыққан баланы; қасқырды көрген қоянды; иттен қорыққан мысықты; - жұмыстан кейін шаршаған әкесін; ауыр жүк көтерген адамды; үлкен бұтақты сүйреп бара жатқан құмырсқаны; - көп жұмыс істеген, бірақ анасына көмектескен бала сияқты демалуды; ауыр жүк әкелген жылқыны; жұмыстан кейінгі анасының эмоцияларын көрсетуді сұрайды. <b>(әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)</b></p>	<p><b>Шаттық шеңбері</b> Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Қуанамыз, күлеміз, Бар әлемді сүйеміз. Қол ұстасып, қуанып, Достармен бір жүреміз. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Әңгімелесу: "Демалыс күндерін қалай өткіздік".</b> <b>Мақсаты: ұзаққа есте сақтау, байланыстырып сөйлеу қабілеттерін дамыту.</b></p>	<p><b>Топтағы тәрбиеші мен достар туралы әңгіме.</b> <b>Мақсаты: достық туралы ұғымды тиянақтау, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</b></p>
---	---	---	---	--	--

<p><b>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b> <b>09.30-10.35</b></p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> "Дауысты, дауыссыз дыбыстар. Қайталау". Мақсат-міндеттер: дыбыс пен дыбыс түрлерін, дауысты, дауыссыз дыбыстарды қайталау.</p> <p><b>Қазақ тілі</b> "Дыбыстар мен әріптер еліне саяхат". Мақсат-міндеттер: дауысты және дауыссыз дыбыстардың ерекшеліктерін еске түсіру, әріптер туралы түсініктерін кеңейту; сөзді буындап, тұтас оқу дағдыларын одан әрі қалыптастыру.</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> "Дауысты мен дауыссыз дыбыстар әлемі" Мақсат-міндеттер: артикуляциялық ерекшелігіне байланысты дыбыстардың дауысты, дауыссыз болып бөлінетіні туралы түсінікті қайталау.</p> <p><b>Математика негіздері</b> "Жазғы қызықтар" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: балалардың жаз мезгілі мен оның ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту; цифрды заттың санымен сәйкестендіру, қарапайым мысалдар мен есептерді шығара білу біліктіліктерін бекіту.</p> <p><b>Музыка</b> "Көңілді көктем әндері" Мақсат-міндеттер: балаларды әнді тыңдау кезінде оның сипатын түсіне білу қабілеттеріне және ырғақты кимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білу іскерліктерін жетілдіру.</p> <p><b>Сөйлеуді дамыту</b> "А.Бақтыгерееваның «Гүл ектік» өлеңін жаттау. Мазмұны бойынша әңгімелеу" Мақсат-міндеттер: өлеңді жаттап, мәнерлеп айтуға үйрету.</p>	<p><b>Математика негіздері</b> "Жануарлар жұмбақтарды жасыруды бастайды" Мақсат-міндеттер: балалардың заттардың салмағын өлшеуге қызығушылықтарын арттыру; шартты өлшемнің көмегімен заттың шамасын салыстыра білу, тақтада және қағаз бетінде бағытты таба білу дағдыларын жетілдіру.</p>	<p><b>Жазғы демалыс.</b>  (сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу)</p>	<p><b>Жазғы демалыс.</b>  (сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу)</p>
<p><b>2- таңғы ас</b></p>	<p>Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (<b>мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз</b>)</p>				
<p><b>Серуенге дайындық 10.35-10.50</b></p>	<p>Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. (<b>мәдени-гигиеналық дағдылар</b>)</p>				



<p>Серуен 10.50-12.30</p>	<p><b>Жәндіктерді бақылау (көбелек, қоңыз, сары маса, шегіртке). (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)</b> Жұмбақ. Ұшқанда өлең айтады, Қоңғанда жер қазады. Мұны да ойлап көрейік, Шешуін кім табады? (Қоңыз) <b>Бақылау.</b> Жәндіктердің атаулары туралы білімдерін бекіту. Сары маса, көбелектер атауларын ажырату тағы басқа негізгі түрі, пішіндері жайлы мағлұмат беру. Гүлдің бетіне отырғанда жапырағына көбелектің үлкен канаты ұқсайды, сол кезде ол көрінбей кетеді. Шегіртке көк түсті, ол судың ішінде көрінбейді, олар өз орнынан қозғалған жағдайда. Олардың қауіпті және қауіпті емес жақтарын айтып өту. <b>Қимылды ойын. «Ұшады не ұшпайды».</b> (дене шынықтыру) Құстар, жануарлар, жәндіктер туралы білімдерін бекіту. Оларды аттары бойынша ажырату, дабыл берілгеннен бастап балалардың білгірліктерін анықтау. Ойынның шартын сақтау арқылы балаларды ойынға тарту, ойынды өз беттерінше үлкендердің көмегісіз ойнау. <b>Еңбек.</b> Гербарий жасау. Ересектердің тапсырмасын жауапкершілікпен және өз бетінше орындауға үйрету. Өсімдіктерге деген сүйіспеншілігін туғызу. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b> <b>Өз бетімен ойындар. (дене шынықтыру)</b> Ойын түрін таңдауындағы дербестік әрекетін жетілдіру.</p>	<p><b>Гүлдерді бақылау (петунья, космея). (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)</b> Жұмбақ. Өзіне шап-шақ, Киген қалпағы аппақ, Аулада тұр қаптап. (Бақбак) <b>Бақылау.</b> Балаларды гүлдердің 3-4 түрін танып білуге үйретуді жалғастыру, гүлдерді түсіне және жапырағының түріне қарай айыра білу, атауларын есте сақтау. Өсу үшін су, жылу және т.б.. түсініктерді кеңейту. Гүлдерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру. <b>Қимылды ойын. «Көбелектер, бақалар».</b> (дене шынықтыру) Балалардың ойын ережелерін сақтауын, жауапты рөлдерді орындай білу дағдыларын дамыту. <b>Еңбек.</b> Гүлзардағы жұмыс, гүлдерді суару. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b> Өсімдіктерді өз бетімен суаруды қаншалықты білетіні жөніндегі түсінігін бекіту (суару ережелерін ұсыну). Өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Үлкендерге көмек көрсетуге ынталандыру. <b>Өз бетімен ойындар.</b> <b>Айналмамен ойнау. (дене шынықтыру)</b> Балаларды айналмамен ойнау дағдыларын арттыру. Жылдамдыққа, алғырлыққа баулу, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу, қауіпсіздік ережесін сақтау.</p>	<p><b>Шықты бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)</b> Жұмбақ. Маржандарым тығылды, Таң атқанша ағылды. (Шық) <b>Бақылау.</b> «Шық» деп аталатын өлі табиғаттағы құбылыс жөніндегі түсінікті қалыптастыру. Шықтың тек таң ата шығып, күн көтерілгенде еріп кететініне назар аудару. Табиғатқа деген қызығушылықтарын қалыптастыру. <b>Қимылды ойын. «Менің көңілді добым».</b> (дене шынықтыру) Доппен ойнау әдістерін бекіту, қимыл-қозғалыстарын дамыту ептілікке баулу. <b>Еңбек.</b> Ауылдағы жұмыс. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b> Өсімдіктердің солып қураған жапырақтарын алып тастау. Қолданған еңбек құралдарын ретке келтіріп өз орнына қоюға дағдыландыру. <b>Өз бетімен ойындар.</b> Өз бетінше ойнай білу қабілеттерін арттыру. <b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p><b>Жансыз табиғаттағы құбылыстарды бақылау, кемпіркосак.</b> Мақсаты: кемпіркосак туралы айту арқылы балалардың қызығушылығын дамытуды жалғастыру. <b>Экологиялық міндет:</b> өсімдіктер мен жануарлар өміріндегі жаңбырдың маңызы туралы айту, табиғатқа деген сүйіспеншілікті дамыту. <b>Көркем сөз</b> Жаңбыр жауып басылды, Аспан шайдай ашылды. Көкте қызыл- жасылды Кемпіркосак асылды. Құлпырғаны қызық-ақ Жеті түрлі бояумен. Бір кесегін үзіп ап, Үйіме әкеп қояр ма ем.(М. Өлімбаев) <b>Халық болжамдары</b> Ыстық жел соқса - жаңбыр жауады. Торғайлар топтасып ұшса - ашық, құрғақ күн болады. Жермен тәжірибе: топырақ салынған бар екі ыдыс дайындау, сумен суару және бақылау. Ауа көпіршіктері пайда болады, ол өсімдіктердің өсуіне септігін тигізеді. Қорытынды: топырақты қопсыту керек. <b>Экологиялық ойын: "Өсіру".</b> Топырақта өсетін өсімдік түрін алып келу. <b>"Кемпіркосак" қимыл-қозғалыс ойыны.</b> Мақсаты: балаларды бір-бірін итермей жүгіруді жетілдіру; абай болуға дағдыландыру. <b>Еңбек: гүл отырғызуға ыдыс дайындау (жерді қазу, топырақты дайындау).</b> Мақсаты: балаларды жер өңдеу жұмыстарымен таныстырып, еңбек дағдыларын жетілдіру.</p>	<p><b>Бұлттарды бақылау</b> Мақсаты: балаларды бұлттарды байқауға баулу және ауа райын аспан күйімен анықтауға дағдыландыру. <b>Экологиялық міндет:</b> жансыз табиғат құбылыстарымен таныстыруды жалғастыру. Түзету тапсырмасы: берілген сөздермен сөйлемдер құру (аспан, бұлт, қалқымалы және т.б.) Сұрақтар: - Бүгін ауа-райы қандай? Бүгін аспан қандай? Сіз аспанда не көресіз? Бұлттар қандай болып көрінеді? Бұлттар қозғалмады ма немесе қозғалады ма? Жел бұлттарға не істейді? Балаларды бұлттардың пішіні туралы қиялдауға, оған жануарлар мен өсімдіктер әлемінде ұқсастықтар табуға шақырыңыз. Балалардың сөздерін және бейнелі сөздерін мадақтаңыз. <b>Көркем сөз</b> Ақсың, сұрсың қарасың, Қалқып қайда барасың? Жерге нөсер төгілсін, Өссін гүлдер, көп егін. Гүл, гүл жайнап өсер көп, Нөсерлетсең нөсерлет. <b>Жұмбақ</b> Көз жасты – жылауық, Келе жатыр бір алып. Жабырқаса жылайды, Жадыраса тарайды. (Бұлт) <b>"Өткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны.</b> Мақсаты: балаларды бірігіп, шеңберде ойын ережесіне сай ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша, шеңбер бойымен біресе бір, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып, жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ақырын-ақырын итеріп, Өткеншекті қозғалтамыз. Жылдам-жылдам жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз. Д. Ахметова. Соңғы сөздерден кейін балалар жерге отырып, қолдарын босатады, демалады. Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін. Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер</p>
-------------------------------	--	---	---	---	--

Серуеннен оралу 12.30-.12.50	<p>Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.</p> <p>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>
<p><b>Түскі ас</b> <b>12.50-13.10</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртуіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.</p> <p><i>Көркем сөз</i></p> <p>Су-өмір жүрегі</p> <p>Денсаулық тірегі.</p> <p>Шөлдесең , қанасың.</p> <p>Жуынсаң, тазасың.</p> <p><i>Салт-дәстүр. Ауыз тию</i></p> <p>Бір үйге дәм үстіне келген адамға дәмнен ауыз тигізеді. Бұл ежелден қалыптасқан салт.</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>
<p><b>Күндізгі ұйқы 13.10-15.30</b></p>	<p>Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.</p>
<p><b>Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 15.30-.15.40</b></p>	<p>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.</p> <p>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.</p> <p><b>(дене шынықтыру)</b></p>
<p><b>Бесін ас 15.40-16.00</b></p>	<p>Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b></p>

<p><b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 16.00-16.15</p>	<p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Балабақша".</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігінде балабақшаның қызметі, осы мекеме мамандарының негізгі қызметі жайындағы жалпы ұғымдарын тиянақтау, пысықтау; жеке тұлғасының қабілеттерін, нәтижелі қарым-қатынастарды құруға деген қабілеттерін дамыту. Құралдар. Балабақшада жұмыс жасайтын мамандардың құралдары (мейірбике, тәрбиеші, тәрбиешінің көмекшісі, аспаз, аула тазалаушы). Шарты. Балалар балабақша қызметкерлерін өз еркімен тағайындайды. Мамандардың ролін ойнайтын балалар өздеріне қажетті құралдарды тандап алады, белгілі бір бұрышқа жинайды. Тәрбиеленушілер мен мамандардың роліндегі балалар қайсы, қайда барып, не істейтінін өзара ақылдасып, жоспарлап алады. Педагог диалогтар мен қатынастардың нығайтуына ықпал жасайды: қосымша сұрақтар қояды, қандай әрекеттерді істейтінін анықтап, балалардың орнын алмасуын бағыттап жатады. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Дидактикалық ойын. "Жақсы - жаман".</b> Мақсат-міндеттер. Балаларды кез келген зат, қасиет, құбылыс, оқиғаның жағымсыз және жағымды жақтарын жақсы тануға, қарым-қатынастарда, сөйлеуде мақал-мәтелдерді қолдануға ынталандыру; дүниетанымын, ой-өрісін, сөйлеу мәдениетін дамыту; оптимизм сезіміне, достыққа тәрбиелеу. Құралдар. Адам, ауа райы, тәулік, жыл мезгілі құбылысы, зат, жан-жануар салынған суреттер. Ойынның нұсқалары көп. Мақал-мәтелдерге мысалдар: Адам туа жаман болмайды, жүре жаман болады, Бігер істің басына, жақсы келсін қасына, Жақсының қадірін жақсы білер, Жақсы қыз – жағадағы құндыз, жақсы жігіт – көктегі жұлдыз. Балалар өз мысалдарын да айту мүмкін: "Жалғыз жаяу жүріп, жұмыстан қалғанша, көп адаммен автобуска толып, уақытында келу артық"; "Қолды жумасаң, тамаққа тез отырарсың, қолды жусаң - ауырмасың"; "Жаздың жаманы - күні ыстық, жаздың жақсысы - далада достарыңмен көп ойын ойнайсың". <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Мектеп".</b> Мақсат-міндеттер. Адамның білім алуына мектептің қандай маңызы барын балалармен бірге анықтау; мұғалімнің қызметі жөніндегі жалпы ұғымдарды тиянақтау; "сабак", "үзіліс", "тақта", "үй тапсырмасы", "қоңырау", "сынып журналы", "күнделік" сөздерінің мәнін ойын барысында анықтау; оқу құралдарын пысықтау; нәтижелі қарым-қатынастарды құруға деген қабілеттерін дамыту; тәртіптілікке, төзімділікке, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Үстел мен орындықтар; оқу құралдары, тақта, бор, көрсеткіш; педагогтің сынып журналы, күнделіктер. Шарты. Дайындық жұмысы ретінде балаларды мектепке эскурсияға ертіп апаруға болады. Педагог балалармен бірге мектеп туралы суреттерді, кинофильмдерден (мысалы, "Менің атым Қожа") үзінділерді алдын-ала қарап, мұғалім мен оқушылар жайында әңгімелеседі, мектептегі тәртіптің балабақшадағы тәртіпке ұқсамайтыны туралы айтады. Алғашында мұғалімнің ролін педагогтің өзі ойнауы мүмкін, содан соң рөлді қалаған балаларға тапсыра алады. Ойынның соңында мектепте үздік оқу үшін ізденімпаздық, төзімділік, ынта, тәртіпке бағыну сияқты қасиеттердің қажеттілігі жайында айтып, қорытынды жасауға болады. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Бұлттар неге ұқсайды?" дидактикалық ойыны.</b> Мақсаты: қиялды, объектілерді қабылдау мүмкіндігін дамыту. Ойын үшін әртүрлі пішіндегі бұлттар бейнеленген карталарды дайындау қажет. Бұл карталар балаларға таратылады. Оларға суреттерге қарап : "Мына бұлт, меніңге (мына объектіге) ұқсайды", - деп жауап берулері қажет. Бұл ойынды серуен кезінде өткізуге болады. Мектеп жасына дейінгі балаларға аспанға қарап, бұлттарды суреттеуге шақырады. Ойынның тағы бір нұсқасы: педагог кез-келген затты атайды, ал балалар оған ұқсас бұлтты табуы керек. <b>"Балалар бақшасы" сюжетті-рөлдік ойыны.</b> Балабақша қызметінің негізгі түрлері және онда жұмыс істейтін мамандар туралы балалардың жалпы түсініктерін бекіту; жеке қабілеттерін, өнімді қатынастарды құру қабілеттерін дамыту. Құрал-жабдықтар. Медбикеге, тәрбиешіге, тәрбиешінің көмекшісіне, аспазға, балабақшада жұмыс істейтін тазалаушыға қажетті құралдар. Барысы. Балалар алдымен балабақша қызметкерлерін өздері тағайындайды. Мамандар ролін атқаратын балалар қажетті құралдарды тандап, оларды белгілі бір бұрышқа жинайды. Балалар мен мамандарды ойнайтындар бір-бірімен кеңесіп, кім, қайда баратындығын және не істейтінін жоспарлай алады. Педагог диалогтар мен қарым-қатынастарды нығайтуға көмектеседі, қосымша сұрақтар</p>	<p><b>"Кемпіркосақ" дидактикалық ойыны.</b> Мақсаты: кемпіркосақ түстерінің күндерінің тәртібін бекіту, зейін мен есте сақтауды дамыту. Құрал-жабдықтар: кемпіркосақтың барлық түстерінің қалпақтары. Барысы: балаларға түрлі түсті қалпақшалар беріледі. Педагог: аптаның әр күнін кемпіркосақтың түсіне сәйкес етіп алайық. Біз қазір аптаның күндеріне айналамыз. Балалар аптаның күндерінің тәртібіне және кемпіркосақтағы түстердің орналасуына сәйкес сапқа тұрады. Педагог бірінші баладан не себепті бірінші болып тұрғанын сұрайды. (Себебі кемпіркосақтың бірінші түсі қызыл). Аптаның қай күні бізде қызыл? (Дүйсенбі). Екіншісінен: Сен не себепті екінші тұрсың? (Аптаның екінші күні сейсенбі, ал кемпіркосақтың екінші түсі - қызғылт сары). Үшіншісінен: Аптаның қай күні үшінші? (Сәрсенбі, кемпіркосақтың түсі - сары). Төртіншісінен: Кемпіркосақтың төртінші түсі қандай? (Жасыл). Ал, апта күні? (Бейсенбі). Аптаның бесінші күні қандай? (Аптаның бесінші күні - жұма, ал кемпіркосақтың бесінші түрған түсі - көгілдір. Аптаның алтыншы күні қандай? Ал, кемпіркосақтың алтыншы түсі ше? (Аптаның алтыншы күні - сенбі, кемпіркосақтың алтыншы түсі - көк). Аптаның соңғы күні қандай? Кемпіркосақтың соңғы түсі қандай? (Аптаның соңғы күні жексенбі, кемпіркосақ түсі күлгін). Балалар, сендер аптаның қай күнісіңдер? Әр баладан сұрау қажет. Педагог: - Мінекей, күн шықты, кемпіркосақ жоғалды (балалар сынып ішінде жүгіреді). Күн шықты. (белгіден соң балалар тиісті түстер бойынша қатарға тұрады). <b>"Ойыншықтар дүкені" сюжетті-рөлдік ойыны.</b> "Ойыншықтар" дүкені туралы балалардың идеяларын бекіту; сатушы мен сатып алушы роліндегі әрекеттерді игеру; позитивті қарым-қатынасты дамыту. Құрал-жабдықтар. Сөрелер, ойыншықтар, ойыншық смартфондар, төлем карточкалары,</p>
---	--	---	--	---	---

<p><b>Балалармен жеке жұмыс</b> <b>16.15-16.30</b></p>	<p><b>Дидактикалық ойын.</b> <b>«Ғажайып нүктелер».</b> Нүктелерді қосып гүлдің суретін салады. Нүктелерді қосып қар ұлпасының суретін шығарады. <b>(шығармашылық іс-әрекет)</b></p>	<p><b>"Кемпіркөсактың түстері"</b> <b>дидактикалық ойыны.</b> Максат-міндеттер. Түстерді ажырата білуге үйрету; ашық және күлгін түстерді сезіну қабілетін жетілдіру, үлкен-кіші көлеміне қарай доғаларды дұрыс орналастыру. <b>(шығармашылық іс-әрекет)</b></p>	<p><b>Бала тілін дамыту.</b> <b>"Көбелек"</b> (Әбен Дәуренбеков) Сен де қудың көбелек, Мен де қудым көбелек, Жүйрік екен керемет, Ұстатпады, не керек?! <b>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</b></p>	<p>Балаларды сипап ояту. Шашты тарау дененің сауығыуына да ықпал етеді. Содан кейін толық жуыну: қолдар шынтаққа дейін, бет, құлақ, мойын. Майтабандықтың алдын алуға арналған жаттығулар, денені тік ұстауға тәрбиелеу. Жаяу жүру: қабырғалы жол балалардың аяқтарын керемет уқалайды, аяқтың бұлшықеттері мен байламды аппаратын нығайтады, денені тұтастай қорғайды. <b>Көркем сөз</b> Түскі ұйқы уақыты, Төсегіме жатамын. Ақ көрпемді жамылып Тәтті ұйқыға батамын.</p>	<p>Тыныш музыка қосылады, оған балалар біртіндеп оянады. Біртіндеп көтерілу (музыка ақырын ойнайды). <b>Көркем сөз</b> Қарсы ал ерте күн көзің, Төсегіңді жина өзің. Саусағыңды сормағын, Салдыр салақ болмағын. Өдеп қыл ісіңді, Тазалап жүр тісіңді. Қарағанда айнаға, Ұқыпты болсын киімің.</p>
<p><b>Серуенге дайындық</b> <b>16.30-16.50</b></p>	<p>Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. <b>(мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)</b></p>				
<p><b>Серуен</b> <b>16.50-18.00</b></p>	<p>Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>				
<p><b>Серуеннен оралу</b></p>	<p>Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>				

<b>Кешкі ас</b>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртуіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.</p> <p><i>Көркем сөз</i></p> <p>Су-өмір жүрегі Денсаулық тірегі. Шөлдесең , қанасың. Жуынсаң, тазасың.</p> <p><i>Салт-дәстүр. Ауыз тию</i></p> <p>Бір үйге дәм үстіне келген адамға дәмнен ауыз тигізеді. Бұл ежелден қалыптасқан салт.</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>
-----------------	--

<p><b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру, өзара байланысты бірзді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану. Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу. Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға, берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу.</p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. <b>(музыка)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу. Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру, қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру, балаларға "Қаражорға" биін билету.</p> <p>Өнер бұрышында аңдардың қысқы тіршілігі тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. <b>(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың суретте қарапайым сюжеттерді: әлеуметтік оқиғаларды, қоршаған өмірдегі оқиғаларды, мерекелерді, адамдардың еңбегін, ертегілердің, өлеңдердің, әндердің желісін жеткізе білуін жетілдіру.</p> <p>Қазақ халқының өмірін, еңбегін, тұрмысын көрсете отырып, қазақ ертегілерінің желісі бойынша сурет салу. Ұжымдық жұмыстарға, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. Ойдан өз бетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. Мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнау. Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p> <p>Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру.</p> <p>Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.</p> <p>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау, циферблат бойынша уақытты анықтау.</p> <p>Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтау.</p> <p>Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу.</p> <p>Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.</p> <p>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. <b>(зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p> <p>Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң); қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу); табиғи-климаттық аймақтар (ақ аю, итбалық, пингвин, жираф, піл, маймыл) бойынша топтастыру.</p> <p>Мобильді құрылғыларды қолдану кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін білу (күніне ата-аналардың рұқсатымен 30 минуттан артық емес мобильді құрылғыларды қолдану).</p>
<p><b>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)</b>18.00-18.30</p>	<p>Балаларының жетістігі жайлы ата-аналарына айту; үйде балалар кітапханасын ұйымдастыру туралы әңгімелесу.</p>